БІРІКТІРІЛГЕН
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

KAZATOMPROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

2023

ТҰРАҚТЫ ӨСУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ

Есептің мақсаты мен шектері

ОСЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕПТІҢ МАҚСАТЫ ОҚЫРМАНДЫ БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҚТАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі — Қазатомөнеркәсіп немесе Компания) инвесторларға және басқа да мүдделі тараптарға Компания өзінің даму стратегиясын қалай қалыптастырғанын, оның өз активтерін қалай басқаратынын, қажетті қаржылық көрсеткіштерге жететінін, ұзақ мерзімді перспективада тұрақты қызметті қамтамасыз ететінін және акционерлер мен оның қызметіне мүдделі барлық тараптар үшін генерациялауға ұмтылатын құн жасау бойынша жұмыс істейтінін түсінуде барынша жәрдем көрсету мақсатын қояды. Осы есепте Компанияның қызметі туралы төменде тізбеленген сұрақтарға жауаптар берілген.

- Компания, оның еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдары немен айналысады?
- Компания қызметін жүзеге асыру жағдайлары қандай?
- Компанияның корпоративтік басқару құрылымы мүдделі тараптар үшін қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада қандай жолмен құнды генерациялауға мүмкіндік береді?
- Компанияның бизнес-моделі қандай?
- Компанияның қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада мүдделі тараптар үшін құнды жасау қабілетіне әсер ететін негізгі тәуекелдер мен мүмкіндіктер қандай және оларды басқару қалай жүзеге асырылады?
- Компанияның маңызды мақсаттары мен міндеттері неде және оларға қалай қол жеткізіп, жүзеге асыруға ниеттенеді?
- Ұйым есепті кезеңде өз мақсаттары мен міндеттеріне қандай дәрежеде қол жеткізді және бұл мүдделі тараптар үшін Компанияның құнына қалай әсер етті?
- Компанияның даму стратегиясын жүзеге асыру барысында кездесетін негізгі сын-қатерлер мен белгісіздіктер қандай және олар Компанияның бизнес-моделі мен болашақ көрсеткіштеріне қалай әсер етуі мүмкін?



Мазмұны

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ 04

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ 06

2023 КОМПАНИЯ КӨРСЕТКІШТЕРІ 08

2023 НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР 10

КОМПАНИЯ ПОРТРЕТІ 12

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ 52

ESG ЖӘНЕ БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ 82

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 170

ҚОСЫМШАЛАР 224

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

GRI 2-22

ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР!

Сіздердің назарларыңызға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жылдық есебін ұсынамыз, ол Компаниямыздың 2023 жылғы даму стратегиясын іске асырудың негізгі нәтижелерін көрсетеді.

Өткен жыл біз үшін айтулы оқиғалар мен маңызды жетістіктердің уақыты болды. Инновациялардың, тұрақты дамудың және технологиялық сараптаманың жоғары деңгейінің арқасында Қазатомөнеркәсіп уран саласында көшбасшы орынды иеленуді жалғастыруда. Қазатомөнеркәсіптің әлемдік уран өндіруге қосқан үлесі шамамен 20%-ды құрады, ал 2023 жылы уран өндірудің әлемдік көлемінің шамамен 39%-ы Қазақстанның үлесіне тиесілі.

Біздің «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС зауытымыз өз жоспарларын ойдағыдай жүзеге асырды. Негізгі міндеттердің бірі клиенттер базасын жаһандық әртараптандыру және жеткізу географиясын кеңейту болды. Осылайша, 2023 жылы біз Қытайға ядролық отын жеткізуді жүзеге асырдық, бұл біздің техникалық сараптамамыздың жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар Компанияның жаңа бағыттарды дамытуға дайындығын растайды.

2023-2030 жылдарға арналған тұрақты даму саласындағы бағдарлама экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік жауапкершілік бойынша мақсаттар мен міндеттерді айқындай отырып, біздің өсу стратегиямыздың негізі болып табылады. Біз қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға тырысамыз және корпоративтік басқару қағидаттарын дамытуға ықпал ететін әлеуметтік бағдарламаларды белсенді түрде қолдаймыз.

Қазатомөнеркәсіп білім, мәдениет және спорт салаларындағы жобаларға қолдау көрсете отырып, қатысу аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді инвестиция салуда. 2023 жылы осы мақсаттарға 659 млн теңге бөлінді. Жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесудің маңыздылығын жоғары бағалай отырып, біз қоршаған орта және әлеуметтік саясат мәселелері бойынша әрдайым қоғамдық тыңдаулар өткіземіз.

ESG қағидаттары біздің одан әрі дамуымыздың және көміртекті бейтараптыққа ұмтылуымыздың, сонымен қатар қоршаған ортаға әсерді азайтудың негізгі негізі болып қала береді. Біздің Компания халықаралық стандарттарды ұстана отырып, қауіпсіздік мониторингі мен қоршаған ортаны қорғаумен белсенді айналысады. 2023 жылы Компания ISO 45001 және ISO 14001 стандарттарына сәйкестік аудиттерінен сәтті өтті, тәуекелдерді белсенді басқарды, қауіпсіздік аудиттерін жүргізді және ауыр салдары жоқ қауіпті жағдайлар мен әрекеттерді тіркеді. 2023 жылдың ішінде біздің кәсіпорындарда төрт жазатайым оқиға болды, нәтижесінде бес қызметкер жарақат алды. Себептерді анықтау және болашақта олардың алдын алу шараларын әзірлеу үшін әрбір жағдай бойынша мұқият тергеу жүргізілді. Радиациялық оқиғалар тіркелген жоқ.

Ашықтық пен жауапкершілік біздің жұмысымыздың негізгі қағидаттары болып қала береді. Біз санкциялық тәуекелдерді әрдайым бағалап отырамыз және серіктестерімізбен және қоғаммен ашық диалогқа ұмтыламыз.

Компания қаржылық тұрақтылықты, инвестициялық тартымдылықты және инвесторлар сенімінің жоғары деңгейін көрсетуді жалғастыруда. 2018 жылы қабылданған «құндылық көлемнен жоғары» стратегиялық тәсілі өзінің тиімділігін көрсетті.

Операциялық процестердің тиімділігін арттыруға бағытталған күш өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне және қаржылық көрсеткіштердің жақсаруына әкелді. Бәсекеге қабілетті деңгейде ұсталатын өндірістің өзіндік құнын бақылау Компанияға EBITDA Margin көрсеткішін кемінде 50% деңгейінде сақтай отырып, жоғары табыстылықты сақтауға мүмкіндік береді. Қазатомөнеркәсіп акцияларының құны 45%-ға өсіп, акционерлерге 51% мөлшерінде табыстылықты қамтамасыз етті.

Дамушы елдерде энергия тұтынудың өсуі және таза энергияға сұраныстың артуы сияқты қолданымдағы үрдістерді ескере отырып, уран мен уран өнімдерінің нарығы дамудың маңызды перспективаларын ұсынады. Қазатомөнеркәсіп уран өндіру саласындағы көшбасшы ретінде энергетика мен экологиялық тұрақты технологиялардың дамуына елеулі үлес қосуда.

Біз бәсекелестік артықшылықтарды барынша пайдалану және кейінгі ұзақ мерзімді даму үшін ағымдағы негізін нығайту мақсатында Компанияның одан әрі дамуының әртүрлі векторларын зерттеуді жалғастырамыз. Компанияның позициясын үздіксіз нығайту және жаңа технологияларға инвестициялау оның өршіл жоспарларын сәтті жүзеге асыруға және нарықтың осы перспективті сегментінде негізгі қатысушы болып қалуға көмектеседі.

Директорлар кеңесі барлық қатысушы тараптардың мүдделерін білдіре отырып, Компания қызметін басқаруды және оның тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуді жалғастырады. Директорлар кеңесі атынан барлық стейкхолдерлерге 2023 жылы қосқан үлестеріңіз бен ынтымақтастықтарыңа алғысымды білдіремін

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы,
тәуелсіз директор
Арман Аргингазин

Басқарма төрағасының үндеуі

GRI 2-22

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ИНВЕСТОРЛАР!

Бүгін атом холдингі қызметінің негізгі нәтижелерін қамтитын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023 жылғы біріктірілген жылдық есебін ұсынғым келеді.

Мен Сіздермен 2023 жылы біздің жолымызды қалыптастырған негізгі оқиғалармен мақтанышпен бөлісемін. Биылғы жыл әлемдік атом аренасында біздің ұстанымымызды бекітіп, бүкіл әлемдегі серіктестермен қарым-қатынасымызды нығайтқан маңызды жетістіктер мен стратегиялық сәттердің уақыты болды.

«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС және «РУ-6» ЖШС қоса алғанда, біздің еншілес және тәуелді кәсіпорындарымыз үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды ұзарту Қазақстандағы уран өндірісінің қалыпты болуын және тұрақтылығын ұзақ мерзімді негізде қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Бұл қадам біздің атом өнеркәсібін дамыту стратегиямызды қолдап қана қоймай, сонымен қатар әлемдегі жетекші уран өндірушілердің бірі ретіндегі ұстанымымызды растайды.

Біздің Румынияның Societatea Națională «Nuclearelectrica» S.A. энергетикалық компаниясына Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша уранды сәтті жеткізуіміз әлемдік нарыққа ядролық отын жеткізуші ретіндегі сенімділігімізді көрсетеді. Сонымен қатар, бұл біздің жеткізілім географиясын кеңейту стратегиямызды көрсетеді және де бізге болашаққа деген сенімділікті береді.

АЭХА басшысының Қазақстан Республикасына сапары және оның біздің нысандарға келуі еліміздің ядролық отынның әлемдік нарығындағы негізгі ойыншы ретіндегі маңыздылығын атап өтті. Бұл біздің атом энергетикасы саласындағы жалпы игілік пен қауіпсіздікке қосқан үлесіміз бен рөлімізді мойындау. Біз халықаралық қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз етудегі маңызды буын екенімізді мақтан тұтамыз.

Түркістан облысында аффинаж өндірісінің іске қосылуы өнімнің сапасын арттыруға және уран алу коэффициентін 100%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік берген маңызды оқиға болды. Бұл жоба біздің технологиялық платформамызды жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын құру және аймақты дамыту арқылы қоғамға пайдасын тигізеді.

Framatome компаниясымен ынтымақтастық туралы келісімге қол қою және China National Uranium Corporation Limited компаниясымен уранды жеткізу бойынша ұзақ мерзімді келісімшарт жасасу біздің компания үшін жаңа мүмкіндіктерді ашады. Бұл біздің серіктестік қарым-қатынасымызды кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар инновация мен дамуға деген ұмтылысымызды қолдай отырып, таза энергияға деген өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыруға көмектеседі.

Қазақстан президентінің ресми сапары барысында БАЭ-дегі «Барака» атом электр станциясына уран жеткізуге келісімшартқа қол қойылуы біздің стратегиялық әріптестігіміздегі тағы бір маңызды қадам болып табылады. Бұл келісімшарт біздің сенімді жеткізуші ретіндегі беделімізді және жаһандық энергетикалық қауіпсіздікке деген ұмтылысымызды растайды.

IPO-ға шыққанымыздың бес жылдығына орай, мен барлық серіктестерімізге, инвесторларымызға және қызметкерлерімізге олардың қолдауы мен сенімі үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Бұл маңызды мерейтой біздің командаңың әрбір мүшесінің жетістігі мен еңбегін бағалаудың ортақ жолын еске салады. Біз сіздің мақсаттарымызға жетудегі рөліңізді бағалаймыз және болашақта өзара тиімді серіктестігімізді жалғастыратынымызға сенімдіміз. Жетістіктерімізге сенім білдіріп, атсалысқандарыңыз үшін рахмет.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Басқарма Төрағасы
Меиржан Юсупов

2023 компания көрсеткіштері

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

11 169 тонна
Уран өндіру көлемі (қатысу үлесіне тепе-тең)

7,7 тонна Nb
Ниобий өнімдерін өндіру көлемі

842,8 тонна Be
Бериллий өнімдерін өндіру көлемі

153,8 тонна Ta
Тантал өнімдерін өндіру көлемі

196,5 тонна
Отын таблеткаларын өндіру көлемі

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

1 435 млрд теңге
Топтың түсімі

580,3 млрд теңге
Таза пайда

(0,15)
Таза қарыз/түзетілген EBITDA

1 616 теңге/акция
Акцияға шаққандағы пайда

201 млрд теңге
Төленген дивидендтер

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

21 554 адам
Холдинг бойынша қызметкерлер саны

17,2 %
Қызметкерлердің жалпы тізімдік санындағы әйелдер үлесі

2 264 млн теңге
Қатысу аймақтарын әлеуметтік-экономикалық дамытуға арналған бюджетке трансферлер

0,15 LTIFR
(1 млн адам-сағатқа)

120,6 мың т CO_2-баламасы
Парниктік газдар шығарындылары (1 қамту)

МАРАПАТТАР МЕН РЕЙТИНГТЕР

- Carbon Disclosure Project (CDP) парниктік газдар шығарындылары туралы деректерді ашу жөніндегі халықаралық жоба компанияға 2023 жылдың қорытындылары бойынша «B» («басқару») деңгейінде климаттық рейтингін берді.
- S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі CSA (Corporate Sustainbility Assessment) бағасын 43/100 деңгейінде берді.
- PwC нұсқасы бойынша «Үздік ESG ақпаратын ашу» ТОП 3 рейтингі.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2022 жылғы біріктірілген жылдық есебі MarCom Awards алтын жүлдесін жеңіп алды.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2022 жылғы біріктірілген жылдық есебі RAEX жылдық есептерінің рейтингінде ең жоғары баға – 5 жұлдызды алды.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2022 жылғы біріктірілген жылдық есебі KASE жылдық есептер байқауында қаржылық емес секторында 2022 жылғы Үздік жылдық есеп болып танылды.
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша экономиканың қаржылық емес секторының листингілік компаниялары арасында «Ашықтыққа ұмтылғаны үшін» KASE дипломы берілді.

2023 негізгі оқиғалар

Қаңтар

- Қазатомөнеркәсіптің екі кәсіпорнының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар ұзартылды.

Сәуір

- Қазатомөнеркәсіп Румыния АЭС-не уран жеткізуді сәтті жүзеге асырды.
- АЭХА басшысы ҮМЗ аумағында орналасқан АЭХА ТБУ банкі мен «Үлбі-ЖБҚ» зауытына барды.

Мамыр

- ҚХР-дағы атом электр станциясына жылу бөліп шығаратын құрамалардың (ЖБҚ) екінші партиясын жеткізу жүзеге асырылды.
- Қазатомөнеркәсіп «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы ақпаратты жариялады.

Шілде

- Қазатомөнеркәсіп Түркістан облысында аффинаж өндірісін іске қостыи.

Қыркүйек

- Қазатомөнеркәсіп АЭХА Бас конференциясы аясындағы ел павильонында ұсынылды.
- Қазатомөнеркәсіп өндірістің үздік қызметкерлерін марапаттады.

Қазан

- Қазатомөнеркәсіп қытайлық АЭС үшін отынның партиясын экспорттады.

Желтоқсан

- ҚХР атом электр станциясына ЖБҚ-ның бесінші партиясын жеткізу жүзеге асырылды.
- «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС жылу бөліп шығаратын құрамаларды өндіру зауыты А типті AFA 3G дизайнындағы ЖБҚ өндіру үшін Framatome сертификатын алды.
- Қазатомөнеркәсіп Emirates Nuclear Energy Corporation компаниясымен табиғи уран концентратын жеткізуге келісімшарт жасасты.

Қараша

- Қазатомөнеркәсіп пен Framatome ядролық отын циклі саласындағы ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қойды.
- Қазатомөнеркәсіп China National Uranium Corporation Limited компаниясымен уран жеткізуге ұзақ мерзімді келісімшарт жасасты.
- Қазатомөнеркәсіп State Nuclear Uranium Resource Development Company Limited компаниясымен уран жеткізуге ұзақ мерзімді келісімшарт жасасты.
- Қазатомөнеркәсіп IPO-ға шығудың бес жылдығын атап өтті.
- Қазатомөнеркәсіп пен Siemens цифрландыру және автоматтандыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.
- ҚХР атом электр станциясына ЖБҚ-ның үшінші және төртінші партияларын жеткізу жүзеге асырылды.

1

Компания портреті

Біздің стратегиямыз **14**
Бизнес-үлгі **24**
Активтер құрылымы **26**
Қызмет нәтижелерінің динамикасы **28**
Уран өнімдерінің нарығына шолу және бәсекелестік орта **32**
Сату және өткізу **35**

Біздің стратегиямыз

МИССИЯСЫ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫНА СӘЙКЕС КОМПАНИЯНЫҢ БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРЫ ҮШІН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚҰРА ОТЫРЫП, УРАН КЕН ОРЫНДАРЫН ИГЕРУ ЖӘНЕ ҚОСЫЛҒАН ҚҰН ТІЗБЕГІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІН ДАМЫТУ.

ПАЙЫМДАЛУЫ

ЖАҺАНДЫҚ АТОМ ӨНЕРКӘСІБІ ҮШІН АРТЫҚШЫЛЫҚҚА ИЕ СЕРІКТЕС БОЛУ.

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

- Қауіпсіздік
- Кәсіби шеберлік
- Жауапкершілік
- Даму
- Команда

GRI 2-6

Қазатомөнеркәсіп әлемдегі ең маңызды уран ресурстарының біріне басымдықпен қол жеткізе отырып, табиғи уранның әлемдік өндірушілер арасында көшбасшы орынға ие.

Қызмет бағыттары

- Табиғи уран өндіру
- Уран өнімдерін өндіру
- Геологиялық барлау жұмыстары
- Сирек металдар өндірісі

Компания активтерінің құрылымына уранды барлау мен өндіруден, ядролық отын циклі үшін өнім өндіруден бастап ғылыми зерттеулерге, әлеуметтік қамсыздандыруға және персоналды оқытуға дейінгі түпкілікті өнімді жасау процесіне қатысатын кәсіпорындардың толық спектрі кіреді.

Компанияда 21 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Қазатомөнеркәсіп тұрақты даму қағидаттарын қатаң ұстанады және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы халықаралық стандарттарды ұстанады. Компанияның жетістіктері халықаралық және ұлттық деңгейде жоғары бағаланды.

Қазатомөнеркәсіп:

- Әлемдік нарықтағы үлесі 20%-дан асатын уранның жетекші әлемдік өндірушісі.
- Әлемдегі ең ірі ресурстық базалардың біріне басымдықпен қол жеткізу мүмкіндігі бар.
- Уран өндірудің төмен шығынды, тиімді және экологиялық таза әдісін- жерасты ұңғымалы шаймалауды (ЖҰШ) қолданады.
- Өндірістік тиімділік, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша салалық көшбасшы.
- Уран нарығын тұрақты және ұзақ мерзімді дамыту үшін стратегияларды әзірлеуде көшбасшы.

2018 жылы Қазатомөнеркәсіп 2018-2028 жылдар кезеңіндегі бес негізгі мақсатқа назар аудара отырып, дамудың жаңа стратегиясын қабылдады:

- Қызметтің негізгі түріне назар аудару.
- Нарық жағдайы негізінде өндіріс, қайта өңдеу және сату көлемін оңтайландыру.
- Маркетинг функциясын нығайту және сату арналарын кеңейту арқылы құндылықтар құру.
- Бизнес-қызметтегі озық тәжірибелерді қолдану.
- Сала көшбасшысына лайықты корпоративтік мәдениетті дамыту.

2023 жылы стратегиялық мақсаттарды іске асыру жөніндегі есеп

Стратегиялық мақсаттар	Негізгі нәтижелер
Қызметтің негізгі түріне назар аудару	○ 2023 жылы Қазатомөнеркәсіп әлемдегі ең ірі уран өндіруші ретіндегі орнын сақтап қалды (өндірістегі тиісті үлестің негізінде). UxC деректеріне сәйкес, Компанияның уран өндірісі 2023 жылы жалпы әлемдік бастапқы өндірістің шамамен 20%-ын құрады. Қазақстанда уран өндірудің барлық кәсіпорындары кіретін Холдингтің үлесіне 2023 жылы уран өндірудің әлемдік көлемінің ша- мамен 39% тиесілі. ○ 2023 жылы «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС жылу бөліп шығаратын құрамалардың (ЖБҚ) төрт партиясын (130 тоннадан сәл артық төмен байытылған уран) жеткізуді жүзеге асырды. Барлық ЖБҚ жеткізілген партиялар шеңберінде қабылдау бақылауынан өтті және ҚХР атом электр станциясымен қабылданды.
Нарық жағдайы негізінде өндіріс, қайта өңдеу және сату көлемін оңтайландыру	○ Қазатомөнеркәсіптің өндіріс көлемі бойынша күтулер нарыққа бағдарланған стратегияға және Компанияның нарықтық конъюнктурасы мен өндірістік мүмкіндіктеріне сай уран өндіру көлемін оңтайландыру ниетіне сәйкес сақталады.
Маркетинг функциясын нығайту және сату арналарын кеңейту арқылы құндылықтар құру	○ Қазатомөнеркәсіптің ТНК-трейдерінің табысты жұмыс істеуі. ○ Қазатомөнеркәсіп және БАӘ Emirates Nuclear Energy Corporation энергетикалық компаниясы БАӘ «Барака» атом электр станциясының энергетикалық қажеттіліктері үшін қазақстандық табиғи уран концентратын жеткізуге тарихтағы тұңғыш келісімшартқа қол қойды. БАӘ-нің ірі энергетикалық компаниясымен осы келісімшартты жасасу екі елдің атом компаниялары арасындағы ынтымақтастыққа жаңа серпін береді, сондай-ақ Қазатомөнеркәсіптің сату географиясында жаңа елді ашады.
Бизнес-қызметтегі озық тәжірибелерді қолдану	○ КО және бірқатар ЕТҰ-да ақпараттық қауіпсіздіктің мақсатты процестерін кезең-кезеңімен енгізу жүзеге асырылуда. ○ Өндіру кәсіпорындарының геологиялық-геофизикалық деректерінің сапасын арттыру процесі жүргізілді. Бастама шеңберінде геологиялық базаларда деректердің толықтығы мен сапасын автоматтандырылған тексеру орындалды, деректер сапасын арттыру бойынша жүйелі іс-шаралар жүргізілуде. ○ «KAP-MAP» бірыңғай корпоративтік геоақпараттық жүйесі енгізілді. Жобалау қызметі шеңберінде ЕТҰ-да картографиялық деректерді стандарттау және цифрландыру жүзеге асырылды, интерактивті веб-портал әзірленді. ○ 2023 жылы сыртқы қайта сертификаттау аудитінің нәтижелері бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ денсаулықты сақтау, еңбек қауіпсіздігін және экологиялық менеджментті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкестігіне TÜV International Certification (Германия) сертификатынан сәтті өтті. ○ 2023 жылы анықталған қауіпті жағдайлар (ҚЖ), қауіпті әрекеттер (ҚӘ), ықтимал қауіпті жағдайлар (Near-Miss) туралы ақпарат тұрақты түрде ұсынылды. Анықталған ҚЖ, ҚӘ, Near-Miss туралы ақпарат eKAP ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Сондай-ақ, өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты жеке пікір айту еркіндігін көтермелеу, СТОП-карталарды қолданудың маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстары және олардың мониторингі мен талдауы жүргізілді. Қауіпсіздік мәдениетін дамыту мақсатында барлық өндірістік персонал Компанияның ішкі тренерлерін тарта отырып, «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша оқытумен қамтылды. 2023 жылы қызметкерлердің мінез-құлқындағы өзгерістердің оң динамикасын көрсететін, қызметкерлердің және басшылардың өндірістік қауіпсіздік талаптарының барлық деңгейлерін саналы түрде сақтауының ағымдағы деңгейін анықтау үшін қызметкерлерге сауалнама жүргізілді, бұл да өз пікірін білдіруге ниет білдірген респонденттер санының артуымен расталады.

Стратегиялық мақсаттар	Негізгі нәтижелер
	○ Ерекше көзге түскен ЕТҰ мен ЕТҰ қызметкерлері өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы жетістіктері үшін Басқарма Төрағасының сыйлығымен марапатталды. ○ Ақпараттық бюллетендер арқылы болған оқиғалар туралы Топтың барлық қызметкерлерін ақпараттандыру практикасы енгізілді, қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттері мен каскадтық коммуникациялар жүргізілді. Топтың барлық бірінші басшылары қол қойып, өндірістегі жарақаттану деңгейін нөлге дейін төмендетуге бағытталған Vision Zero тұжырымдамасы шеңберінде жеке міндеттемелер алды. ○ Қазатомөнеркәсіп тобында келесі бағыттар бойынша экологиялық жобалар іске асырылуда: ● Құстарды қорғау бағдарламасын іске асыру; ● Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы жобалар; ● «Zero Waste» қалдықсыз өндіріс мәдениетін дамытудың Корпоративтік Бағдарламасы; ● «ESRP» кешенді экологиялық және әлеуметтік зерттеулер бағдарламасы; ● Төмен көміртекті даму және көміртексіздендіру стратегиясы. ○ 2023 жылдың қазан айында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ су ресурстарын басқарудың 2023-2030 жылдарға арналған стратегиясы әзірленіп, бекітілді. 2024 жылға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ бойынша су ресурстарын жұмсауды қысқарту және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. ○ Қазатомөнеркәсіп тарихында алғашқы CDP (Carbon Disclosure Project) рейтингі, климаттың өзгеруі бойынша «B» бағасы алынды; ○ Барлық дерлік ЕТҰ-да БАҚ-та кеңінен жарияланатын халықаралық экологиялық акциялар, мектептердегі экологиялық сабақтар, сенбіліктер, одан әрі қоқыс шығарумен аумақты тазарту және басқа да іс-шаралар өткізіледі; ○ Экологиялық заңнаманы өзгерту жөніндегі жұмыс топтарының отырыстарына әрдайым қатысады; ○ «Катко» БК ЖШС кәсіпорны «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясы бойынша ҚР Президентінің «Парыз» сыйлығын алды (3-орын); ○ ҚАӨ кен орындарында экологиялық зерттеулерді орындайды, биоалуантүрлілікті бағалауды жүргізеді; алынған нәтижелер экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалауда, сондай-ақ ҚАӨ кәсіпорындарында экологиялық мониторингті жүзеге асыруда практикалық қолдануда болады.
Сала көшбасшысына лайықты корпоративтік мәдениетті дамыту	○ Қазатомөнеркәсіп тарихында алғашқы CDP (Carbon Disclosure Project) рейтингі, климаттың өзгеруі бойынша «B» бағасы алынды. ○ Корпоративтік салауаттылық бағдарламасы аясында Kazatomprom марафоны, XXII Спартакиада, NOMAD time Kazatomprom ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар, Сау жүрек күндері сияқты ауқымды іс-шаралар іске асырылды. ЕТҰ қызметкерлерінің балалары үшін IQanat жазғы оқу лагері ұйымдастырылды. Қызметкерлердің менталды денсаулығын қолдау мақсатында корпоративтік психолог жұмысын жүзеге асырады. Гендерлік теңдікті дамыту саясатын ілгерілету үшін Қазатомөнеркәсіп әйелдері «Самұрық-Қазына» АҚ гендерлік теңдікті дамыту жөніндегі бағдарламасына қатысты.

Даму стратегиясын іске асыруға байланысты негізгі тәуекелдер:

- Ресейге қатысты санкциялармен байланысты күрделі және сандық емес тәуекелдер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, «Росатом» атом энергиясы жөніндегі Мемлекеттік корпорациясы мен оның еншілес ұйымдарына қатысты санкциялар енгізілуі мүмкін, сондай-ақ, Украинадағы қазіргі жағдайға байланысты тәуекелдер, бұл топтың қаржылық тұрақтылығының нашарлауына және әлеуметтік шиеленістің өсуіне әкелуі мүмкін, байланысты, бірақ АҚШ долларымен және басқа валюталармен өзара есеп айырысу шектеулерімен шектелмейді, тауарларды Ресей Федерациясының аумағы арқылы ауыстырып тиеуді тоқтата тұру, тауарлардың физикалық қауіпсіздігі;

- Топтың табыстылығы уранның нарықтық бағасымен тікелей байланысты. Уран бағасының құбылмалылығы Топқа айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін;

- Ядролық өнеркәсіптегі ірі апаттар уран бағасының күрт төмендеуіне әкелуі мүмкін;

- Ядролық энергия бірқатар басқа энергия көздерімен бәсекелеседі, ал баламалы энергия көздерінің орнықты және неғұрлым төмен бағалары ядролық шикізатқа және отынға сұраныстың төмендеуіне, ядролық энергетиканы дамыту мен АЭС салу бағдарламаларының қысқаруына, нәтижесінде уранға сұраныстың және оның нарықтық бағасының төмендеуіне әкелуі мүмкін;

- Ядролық энергия қоғамдық пікірлерге байланысты көптеген тәуекелдерге ұшырайды, бұл ядролық энергияға деген сұранысқа елеулі жағымсыз әсер етуі мүмкін және ядролық салада реттеуді күшейтуге әкеліп соғуы мүмкін;

- Топ басқа уран жеткізушілер тарапынан бәсекелестікке тап болады және уран өнімінің соңғы тұтынушыларын жоғалтуы мүмкін;

- Қазіргі уақытта Топ уранның едәуір бөлігін сатып алатын аздаған клиенттердің санына тікелей байланысты, бұл ретте маңызды клиенттердің кез келгенінен айырылып қалу елеулі қолайсыздық тудырып, әсер етуі мүмкін;

- Топтың кейбір клиенттері мен іскерлік серіктестері халықаралық санкцияларға ұшырауы мүмкін, егер бұндай жағдай орын алса, мұндай оқиғалар да айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін;

- Топ ірі салық төлеуші болып табыладытындықтан, салық тәуекелдеріне ұшырайды, ең маңыздысы – уранға пайдалы қазбаларды өндіруге салықтың өсуі және талап қою мерзімі шегінде трансферттік баға белгілеу болып табылады;

- Уранды өндіру және тасымалдау жөніндегі Топтың қызметі операциялық тәуекелдерге, қауіптерге және күтпеген іркілістерге байланысты, бұл Топтың уран және уран өнімін өндіруді және жеткізуді кідіртуге, Топты өндіру құнын ұлғайтуға немесе Топтың өндіру орындарында апатқа әкеп соғуы мүмкін;

- Күкірт қышқылының болуы, сатып алу мүмкіндігі және оның құны Топ қызметінің үздіксіздігі мен коммерциялық өміршеңдігіне айтарлықтай әсер етеді, өйткені Топ уран алу үшін күкірт қышқылының едәуір көлемін пайдаланады;

- Топ Қазақстанды көрші елдермен немесе басқа көлік инфрақұрылымымен байланыстыратын теміржолдарды пайдалануда қиындықтарға тап болуы мүмкін;

- Топ өзінің ағымдағы кен қорларын сақтауы немесе жаңа кен қорларын ашуы кезінде ықтимал қолайсыз болжамдарға тап болуы мүмкін және Топтың уран кені қорларын санау немесе жіктеу кенді бағалау барысында сөзсіз орын алар белгісіздіктерге байланысты бағаланатын деректерден төмен болуы мүмкін;

- Топ белгілі бір қаржылық және басқа да шектеу шарттарын сақтауға, пайыздық мөлшерлемелер мен валюта бағамдарының ауытқуларына, өтімділікті шектеуге немесе қажетті қаржыландыруды ала алмауға, контрагенттердің дефолттарына байланысты әртүрлі қаржылық тәуекелдерге ұшырайды;

- Топ төрелік немесе сот талқылауына, заңнаманы сақтамау/дұрыс түсіндірмеудің құқықтық салдарына тап болуы мүмкін;

- Топтың сақтандыру өтемі ықтимал операциялық тәуекелдерге және күтпеген іркілістерге байланысты шығындарды жабу үшін жеткіліксіз болуы мүмкін;

- IT-жүйелерінің іркілістері немесе Топқа қатысты кибершабуылдар қызметтің нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін;

- Уран (U_3O_8) өндірудің немесе шығарудың, сатудың, өнім мен қызметтердің өзіндік құнының жоспарланған көлемін орындамау;

- Корпоративтік басқару жүйесін жақсарту көрсеткіштерін, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған орта көрсеткіштерін орындамау;

- Қазақстан Республикасында жылу бөлетін құрамаларды өндіру бойынша жоспарланған көрсеткіштердің орындалмауы;

- Топ Қазақстанда бар макроэкономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайларға едәуір дәрежеде тәуелді, Топ жергілікті билік органдары тарапынан қолайсыз егеменді іс-әрекеттер тәуекеліне ұшырауы немесе ауқымды мемлекеттік реттеу мен заңнамаға ұшырауы мүмкін;

- Топқа Қазақстандағы еңбек толқулары немесе әлеуметтік шиеленістің өсуі әсер етуі мүмкін, бұл Топтың қызметіне және оның беделіне айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін;

- Топ қызметінің нәтижелері Қытайда, Үндістанда, Кореяда, Жапонияда, Ресейде және тікелей және қайталама санкциялар қаупі жоғары басқа елдерде экономикалық, саяси және құқықтық өзгерістерге ұшырайды;

- Күтпеген апатты оқиғалар, соның ішінде вандализм мен терроризм актілері Топтың қызметіне теріс әсер етуі мүмкін;

- Қазақстан аумағында және басқа елдерде эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы Топтың қаржылық тұрақтылығының нашарлауына, әлеуметтік шиеленістің артуына және негізгі операциялық материалдарды сатып алу мүмкіндігінің болмауына әкеп соғуы мүмкін.

2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік мүмкіндіктерді дамытуға және экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бірқатар маңызды жобаларды іске асыруды жалғастырды:

1 Қуаттылығы жылына 800 мың тонна күкірт қышқылы зауытын салу

800 мың тонна

Түркістан облысы Созақ ауданы Тайқоңыр ауылында 2027 жылы аяқтау жоспарымен жыл сайынғы қуаты 800 мың тонна күкірт қышқылы зауытын салу.

Жобаны іске асырудың құндылығы:

- Жаңа жұмыс орындарын құру (құрылыс кезеңінде 150 және пайдалану процесінде 500);
- Салық түсімдерін жылына 4 млрд теңгеден астам ұлғайту;
- Күкірт қышқылының импортына тәуелділікті азайту;
- Қазақстанда күкірт қышқылының болжамды тапшылығы проблемасын шешу;
- Қосымша 30 МВт электр энергиясын өндіру;
- Аймақтың әлеуметтік-экономикалық деңгейін арттыру және ШОБ-ты дамыту.
- Экология мен энергия үнемдеудің әлемдік стандарттарын ескере отырып, күкірт қышқылын өндіру бойынша жаңа, озық технологияларды енгізу;
- Әлемдегі уран өнімдерінің төмен құнының бәсекелестік артықшылығын сақтау.

Құрылыс және жобалау жұмыстарының мерзімі:

2022-2027 жж.

2 Уранның шала тотығы-тотығы «ҮМЗ» АҚ аффинаждық өндірісін салу

«ҮМЗ» АҚ уранның шала тотығы-тотығын аффинаждау зауытын салу жөніндегі жобаны іске асыру жылдық қуаты 6 000 тонна өндірісті іске қосуды көздейді. Жоба экология және энергия үнемдеу саласындағы озық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Жобадағы үлес – 100%. Портфельдік компания – «ҮМЗ» АҚ. Зауыт жұмыс істей бастағаннан кейін қосымша жұмыс орындары құрылады.

Жобаны іске асырудың құндылығы:

- Қосымша жұмыс орындарын құру;
- Салық аударымдарын ұлғайту;
- Әлемдік нарықтағы қазақстандық шикізат үлесін кеңейту;
- Уранның шала тотығы-тотығы өндірісінің көлемін жылына 6 000 тоннаға дейін арттыру.

Құрылыс және жобалау жұмыстарының мерзімі:

2020-2026 жж..

3 «ҮМЗ» АҚ тантал және бериллий өндірістерін отандық минералды-шикізат базасымен қамтамасыз ету

Тантал, ниобий және бериллийден («Жоғарғы Ырғыз және «Қаражал» кен орындары) өнім шығару бойынша «ҮМЗ» АҚ-ның жұмысын қамтамасыз ету үшін «ҮМЗ» АҚ-ның отандық минералдық-шикізат базасын құру, сонымен қатар «ҮМЗ» АҚ өндірістерінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін басқа да әлеуетті кен орындарын игеру мүмкіндіктерін белсенді іздеу және зерделеу.

Жобаны іске асырудың құндылығы:

- Өнімнің өзіндік құнын төмендету;
- Импортқа тәуелділікті азайту;
- Жаңа жұмыс орындарын құру;
- «ҮМЗ» АҚ өндірісінің тиімділігін арттыру.

Іске асыру мерзімі:

2023-2029 жж.

4 «Well-being» корпоративтік бағдарламасын іске асыру

Бағдарлама қызметкерлердің физикалық және менталдық денсаулығын, қаржылық, сондай-ақ мансаптық және әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Бұл іс-әрекеттер қызметкерлердің жалпы әл-ауқатын арттыруға, олардың өнімділігін ынталандыруға және қызметкерлердің де, Компанияның да мүдделері үшін кәсіби және жеке әлеуетін толық ашу үшін қолайлы атмосфера құруға бағытталған.

Жобаны іске асырудың құндылығы:

- Әлеуметтік тұрақсыздыққа байланысты тәуекелдерді азайту;
- Еңбек өнімділігін арттыру;
- Қызметкерлердің жалпы әл-ауқатын жақсарту;
- Қызметкерлердің белсенділігі мен адалдығын арттыру.

Іске асыру мерзімі:

2023-2026 жж



5 «Игілік»

әлеуметтік жобасын іске асыру

Жоба Қоғамның ЕТҰ қызметі аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық деңгей мен инфрақұрылымдық дамуды арттыруға, өзекті әлеуметтік міндеттерді шешуге, сондай-ақ кәсіпорындардағы еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған. Жобаға арналған бастамалар қызметкерлердің, Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының және жергілікті қауымдастықтардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Жобаны іске асырудың құндылығы:

- Аймақтардағы әлеуметтік тәуекелдер мен шиеленісті азайту;
- Халық арасында Компанияның оң қабылдауын нығайту;
- Жұмыс берушінің брендінің тартымдылығын арттыру.

Іске асыру мерзімі:

Жыл сайын.

6 Жас мамандарды дамытудың «Ізбасар»

жергілікті бағдарламасын іске асыру

Бағдарламаның мақсаты «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарында кезең-кезеңімен мансаптық өсу болашағы бар дарынды көшбасшыларды тәрбиелеу болып табылады. Бағдарлама Қоғамда және оның ЕТҰ-да 15 айлық ақылы тағылымдамадан өтудің, арнайы оқытудан өтудің және қатаң конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша бағдарламаға кіріп, орасан зор тәжірибе алудың бірегей тәжірибесін ұсынады. Әрбір жас маманға тәжірибелі қызметкерлер қатарынан тәлімгер бекітіледі.

Жобаны іске асырудың құндылығы:

- Дарынды жастардың атом саласына деген қызығушылығын арттыру;
- Жас мамандардың әлеуетін дамыту;
- Қоғам және ЕТҰ қызметкерлері қатарындағы жас мамандардың мансаптық дамуы;
- Қызметкерлердің белсенділігі мен адалдығын арттыру.

Іске асыру мерзімі:

Жыл сайын.

7 «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Денсаулықты қорғау 360°» бағдарламасын жүзеге асыру

Бағдарламаның мақсаты: ұзақ мерзімді перспективада тұрақты экономикалық қызметті қамтамасыз ету үшін қызметкерлердің денсаулығын нығайту.

Жобаны келесі міндеттер арқылы іске асыру жоспарлануда:

1. Аурулардың алдын алу мен басқаруды жетілдіру;
2. Қызметкерлердің салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру;
3. Қолда бар ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру.

Жобаны іске асырудың құндылығы:

- Денсаулық сақтау бойынша негізгі көрсеткіштердің оң динамикасы, денсаулық жағдайы бойынша кенеттен өлім көрсеткішінің төмендеуі;
- Персоналды аурулардың алдын алу үдерістеріне тарту және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру;
- Вахталық кенттерде қауіпсіз тамақпен, медициналық көмекпен, микроклиматтың оңтайлы параметрлерімен қамтамасыз ету;
- Денсаулық сақтау мәселелері бойынша әдістемелік басшылық және бірыңғай саясат құру.

Іске асыру мерзімі:

2023-2027 жж.

8 «Murager»

білім беру гранттарын беру жөніндегі бағдарламаны іске асыру

Бағдарлама Компания қатысу аймақтарының жергілікті тұрғындары арасынан талапкерлерді, колледж түлектерін және бастауыш курс студенттерін қолдауға бағытталған. Бағдарлама шеңберінде қатысушылар Қазақстанның техникалық колледждері мен жоғары оқу орындарында басым техникалық мамандықтар бойынша 1 жылға тегін білім беру грантын ала алады. Өткен оқу кезеңінде оқудың сәтті нәтижелері болған жағдайда, бағдарлама қатысушылары Murager білім беру гранты бойынша келесі оқу жылында да оқуын жалғастыра алады.

Жобаны іске асырудың құндылығы:

- Жастар арасында техникалық мамандықтарды дәріптеу;
- Жергілікті халықтың Қоғамға және ЕТҰ-ға деген сенімі мен адалдығын арттыру және нығайту;
- Қазатомөнеркәсіптің тұрақты даму саласындағы саясатын жетілдіру;
- Жастардың назарын жұмысшы кәсіптеріне, оның ішінде ТжКБ-ға аудару.

Іске асыру мерзімі:

Жыл сайын.

9 Буденовское кен орнының 6, 7-учаскесін тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға беру

2023 жылы «Буденовское» БК» ЖШС Буденовское кен орнының 6, 7-учаскесінде уранды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді бастады.

Жобаны іске асырудың құндылығы:

- Жаңа жұмыс орындарын құру;
- Салық түсімдерін ұлғайту;
- Аймақтың әлеуметтік-экономикалық деңгейін арттыру және ШОБ-ты дамыту.

Өндірістік қуатқа шығу:

2023-2026 жж.

Бизнес-үлгі



[1] Оған біріктірілмеген кәсіпорындар – БК және 100% негізде қауымдасқан кәсіпорындар, сондай-ақ тарату қорлары мен жою шығындары кіреді.

[2] Топ бойынша біліктілікті арттыру, оқыту және қайта даярлау, білімді сақтау және беруге арналған шығындарды қамтиды.

Активтер құрылымы

Қазатомөнеркәсіп Қазақстандағы 26 уран кен орнында 14 өндіруші кәсіпорынға иелік етеді, онда өндіру жерасты ұңғымалық шаймалау (ЖСШ) әдісімен жүзеге асырылады.

Активтер құрылымына кіретіндер:

2 **еншілес кәсіпорын толығымен бақыланады және 5 уран кен орнында жұмыс істейді**

12 **уран өндіруші кәсіпорын Қазатомөнеркәсіпке ішінара тиесілі және 21 уран кен орнында жұмыс істейді**

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023 жылғы басты активтері

Кәсіпорын	Активтер сипаттамасы
Жер қойнауын пайдалану	
Жиынтығында Қазақстанның Шу-Сарысу және Сырдария провинцияларында орналасқан 17 уран учаскелері/кен орындары бар Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарына қатысты өндіру құқығын беретін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар.	○ 319,0 мың тонна UME – дәлелденген және ықтимал кен қорлары. ○ 578,6 мың тонна UME – пайдалы қазбалар-дың өлшенген және болжамды минералды ресурстары.
Шу-Сарысу, Сырдария және Солтүстік Қазақстан провинцияларында орналасқан 9 уран учаскесіне/кен орнына қатысты БК және Топтың қауымдасқан компанияларына өндіру құқығын беретін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар.	○ 247,9 мың тонна UME – дәлелденген және ықтимал кен қорлары. ○ 271,9 мың тонна UME – пайдалы қазбалардың жалпы минералдық ресурстары (өлшенген, болжанатын және алдын ала бағаланған минералдық ресурстарды қоса алғанда).
Өндіріс	
«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ	2023 жылғы өнімділік: ○ 3 819,5 тонна уран өнімі; ○ 842,8 тонна бериллий; ○ 153,8 тонна тантал; ○ 7,7 тонна ниобий; ○ 276,2 тонна балқыту қышқылы.
Сауда	
KazakAtom TH AG сауда үйі	○ Уран саудасы.
Қосалқы кәсіпорындар	
«СКЗ-U» ЖШС «SSAP» ЖШС	○ 680 мың тонна күкірт қышқылы – жиынтық жылдық өндірістік қуат.
«Волковгеология» АҚ	○ Геологиялық жұмыстар мен технологиялық бұрғылау жүргізу.
«KAP Logistics» ЖШС (бұрын – «Сауда-Көлік Компаниясы» ЖШС)	○ Өндірістік активтерге қызмет көрсететін көліктік-логистикалық компания.
«Qorǵan-Security» ЖШС	○ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және онымен үлестес заңды тұлғалар үшін күзет қызметі.
«KAP Technology» ЖШС	○ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарын жергілікті және корпоративтік телефон байланысымен деректерді берумен УҚТ-радиобайланыспен қамтамасыз ету.
«Уранэнерго» ЖШС	○ Электр энергиясын беру және тарату, электр желілері мен қосалқы станцияларды пайдалану, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Уран өндіруші кәсіпорындарды сенімді және үздіксіз электрмен жабдықтау.
Ғылым, инжиниринг, білім беру	
«Жоғары Технологиялар Институты» ЖШС	○ Қазақстанның атом саласындағы инновациялық дамуы, саланы технологиялық жаңарту, шығарылатын ғылымды қажетсінетін өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін түбегейлі көтеру жөніндегі стратегиялық міндеттерді шешу, кейіннен сала кәсіпорындарына енгізе отырып, ғылыми зерттеулер мен жобалау-конструкторлық жұмыстарын жүргізу, кадрларды даярлау және қайта даярлау.

Қызмет нәтижелерінің динамикасы

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

GRI 2-6, SASB EM-MM-000.A

Қазатомөнеркәсіп уран мен оның қосылыстарының экспорты мен импорты жөніндегі ұлттық оператор болып табылады, бұл оған уран өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру кезіндегі тікелей келіссөздерді қоса алғанда, кейбір артықшылықтар береді. Осының арқасында Компания ЖҰШ үшін қолайлы жоғары сапалы кен орындарына қол жеткізе алады. 2023 жылы Қазатомөнеркәсіп әлемдік өндірістің 20%-ға жуығын қамтамасыз ете отырып, әлемдік жетекші уран өндіруші ретіндегі өз позициясын растады, бұл ретте әлемдік уран өндірудің 39%-ы Холдингтің қазақстандық кәсіпорындарының үлесіне тиесілі.

Табиғи уран өндірудің әлемдік нарығындағы Қазатомөнеркәсіптің үлесі (өндірістің тиісті үлесі негізінде), %

2023 жыл ішінде Қазатомөнеркәсіп әлемдік нарықтағы ең үлкен үлесті ұстап, уранның ең ірі өндірушісі ретінде өзінің көшбасшылық орнын растады. UxC мәліметтері бойынша, Компанияның 2023 жылы өндірген уран үлесі уранды бастапқы өндірудің жалпы әлемдік көлемінен шамамен 20%-ын құрады. Бұл ретте, Қазақстандағы Қазатомөнеркәсіп Холдингінің құрамына кіретін кәсіпорындармен өндірілген уранның үлесі осы кезеңде әлемдік уран өндірісінің жалпы көлемінен шамамен 39%-ға жетті.

Қазатомөнеркәсіптің уран өндіру көлемі (өндірістің тиісті үлесі), тонна

Өндіріс 2023 жылы өндіріс жоспарының 2022 жылмен салыстырғанда төмендеуіне, сондай-ақ материалдар мен жабдықтардың кешігуіне және шектеулі қолжетімділігіне байланысты төмендеді. Бұл ұңғымаларды іске қосу кестесінде және ЖҰШ әдісімен уран өндірудің жалпы көлемінде көрініс тапты. Күкірт қышқылы сияқты негізгі материалдарға қол жеткізу мәселелері 2024 жылы да жалғасуы мүмкін, бұл өндіріс көлеміне әсер етеді.

Ниобий өнімін өндіру көлемі, тонна Nb

Ниобий өнімінің өндірісі 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 2,53%-ға төмендеді, бұл ниобий өніміне сұраныс құрылымының өзгеруіне байланысты.

Бериллий өнімін өндіру көлемі, тонна Be

2022 жылғы деңгейге қатысты есепті кезеңде заттай көріністе бериллий өндірісінің көлемі 34,94%-ға азайды, бұл бериллий өніміне сұраныстың төмендеуімен түсіндіріледі.

Тантал өнімдерін өндіру көлемі, тонна Ta

2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2023 жылы заттай көріністе тантал өнімдерін өндіру көлемі 7%-ға азайды, бұл тапсырыс берушілер тарапынан сұраныстың төмендеуіне байланысты.

Отын таблеткаларын өндіру көлемі, тонна

2023 жылы отын таблеткаларын өндіру көлемі 196,5 тоннаны құрады, бұл 2022 жылғы өндіріс көлемімен салыстырмалы көрсеткіш.



ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Топтың түсімі, млрд теңге

Топтың шоғырландырылған түсімі 2022 жылмен салыстырғанда 43%-ға ұлғайып, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 1 434 635 млн теңгені құрады. Бұл өсу негізінен төмендегілермен байланысты:

- U_3O_8 спот бағасының өсуіне байланысты сатудың орташа бағасының өсуімен;
- клиенттердің қосымша сұраныстарына, сондай-ақ жаңа ұзақ мерзімді келісімшарттарға байланысты U_3O_8 іске асыру көлемінің ұлғаюымен;
- «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-нің 2023 жыл ішінде ЖБҚ жеткізу көлемінің ұлғаюына және ҮМЗ сирек металдарынан жасалған өнімдерді сатудан түсетін кірістердің өсуіне сәйкес БУӨ және басқа уран өнімдерін сатудан түсетін кірістердің (таблеткаларды сатуды және толлинг қызметтерін көрсетуді қоса алғанда) өсуімен.

Таза қарыз/ түзетілген EBITDA

«Таза қарыздың түзетілген EBITDA-ға қатынасы» коэффициенті 2022 жылмен салыстырғанда 0,1-ге өсті. EBITDA түзетілген көрсеткіші 2023 жылы 828 623 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 31%-ға ұлғайды (2022 жылы 630 898 млн теңгені құрады), бұл ретте EBITDA көрсеткіші 2023 жылдың қорытындысы бойынша қатысу үлесіне пропорционалды түрде 639 407 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 29%-ға ұлғайды (2022 жылы 495 357 млн теңгені құрады). Өзгерістер негізінен шоғырландырылған деңгейдегі жоғары операциялық пайдаға, сондай-ақ БК мен қауымдастырылған компаниялардағы EBITDA жоғары көрсеткішіне байланысты болды, бұл көбінесе U_3O_8 спот бағасының өсуіне байланысты орташа сату бағасының өсуінен туындайды.

Төленген дивидендтер, млрд теңге

2023 жылы Компания өз акционерлеріне 2023 жылғы шілде айында 2022 жылғы қызмет қорытындылары бойынша төленген 200 970 млн теңге мөлшерінде дивидендтер төленгені туралы жариялады (2022 жылы Компания өз акционерлеріне 227 388 млн теңге мөлшерінде дивидендтер төледі, олар 2021 жылғы қызмет қорытындылары бойынша 2022 жылғы шілде айында шілдеде төленді. Дивидендтер алынбайтын немесе дивидендтерді төлеуден бас тарту жоспарланатын келісімдер болған жоқ.

Акцияға пайда, теңге/акция

2023 жылы акцияға шаққандағы пайда 2022 жылмен салыстырғанда 20%-ға артып, 1 616 теңгені құрады.

Операциялық пайда, млрд теңге

2023 жылдың қорытындысы бойынша операциялық пайда 680 812 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 49%-ға ұлғайды (2022 жылы 455 962 млн теңгені құрады), бұл негізінен 2023 жылы жоғарыда көрсетілгендей түсімнің ұлғаюына байланысты болды.

Таза пайда, млрд теңге

2023 жылғы таза пайда 580 335 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 23%-ға өсті (2022 жылы 472 963 млн теңгені құрады). Өсім негізінен жоғарыда көрсетілгендей 2023 жылы операциялық пайданың артуына байланысты болды.

Акцияға түзетілген пайда, теңге/акция

2023 жылы акцияға шаққандағы түзетілген пайда 2 237 теңгені құрады, бұл таза пайдаға әсер ететін уақытша әсерлерді есепке алмағанда, бір жыл ішінде түзетілген таза пайданың ұлғаюын көрсетеді.

Уран өнімдерінің нарығына шолу және бәсекелестік орта

ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ НАРЫҚТАР

GRI 2-1

Минералды активтер

Компанияның минералды активтері Қазақстанның төрт негізгі облысына, соның ішінде Қызылорда, Түркістан, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарына бөлінген, бұл Қазатомөнеркәсіпке әлемдегі ең ірі уран қорларының біріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

ҚМК[3] стандарттарына сәйкес уран қорларының бөлінуі көрсетілген қазақстандық уран провинциялары



Негізгі нәтижелер, 2023 жыл

АЭС реакторлық қажеттіліктерін және коммерциялық және стратегиялық сипаттағы қорларды қалыптастыруды ескере отырып, уранның әлемдік сұранысы	76,3 k tU
Әлемдік уран ұсынысының көлемі	76,1 k tU
Табиғи уранның әлемдік өндірісі	54,4 k tU
Спот баға белгілеулерінің орташа деңгейі	$60,53 (w)/$62,51 (m)

[3] Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі мемлекеттік комиссия (ҚМК). Қорлардың бөлінуі пайыздық арақатынаста көрсетілген.

Уран саласының әлемдік нарықтағы маңызды оқиғалары

Әлемдегі геосаяси жағдай	Ресейдің атом өнеркәсібі санкцияларға ұшырамады, дегенмен Ұлыбританиядағы, ЕО мен АҚШ-тағы заң шығарушылар арасындағы санкциялық көңіл-күй 2023 жылдың басынан бастап кейбір жаңа бастамалар мен шараларға, соның ішінде Ресейдің кейбір кәсіпорындары мен атом өнеркәсібінің аға басшыларын Ұлыбритания мен АҚШ-тың санкциялар тізіміне қосуына әкелді.
ЕО	Бельгия, Франция, Италия және Ұлыбритания сияқты елдерді қамтитын Еуропалық ядролық альянс аясында 16 еуропалық елдің үкімет өкілдері 2050 жылға қарай 150 ГВт атом энергиясына жетуді көздеп отыр, бұл қазіргі қолданыстағы 100 ГВт-тан едәуір көп. Альянс мақсатқа қосымша 30-45 ірі реакторлар мен шағын модульді реакторлар салу арқылы жетуді көздеп отыр, осылайша ЕО-да электр энергиясын өндірудегі ядролық энергиясының қазіргі 25% үлесін сақтап қалады.
Ұлыбритания	Ұлыбританияның энергетикалық қауіпсіздік министрлігі қаржыландыруы 20 миллиард фунтқа (~25,8 миллиард долларға) жетуі мүмкін елде жаңа атом электр станцияларының құрылысын дамытуға бағытталған Great British Nuclear бағдарламасын іске қосатынын жариялады.
Франция	Францияның Конституциялық кеңесі әкімшілік процедуралар мен жоспарлауды жеңілдету арқылы жаңа реакторлардың құрылысын жеделдетуге бағытталған заңды бекітті. Мамыр айында парламент мақұлдаған заң Францияның ядролық қуатына бұрын қойылған шектеулерді және 2035 жылға қарай ядролық энергетика ұлттық электр энергиясы балансының тек 50%-ын құрауы керек деген талапты жояды. Осылайша, 2050 жылға қарай ядролық энергиясы электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінен 50%-дан астамын құрайды.
Жаһандық климаттық стратегия	Атом энергетикасын дамыту перспективалары жақсаруда. БҰҰ-ның COP28 климаттық өзгерістер жөніндегі конференциясында 20-дан астам ел 2050 жылға қарай атом энергетикасы қуатын үш есе ұлғайту туралы Декларацияға қол қойды. Декларация атом энергетикасы бүкіл әлемде нөлдік шығарындыларға қол жеткізу үшін маңызды рөл атқаратынын мойындайды. Декларацияның негізгі аспектілері халықаралық қаржы институттарын атом энергетикасын энергетикалық инфрақұрылымды қаржыландыру бағдарламаларына қосуды ынталандыруға шақыруға бағытталған ниеттерді де қамтиды.

Уран бағасы

2010-2023 жылдардағы уран бағасы, U_3O_8[4] бір фунты үшін АҚШ доллары



[4] TradeTech, UxC мәліметтері бойынша.

2023 жылғы уран өндірісі

GRI 2-6

2023 жылдың қорытындысы бойынша 100% негізіндегі және меншік үлесіне пропорционалды өндіріс көлемі 2022 жылдың ұқсас көрсеткіштерінен төмен болды, бұл негізінен 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылға арналған өндірістік жоспардың шамалы төмендеуіне байланысты, бұл Компанияның ұзақ мерзімді құндылықты құруға бағытталған өнімді өндіру мен сатуға тәртіптік көзқарасын көрсетеді.

2023 жылғы реакторларды енгізу және шығару

Пайдалануға берілді

5 ядролық реактор жалпы қуаты 5,0 ГВт

- 1 Беларусь
- 1 Қытай
- 1 Оңтүстік Корея
- 1 Словакия
- 1 АҚШ

Жұмыс тоқтатылды

5 ядролық реактор жалпы қуаты 6,0 ГВт

- 3 Германия
- 1 Тайвань
- 1 Бельгия

Құрылысы басталды

5 ядролық реактор жалпы қуаты 5,6 ГВт

- 4 Кытай
- 1 Мысыр

Сату және өткізу

УРАН ӨНІМДЕРІН САТУ

GRI 2-6

2023 жылы Компания уран өнімдерін тікелей және «Trade House KazakAtom AG» («ТНК») еншілес компаниясы арқылы 9 елдегі 23 клиентке сатуды жүзеге асырды (2022 жылы: 11 елдегі 24 клиентке).

Төмендегі кестеде Топтың сатылымының географиялық таралуы туралы мәліметтер келтірілген:

Аймақтар[5] бойынша уран өнімін шоғырландырылған сатылымы*

Аймақ	2021	2022	2023
Америка	32%	28%	26%
Азия	41%	46%	45%
Еуропа	27%	26%	29%

**Уран өнімдерін БК серіктестеріне сатуды қамтиды.*

Клиенттердің Компанияның уран өнімдеріне географиялық бөлінуі туралы деректерді қоса алғанда:

Компания мен ТНК уран өнімдерін (U_3O_8) аймақтар[6] бойынша сату

(U_3O_8 сату көлемінен %)*

Аймақ	2021	2022	2023
Америка	23%	23%	19%
Азия	48%	50%	49%
Еуропа	29%	27%	32%

**Компанияның сату көлемі (Топта есепке алынатын) Компания мен ТНК-ның сыртқы сатып алушыларына сатудың жалпы көлемін қамтиды. Компания мен ТНК арасындағы топ ішіндегі мәмілелер есепке алынбайды.*

Негізгі жетістіктер:

- ҚАӨ портфеліне 2 жаңа клиент қосылды;
- сату географиясы кеңейтілді: ҚАӨ екі жаңа елге табиғи уранды жеткізуге шарт жасасты;
- сату көлемі өсті;
- келісім-шарт деңгейі артты

ТАСЫМАЛДАУ

Қазатомөнеркәсіп уран өнімдерін бүкіл әлем бойынша клиенттерге тасымалдау үшін қауіпсіз, қорғалған және тиімді логистикалық шешімдерді қолданады. Барлық өнімдер теміржол және/немесе теңіз арқылы 20 футтық контейнерлерде тасымалданады, бұл ретте тасымалдау уранды тасымалдаумен байланысты тәуекелдерден сақтандыру жүзеге асырылады.

2023 жыл ішінде Румыния, АҚШ және Канададағы соңғы жүк алушыларға Транскаспий халықаралық көлік бағыты (ТХКБ) арқылы бірнеше физикалық тұрғыда жеткізу жүзеге асырылды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстаннан батыс елдеріне уранның барлық жөнелтілімдерінің 64%-ы ТХКБ арқылы сәтті жүзеге асырылды.

2023 жылы Қазатомөнеркәсіп U_3O_8 және дайын өнімді клиенттердің қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес әртүрлі бағыттарға жеткізді:

Конверторлар: U_3O_8-ді Honeywell (АҚШ), Cameco (Канада) және Orano (Франция) компанияларының лицензияланған конверсиялық зауыттарына тасымалдау Қазақстаннан Санкт-Петербург порты арқылы теміржол көлігімен, содан кейін АҚШ, Канада немесе Еуропа порттарына теңіз көлігімен жүзеге асырылды, содан кейін жүк теміржол немесе автомобиль көлігімен қайта өңдеу зауыттарына жеткізілді.

Қытай: материалдар Алашанькоу теміржол станциясына жеткізілді.

Ресей: Ресей Федерациясына жеткізулер кезінде, оның ішінде «Сібір химиялық комбинаты» АҚ («СХК»), өнімдер теміржол арқылы Томск-2 станциясына дейін жеткізілді.

Румыния: Клиент Фельдиордағы конверсиялық зауытында меншік құқығын алды.

Аргентина: Клиент Буэнос-Айрес қаласының портында меншік құқығын алды.

Көрсетілген пункттерге жеткізудің орташа құны U_3O_8 килограмы үшін 0,7-ден 6,6 АҚШ долларына дейін болады. Жеткізу мерзімі мен құнын азайту және көлік тәуекелдерін азайту үшін Компания своп-келісімдер жасайды.

[5] Дереккөз: Қазатомөнеркәсіптің деректері.

[6] Дереккөз: Компанияның деректері, көрсеткіштер ықшамдалды.

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС

Еншілес ұйым

Компанияға «ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 51%-ы тиесілі, қалған 49%-ы қытайлық CGNM UK Limited компаниясына тиесілі. Бұл кәсіпорын өз қызметін Мыңқұдық кен орнының орталық учаскесінде, сондай-ақ Түркістан облысының Созақ ауданында орналасқан Жалпақ кен орнында жүзеге асырады.

Кен орны

Мыңқұдық кен орны 1973 жылы ашылған, 2008 жылдан бастап Орталық учаскесін өнеркәсіптік игеруі басталған. Мыңқұдық кен орнының Орталық учаскесін игеру үшін жер қойнауын пайдалану құқығына арналған №1796 келісімшартқа 2005 жылғы 8 шілдеде қол қойылды. Уранды барлау, өндіру және өткізу құқықтары 2033 жылға дейін қолданылады.

Жалпақ кен орнында тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жұмыстары аяқталды. Уран өндіруге арналған №4996-тпи келісімшарты 2021 жылғы 14 желтоқсанда жасалды, уранды өндіру және өткізу құқықтарының қолданылу мерзімі 2042 жылға дейін белгіленген.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орындарының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 33,5 мың тоннаны құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 33,5 мың тоннаны құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
23.02.2011	1 650 тонна (Мыңқұдық Орталық жобалық қуаттылығы 2000 т/жылына, Жалпақ – 900 т/жылына)	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы	576 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Бейсенбеков Айдын Женисович[7]	2000-2043 жж.	51%	1. Мыңқұдық, Орталық учаскесі 2. Жалпақ

[7] 13.11.2023 ж. дейін – Ташимов Ерлан Лесбекович.

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«РУ-6» ЖШС

Еншілес ұйым

Компания «РУ-6» ЖШС-нің жалғыз қатысушысы болып табылады.

2018 жылдың қараша айында Компания Қызылорда облысының Шиелі ауданында орналасқан Солтүстік Қарамұрын және Оңтүстік Қарамұрын кен орындарын жер қойнауын пайдалану және игеру келісімшарты бойынша өзінің барлық құқықтары мен міндеттемелерін «РУ-6» ЖШС-на тапсырды.

Кен орны

Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын кен орындары 1979 жылы анықталды, ал оларды өнеркәсіптік пайдалану 1997 жылы басталды.

Осы кен орындарын игеру үшін жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартқа 1996 жылғы 27 қараша күні қол қойылды, уранды зерттеуге, пайдалануға және өткізуге рұқсаттардың қолданылу мерзімі 2040 жылғы 31 қараша күніне дейін белгіленді[8].

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орындарының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 11,9 мың тонна уранды құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 11,9 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
1983 жыл	833 тонна	Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы	441 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Әбдімауленов Жандос Жұмадиллаевич[9]	1996-2022 жж.	100%	1. Солтүстік Қарамұрын 2. Оңтүстік Қарамұрын

[8] ҚР Энергетика Министрлігінің 2023 жылғы 11 қаңтардағы жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының отырысына №1/5 Хаттамаға сәйкес шешімі.

[9] 20.05.2021 ж. бастап 26.10.2023 ж. дейін – Ысқақов Дәуржан Мұхамеджанович.

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС

Еншілес ұйым

Компания «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-нің жалғыз қатысушысы болып табылады.

2018 жылғы қарашада Компанияның Қанжуған кен орнында, №1 учаскенің оңтүстік бөлігінде (Оңтүстік) және Мойынқұм кен орнының №3 учаскесінің солтүстік бөлігінде (Орталық), Мыңқұдық кен орнының Шығыс учаскесінде және Уванас кен орнында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша құқықтары мен міндеттері тиісті өндірістік активтермен бірге «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-не берілді.

Кен орны

1972 жылы ашылған және 1997 жылы өнеркәсіптік өндіруді бастаған Қанжуған кен орны 1996 жылдың 27 қарашасынан бастап 2047 жылдың 31 желтоқсанына дейін уранды барлау, өндіру және өткізу құқығымен жер қойнауын пайдалануға қолданыстағы келісімшартқа ие[10].

1976 және 1974 жылдары ашылған Мойынқұм кен орнының №1 учаскесінің оңтүстік бөлігі (Оңтүстік) және №3 учаскесінің солтүстік бөлігі (Орталық) 1997 және 2017 жылдары өнеркәсіптік өндірісті бастады. №1 учаскенің оңтүстік бөлігін өнеркәсіптік пайдалану 1997 жылы басталды, ал №3 учаскенің солтүстік бөлігін пайдалану 2017 жылы басталды.

№1 учаскенің оңтүстік бөлігінің (Оңтүстік) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 2000 жылғы 26 қыркүйекте жасалған. Уранды өндіру, барлау және өткізу құқығы 2021 жылғы 26 қыркүйекке дейін қолданылады.

№3 учаскенің солтүстік бөлігінің (Орталық) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 2010 жылғы 31 мамырда жасалған. Уранды өндіру, барлау және өткізу құқығы 2041 жылғы 31 мамырға дейін қолданылады.

1963 жылы ашылған, 1997 жылы өнеркәсіптік өндіруді бастаған Уванас кен орны 1996 жылғы 27 қарашадан бастап 2022 жылғы 15 қарашаға дейін уранды барлау, өндіру және өткізу құқығымен жер қойнауын пайдалануға келісімшартқа ие.

1973 жылы ашылған Мыңқұдық кен орны 1996 жылғы 27 қарашадағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартпен және 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін уранды барлау, өндіру және өткізу құқығымен 1997 жылы Восточный учаскесін өнеркәсіптік пайдалануды бастады[11].

Қазіргі уақытта Мойынқұм кен орнының №1 учаскесінің оңтүстік бөлігінде (Оңтүстік) және Уванас кен орнында уран өндіру қорлардың таусылуына байланысты тоқтатылды, жерді мемлекетке қайтару бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орындарының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 20,2 мың тонна уранды құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 22,6 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
2015 жыл	1 273 тонна	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы	957 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Тоқсанбаев Бауыржан Медетханович[12]	1996-2047 жж.	100%	1. Қанжуған (Қайнар учаскесін қоса алғанда) 2. Мойынқұм, №1 учаске (Оңтүстік), оңтүстік бөлігі 3. Мойынқұм, №3 учаске (Орталық), солтүстік бөлігі 4. Уванас 5. Мыңқұдық, Шығыс учаскесі

[10] ҚР Энергетика Министрлігінің 2023 жылғы 13 қаңтардағы жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының отырысына №2/1 Хаттамаға сәйкес шешімі.

[11] ҚР Энергетика Министрлігінің 2023 жылғы 13 қаңтардағы жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының отырысына №2/1 Хаттамаға сәйкес шешімі.

[12] 22.02.2023 бастап 26.10.2023 дейін – Жұбанов Асқар Айтжанұлы.

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«АППАК» ЖШС

Еншілес ұйым

Компания «АППАК» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 65%-ын иеленеді, қалған үлестер Sumitomo Corporation (25%) және The Kansai Electric Power Co., Inc. (10%) арасында бөлінген.

Бірлескен кәсіпорын өз қызметін Түркістан облысының Созақ ауданында орналасқан Мыңқұдық кен орнының батыс бөлігінде жүзеге асырады.

Кен орны

Мыңқұдық кен орны 1973 жылы табылды, ал оның батыс бөлігі 2008 жылы өнеркәсіптік өндірісті бастады.

Мыңқұдық кен орнының батыс учаскесін игеру үшін жер қойнауын пайдалану құқығына келісімшарт 2005 жылғы 8 шілдеде жасалды және уранды зерттеу, өндіру және сату құқығы 2035 жылғы 8 шілдеге дейін берілді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орнының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 14,3 мың тонна уранды құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 18,5 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
2005 жыл	803 тонна	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы	354 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Тайжанов Әлішер Сәбитович[13]	2005-2035 жж.	65%	Батыс Мыңқұдық

[13] 30.11.2021 ж. бастап 29.05.2023 ж. дейін – Әбдімолдаев Дархан Қайратович.

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«Инкай» БК» ЖШС

Еншілес ұйым

«Инкай» БК» ЖШС құрамында Компания қатысу үлестерінің 60% иеленіп, үстемді орынды алып отыр, ал Cameco серіктесі үлесінің 40%-на ие.

Бұл бірлескен кәсіпорын Түркістан облысы Созақ ауданында орналасқан Инкай кен орнының №1 учаскесінде пайдалануды жүзеге асырады.

Кен орны

Инкай кен орнының ашылуы 1976 жылдан басталады, ал 2002 жылдан бастап №1 учаскені тестілеу басталды.

№1 учаскеде өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартқа «Инкай» БК» ЖШС 2000 жылғы 13 шілдеде қол қойды, ол 2045 жылғы 13 шілдеге дейін уранды зерттеуге, пайдалануға және сатуға құқық береді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орнының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 123,9 мың тонна уранды құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 144,2 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
1996 жыл	3 201 тонна	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы	744 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Нұрғалиев Асқар Қадырбекович[14]	2000-2045 жж.	60%	Инкай, №1 учаске

[14] 21.02.2023 ж. дейін – Пернеш Ельнар Қайратұлы, 15.01.2024ж. бастап – Жылкайдаров Біржан Сакенұлы.

«Байкен-U» ЖШС

Еншілес ұйым

«Байкен-U» ЖШС Компанияға 52,5%-ға тиесілі, Energy Asia (BVI) Limited арқылы тікелей үлесі 5% және 47,5%.

Бұл бірлескен кәсіпорын Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында орналасқан Солтүстік Харасан кен орнында Харасан-2 учаскесін игеруде.

Бұл кен орны жерасты ұңғымаларын шаймалау әдісімен уран өндіру үшін Қазақстандағы ең терең кен орны болғанымен ерекшеленеді.

Кен орны

Солтүстік Харасан кен орны 1972 жылы ашылған, ал учаскені өнеркәсіптік пайдалану 2010 жылы басталды. Солтүстік Харасан кен орнының Харасан-2 учаскесінде жер қойнауын пайдалану туралы келісімшартқа 2006 жылдың 1 наурызында қол қойылып, уранды зерттеу, өндіру және сату құқығын 2055 жылдың 1 наурызына дейін берді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орнының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 14,4 мың тоннаны құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 14,4 мың тоннаны құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
2006 жыл	1 315 тонна	Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы	439 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Маркенбаев Жұмағали Жұматаевич	2006-2055 жж.	52,5%	Солтүстік Харасан, Харасан-2 учаскесі

«Семізбай-U» ЖШС

Бірлескен кәсіпорын

«Семізбай-U» ЖШС құрамында Компания бақылау қатысу үлесінің 51%-на ие, ал қалған 49%-ы Қытайдың Ұлттық ядролық энергетикалық тобына тиесілі.

Бұл бірлескен кәсіпорын Қызылорда облысы Шиелі ауданында орналасқан Иіркөл кен орнын, сондай-ақ Ақмола облысы Біржан сал ауданында орналасқан Семізбай кен орнын игерумен айналысады.

Кен орны

Иіркөл кен орны 1976 жылы ашылды, ал оны өнеркәсіптік игеру 2008 жылы басталды. Осы кен орнын игеру үшін жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартқа 2005 жылғы 14 шілдеде қол қойылды, уранды зерттеу, өндіру және сату құқықтарының қолданылу мерзімі 2030 жылғы 4 наурызға дейін белгіленді.

1973 жылы ашылған Семізбай кен орны 2009 жылы өнеркәсіптік өндіріске кірісті. Оны игеру үшін жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарт 2006 жылдың 2 маусымында жасалып, 2031 жылдың 2 маусымына дейін уранды барлау, өндіру және өткізу құқығын берді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орындарының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 8,8 мың тонна уранды құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 19,8 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
2006 жыл	940 тонна	Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы және Ақмола облысы, Біржан сал ауданы	575 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Досанов Данияр Булатович[15]	2005-2030 жж.	51%	1. Иіркөл 2. Семізбай

[15] 05.04.2023 ж. дейін – Майлыбаев Алмас Абдиллаұлы, 06.04.2023 ж. бастап 13.11.2023 ж. дейін – Бердіғұлов Алмат Құдайбергенович.

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«Қаратау» ЖШС

Бірлескен операциялар

Компания және Росатом құрамына кіретін «Ураний Уан Груп» АҚ «Қаратау» ЖШС иелері болып табылады, тараптардың әрқайсысы ұйымның жарғылық капиталында 50% үлеске ие.

«Қаратау» ЖШС қызметі Түркістан облысы Созақ ауданында орналасқан Буденовское кен орнының екінші учаскесіне шоғырланған.

Кен орны

Буденовское кен орны 1979 жылы ашылды, ал №2 учаскені өнеркәсіптік пайдалану 2008 жылы басталды.

Буденовское кен орнының №2 учаскесін игеру үшін жер қойнауын пайдалану құқығына келісімшарт 2005 жылғы 8 шілдеде жасалды және уранды зерттеуге, өндіруге және өткізу құқықтары 2040 жылғы 8 шілдеге дейін беріледі.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орнының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 33,5 мың тонна уранды құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 129,9 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
2005 жыл	2 560 тонна	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы	564 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Искаков Дауржан Мухамеджанович[16]	2005-2040 жж.	50%	Буденовское, №2 учаске

[16] 19.11.2021 ж. бастап 13.11.2023 ж. дейін – Қалибеков Сәкен Қазбекович.

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«Хорасан-U (Хорасан-У)» БК» ЖШС

Еншілес ұйым

«Хорасан-U (Хорасан-У)» БК» ЖШС құрамында Компанияның жарғылық капиталында 50% қатысу үлесі бар, ал 30%-ы Росатом тобына кіретін «Ураний Уан Груп» АҚ-ға және 20%-ы Energy Asia Holdings Ltd-ға тиесілі.

Бұл бірлескен кәсіпорын Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында орналасқан Солтүстік Харасан кен орнының Харасан-1 учаскесінде қызметін жүзеге асырады.

Кен орны

Солтүстік Харасан кен орны 1972 жылы ашылды, ал Харасан-1 учаскесі 2008 жылдан бастап өнеркәсіпте пайдаланыла бастады.

Харасан-1 учаскесінде өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығы бойынша келісімшартқа 2005 жылдың 8 шілдесінде қол қойылып, уранды зерттеу, өндіру және сату құқығын 2058 жылдың 8 шілдесіне дейін берді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орнының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 33,1 мың тонна уранды құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 44,1 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
2014 жыл	1 580 тонна	Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы	14 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Айдуйсенов Бағдат Абжаппарұлы[17]	2005-2058 жж.	50%	Солтүстік Харасан, Харасан-1 учаскесі

[17] 18.09.2020 ж. бастап 13.11.2023 ж. дейін – Өмірбеков Адай Есіркепович.

«ЗАРЕЧНОЕ» БК» АҚ

Қауымдастырылған ұйым

Компания мен «Ураний Уан Груп» АҚ-на (Росатом тобына кіреді) «ЗАРЕЧНОЕ» БК» АҚ акцияларының 49,98%-ы тиесілі, «Қарабалты тау-кен комбинаты» АҚ-на акциялардың 0,04%-ы тиесілі.

БК өз қызметін Түркістан облысы Отырар ауданындағы Заречное кен орнында жүргізеді.

Кен орны

Заречное кен орны 1977 жылы ашылды, кен орнын өнеркәсіптік пайдалануы 2007 жылы басталды.

Заречное кен орнын игеру мақсатында жер қойнауын пайдалануға келісімшарт 2002 жылғы 23 қыркүйекте жасалды. Уранды барлау, өндіру және өткізу құқығы 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін қолданылады.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орнының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 3,3 мың тонна уранды құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 3,9 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
2001 жыл	741 тонна	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Отырар ауданы	369 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Нұржанов Қанат Есенгелдіұлы[18]	2002-2025 жж.	49,98%	Заречное

[18] 07.03.2023 ж. бастап 02.02.2024 ж. дейін – Ж.Н. Бекбаев, 07.03.2023 ж. бастап 01.02.2024 ж. дейін – Бас директордың міндетін атқару орынбасарларына жүктелген.

«Ақбастау» БК» АҚ

Бірлескен операциялар

Компания мен Росатом тобының құрамына кіретін «Ураний Уан Груп» АҚ «Ақбастау» БК» АҚ-ны бірлесіп басқарады, бұл ретте тараптардың әрқайсысы акциялардың тең үлесі – 50%-дан иеленеді.

АҚ қызметі Түркістан облысы Созақ ауданында орналасқан Буденовское кен орнының №1, №3 және №4 учаскелерінде жүзеге асырылады.

Кен орны

Буденовское кен орны 1976 жылы ашылған, ал 2012 жылдан бастап №1, №3 және №4 учаскелерді өнеркәсіпте пайдалану басталды.

Осы учаскелер үшін жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарттар 2007 жылғы 20 қарашада жасалған. №1 учаскеде уранды зерттеу, өндіру және өткізу құқығы 2037 жылғы 20 қарашаға дейін, ал №3 және №4 учаскелер үшін – 2038 жылғы 20 қарашаға дейін қолданылады.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орнының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 34,3 мың тоннаны құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 34,3 мың тоннаны құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
2006 жыл	1 545 тонна	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы	52 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Омарбеков Қуаныш Алтынбекович[19]	2007-2038 жж.	50%	Буденовское, №1, №3, №4 учаске

[19] 28.12.2023 ж. бастап – Жүнісов Арнұр Жұмабекович, 31.07.2023 ж. бастап 28.12.2023 ж. дейін – Майлыбаев Алмас Әбділлаұлы.

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«КАТКО» БК ЖШС

Қауымдастырылған ұйым

«КАТКО» БК ЖШС қауымдастырылған құрылым болып табылады, онда Компания 49% қатысу үлесіне ие, ал негізгі акциялар пакеті (51%) бұрын AREVA деп танылған Orano компаниясына тиесілі.

Бұл бірлескен кәсіпорын Түркістан облысының Созақ ауданында орналасқан Мойынқұм кен орнының №1 учаскесінің солтүстік бөлігінде (Оңтүстік) және №2 учаскесінде (Төртқұдық) уран өндіруді жүзеге асырады.

Кен орны

Мойынқұм кен орны 1976 жылы ашылды, №1 учаскені өнеркәсіптік пайдалану 2001 жылы басталды.

№1 учаскенің солтүстік бөлігін (Оңтүстік) және №2 учаскені (Төртқұдық) игеру үшін жер қойнауын пайдалану құқығы бойынша келісімшартқа 2000 жылдың 3 наурызында қол қойылып, 2039 жылдың 4 наурызына дейін уранды зерттеу, өндіру және өткізу құқығы берілді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орындарының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 49,0 мың тонна уранды құрайды. Минералдық ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 53,5 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
1996 жыл	2 564 тонна	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы	1 245 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Бастьен Паскаль	2000-2039 жж.	49%	1. Мойынқұм, №1 учаске (Оңтүстік), солтүстік бөлігі 2. Мойынқұм, №2 учаске (Төртқұдық)

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«Оңтүстік тау-кен-химия компаниясы» БК» ЖШС

Қауымдастырылған ұйым

«Оңтүстік тау-кен-химия компаниясы» БК» ЖШС қауымдастырылған компаниясында Компанияның 30% үлесі бар, ал негізгі 70% үлесі Росатом тобының бөлігі болып табылатын «Ураниум Уан Груп» АҚ-ға тиесілі.

Бірлескен кәсіпорын қызметін Түркістан облысы Созақ ауданында орналасқан Ақдала кен орнында және Инкай кен орнының №3 учаскесінде жүргізеді.

Кен орны

Ақдала кен орны 1982 жылы анықталды, ал оның өндірістік қолданылуы 2004 жылы басталды. Ақдала кен орнында өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартқа 2001 жылдың 28 наурызында қол қойылды, уранды өндіру, зерттеу және сату құқықтары 2026 жылдың 28 наурызына дейін берілді.

1976 жылы ашылған Инкай кен орны №4 учаскені өнеркәсіптік пайдалануды 2007 жылы бастады. Инкай кен орнының №4 учаскесі үшін жер қойнауын пайдалану келісімшарты 2005 жылғы 8 шілдеде жасалған, уранды зерттеу, өндіру және өткізу құқығы 2029 жылғы 8 шілдеге дейін ұзартылған.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орындарының кен қорларының жиынтық көлемі (жылдық сарқылуды қоса алғанда) 72,7 мың тонна уранды құрайды. Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 74,9 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
2014 жыл	2 225 тонна	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы	879 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Міндеттерді атқарушы Пыльной Александр Владимирович[20]	2001-2029 жж.	30%	1. Ақдала 2. Инкай, №4 учаске

[20] 13.11.2023 ж. бастап – Өмірбеков Адай Есіркепович.

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«Будёновское» БК» ЖШС

Бірлескен кәсіпорын

«Будёновское» БК» ЖШС бірлескен кәсіпорны шеңберінде Компанияға 51% құрайтын қатысудың бақылау үлесі тиесілі, ал «Степногорск тау-кен-химия комбинаты» ЖШС 49% үлеске ие[21].

Бірлескен кәсіпорынның қызметі Түркістан облысы Созақ ауданында орналасқан Буденовское кен орнының №6 және 7 учаскелерінде жүргізіледі. Осы учаскелер үшін жер қойнауын пайдалану құқығына келісімшарт 2020 жылдың 16 қазанында, 25 жыл мерзімге, 2045 жылдың 16 қазанына дейін жасалды, ол уран өндіру және сату құқығын береді.

Кен орны

Буденовское кен орны 1976 жылы ашылған, 2023 жылы №6, 7 учаскесінде тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру басталды.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кен орындары кен қорларының жиынтық көлемі (баланстық қорлардың өсімін қоса алғанда) 114,0 мың тонна уранды құрайды. Минералдық ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 119,9 мың тонна уранды құрайды.

Сипаттамалары

Құрылған жылы	Өндіріс	Орналасқан жері	Жұмысшылар саны
2016 жыл	-	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы	48 адам

Бас директор	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдері	Топтың иелену үлесі	Кен орны
Қалматаев Мұхтар Ермекович[22]	2020-2045 жж.	51%	Буденовское, №6, 7 учаскелер

[21] 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Будёновское» БК» ЖШС аудиттелген қаржылық есептілігі шеңберінде, «Буденовское» БК» ЖШС-нен «Степногорск тау-кен-химия комбинаты» ЖШС қатысушыларының құрамын өзгер-ту туралы ақпарат алынды, оған «Ураниум Уан Груп» АҚ және «ЯОЦ логистикалық орталығы» АҚ кірді.центр ЯТЦ».

[22] 24.03.2023 ж. дейін – Медео Рустам Қолыбекович, 29.12.2023 ж. бастап - Жансүгіров Дәурен Орашович.

2

Қаржылық шолу

Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін маңызды факторлар	**54**
Қызметтің негізгі көрсеткіштерін талдау	**60**
Уран сегменті	**62**
УМЗ сегменті	**65**
Сатудың өзіндік құны	**66**
Сату бойынша шығыстар	**68**
Жалпы және әкімшілік шығыстар (ЖӘШ)	**68**
БК және қауымдасқан кәсіпорындар кірістеріндегі үлесі	**69**
Салық салынғанға дейінгі пайда және табыс салығы бойынша шығыстар	**69**
Күрделі шығындарға шолу	**70**
Резервтер және геологиялық зерттеулер	**72**
Өтімділік және күрделі ресурстар	**73**
Берешек	**77**
Шығарылған акциялар	**78**
2024 жылға арналған болжамды көрсеткіштер	**79**

Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін маңызды факторлар

2023 және 2022 жылдардағы Топ қызметінің нәтижелеріне әсер еткен және Компанияның болжамдары бойынша болашақта Топ қызметінің нәтижелеріне әсер етуді жалғастыратын елеулі факторларға жататындар:

- табиғи уранды сату барысында алынған баға және уран өнімдерінің бағасының өзгеруі;
- Топ құрылымындағы өзгеріс;
- валюта бағамдарының өзгеру әсері;
- пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты қоса алғанда, салық салу;
- күкірт қышқылының бар болуы және құны;
- инфляциялық қысымға байланысты бағаның өзгеруі, сондай-ақ жеткізу тізбегіндегі үзілістерге байланысты аса маңызды операциялық материалдардың болуы;
- қорларды бағалаудағы өзгерістердің әсері; және
- еншілес кәсіпорындармен, БК, БО және қауымдасқан кәсіпорындармен мәмілелер.

ТАБИҒИ УРАНДЫ САТУ БАРЫСЫНДА АЛЫНҒАН БАҒА ЖӘНЕ УРАН БАҒАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

Топтың негізгі тауарлық өнімі болып табылатын U_3O_8-дің спотттық нарықтық бағалары Топтың түсіміне айтарлықтай әсер етеді. Топ түсімдерінің басым бөлігі U_3O_8-ді спот бағасына байланысты баға белгілеу келісімшарттары бойынша сатудан түседі. Споттық бағалармен қатар, Топтың тиімді сату бағасы осы кезеңдегі келісімшарттар портфеліндегі белгіленген баға құрамдас бөлігі бар келісімшарттардың үлесіне тәуелді болады. Тиісінше, әрбір қарастырылған кезеңдегі сатудың орташа бағасы спот нарығының бағасынан өзгеше болуы мүмкін. Спот нарықтағы бағалардың сатудың орташа бағасына әсері туралы толығырақ ақпарат Уранды сату бағалары бойынша сезімталдықты талдау бөлімінде берілген.

Келесі кестеде көрсетілген кезеңдерге U_3O_8 бір фунты үшін орташа споттық бағасы мен сатудың орташа бағасы көрсетілген:

		2022	2023	Өзгеріс
Орташа апталық спот бағасы (U_3O_8 бір фунты үшін)[23]	АҚШ долл.	49,61	60,53	22%
	теңге	22 863	27 616	21%
Топтың орташа сату бағасы (U_3O_8 бір фунты үшін)	АҚШ долл.	43,44	55,09	27%
	теңге	20 021	25 135	26%
Қазатомөнеркәсіптің орташа сату бағасы (U_3O_8 бір фунты үшін)	АҚШ долл.	42,50	52,10	23%
	теңге	19 587	23 768	21%

Компанияның келісімшарттық портфелінің баға белгілеуі уранның ағымдағы споттық бағаларымен өзара байланысты (Уранды сату бағалары бойынша сезімталдықты талдауды қараңыз). Осыған қарамастан, тұтынушыларға қысқа мерзімді жеткізілімдер кезінде трансферттік баға белгілеу туралы қазақстандық заңнамаға сәйкес келісімшарт бойынша баға белгілеу күні мен нақты жеткізу кезіндегі споттық нарықтық баға арасында белгілі бір мезгілдік кідіріс болады. Бағаның бекітілуі мен жеткізілім арасындағы осындай мерзімдік кідірістер кезеңіндегі нарықтың жоғары құбылмалылығы бағаның өсуі мен құлдырауы жағдайында құбылмалылық артқан сайын айқынырақ болады. Сонымен қатар, 2023 жылы кейбір ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша жеткізілімдерге бағаның белгіленген құрамдас бөліктері, соның ішінде салыстырмалы түрде төмен спот бағалары жағдайында қалыптасқан бағаның шекті шегі кірді. Нәтижесінде, 2022 жылмен салыстырғанда Компанияның және Топ бойынша есепті кезеңдегі орташа сату бағасының салыстырмалы өсуі осы уақыт аралығындағы уранның спот нарығындағы бағаның өсуінен асып түскеніне қарамастан, орташа сату бағасы абсолютті мәнде есепті кезеңдегі орташа апталық спот бағасынан төмен болды.

2023 жылы уран бағасына әсер еткен нақты нарықтық үрдістерге қатысты қосымша ақпаратты www.kazatomprom.kz. корпоративтік интернет-ресурсында қолжетімді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметінің 2023 жылғы 4 тоқсандағы Операциялық нәтижелері» есебінен табуға болады.

ТОП ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2023 жылы Топ келесі мәмілелерді аяқтады:

- 2021 жылдың 30 желтоқсанында Компания мен «Біріккен химиялық технологиялар» сауда үйі» ЖШС арасында «Каустик» АҚ-да 40% акцияны сатып алу-сату келісімшартына қол қойылды. Келісімшарттың талаптарына сәйкес акцияларды төлеу бөліп төлеу арқылы жүзеге асырылды. 2023 жылдың 28 наурызында «Біріккен химиялық технологиялар» сауда үйі» ЖШС келісімшарт бойынша толық төлем жасады. 2023 жылғы 11 сәуірде акцияларды қабылдау-беруді растау актісіне қол қойылды.
- 2024 жылдың қаңтарында меншік құрылымын жеңілдетуге және оңтайландыруға бағытталған қайта құрылымдау шеңберінде Қазатомөнеркәсіп «Taiqonyr Qyshqyl Zauyty» ЖШС («TQZ» ЖШС) жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 49%-ын «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-не сатты. Жаңа күкірт қышқылы зауытын салу жөнінде жобаны іске асыру үшін инвестициялар тарту мақсатында итальяндық Ballestra S.p.A. компаниясымен стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылды және Қазатомөнеркәсіптің Директорлар Кеңесі Қазақстандағы Ballestra жергілікті серіктесін осы жобаға тарту туралы шешім қабылдады. Ballestra жобаны жобалауды, жабдықты жеткізуді және техникалық қолдауды жүзеге асырады деп күтілуде. Ballestra технологиялары «СКЗ-U» ЖШС және «SSAP» ЖШС жұмыс істеп тұрған күкірт қышқылы зауыттарында сәтті қолданылады.

2022 жылы:

- 2021 жылдың 22 қарашасында Топ пен Genchi Global Limited арасында «Астана» Халықаралық қаржы орталығының базасында құрылған ANU Energy-ге қатысу туралы шекті келісім жасалды. ANU Energy-дің негізгі мақсаты физикалық уранды ұзақ мерзімді инвестиция ретінде сақтау болып табылады. Топ 2022 жылдың наурыз айында ANU Energy-ге 12 368 миллион теңге (24,25 млн АҚШ доллары) инвестициялады, бұл ANU Energy инвесторларының бірлескен инвестициясының 32,7% үлесін құрайды. Топтың ANU Energy Директорлар кеңесінде өз өкілдігі жоқ және ANU Energy-де шешім қабылдауға

[23] Дереккөз: TradeTech және UxC.

қатыспайды. Тиісінше, Топтың ANU Energy басқарушылық операциялық қызметіне айтарлықтай әсер етпейді, осыған байланысты Топ бұл инвестицияны пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша таниды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ ANU Energy-ді шоғырландырылған қаржылық есептемедегі басқа қаржы активтерінің құрамында «Басқа инвестициялар» ретінде жіктейді. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ANU Energy OEIC Ltd.-ге инвестицияның әділ құны 30 667 млн теңгеге бағаланды (2022 жыл: 17 066 млн теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың еншілес кәсіпорындарының, БК, СО, қауымдастырылған кәсіпорындарының және өзге де инвестицияларының жалпы саны 36 болды.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ӘСЕРІ

Топтың валюта бағамдарының ауытқуына ұшырауы шетел валютасында сатуды, сатып алуды және қарыздарды тартуды жүзеге асырумен байланысты. Топтың негізгі ақша ағындары АҚШ долларымен көрсетілген, себебі:

- уранның бағасы АҚШ долларымен көрсетілген, сондықтан Топтың шоғырландырылған сатудан түскен кірісінің көп бөлігі АҚШ долларымен өндіріледі (2023 жылы 92%; 2022 жылы 90%);
- Компания уран мен уран өнімдерін АҚШ долларында көрсетілген U_3O_8 спот нарығындағы басым бағалар негізінде айқындалған бағалар бойынша теңгемен көрсетілген келісімшарттарға сәйкес өзінің БК және қауымдастырылған кәсіпорындарынан сатып алады;
- Топтың қарыздарының едәуір үлесі негізгі кірістердің валютасы болып табылатын АҚШ долларымен (2023 жылы 96%; 2022 жылы 95%) көрсетілген. Қосымша ақпарат төменде Берешек бөлімінде берілген.

Топ шығындарының айтарлықтай бөлігі, оның ішінде операциялық, өндірістік және күрделі шығындар теңгемен көрсетілген. Осылайша, Топ кірістерінің басым бөлігі АҚШ долларымен, ал оның шығыстарының көп бөлігі теңгемен көрсетілгендіктен, Топ, әдетте, доллардың теңгеге қатысты нығаюынан пайда көреді, бұл кейіннен Топтың қаржылық нәтижелеріне оң әсер етеді. Алайда, Топтың АҚШ долларымен көрсетілген несиелік міндеттемелері болғандықтан, долларды нығайтудың оң әсерін ішінара немесе толығымен теңестіруге болады. Сонымен қатар, Компания өзінің бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарынан уран өнімін теңгемен көрсетілген, бірақ спот нарықтық бағамен байланыстырылған келісімшарттар бойынша сатып алады, ол өз кезегінде АҚШ долларымен көрсетіледі. Осылайша, АҚШ долларының едәуір нығаюы осындай келісімшарттар бағасының теңгемен тиісінше ұлғаюына әкеп соғады.

Топ валюталық мәндегі төлемдердің өзінің валюталық мәндегі ақша ағындарының көрсеткіштерімен арақатынасын бақылау арқылы валюта бағамдарының ауытқу тәуекелдерін мүмкіндігінше теңестіруге тырысады. Осы арақатынастың арқасында Топ туынды қаржы құралдарын қолданбай табиғи хеджерлеуге қол жеткізеді.

2023 жылы теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы 431,08-ден 482,77 теңгеге дейінгі (2022 жылы 414,67-ден 512,19 теңгеге дейінгі) диапазонда болды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚҰБ) АҚШ долларына теңгенің бағамы 454,56 теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сома 465,65 теңгені құрады). Валюта бағамдарының ауытқуының әсері 2023 жылдың қорытындысы бойынша Топтың қаржылық нәтижелеріне теріс әсер етті. Топтың 2023 жылғы бағамдық айырма бойынша таза шығыны 21 330 млн теңгені құрады (2022 жылы бағамдық айырма бойынша пайда 17 304 млн теңгені құрады).

Төмендегі кестеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚҰБ) деректеріне сәйкес теңге/АҚШ долларының 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кезеңдегі және жыл соңындағы орташа айырбас бағамдары келтірілген:

		2022	2023	Өзгеріс
Кезеңдегі орташа айырбас бағамы[24]	теңге/АҚШ долл.	460,85	456,24	(1%)
Кезең соңындағы айырбас бағамы	теңге/АҚШ долл.	462,65	454,56	(2%)

[24] Орташа бағамдар әр күнтізбелік күн үшін күнделікті айырбас бағамдарының орташа мәні ретінде есептеледі.

САЛЫҚ САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУГЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ («ПҚӨС»)

2023 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстандағы ПҚӨС өндірудің өндірістік өзіндік құнына байланысты салық салынатын шығындарға 29% мөлшерінде есептік салық есептеу жолымен айқындалды (формула негізінде – төмендегі кесте мен ескертпені қараңыз). Салық салынатын шығыстар пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты барлық тікелей шығындарды, соның ішінде кезеңдегі тау-кен дайындық жұмыстарын өтеуді және тікелей өндіру қызметіне байланысты кез келген басқа амортизациялық аударымдарды қамтыды, бірақ қайта өңдеу шығындары мен жалпы және әкімшілік шығындарды алып тасталды. ПҚӨС жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт бойынша жеке есептеледі. Осылайша, нәтижесінде алынған ПҚӨС сомасы өндірілетін өнімнің өзіндік құнына тікелей байланысты болды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2022 жылғы қаңтарда елдің Салық кодексіне өзгерістер енгізу ниеті туралы жариялады. 2022 жылдың 11 шілдесінде ҚР Салық кодексіне («Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексін қолданысқа енгізу туралы» №135-VII ҚРЗ заңдары) уранға ПҚӨС мөлшерлемесінің көлемі мен есептеу үшін базаны өзгертетін толықтырулар мен өзгерістер қабылданды. Салық кодексіне өзгерістер 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Енгізілген өзгерістерге сәйкес уранға ПҚӨС бойынша салық базасы өндірілген уран мөлшеріне және 6%-дық ПҚӨС мөлшерлемесіне көбейтілген, белгілі бір есепті кезең үшін жария көздерден алынған уранның орташа өлшенген бағасы ретінде айқындалады.

Келесі кестеде Топтың көрсетілген жылдардағы салықтары көрсетілген:

(миллион теңгемен)	2022	2023	Өзгеріс
Корпоративтік табыс салығы[25]	118 853	157 610	33%
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық[26]	29 616	52 283	77%
Басқа салықтар және бюджетке төленетін өзге де төлемдер[27]	111 051	150 830	36%
Жалпы есептелген салық	**259 520**	**360 723**	**39%**

Есептелген салықтардың жалпы сомасы 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылдың қорытындысы бойынша орта есеппен 39%-ға ұлғайды, оған себеп болған:

- корпоративтік табыс салығының 33%-ға ұлғаюы, бұл спот бағасының өсуіне және U_3O_8 сату көлемінің өсуімен байланысты орташа сату бағасының өсуі нәтижесінде салық салуға дейінгі пайданың ұлғаюымен байланысты (Шоғырландырылған түсім және басқа да қаржылық көрсеткіштер мен Салық салуға дейінгі пайда және табыс салығы бойынша шығыстарды қараңыз);
- ПҚӨС 77%-ға артуы, бұл 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап салықты есептеу үшін салық базасы болып табылатын U_3O_8 бойынша спот бағасының өсуімен байланысты;
- бюджетке төленетін басқа да салықтар мен өзге де төлемдер сомасының 36%-ға ұлғаюы, бұл негізінен Қазақстан Республикасының аумағында топішілік сату құнының ұлғаюы нәтижесінде есептелген қосылған құн салығы сомасының ұлғаюына байланысты.

[25] Қолданыстағы мөлшерлеме: 20%; есептеу: табыс салығы мөлшерлемесіне көбейтілген салық салынатын табыс (салық есептілігі негізінде).

[26] Қолданыстағы мөлшерлеме мен 2023 жылдан бастап ары қарай есептеу: 6% × (айдың соңындағы орташа спот бағасы) × өндірілген уран көлемі. Бұрын қолданылған мөлшерлеме: 18,5% өнімді ерітіндідегі уранның құны үшін; есептеу: салықты есептеу өндіру құнына жүзеге асырылады және кейбір шығындар бойынша пайданың болжамды 20% маржасына және 18,5% ПҚӨС мөлшерлемесіне негізделген. 29% мөлшерінде салықты есептеу мынадай формула бойынша айқындалады: (1 + 20%) × 18,5% ÷ (1 − (1 + 20%) × 18,5%).

[27] Мүлік салығы, жер салығы, көлік салығы, Әлеуметтік салық, бюджетке төленетін басқа да төлемдер, ҚҚС және ЖТС кіреді (ЖТС бойынша Компания салық агенті болып табылады.

КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫНЫҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ

ЖҰШ әдісімен уран өндіру үшін күкірт қышқылының айтарлықтай көлемі қажет. Күкірт қышқылының болмауы Топтың өндіріс кестесін бұзуы мүмкін, ал күкірт қышқылының бағасының өсуі Топтың пайдасына теріс әсер етуі мүмкін.

Қазақстан нарығында шикізаттың қымбаттауына және уақытша тапшылығына байланысты күкірт қышқылы үшін Топ төлейтін бір тоннаның орташа өлшенген бағасы (2022 жылы тоннасына 30 263 теңгеден) 2023 жылы тоннасына 33,6%-ға 40 455 теңгеге дейін өсті. 2023 жылы күкірт қышқылына жұмсалатын шығындар Топтың уран өндіруші кәсіпорындарының өндірістік өзіндік құнының шамамен 10%-ын (2022 жылы 12%-ды) құрады.

Орта мерзімді перспективада түсті металдарды өндіру және өңдеу саласындағы отандық кәсіпорындардың және балқыту зауыттарының қуаттылығын арттыру есебінен жергілікті нарықта қалыптасқан күкірт қышқылы тапшылығы азаяды деп күтілуде. Сондай-ақ, Компания «Taiqonyr Qyshqyl Zauyty» ЖШС жаңа зауытын салу арқылы өзінің күкірт қышқылы өндірісінің қолданыстағы қуатын арттыруды жоспарлап отыр (Топ құрылымындағы өзгерістерді қараңыз). Бұрын хабарланғандай, күкірт қышқылын жеткізумен байланысты тәуекелдерді азайту мақсатында күкірт қышқылын өндіретін зауыттың құрылысы өз өндірісін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар шеңберінде жүзеге асырылады. Зауыттың номиналды қуаты жылына 800 000 тонна күкірт қышқылын құрайды деп күтілуде. Шамамен 680 000 тоннаны құрайтын «СКЗ-U» ЖШС және «SSAP» ЖШС-нің қолданыстағы жеткізу көлемдерімен бірге Қазатомөнеркәсіптің еншілес және тәуелді ұйымдары жеткізетін күкірт қышқылының жалпы жылдық көлемі шамамен 1,5 миллион тоннаны құрайды деп күтілуде.

ИНФЛЯЦИЯҒА БАЙЛАНЫСТЫ АСА МАҢЫЗДЫ ӨНДІРІСТІК МАТЕРИАЛДАР МЕН ЖАБДЫҚТАРДЫҢ БАР БОЛУЫ ЖӘНЕ БАҒАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

ЖҰШ әдісімен уран өндіру белгілі бір маңызды өндірістік материалдар мен компоненттердің импортын талап етеді. Бұл позицияларды Топ Қазақстанға не тікелей импорттайды, не Топ осы материалдарды сатып алатын жергілікті жеткізушілер импорттайды.

Кейбір жағдайларда жеткізу мен қолжетімділікке байланысты шектеулер қажетті өндірістік материалдарды сатып алу шығындарының өсуіне әкелді, соның ішінде шикізат тауарлар бағасының өзгеруі нәтижесіндегі инфляциялық қысымдар өндіріс шығындарын ұлғайтты, сонымен қатар кірістілікке теріс әсер етті. (Уран сегментінің өндіру және сату көрсеткіштерін қараңыз).

ҚОРЛАРДЫ БАҒАЛАУДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ӘСЕРІ

Топ қорлар мен ресурстарды, соның ішінде білікті үшінші тараптың есептеулерін бағалауды JORC кодексіне сәйкес жыл сайын бағалайды. Нәтижесінде қорлар мен ресурстар жыл сайын қолданыстағы стандарттарға сәйкес қайта жіктелуі мүмкін. Мұндай қайта жіктеу Топтың қаржылық есептілігіне ықпал етуі мүмкін. Мысалы, егер қайта жіктеу Топтың кеңішті пайдалану мерзімінің өзгеруіне әкеліп соқтырса, бұл амортизациялық шығындарға, құнсыздану шығындарына, сондай-ақ әдетте жұмыс мерзімі аяқталғаннан кейін кеңіштің өтелуіне жұмсалған шығындарға ықпал етуі мүмкін.

ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАРМЕН, БК, СО ЖӘНЕ ҚАУЫМДАСҚАН КӘСІПОРЫНДАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Компания U_3O_8-ді өзінің еншілес кәсіпорындарынан, БО, БК және қауымдастырылған кәсіпорындардан қолданылатын нарықтық дисконттарды ескере отырып, негізінен спот бағасымен сатып алады, олардың мөлшері әр түрлі болуы мүмкін. U_3O_8 негізгі сатып алынатын көлемі Компанияның тиісті сатушы кәсіпорындардағы қатысу үлесіне сәйкес келеді.

Топтың уран сегментінен түскен кірісі екі ағыннан тұрады:

- БК және қауымдасқан кәсіпорындардан, сондай-ақ үшінші тараптардан сатып алынған U_3O_8-ді сату; және
- Компания және оның шоғырландырылған еншілес компаниялары және БК шығарған өзінің U_3O_8-ін сату.

Сатып алынған ураны сату құны БК және қауымдастырылған кәсіпорындардан сатып алу бағасына тең, ол, әдетте, тиісті жеңілдіктермен басым спот бағасы болып табылады. Тиісінше, БК және қауымдастырылған кәсіпорындар нәтижелерінің үлесі Топ пайдасының едәуір бөлігін құрайды және оны Топтың қаржылық нәтижелерін бағалау кезінде ескеру қажет. 2023 жылы U_3O_8 спот бағасының 3,63% мөлшерінде орташа өлшенген дисконтты ескере отырып сатып алынды (2022 жылы 3,73%).

Компания, шоғырландырылған еншілес кәсіпорындар және БО өндірген жеке ураны сату кезінде сату құны негізінен өндіріс құнымен көрсетіледі. Мұндай сатылым үшін уран өнімінің толық маржасы экспортқа ураны сатуды ескере отырып, Топтың шоғырландырылған нәтижелерінде көрсетіледі.

Келесі кестеде көрсетілген кезеңдерде Компания сатып алған көлемдер келтірілген:

(тонна)	2022	2023	Өзгеріс
БК және қауымдастырылған кәсіпорындардан сатып алынған U_3O_8	2 805	2 703	(4%)
СО және еншілес кәсіпорындардан сатып алынған U_3O_8	9 533	9 898	4%
Барлығы	**12 338**	**12 601**	**2%**

2023 жылы БК, БО, қауымдастырылған және еншілес кәсіпорындардан сатып алынған U_3O_8 жалпы көлемі 2022 жылмен салыстырылады және 12 601 тоннаны құрады (2022 жылы 12 338 тонна).

Жоғарыда аталған көлемдерден басқа, Компания (оның ТҰК сауда-саттық еншілес компаниясын қоса алғанда) көлемдерді үшінші тараптардан әртүрлі бағамен сатып алады.

Қызметтің негізгі көрсеткіштерін талдау

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Бұл бөлімде талдау 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған 12 айдағы деректер мен 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған 12 айдағы деректерді салыстырғандағы ақпаратқа негізделген. Төменде келтірілген кестеде 2023 және 2022 жылдардағы Топтың шоғырландырылған нәтижелеріне қатысты қаржылық ақпарат көрсетілген:

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ТҮСІМ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Топтың шоғырландырылған түсімі 2023 жылдың қорытындысы бойынша 1 434 635 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 43%-ға ұлғайды (2022 жылы 1 001 171 млн теңгені құрады).

(миллион теңгемен)	2022	2023	Өзгеріс
Түсім	1 001 171	1 434 635	43%
Сатудың өзіндік құны	(475 097)	(671 862)	41%
Жалпы пайда	526 074	762 773	45%
Сату бойынша шығындар	(25 605)	(28 851)	13%
Жалпы және әкімшілік шығындар	(44 507)	(53 110)	19%
Операциялық пайда	455 962	680 812	49%
Өзге де кіріс/(шығын) оның ішінде мынадай бір жолғы әсерлер:	38 667	(50 855)	<(200%)
Қауымдастырылған кәсіпорынды дамыту туралы келісім бойынша кіріс[28]	7 671	-	(100%)
Қауымдастырылған кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес	75 736	76 049	(0%)
Бірлескен кәсіпорындардың (БК) нәтижелеріндегі үлесі	13 340	22 336	67%
Салық салынғанға дейінгі кіріс	583 705	728 342	25%
Табыс салығы бойынша шығындар	(110 742)	(148 007)	34%
Мыналарға жататын таза пайда:	472 963	580 335	23%
Компанияның меншік иелері	348 048	419 184	20%
бақыланбайтын үлес	124 915	161 151	29%
Меншік иелеріне жатқызылатын акцияға таза пайда (базалық және ажыратылған) теңге/акция[29]	1 342	1 616	20%
Түзетілген таза пайда (бір жолғы ықпалдарсыз)	465 292	580 335	25%
Түзетілген EBITDA көрсеткіші[30]	630 898	828 623	31%
EBITDA көрсеткіші[31] (қатысу үлесіне тепе-тең)	495 357	639 407	29%

[28] 2022 жылдың 11 тамызында «КАТКО» БК» ЖШС қатысушылары 10.04.2017 жылғы Кәсіпорынды одан әрі дамыту туралы келісімге өзгерістер енгізді, оның шеңберінде Топ «КАТКО» БК» ЖШС-ның екінші қатысушысынан 7 671 млн теңге көлемінде өтемақы алу құқығын алды, бұл 2022 жылы өзге кіріс және өзге де дебиторлық берешек деп танылды.

[29] Келесідей есептеледі: Компанияның меншік иелеріне жатқызылатын, Шығарылған акциялар бөлімдегі Шығарылған акциялар жалпы санына бөлінген, ең жақын бүтін теңгеге дейін дөңгелектелген бір жылдағы пайда.

[30] Түзетілген EBITDA көрсеткіші EBITDA-дан негізгі қызметке қатысы жоқ және бір жолғы ықпалы бар барлық мақалаларды алып тастау арқылы есептеледі. Есептелуі: салыққа дейінгі пайда – қаржылық кірістер + қаржылық шығындар +/- таза (пайда)/ бағамдық айырма бойынша шығын + тозу және амортизация + құнсыздану - құнсыздануды қалпына келтіру +/- бір жолғы және бір реттік оқиғалар.

[31] Бұрын «түзетілген EBITDA (қатысу үлесіне пропорционалды) көрсеткіші» ретінде анықталды және келесідей есептеледі: EBITDA түзетілген көрсеткіші БК және қауымдастырылған кәсіпорындардың таза пайдасындағы үлесті шегергенде және уран сегментінде жұмыс істейтін бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың (2023 жылы «Будёновское» БК ЖШС EBITDA түзетілген көрсеткішінің 3 048 млн теңге сомасындағы үлесін қамтиды, бұл ретте 2022 жылы елеусіз әсерге байланысты есепке енгізілмеген) EBITDA түзетілген көрсеткішінің үлесінің қосындысы, «Аппақ» ЖШС, «Инкай» БК» ЖШС, «Байкен-U» ЖШС, «Орталық» ӨК» ЖШС және «Хорасан-U (Хорасан-У)» БК» ЖШС-ның түзетілген EBITDA көрсеткіштегі бақыланбайтын үлесті шегергенде және Топтың іске асырылмаған пайдасындағы кез келген өзгерістерді шегергенде.

Бұл өсу негізінен мыналарға байланысты:

- U_3O_8 спот бағасының өсуіне байланысты сатудың орташа бағасының өсуімен;
- клиенттердің қосымша сұраныстарына, сондай-ақ жаңа ұзақ мерзімді келісімшарттарға байланысты U_3O_8 сату көлемінің ұлғаюымен (Уран сегментін өндіру және сату көрсеткіштерін қараңыз);
- «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-нің 2023 жыл ішінде ЖБҚ жеткізу көлемінің ұлғаюына және ҮМЗ сирек металдарынан өнімді сатудан түсетін кірістердің ұлғаюына (ҮМЗ сегментін қараңыз) сәйкес уран өнімін сатудан түсетін кірістердің (таблеткалар мен толлинг қызметтерін қоса алғанда) өсуімен.

Төмендегі кестеде 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылғы негізгі қызмет бағыттары бойынша түсімдер көрсетілген:

				Үлесі	
(миллион теңгемен)	**2022**	**2023**	**Өзгеріс**	**2022**	**2023**
Уран[32] (тек U_3O_8)	851 427	1 180 722	39%	85%	82%
Уран өнімдері[33]	57 806	151 798	>100%	6%	11%
Бериллий өнімдері	31 986	31 857	(0%)	3%	2%
Тантал өнімдері	23 171	27 061	17%	2%	2%
Басқалар	36 781	43 197	17%	4%	3%
Түсім жиыны	**1 001 171**	**1 434 635**	**43%**	**100%**	**100%**

2023 жылдың қорытындысы бойынша операциялық пайда 2022 жылмен салыстырғанда 49%-ға өсті (2022 жылы 455 962 млн теңге), негізінен жоғарыда көрсетілгендей 2023 жылғы түсімнің ұлғаюы есебінен 680 812 млн теңгені құрады.

2023 жылы өзге шығын 50 855 млн теңгені құрады (2022 жылы өзге кіріс 38 667 млн теңгені құраған). Бұл негізінен Топ пен ANU Energy OEIC Ltd арасындағы 37 977 млн теңге сомасына тауарлық қарыздың қысқа мерзімді келісімшарты бойынша қайта бағалаудан түскен шығыстарға байланысты, оны қайтару мерзімі 2024 жылғы наурызға дейін ұзартылды. Сондай-ақ, Аргентина Үкіметінің импорттық операцияларға қатысты жаңа талаптарды енгізуіне байланысты Dioxitek S.A. (Аргентина) тарапынан төлемнің кешігуіне байланысты 15 692 млн теңге сомасына кешіктірілген төлемнің 100% мөлшерінде резерв есептелді. Топ Dioxitek S.A. тарапынан төлемдерді алуда қиындық күтеді, бұл ретте берешекті өтеу тәртібі тараптар арасында талқыланады.

2023 жылғы таза пайда 580 335 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 23%-ға ұлғайды (2022 жылы 472 963 млн теңгені құрады). Ұлғаю, негізінен, жоғарыда айтылғандай, 2023 жылы операциялық кірістің өсуіне байланысты.

Бақыланбайтын үлеске жатқызылатын кезеңдегі пайда 2023 жылы айтарлықтай өсті және U_3O_8 бойынша спот бағасының өсуіне байланысты орташа сату бағасының өсуі нәтижесінде бақыланбайтын қатысу үлесі бар өндіруші кәсіпорындардың таза кірісінің ұлғаюы есебінен және осы кәсіпорындардың екінші қатысушылардың атына өткізу көлемінің ұлғаюы нәтижесінде 161 151 млн теңгені құрады.

EBITDA түзетілген көрсеткіші 2023 жылы 828 623 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 31%-ға ұлғайған (2022 жылы 630 898 млн теңгені құрады), бұл ретте EBITDA көрсеткіші 2023 жылдың қорытындысы бойынша қатысу үлесіне пропорционалды түрде 639 407 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 29%-ға ұлғайды (2022 жылы 495 357 млн теңгені құрады). Өзгерістер негізінен шоғырландырылған деңгейдегі операциялық кірістің жоғарылауынан, сондай-ақ БК мен қауымдастырылған компаниялардағы EBITDA көрсеткішінің жоғарылауынан туындады, бұл көбінесе U_3O_8 спот бағасының өсуіне байланысты сатудың орташа бағасының өсуімен шартталады.

[32] Тек U_3O_8 сатудан түскен түсімді қамтиды (Топ бойынша).

[33] БУӨ, UF_6, UO_2 ұнтағын және «ҮМЗ» АҚ отын таблеткаларын өндіруді және сатуды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейді.

Уран сегменті

УРАН СЕГМЕНТІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)		2022	2023	Өзгеріс
Кезеңдегі орташа айырбас бағамы	теңге/АҚШ долл.	460,85	456,24	(1%)
Уран сегментінен түскен түсім[34]		920 093	1 211 524	32%
оның ішінде U_3O_8 сатудан түскен түсім (Топ бойынша)[35]		851 427	1 180 722	39%
Жалпы түсімдегі U_3O_8 түсімінің үлесі	%	85%	82%	(3%)

U_3O_8 сатудан түскен шоғырландырылған түсім 2022 жылмен салыстырғанда 39%-ға ұлғайып, 2023 жылы 1 180 722 млн теңгені құрады (2022 жылы 851 427 млн теңгені құраған):

- U_3O_8 спот бағасына байланысты сатудың орташа бағасының өсуі;
- клиенттердің қосымша сұраныстары, сондай-ақ жаңа ұзақ мерзімді келісімшарттар есебінен U_3O_8 сату көлемінің артуы (Уран сегментін өндіру және сату көрсеткіштерін қараңыз).

УРАН СЕГМЕНТІН ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ КӨРСЕТКІШТЕРІА

		2022	2023	Өзгеріс
U_3O_8 өндіріс көлемі (100% негізде)	тонна	21 227	21 112	(1%)
U_3O_8 өндіріс көлемі (қатысу үлесіне пропорционалды)[36]	тонна	11 373	11 169	(2%)
U_3O_8 сату көлемі (шоғырландырылған)	тонна	16 358	18 069	10%
Компанияның сату көлемін қоса алғанда[37,38]	тонна	13 572	14 915	10%
Топтың дайын өнімінің қалдықтары (U_3O_8)	тонна	9 352	7 242	(23%)
Компанияның дайын өнімінің қалдықтарын қоса алғанда (U_3O_8)[39]	тонна	7 749	6 108	(21%)
Топтың орташа сату бағасы	теңге/кг	52 051	65 344	26%
Топтың орташа сату бағасы	АҚШ долл/фунт	43,44	55,09	27%
Компанияның орташа сату бағасы[40]	АҚШ долл/фунт	42,50	52,10	23%
Орташа апталық спот бағасы	АҚШ долл/фунт	49,61	60,53	22%
Айдың соңындағы орташа спот бағасы[41]	АҚШ долл/фунт	49,81	62,51	25%

[34] Қаржылық есептіліктің «Сегменттік ақпарат» ескертпесінен уран сегменті бойынша сыртқы түсімдер мен басқа сегменттерден түсетін түсімдердің сомасы ретінде есептелген.

[35] Тек U_3O_8 сатудан түскен түсімді қамтиды (Топ бойынша).

[36] U_3O_8 өндіріс көлемі (қатысу үлесіне пропорционалды) Еншілес компаниялармен, БК, БО және қауымдасқан кәсіпорындармен мәмілелер бөлімінде Компанияның корпоративтік орталығының (КО) сатып алған уранының көлеміне тең емес.

[37] Компанияның КО сату көлемі (Топта ескерілетін): Компанияның КО және ТНК сыртқы сатып алушыларына сатудың жалпы көлемін қамтиды. Компанияның КО мен ТНК арасындағы топ ішіндегі мәмілелер есепке алынбайды. Бұл ретте Топтың U_3O_8 өндіру көлемінің бір бөлігі БҮӨ, отын таблеткаларын, сондай-ақ Үлбі-ЖБҚ-дағы жылу бөлгіш құрамалар (ЖБҚ) өндіруге жұмсалады.

[38] Топ бойынша сату көлемі және Компанияның сату көлемі (Топ бойынша сату көлеміне енгізілген) 2023 жылы «Үлбі-ЖҚБ» ЖШС жобасына БҮӨ жеткізу үшін пайдаланылған табиғи уранның 1 300 тоннаға жуық баламасын қамтымайды.

[39] Компанияның КО дайын өнімі қалдықтарының көлемі (Топта ескерілетін): Компанияның КО және ТНК қалдықтарының жалпы көлемін қамтиды.

[40] ҚАӨ мәмілелері бойынша сатудың орташа бағасы: ҚАӨ және ТНК соңғы сыртқы сатылымдары үшін бір фунт уран концентратының орташа өлшенген бағасы. ҚАӨ және ТНК арасындағы топ ішіндегі мәмілелер бойынша бағалар қосылмаған.

[41] Дереккөз: UxC, TradeTech. Бағалар әр аптадағы спот бағасының орташа бағасын емес, айдың соңындағы уранның спот бағасының баға белгілеулерінің орташа мәнін білдіреді, өйткені келісімшарт бағасының шарттары әдетте айдың соңындағы бағамен байланысты болады.

Уран сегментіндегі өндірістік қызмет пен сатудың барлық жылдық нәтижелері Компанияның 2023 жылға арналған жаңартылған күтулеріне сәйкес келді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша негізінен 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылға арналған өндірістік жоспардың шамалы төмендеуі есебінен өндіріс көлемі 100% негізде және меншік үлесіне пропорционалды түрде 2022 жылдың ұқсас көрсеткіштерінен төмен болды.

Клиенттердің қолданыстағы келісімшарттар шеңберінде жылдық жеткізілім көлемін ұлғайтуға қосымша сұраныстарына, сондай-ақ 2023 жылдан бастап жеткізілімдермен жаңа ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасуына байланысты Топтың да, ҚАӨ-нің де сату көлемі 2022 жылмен салыстырғанда жоғары болды.

Әр кезеңнің сату көлемі клиенттердің сұраныстарына және физикалық жеткізу мерзімдеріне байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайда Топ бойынша U_3O_8 дайын өнімінің шоғырландырылған қорлары (қалдықтары) 7 242 тоннаны құрады, бұл 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайдан 23%-ға төмен. Компанияның КО деңгейінде U_3O_8 дайын өнімінің қорлары (қалдықтары) 6 108 тоннаны құрады, бұл 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайдан 21%-ға төмен. Жалпы, қорлардың азаюы сатылымның артуына байланысты.

2023 жылы Топтың орташа сату бағасы теңгемен 65 344 теңге/кг (55,09 АҚШ долл./фунт) құрады, бұл уран өнімдерінің орташа спот бағасының өсуіне байланысты 2022 жылмен салыстырғанда 26%-ға жоғары. Компания деңгейінде сатудың орташа бағасы да осындай себептерге байланысты жоғары болды.

Компанияның келісімшарттық портфелінің ағымдағы баға белгілеуі уранның спот бағасымен өзара байланысты (Уранды сату бағалары бойынша сезімталдықты талдауды қараңыз). 2023 жылы сатудың орташа бағасының өсуі уранның споттық нарықтық бағасының өсуімен салыстырмалы деңгейде болды. Қысқа мерзімді жеткізілімдер бойынша түпкілікті тұтынушыларға трансферттік баға белгілеу туралы қазақстандық заңнамаға сәйкес келісімшарт бойынша баға белгілеу күні мен нақты жеткізілім сәтіндегі споттық нарықтық баға арасында белгілі бір мезгілдік кідіріс бар. Бағаның бекітілуі мен жеткізілім арасындағы осындай мезгілдік кідірістер кезеңіндегі нарықтың жоғары құбылмалылығының әсері бағаның өсуі мен құлдырауы жағдайында құбылмалылықтың өсуіне байланысты айқынырақ болады. Сонымен қатар, кейбір ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша баға белгілеу тетіктері төмен баға шарттарында белгіленген бағаның бекітілген негізгі құрамдас бөліктерін қамтиды.

УРАН СЕГМЕНТІНІҢ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ

Төмендегі кестеде көрсетілген ақпарат әрбір кәсіпорын бойынша уран өндірісінің жалпы көлемін (100% негізде) көрсетеді. 2023-2022 жылдардағы кейбір негізгі материалдар мен жабдықтардың кешігуінің және/немесе шектеулі қолжетімділігінің әсері (Инфляцияға байланысты аса маңызды өндірістік материалдар мен жабдықтардың бар болуы мен бағасының өзгеруін қараңыз) ЖҰШ әдісімен өндіру процесінің ерекшеліктеріне, тау-кен дайындау жұмыстарының жоспарларындағы айырмашылықтарға және әрбір кәсіпорындарда өңдеу сатыларына байланысты барлық кәсіпорындарда бірдей болған жоқ.

Өндіріс көлемі (U_3O_8 түріндегі тонна)	Үлесі	2022	2023	Өзгеріс
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	100%	1 273	1 070	(16%)
«РУ-6» ЖШС	100%	830	833	0%
«АППАҚ» ЖШС	65%	803	832	4%
«Инкай» БК» ЖШС[42]	60%	3 201	3 230	1%
«Байкен-U» ЖШС	52,5%	1 315	1 066	(19%)
«ОРТАЛЫҚ» ЕК ЖШС	51%	1 650	1 648	(0%)
«Семізбай-U» ЖШС	51%	940	963	2%
«Будёновское» БК» ЖШС	51%	0	180	>100%
«Қаратау» ЖШС	50%	2 560	2 611	2%
«Ақбастау» БК» АҚ	50%	1 545	1 647	7%
«Хорасан-U» (Хорасан-У) БК» ЖШС	50%	1 580	1 681	6%
«ЗАРЕЧНОЕ» БК» АҚ	49,98%	741	757	2%
«КАТКО» БК» ЖШС	49%	2 564	2 103	(18%)
«Оңтүстік тау-химия компаниясы» БК» ЖШС	30%	2 225	2 488	12%
Барлығы		**21 227**	**21 112**	**(1%)**

[42] «Инкай» БК» ЖШС үшін жылдық өндіріс көлемі (меншік үлесіне пропорционалды) Сату туралы Келісімге сәйкес айқындалады. Жылдық өндіріс көлемі (Компанияның меншік үлесіне пропорционалды) 2023 жылы U_3O_8 түрінде 1 615 тонна уранды құрады (2022: 1 600 тонна U_3O_8).

ҮМЗ сегменті

ҮМЗ УРАН ӨНІМІН САТУ

UO_2 ұнтағы және отын таблеткалары[43]		2022	2023	Өзгеріс
Отын таблеткалары	Сату көлемі, тонна	198,2	196,5	(1%)
Керамикалық ұнтақтар	Сату көлемі, тонна	88,9	87,8	(1%)
Скраптардан алынған қос тотығы	Сату көлемі, тонна	22,8	7,6	(67%)

2023 жылы отын таблеткаларын сату көлемі 196,5 тоннаны, ал керамикалық ұнтақтарды 87,8 тоннаға дейін құрады, бұл 2022 жылғы сату көрсеткіштерінің деңгейіне сәйкес келеді және тапсырыс берушілер тарапынан сұранысқа сәйкес келісімшарт бойынша өткізу көлеміне байланысты болады. 2023 жылы скраптардан алынған қос тотықты сату көлемінің 67%-ға 7,6 тоннаға дейін төмендеуі тапсырыс берушіден қайта өңдеуге шикізатты жеткізу көлеміне сәйкес болды.

ҮМЗ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН МЕТАЛЛ ӨНІМДЕРІН САТУ

Сирек металдар[44]		2022	2023	Өзгеріс
Бериллий өнімдері	Сату көлемі, тонна	1 332,46	898,19	(33%)
	теңге/кг	24 005	35 468	48%
Тантал өнімдері	Сату көлемі, тонна	165,52	146,27	(12%)
	теңге/кг	139 990	185 011	32%
Ниобий өнімдері	Сату көлемі, тонна	13,45	1,29	(90%)
	теңге/кг	24 572	91 121	>200%

Бериллий өнімдерін сату көлемі, оның ішінде толлингтік өнімдер көлемі 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 33%-ға төмендеді, ал 2023 жылы бериллий өнімдерін сату бағасының 48%-ға өсуі қосылған құны анағұрлым жоғары тауарларға өнім ассортиментін өзгертуге байланысты болды.

2023 жылы тантал өнімдерін сату көлемі, оның ішінде толлингтік өнім көлемі сұраныстың төмендеуіне байланысты 2022 жылмен салыстырғанда 12%-ға төмендеді. Тантал өнімдерін сату бағасы 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 32%-ға жоғары болды, бұл сатылған өнім құрылымының неғұрлым жоғары технологиялық және қымбат өнімдердің (өз шикізатынан алынған прокат пен ұнтақтар) үлесін ұлғайту жағына қарай өзгеруіне байланысты.

2023 жылы ниобий сатылымы, оның ішінде толлинг қызметтері сұраныстың төмендеуіне байланысты 2022 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеді, сонымен бірге 2023 жылы ниобий өнімдерін сату бағасы 2022 жылмен салыстырғанда сатылған өнім номенклатурасының өзгеруіне байланысты өсті.

SASB EM-MM210b.2.

2022 жылдың сәуір айында Қаражал кен орнында флюорит өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты «ҮМЗ» АҚ флюорит өндіру бойынша жұмыстарды тоқтатты. 2024 жылдың ақпан айынан бастап жаңа өндіру келісімшартын алғаннан бері флюорит өндіру жұмыстары қайта басталды. Бұл ретте осы кезеңде балқытылған шпат концентратын шығару тоқтаған жоқ – бұрын өндірілген минералды шикізатты қайта өңдеу жүргізілді.

[43,44] Толлинг қызметтері бойынша сатылған өнімдер мен материалдарды өткізу көлемін қамтиды.

Сатудың өзіндік құны

Төмендегі кестеде құрамдас бөліктер бойынша Топтың 2023 және 2022 жылдардағы өзіндік құны көрсетілген:

				Үлесі	
(миллион теңгемен)	**2022**	**2023**	**Өзгеріс**	**2022**	**2023**
Шикізат және материалдар	261 825	364 841	39%	55%	54%
Тозу және амортизация	79 037	92 824	17%	18%	14%
Қайта өңдеу және басқа да қызметтер	31 361	71 126	>100%	7%	11%
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	49 348	61 886	25%	10%	9%
Табыс салығынан басқа салықтар	32 216	55 868	73%	7%	8%
Басқалары	21 310	25 317	19%	4%	4%
Сатудың өзіндік құнының жиынтығы	**475 097**	**671 862**	**41%**	**100%**	**100%**

Сату құны 2023 жылы 671 862 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 41%-ға ұлғайды (2022 жылы 475 097 млн теңге), бұл негізінен шоғырландырылған еншілес кәсіпорындар мен бірлескен операциялар өндірген уран өзіндік құнының ұлғаюымен, сатып алынған уран құнының өсуімен (төмендегі сипаттаманы қараңыз), сондай-ақ 2023 жылы U_3O_8 сату көлемінің ұлғаюымен байланысты.

2023 жылы шикізат пен материалдардың құны 364 841 млн теңгені құрады, 2022 жылмен салыстырғанда 39%-ға көбейді (2022 жылы 261 825 млн теңге), бұл бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардан, сондай-ақ үшінші тараптардан сатып алынған уран құнының өсуіне байланысты (мұндай уранды сату кезінде, сатудың өзіндік құны негізінен шикізат пен материалдарды басым споттық бағамен және тиісті қолданылатын дисконттармен сатып алу құнымен көрсетіледі). Шикізат пен материалдардың сатып алу бағасының өсуіне инфляциялық қысым мен спот бағасының өсуі нәтижесінде U_3O_8-ді қоса алғанда, шикізат пен материалдарды сатып алу бағасының өсуі де әсер етті.

2023 жылы тозу мен амортизация 92 824 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 17%-ға ұлғайды (2022 жылы 79 037 млн теңгені құрады), бұл негізінен шоғырландырылатын еншілес кәсіпорындар мен БО өндірген уранды сату көлемінің өсуіне, сондай-ақ ТДЖ өтеуге жұмсалатын шығыстардың көбеюіне байланысты (Капиталды өтеу шолуын қараңыз).

2023 жылы қайта өңдеуге және өзге де өндірістік қызметтерге жұмсалған шығындар 71 126 млн теңгені құрады, 2022 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсті (2022 жылы 31 361 млн теңгені құрады), бұл негізінен «Үлбі-ЖҚБ» ЖШС өндірісі үшін U_3O_8 қайта өңдеу көлемінің өсуі есебінен болды.

2023 жылы персоналдың еңбекақысы 61 886 млн теңге болып, 2022 жылмен салыстырғанда 25%-ға өсті (2022 жылы 49 348 млн теңгені құраған), бұл негізінен шоғырландырылатын еншілес кәсіпорындар мен БО өндірген уранды өткізу көлемінің ұлғаюына байланысты болды. Сондай-ақ, өндірісті кеңейтуге дайындыққа және Басқа қызмет сегменті кәсіпорындарының көрсетілген қызметтер көлемінің өсуіне байланысты өндірістік персонал санының кішігірім өсуі, сондай-ақ Топ шеңберінде бұрын енгізілген еңбекақы төлеуді жүйелендірудің кейінге қалдырылған әсері еңбекақының өсуіне әсер етті.

Негізінен пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықпен байланысты табыс салығынан басқа салықтар 2023 жылы 55 868 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 25%-ға ұлғайды (2022 жылы 32 216 млн теңгені құрады), бұған Салық салу және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық («ПҚӨС») бөлімінде аталған формулаға сәйкес нарықтық бағалардың өсуі, сондай-ақ 2023 жылы шоғырландырылатын кәсіпорындар өндірген өз уранының сатылған көлемінің ұлғаюы себеп болды.

Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді, тасымалдауды және басқа да шығыстарды қамтитын өзге де шығыстар 2023 жылы 25 317 млн теңгені құрады, негізінен инфляциялық қысымға байланысты 2022 жылмен салыстырғанда 19%-ға өсті (2022 жылы 21 310 млн теңгені құраған).

C1, AISC УРАН ӨНІМІНІҢ АҚШАЛАЙ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ МЕН КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАРЫ

(миллион теңгемен, егер басқасы көрсетілмесе)		**2022**	**2023**	**Өзгеріс**
C1 Ақшалай өзіндік құны (қатысу үлесіне пропорционалды)	АҚШ долл./фунт	10,25	13,27	29%
Күрделі шығындар (қатысу үлесіне пропорционалды)	АҚШ долл./фунт	5,94	8,10	36%
AISC Ақшалай өзіндік құны + күрделі шығындар (қатысу үлесіне пропорционалды)	АҚШ долл./фунт	16,19	21,37	32%
Өндіру кәсіпорындарының күрделі шығындары (100% негізде)[45]		146 499	201 321	37%

2023 жылы C1 ақшалай құны қатысу үлесіне пропорционалды түрде 29%-ға өсті, ал «AISC Ақшалай құны + күрделі шығындар» көрсеткіші (АҚШ долл. баламасы) қатысу үлесіне пропорционалды түрде 2022 жылмен салыстырғанда 32%-ға өсті. C1 көрсеткішінің өсуі негізінен 2023 жылдан бастап салық есебіне енгізілген өзгерістер себебінен пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың өсуіне, Салық салу және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық («ПҚӨС») қараңыз, сондай-ақ өндірістік персоналдың жалақысының өсуі және қызметтерге, кейбір шығын материалдары мен реагенттерге инфляциялық қысымның жоғарылауына байланысты болды.

AISC көрсеткішінің артуы өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындарының өсуімен байланысты (қатысу үлесіне пропорционалды).

Өндіру кәсіпорындарының күрделі шығындары (100% негізде) 2022 жылмен салыстырғанда 37%-ға ұлғайып, 201 321 млн теңгені құрады (2022 жылы 146 499 млн теңгені құраған), бұл кен орындарын игеру жөніндегі жұмыстарды ауыстырумен, сондай-ақ шикізатқа, материалдарға, жабдыққа сатып алу бағасының өсуімен және бұрғылау қызметтері құнының жоғарылауымен байланысты (Күрделі шығындарды шолуды қараңыз).

Төмендегі кестеде C1 ақшалай құнының жалпы бөлінуі көрсетілген (ақпарат жалпылама түсіну үшін берілген, өйткені нақты пропорциялар кәсіпорынға, кен орнына және аймаққа байланысты өзгереді):

Жалпы тиесілі ақшалай шығындардың санаттары (C1)	**2022**	**2023**
ПҚӨС	22%	28%
Материалдар мен шығын материалдары	24%	21%
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	19%	18%
Өңдеу және басқа қызметтер	15%	15%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	7%	5%
Сату бойынша шығыстар	3%	4%
Басқалары	10%	10%
Барлығы	**100%**	**100%**

[45] Тарату қорлары мен тарату шығындарын қамтымайды. Күрделі шығындарға шолу бөлімінде тарату қорлары мен тарату шығындары қорытынды нәтижелерге қосылатынын ескеріңіз.

Сату бойынша шығыстар

					Үлесі
(миллион теңгемен)	**2022**	**2023**	**Өзгеріс**	**2022**	**2023**
Тиеу, тасымалдау және сақтау бойынша шығыстар	20 331	22 408	10%	79%	78%
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	1 744	1 916	10%	7%	7%
Жалға алу	214	385	80%	1%	1%
Шикізат және материалдар	199	170	(15%)	1%	1%
Тозу және амортизация	56	93	66%	0%	0%
Басқалары	3 061	3 879	27%	12%	13%
Сату бойынша шығыстардың жиынтығы	**25 605**	**28 851**	**13%**	**100%**	**100%**

2023 жылы сату бойынша шығыстар 28 851 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсті. Өсім негізінен сату көлемінің ұлғаюымен және ТХКБ қолданумен байланысты (Сатуларды қараңыз).

Жалпы және әкімшілік шығыстар (ЖӘШ)

					Үлесі
(миллион теңгемен)	**2022**	**2023**	**Өзгеріс**	**2022**	**2023**
Жалпы және әкімшілік шығыстар жиынтығы	44 507	53 110	19%	100%	100%
оның ішінде амортизация және тозу	2 110	2 059	(2%)	5%	4%

ЖӘШ-тің өсуі 11 357 млн теңгеге мемлекет алдындағы өтемақы сомасын және төмендегі түсіндірмелерге сәйкес «ОРТАЛЫҚ» ПД» ЖШС-нің екінші қатысушысына 4 679 млн теңге мөлшерінде өтемақы төлеу бойынша есептелген резервті қамтиды.

2017 жылдың қазан айында Топ 2018 жылдың 31 мамырына дейінгі мерзіммен «Жалпақ» кен орнында уранды барлауға келісімшарт алды. 2018 жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі минералды ресурстарды бағалау үшін барлау мерзімін 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартуға келісті. Алайда, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бағалау жұмыстарының жобасын бекітпеді; сондықтан тәжірибелік өндіру 2020 жылдың сәуірінде тоқтатылды. 2018 жылғы маусым мен 2020 жылғы сәуір аралығында «Жалпақ» кен орнында өндірілген уран көлемі реттелмеген деп танылып, 162,45 тоннаны құрады. 2023 жылғы 15 тамызда «ОРТАЛЫҚ» ПД» ЖШС төлем күніне бағамдық айырманы ескере отырып, өндірілген уранның реттелмеген көлемі үшін мемлекетке 11 404 млн теңге көлемінде өтемақы төледі.

Осы төлемге қатысты Компания да «ОРТАЛЫҚ» ПД» ЖШС-нің екінші қатысушысына өтемақы төлеу бойынша резервті 4 679 млн теңге мөлшерінде есептеп шығарды, бұған 2021 жылғы «ОРТАЛЫҚ» ПД» ЖШС-дегі қатысу үлесінің 49%-ы сатып алу-сату келісімшартының кейбір талаптарының осы жағдайға қолданылуына байланысты өтемақы төлеу ықтималдығының туындауы себеп болды.

2022 жылы шығыстар мемлекет алдында «Ақбастау» БК» АҚ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша артық өндірілген уранның 249 тоннасы үшін 7 310 млн теңге сомасына өтемақыны қамтыды.

БК және қауымдасқан кәсіпорындар кірістеріндегі үлесі

2023 жылы БК және қауымдасқан кәсіпорындардың кірістеріндегі үлесі 98 385 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 10%-ға жоғары (2022 жылы 89 076 млн теңгені құрағаң). Бұл өсім 2023 жылы U_3O_8 спот бағасының өсуіне байланысты сатудың орташа бағасының жоғарылау есебінен болған.

Салық салынғанға дейінгі пайда және табыс салығы бойынша шығыстар

(миллион теңгемен)	**2022**	**2023**	**Өзгеріс**
Салыққа дейінгі пайда	583 705	728 342	25%
Табыс салығы бойынша шығыстардың жиынтығы, оның ішінде:	110 742	148 007	34%
Ағымдағы табыс салығы	118 853	157 610	33%
Кейінге қалдырылған табыс салығы	(8 111)	(9 603)	18%

2023 жылы салық салуға дейінгі пайда 728 342 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы деңгейден едәуір жоғары, негізінен U_3O_8 нарықтық спот бағасының өсуіне және U_3O_8 мен уран өнімдерін сату көлемінің ұлғаюына байланысты сатудың орташа бағасының өсуінен туындайтын операциялық пайданың ұлғаюы есебінен болды.

2023 жылы табыс салығы бойынша шығыстар 148 007 млн теңгені құрады, 2022 жылмен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылады (2022 жылы 110 742 млн теңгені құрағаң), бұған 2023 жылы ағымдағы табыс салығының ұлғаюы және салық салуға дейінгі пайданың өсуі себеп болды.

Топтың пайдасына қолданылатын табыс салығының мөлшерлемесі 2023 және 2022 жылдары 20% құрайды. Тиімді салық мөлшерлемесі 2023 және 2022 жылдары сәйкесінше 20% және 19% құрады.

Тиімді салық мөлшерлемесі корпоративті табыс салығынан салық есебінде мақұлданбаған кірістер мен шығыстардың белгілі бір элементтеріне байланысты ерекшеленеді. Тиімді салық мөлшерлемесі ҚР-дағы 20%-ға тең корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесінен шамалы ерекшеленеді.

Күрделі шығындарға шолу

Топтың күрделі шығындарының негізгі бөлігін табиғи уран өндіруді жүзеге асыратын еншілес, БО, БК және қауымдастырылған кәсіпорындар көтереді. Мұндай шығындар келесі негізгі құрамдас бөліктерден тұрады:

- уран өндіру ұңғымаларын салуға арналған шығындар;
- кеңейту шығындары, оған әдетте өндірістік құралдарды кеңейту, қызметтер спектрін және көлік бағыттарын жаңа бағыттарға кеңейту, жаңа өндірістік жүйелер мен процестерді енгізу кіреді;
- кезеңдік шығындарды, инфрақұрылымдық шығындарды, жабдықты күтіп ұстау мен ауыстыруды көрсететін өндірісті қолдауға арналған күрделі шығындар, олар әдетте өндіріс тоқтағанға дейін үш жыл бұрын тоқтатылады; және
- тарату қорына жарналар және кеңішті жабу шығындары – олар AISC есебіне енгізілмеген.

Төмендегі кестеде көрсетілген кезеңдерде уран өндіруді жүзеге асыратын Топтың еншілес ұйымдарының, БО, БК және қауымдасқан кәсіпорындарының күрделі шығындары 100% негізде келтірілген. Күрделі шығындардың сомалары кәсіпорындардың жеке аудиттелмеген бухгалтерлік деректері негізінде Топтың жекелеген компанияларының тәуелсіз басқару ақпаратынан алынған, сондықтан Топтың Шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген негізгі өндірістік құралдар мен жабдықтарды сатып алу сомаларымен салыстыруға келмейді немесе сәйкес келмейді, осыған байланысты инвесторларға мұндай күрделі шығындар туралы ақпаратқа шамадан тыс үміттенбеу ұсынылады.

		2022				2023			
(миллион теңгемен)	Үлесі	WC[46]	S[47]	LF/C[48]	Барлығы	WC	S&E	LF/C	Барлығы
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	100%	11 286	2 249	1 857	15 392	10 787	3 832	260	14 879
«РУ-6» ЖШС	100%	5 050	1 165	382	6 597	6 762	1 230	472	8 464
«АППАҚ» ЖШС	65%	7 260	630	2 009	9 899	7 669	1 208	288	9 165
«Инкай» БК» ЖШС	60%	10 637	1 385	18	12 040	11 478	2 535	(5)	14 008
«Байкен-U» ЖШС	52,5%	5 161	847	246	6 254	8 153	985	100	9 238
«ОРТАЛЫҚ» ЕК ЖШС	51%	12 246	453	1 427	14 126	16 380	1 199	(57)	17 522
«Семізбай-U» ЖШС	51%	6 399	1 699	1 987	10 085	8 976	1 433	(41)	10 368
«Будёновское» БК» ЖШС	51%	1 143	1 610	71	2 824	10 035	318	83	10 436
«Қаратау» ЖШС	50%	2 571	1 122	1 478	5 171	7 962	587	174	8 723
«Ақбастау» БК» АҚ	50%	6 750	638	742	8 130	10 711	520	80	11 311
«Хорасан-U» (Хорасан-У) БК» ЖШС	50%	11 364	1 222	1 362	13 948	12 322	1 171	221	13 714
«ЗАРЕЧНОЕ» БК» АҚ	49,98%	6 426	135	913	7 474	6 546	295	2 966	9 807
«КАТКО» БК» ЖШС	49%	20 150	18 068	2 879	41 097	29 167	26 722	2 849	58 738
«Оңтүстік тау-химия компаниясы» БК» ЖШС	30%	6 458	2 376	1 040	9 874	9 104	3 231	239	12 574
Өндіру активтерінің жиынтығы		**112 901**	**33 599**	**16 411**	**162 911**	**156 052**	**45 266**	**7 628**	**208 947**

[46] Ұңғымаларды салу.

[47] Өндірісті қолдау, оның ішінде кеңейту шығындары.

[48] Тарату қоры/жабу.

Өндірістің жоспарланған деңгейіне жету үшін Топтың өндіруші кәсіпорындары жыл сайын қорлардың болуы негізінде ұңғымаларды бұрғылау мен өндірудің қажетті көлемін бағалайды.

Бұл шығыстар полигондардың жұмысқа қабілеттілігін сақтауға арналған капиталдандырылған шығыстарға жатады. Бұл шығыстардың негізгі құрамдас бөлігі ұңғымаларды салу шығындары болып табылады.

(миллион теңгемен)	2022	2023	Өзгеріс
Ұңғымаларды салу	112 901	156 052	38%
Өндірісті қолдау[49]	22 735	26 852	18%
Құрылыс және қызмет көрсету шығындарының жиынтығы	135 636	182 904	35%
Кеңейту	10 863	18 414	70%
Өндіру кәсіпорындарының күрделі шығындары (100% негізде)[50]	146 499	201 321	37%

Ұңғымаларды салуға және 14 уран өндіруші кәсіпорынның өндірісін қолдауға жұмсалған шығындар 2023 жылы 182 904 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы деңгейден едәуір асып түсті. Бұл 2024 жылы өндіріс жоспарының орындалуына және өндірісті дайындауға, сондай-ақ шикізат, материалдар, жабдықтар мен бұрғылау қызметтерін сатып алу бағасының өсуіне байланысты инфляциялық қысымға байланысты.

2023 жылдың қорытындысы бойынша күрделі шығындардың жиынтығы 2023 жылға арналған жаңартылған болжамдарға (200-210 млрд теңге) сәйкес келді, бұл есепті жылы өндірістік бағдарламаның орындалуына ықпал етті.

Төмендегі кестеде келтірілген ақпарат тау-кен дайындық жұмыстарының өтелуін (ТДЖ деп аталады), 2023 жылы әрбір тау-кен кәсіпорны үшін негізгі құралдар мен амортизацияны көрсетеді.

(млн теңге егер басқасы көрсетілмесе)	Дайын қорлардың көлемі (тонна)	Кезең соңындағы ТДЖ қалдығы	Кезең соңындағы ГБЖ қалдығы	Кезең соңындағы НҚ бастапқы (тарихи) құны (ТДЖ-дан басқа)	Кезең соңындағы НҚ теңгерімдіқұны (ТДЖ-дан басқа)	Кезең ішіндегі амортизация (ТДЖ-дан басқа)
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	2 912	18 842	2 297	26 482	14 238	1 220
«РУ-6» ЖШС	3 073	12 291	-	9 072	4 892	723
«АППАҚ» ЖШС	1 459	9 068	1 681	11 319	5 953	487
«Инкай» БК» ЖШС	4 225	14 724	15 712	105 367	59 176	2 441
«Байкен-U» ЖШС	1 741	5 821	4 821	22 659	10 209	1 054
«ОРТАЛЫҚ» ЕК ЖШС	3 388	14 324	1 078	23 146	13 333	969
«Семізбай-U» ЖШС	1 895	8 943	36	20 622	9 707	1 398
«Будёновское» БК» ЖШС	223	447	12 569	2 385	2 176	17
«Қаратау» ЖШС	3 822	4 288	2 263	30 473	14 878	1 146
«Ақбастау» БК» АҚ	2 234	6 927	5 575	12 086	6 895	601
«Хорасан-U» (Хорасан-У) БК»[51]	2 637	9 737	10 522	2 565	2 188	179
«КАТКО» БК» ЖШС	4 568	47 980	3 324	97 586	58 723	2 643
«ЗАРЕЧНОЕ» БК» АҚ	1 918	9 780	2 234	10 251	2 680	458
«Оңтүстік тау-химия компаниясы» БК» ЖШС	3 528	7 078	5 550	29 106	14 319	1 903

[49] Жалпы кеңейту шығындарын қоспайды.

[50] Тарату қорлары мен тарату шығындарын қамтымайды.

[51] «Қызылқұм» ЖШС негізгі қаражатын қамтиды.

Резервтер және геологиялық зерттеулер



SRK Consulting (UK) Limited (2024 жылғы 16 қаңтардағы) хатына сәйкес 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша (жылдық сарқылуды қоса алғанда) барлық өндіру кәсіпорындарының кеніш қорлары шамамен 566,9 мың тонна уранды (100% негізде) құрады, оның ішінде Компанияның үлесіне қатысу үлесіне пропорционалды түрде 300,9 мың тонна уран кірді (2022 жылы 588,8 мың тонна 100% негізде, оның 312,9 мың тоннасы қатысу үлесіне пропорционалды). Минералды ресурстардың жалпы көлемі (қорларды қоса алғанда) 850,5 мың тонна ураңға бағаланады (100% негізде), оның 508,9 мың тонна ураны Компанияның қатысу үлесіне пропорционалды көлем болып табылады (2022 жылы 761,6 мың тонна 100% негізде, оның 464,8 мың тоннасы қатысу үлесіне пропорционалды). 2022 жылмен салыстырғанда минералдық ресурстардың көлемі шамамен 88,9 мың тоннаға ұлғайды, бұл негізінен «Қаратау» ЖШС, «Хорасан-U (Хорасан-У)» ЖШС және «Аппақ» ЖШС кәсіпорындарында уран қорларын қайта бағалау жөніндегі жұмыстардың аяқталуымен түсіндіріледі және кен орындары қорларының 2023 жылы 100% негізде 21 мың тонна көлемінде өндіру есебінен сарқылуын қамтиды. Қосымша ақпарат алу үшін Компанияның веб-сайтындағы «Инвесторлар» бөлімінде қол жетімді Минералды ресурстар мен Кеніш қорлары туралы SRK Consulting (UK) Limited хатын қараңыз.

Өтімділік және күрделі ресурстар

Қазатомөнеркәсіптің басшылығы үнемі өзгеріп отыратын нарықтық ортада қаржылық тұрақтылықты сақтауға бағытталған. Топтың қаржылық менеджмент саясаты қолданыстағы қызметті қолдау және бизнесті дамыту үшін ақша резервтерінің тиісті деңгейін сақтауға бағытталған.

Топтың өтімділікке деген қажеттілігі негізінен айналым қаражатын қаржыландыруға, күрделі шығындарға, борышты өтеуге қызмет көрсету және дивидендтер төлеуге қатысты. Тарихи тұрғыдан алғанда, Топ негізінен операциялық қызметтен түскен қаржы ағындарын өзінің айналым капиталын және ұзақ мерзімді капитал қажеттіліктерін қаржыландыру үшін пайдаланды, сондай-ақ қажет болған жағдайда сыртқы қаржы ресурстарын пайдалану мүмкіндігін сақтай отырып, болашақта жүзеге асырылуы жоспарланған. Қажет болған жағдайда, Компания белгілі бір инвестициялық жобаларды қорландыру үшін жобалық қаржыландыруды тарту мүмкіндігін қарастырады.

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІ КӨЗДЕРІ

Топ өтімділікке деген қажеттіліктерін өз міндеттемелерін уақытында өтеу үшін жеткілікті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін, қолайсыз шығындардың пайда болуына жол бермей және Топтың беделіне қауіп төндірмей, қаржылық міндеттемелерін орындау үшін басқарады.

(миллион теңгемен)	2022	2023	Өзгеріс
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	169 536	211 912	25%
Мерзімді депозиттер	930	8	(99%)
Барлық ақша қаражаты	170 466	211 920	24%
Қарыздар бойынша пайдаланылмаған сома	84 665	115 004	36%

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары, депозиттерді қоса алғанда, 2022 жылғы 170 466 млн теңгемен салыстырғанда 24%-ға өсіп, 211 920 млн теңгені құрады, мұндай өзгерістердің түсіндірмелері төменде Ақша қаражатының қозғалысы бөлімінде көрсетілген.

Қарыздар бойынша пайдаланылмаған сома Топқа қолжетімді, 12 айға дейінгі мерзімде өтелуге жататын, өтімділіктің қосымша көзі болып табылатын, негізінен сауда дебиторлық берешегінің түсу мерзімдерімен байланысты кассалық алшақтықтарды уақытша жабу үшін пайдаланылатын жаңартылатын корпоративтік кредиттік желілермен көрсетіледі.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жаңартылатын несие желілері бойынша жалпы лимиті 253 миллион АҚШ долларын құрады, оның барлық көлемі пайдалануға қолжетімді болды (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жаңартылатын несие желілері бойынша лимит 235 миллион АҚШ долларын құрады).

АЛЫНҒАН ЖӘНЕ ТӨЛЕНГЕН ДИВИДЕНДТЕР

Компания Топтың кәсіпорындарының иегері болып табылады және өзінің бизнес-операцияларынан түскен кірістен басқа, БК, қауымдастырылған кәсіпорындар және басқа да инвестициялардан дивидендтер алады. 2023 және 2022 жылдары Топ өздерінің БК, қауымдастырылған кәсіпорындарынан және басқа да инвестициялардан тиісінше 87 794 млн теңге және 45 346 млн теңге мөлшерінде дивидендтер алды.

2023 жылы өсім негізінен «КАТКО» БК ЖШС дивидендтер сомасының жоғарылауымен және кәсіпорынның екінші қатысушысынан жылдық пайданы бөлу сомасының қосымша 11%-ы бойынша өтемақы алумен байланысты. Компания дивидендтер ағындарын барынша көбейтуді және еншілес ұйымдардың, БК және қауымдастырылған кәсіпорындардың тұрақты даму мақсаттарын теңестіреді. Компания Қазақстан Республикасындағы инвестициялар объектілерінен алған дивидендтерге дивидендтер салығы салынбайды.

2023 жылы Компания өз акционерлеріне 2023 жылғы шілдеде 2022 жылғы қызмет қорытындылары бойынша төленген 200 970 млн теңге мөлшерінде дивидендтер төленгені туралы жариялады (2022 жылы Компания өз акционерлеріне 2022 жылғы шілдеде 2021 жылғы қызмет қорытындылары бойынша төленген 227 388 млн теңге мөлшерінде дивидендтер төледі).

АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫ

Төмендегі кестеде Топтың 2023 және 2022 жылдардағы айналым капиталының бөлінуі көрсетілген:

(миллион теңгемен)	2022	2023	Өзгеріс
Тауарлық-материалдық қорлар	392 621	423 314	8%
Дебиторлық берешек	270 921	430 319	59%
Өтелетін ҚҚС	62 389	146 450	>100%
Басқа қаржы активтері[52]	19 748	49 399	>100%
Басқа қаржылық емес активтер	19 274	19 398	1%
Алдын ала төленген табыс салығы	11 451	9 536	(17%)
Кредиторлық берешек	(98 809)	(176 011)	78%
Қызметкерлерге сыйақы	(325)	(326)	0%
Табыс салығы бойынша міндеттемелер	(4 221)	(5 022)	19%
Өзге де салық және міндетті төлем міндеттемелері	(24 688)	(37 437)	52%
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	(83 883)	(116 421)	>100%
Таза айналым капиталы	564 478	743 199	32%

Дебиторлық берешектің өсуі 2023 жылы түсімнің өсуіне байланысты (Шоғырландырылған түсім және басқа қаржылық көрсеткіштерді қараңыз).

Өтелетін ҚҚС 2023 жылы едәуір ұлғайды және Компанияның өзінің еншілес кәсіпорындарынан, БО, БК және қауымдастырылған кәсіпорындардан уран сатып алу құнының ұлғаюы себебінен 146 450 млн теңгені құрады, бұл нарықтағы спот бағасының өсуімен байланысты (Еншілес компаниялармен, БК, БО және қауымдастырылған кәсіпорындармен мәмілелерді қараңыз).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да қаржы активтері негізінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, АҚШ Қаржы министрлігі және шетелдік коммерциялық банктер шығарған қысқа мерзімді борышқорлық бағалы қағаздарға Топтың инвестицияларымен ұсынылады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұндай инвестициялар көлемі 46 276 млн теңгені құрады.

[52] 2023 жылы 8 млн теңге сомасына мерзімді депозиттерді шығарып тастайды (2022 жылы: 930 млн теңге), өйткені олар ақшалай қаражатқа теңестірілген (Ақшалай қаражат және қолжетімді қаржыландыру көздері бөлімін қараңыз).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы өзге де ағымдағы міндеттемелерге Топ пен ANU Energy арасында жасалған, қайтару мерзімі 2024 жылғы наурызға дейінгі 91 151 млн теңге сомасындағы (әділ құн бойынша қайта бағалауды ескере отырып) уранның тауарлық қарызының қысқа мерзімді келісімшарты бойынша міндеттемелер кіреді.

Урандағы қарыздар геосаяси тұрақсыздықтың күшеюіне байланысты қазақстандық уранның батыс өңдеу кәсіпорындарына уақтылы жеткізілуіне әсер етуі мүмкін логистикалық тәуекелдерді азайту үшін қажетті Топтың қорларын басқарудың әдеттегі саясатының бөлігі болып табылады.

Топтың таза айналым капиталы қарастырылып отырған барлық кезеңдерде оң болып қала берді.

Келесі кестеде Топтың 2023 және 2022 жылдардың соңындағытауарлық-материалдық құндылықтарының (қорларының) құрамдас бөліктері келтірілген:

(миллион теңгемен)	2022	2023	Өзгеріс
Дайын тауарлар мен қайта сатуға арналған тауарлар	296 833	331 494	12%
оның ішінде уран өнімдері	295 051	328 015	11%
Аяқталмаған өндіріс	54 016	62 496	16%
Шикізат және материалдар	34 831	26 451	24%
Басқа материалдар	7 486	2 793	(63%)
Қосалқы бөлшектер	1 488	1 800	21%
Отын	989	1 233	25%
Айналыстан шығару және ықтимал сатудың таза құнына дейін есептен шығаруға арналған сома	(3 022)	(2 953)	(2%)
Қорлардың жиынтығы	**392 621**	**423 314**	**8%**

Топ уран нарығындағы ахуалға тұрақты мониторинг жүргізеді және нарық конъюнктурасына байланысты өзінің тауарлық-материалдық қорларын ұлғайту стратегиясын ұстана алады.

Топтың негізгі қорлары негізінен U_3O_8 және басқа уран өнімдерін қамтитын дайын тауарлар мен қайта сату тауарлары болып табылады.

Қорлар балансының ұлғаюы негізінен 2023 жыл ішінде U_3O_8 спот бағасының өсуімен және дайын өнімнің өсуімен байланысты болды, бұл БК-дан, қауымдастырылған кәсіпорындардан және уран өнімдерінің үшінші тараптарынан сатып алынған құнын арттырды. Компанияның стратегиясына сәйкес Қазатомөнеркәсіптің қорларының деңгейлері клиенттердің жеткізілімге сұраныстарының түсу мерзімдеріне және жеткізілім кестелерінің, өндіру және сату көлемдерінің өзгермелі нарықтық жағдайларға сәйкес келетін айырмашылықтарына байланысты өзгеріп отырады.

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Келесі талдау Қаржылық есептілікпен және оған тиісті ескертпелермен бірлесіп қаралуға және негізделуге тиіс.

Келесі кестеде Топтың 2023 және 2022 жылдардағы шоғырландырылған ақша ағындары көрсетілген:

(миллион теңгемен)	2022	2023
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты[53]	283 859	432 225
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаты	(10 893)	(61 200)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаты	(268 877)	(319 425)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсуі/(азаюы)	4 089	51 600

[53] Төленген табыс салығы мен төленген сыйақыны қамтиды.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ

2023 жылы операциялық ақша ағындары 432 225 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 283 859 млн теңгеге айтарлықтай ұлғайды, бұған негізінен себеп болған:

- 2023 жылы сатып алушылардан және своп-мәмілелер бойынша операциялардан түсетін ақшалай түсімдердің 2022 жылмен салыстырғанда 246 449 млн теңгеге ұлғаюы, бұл U_3O_8 нарықтық спот бағасының өсуіне, сату көлемінің өсуіне және жеткізу кестесінің өзгеруі есебінен орташа сату бағасының өсуіне байланысты;
- бюджеттен 50 546 млн теңге сомаға ҚҚС қайтаруды азайту;
- басқа төленген салықтардың өсуіне байланысты, негізінен Қазақстан Республикасының аумағында топішілік сату көлемінің ұлғаюы нәтижесінде есептелген қосылған құн салығы сомасының ұлғаюына және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың жоғарылауына байланысты 39 573 млн теңге сомасына нивелирлеу;
- салық салынғанға дейінгі кірістің өсуіне байланысты төленген табыс салығының 28 667 миллион теңгеге өсуі (Салық салынғанға дейінгі пайда мен табыс салығы бойынша шығыстарды қараңыз).

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ

2023 жылы инвестициялық қызметтен түскен таза ақшалай жылыстаулар 2022 жылы 10 893 млн теңге көлеміндегі жылыстаулармен салыстырғанда 61 200 млн теңгені құрады.

2023 жылғы өзгерістер негізінен төмендегілерге байланысты болды:

- қауымдасқан кәсіпорындардан, БК және басқа да инвестициялардан алынған дивидендтерді 42 448 млн теңге сомасына ұлғайту арқылы (Алынған және төленген дивидендтерді қараңыз);
- АҚШ Қаржы министрлігі мен Еуразиялық Даму Банкі шығарған борышқорлық бағалы қағаздарды сатып алуға инвестицияларды нетто 41 249 млн теңгеге ұлғайту арқылы;
- негізгі құралдарды сатып алуды, кен орындарын игеру бойынша активтерді сатып алуды және барлау мен бағалау активтерін сатып алуды 35 283 млн теңге сомасына өсуі арқылы, бұл кен орындарын игеру жөніндегі жұмыстарды ауыстырумен, сондай-ақ жабдыққа сатып алу бағасының жоғарырақ болуымен байланысты (Күрделі шығындарды шолуды қараңыз).

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ

Қаржы қызметінен түскен таза ақша жылыстауы 2023 жылы 319 425 млн теңгені және 2022 жылы 268 877 млн теңгені құрады.

Қаржылық операцияларда қолданылатын салыстырмалы ақша ағындарына әсер ететін негізгі факторлар:

- жалпы сомасы 95 517 млн теңгеге қарыздар мен қарыз қаражаттарын алу мен өтеуден түскен ақшалай қаражаттың таза жылыстауын ұлғайту;
- акционерлерге және бақылаусыз қатысушыларға төленген дивидендтер төлемдерінің тиісінше 26 418 және 18 422 млн теңге сомаға азаюымен нивелирленді.

Берешек

Топтың қаржылық міндеттемелері, баланстан тыс кепілдіктерді қоса алғанда, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 102 473 млн теңгені (2022 жылы 157 381 млн теңге) құрады, оның ішінде:

(миллион теңгемен)	2022	2023	Өзгеріс
Банктік қарыздар	23 953	-	(100%)
Банктік емес қарыздар	114 491	86 377	(25%)
Баланстан тыс кепілдіктер	18 937	16 096	(15%)
Қаржылық міндеттемелер	157 381	102 473	(35%)

Келесі кестеде 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қарыздарының сомасы көрсетілген:

(миллион теңгемен)	2022	2023	Өзгеріс
Ұзақ мерзімді	83 441	100	(100%)
Банктік несиелер	-	-	
Банктік емес қарыздар, соның ішінде:	83 441	100	
Жалдау бойынша міндеттемелер	141	100	
Шығарылған облигациялар	83 300	-	
Ағымдағы	55 003	86 277	57%
Банктік несиелер	23 953	-	
Банктік емес қарыздар, соның ішінде:	31 050	86 277	
Шығарылған облигациялар	24 016	82 746	
Вексель бойынша міндеттемелер	7 002	3 506	
Жалдау бойынша міндеттемелер	32	25	
Несиелер мен қарыздардың жиынтығы	**138 444**	**86 377**	**(38%)**

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың банктік несиелері жоқ.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктік емес қарыздар бойынша берешек 86 377 млн теңгені құрады және оған мыналар кіреді:

- 2019 жылғы қыркүйекте «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында орналастырылған Компанияның номиналды құны 70 млрд теңге және өтеу мерзімі 2024 жылғы қазанда болатын АҚШ долларына индекстелген ұзақ мерзімді купондық облигациялары;
- «Талап бойынша» өтеу мерзімі бар «Хорасан-U (Хорасан-У)» БК» ЖШС-не тиесілі вексельдер бойынша міндеттемелер. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы вексельдер бойынша талап ету құқығы «Қызылқұм» ЖШС-не тиесілі.

Кепілдіктер екінші тарап өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі Топтың баланстан тыс қайтарып алынбайтын міндеттемелерін білдіреді.

Басқа міндеттемелерге қаржылық жалдау, лизинг және басқа қаржылық берешек бойынша міндеттемелер кіреді.

Несиелік және кепілдік келісімдеріне сәйкес Топ кейбір белгіленген қаржылық емес міндеттемелерді (ковенанттарды) сақтауға міндетті. Бір жыл ішінде Топ жоғарыда аталған барлық міндеттемелерді орындады. Топтың қаржылық ковенанттар бойынша міндеттемелері жоқ.

Төмендегі кестеде 2023 және 2022 жылдардағы банктік қарыздар бойынша Топтың орташа өлшенген пайыздық мөлшерлемесі келтірілген:

Орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме, соның ішінде:

Белгіленген пайыздық мөлшерлемелер

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме 3,81% құрап, өткен жылмен салыстырғанда өсті. 2023 жылы Топтың несиелер мен қарыздар бойынша орташа өлшенген мөлшерлемесіне негізінен Топтың белгіленген мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелері әсер етті (жылдық 4% купондық облигациялар).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың міндеттемелері толығымен белгіленген пайыздық қарыз есебінен қалыптасады.

Компанияларға халықаралық рейтингтік агенттіктерден несиелік рейтингтер берілді:

- Moody's Investors Service Baa2, болжам «Оң» (2023 жылдың 30 қазанында расталған).
- Fitch Ratings BBB, болжам «Тұрақты» (2024 жылдың 19 қаңтарында расталған).

ТАЗА ҚАРЫЗ/ТҮЗЕТІЛГЕН EBITDA

Келесі кестеде 2023 және 2022 жылдардағы қаржылық тұрақтылықты өлшеу үшін Компания басшылығы қолданатын негізгі коэффициенттер келтірілген. Таза қарыз/Түзетілген EBITDA коэффициенті бойынша Компания басшылығының мақсатты мәні 1,0-ден төмен.

(миллион теңгемен)	2022	2023	Өзгеріс
Несиелер мен қарыздардың жиынтығы (кепілдіктерді қоспағанда)	138 444	86 377	(38%)
Жалпы ақша қаражаттарының балансы (Ақшалай қаражаттар мен қолжетімді қаржыландыру көздерін қараңыз)	(170 466)	(211 920)	24%
Таза қарыз	(32 022)	(125 543)	<(200%)
Түзетілген EBITDA көрсеткіші[54] (Шығарылған акцияларды қараңыз)	630 898	828 623	31%
Таза қарыз/Түзетілген EBITDA көрсеткіші (коэффициент)	(0,05)	(0,15)	<(100%)



Шығарылған акциялар

2023 жыл ішінде Қазатомөнеркәсіптің акционерлік капитал құрылымында өзгерістер болған жоқ. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны 259 356 608 дана (2022 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз) құрайды, оның 75%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі және Astana International Exchange (AIX) биржасында және Лондон қор биржасында (LSE) листингтелген акциялардың/жаһандық депозитарлық қолхаттардың 25%-ы еркін айналымда болды. Бір жаһандық депозитарлық қолхат (ЖДҚ) бір акцияны білдіреді. Әрбір жай акция бір дауыс беру құқығын береді.

(2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Акциялар және ЖДҚ	%
Самұрық-Қазына	194 517 456	75
Еркін айналымда	64 839 152	25
Шығарылған акциялардың жалпы саны	259 356 608	100

[54] Түзетілген EBITDA көрсеткіші EBITDA-дан негізгі қызметке қатысы жоқ және бір реттік әсері бар барлық баптарды алып тастау арқылы есептеледі. Есептеуі: салыққа дейінгі пайда – қаржылық кірістер + қаржылық шығындар +/- таза (табыс)/бағамдық айырма бойынша шығын + тозу и амортизация + құнсыздану - құнсыздануды қалпына келтіру +/- бір жолғы және бірлік оқиғалар.

2024 жылға арналған болжамды көрсеткіштер

	2023 ж. дерек	2024 ж. болжам
	456,24 KZT/1USD[55]	460 KZT/1USD
Өндіруші кәсіпорындардың U_3O_8 өндіру көлемі (100% негізде), тонна[56,57]	21 112	21 000 – 22 500
Өндіруші кәсіпорындардың U_3O_8 өндіру көлемі (қатысу үлесіне пропорционалды), тонна[58]	11 169	10 900 – 11 900
Топтың сату көлемі, тонна[59] (шоғырландырылған)	18 069	15 500 – 16 500
оның ішінде Компанияның сату көлемі, тонна[60]	14 915	11 500 – 12 500
Топтың жалпы түсімі (қаржылық есептілік сәйкес)[61], млрд теңге	1 435	1 700 – 1 800
оның ішінде U_3O_8-ді сатудан түскен түсім (Топ бойынша), млрд теңге	1 181	1 300 – 1 400
C1 Ақшалай өзіндік құн (қатысу үлесі бойынша), АҚШ долл./фунт[62]	$13,27	$16,50 – $18,00
AISC Ақшалай өзіндік құн + өндіру кәсіпорындарының күрделі шығындары (қатысу үлесі бойынша), АҚШ долл./фунт[63]	$21,37	$26,00 – $27,50
Күрделі шығындар (100% негізде), млрд теңге[64]	201	250 – 270

** Кейбір БК бойынша серіктес өзінің өндіріс үлесін сатып алудан бас тартқан жағдайда, Компанияның осындай қосымша көлемді (Компанияның қатысу үлесіне пропорционалды өндіріс көлемінен асатын) сатып алуға құқылы.*

[55] 2023 жылғы орташа айырбас бағамы.

[56] Өндіріс көлемі (100% негізде): бұл Компанияның қатысу үлесі бар кәсіпорындар өндірісінің жиынтық көлемін білдіреді және осы өндіріс көлемінің бір бөлігі Топтың бірлескен кәсіпорындары бойынша серіктестерге немесе үшінші қатысушыларға тиесілі болуы мүмкін екенін ескермейді.

[57] Ресей-Украина қақтығысының ұзақтығы мен толық ықпалы әлі белгісіз. Осыған байланысты өндірістің жылдық көлемі ішкі болжаулардан өзгеше болуы мүмкін.

[58] Өндіру кәсіпорнының U_3O_8 өндіріс көлемі (меншік үлесіне пропорционалды): «Инкай» БК-ны қоспағанда, Компанияның меншік үлесіне пропорционалды үлесі бар кәсіпорындар өндірісінің көлемін білдіреді және бірлескен кәсіпорындар бойынша серіктестерге немесе үшінші қатысушыларға қатысты қалған бөлігін қамтымайды, мұнда жылдық өндіріс көлемі (меншік үлесіне пропорционалды) Компанияның IPO проспектісінде бұрын ашылған Сату туралы келісімге сәйкес айқындалады. Өндірістің нақты дәл көлемі конвертер деректерінің нәтижелері бойынша түзетуге жатады. «Буденовское» БК бойынша 2024 жылдан 2026 жылға дейінгі кезеңдегі өндіріс көлемінің 100%-ы оффтейк-келісімшарт шеңберінде нарықтық жағдайларда Ресейдің азаматтық атом энергетикасы өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету үшін толық сақталған.

[59] Топтың сату көлемі, тонна: Қазатомөнеркәсіптің және оның шоғырландырылатын еншілес және тәуелді кәсіпорындарының U_3O_8-ді сатуды қамтиды (келесілердің бар болуы арқылы ҚАӨ бақылайтын компаниялар: (i) олардың кірістілігіне айтарлықтай ықпал ететін тиісті қызметті басқару өкілеттігі, (ii) осындай субъектілермен оның қатысуынан түсетін кірістердің өзгеруіне ықпал ету немесе құқықтар және (iii) Топтың пайда мөлшеріне ықпал ету үшін осындай субъектілерге өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі. айтарлықтай әлеуетті дауыс беру құқықтарының болуымен қатар, негізгі құқықтардың болуы және ықпалы, ҚАӨ-нің басқа заңды тұлғаға бақылауын бағалау кезінде ескеріледі). Топтың U_3O_8-ді сату көлемі уранның басқа түрлерін (отын таблеткаларын сатуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмейді) жүзеге асыруды қамтымайды.

[60] Компанияның сату көлемі (Топ бойынша сату көлеміне енгізілген): тек компанияның сыртқы сатылымы мен ТҰК кіреді. Компания мен ТҰК арасындағы топішілік мәмілелер қамтылмаған.

[61] Күтілетін кіріс белгілі бір уақытта бөгде көздерден алынған уран бағасына және теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамдарына негізделген. Пайдаланылған бағалар мен теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамдары Қазатомөнеркәсіптің ішкі болжамдарын көрсетпейді және 2023 жылғы түсім нақты бағалар мен теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамдарының бөгде көздер болжамынан алшақтығына айтарлықтай дәрежеде ықпал етуі мүмкін.

[62] U_3O_8 фунтына кг уранды қайта есептеу коэффициенті 2,5998 құрайды.

[63] U_3O_8 фунтына кг уранды қайта есептеу коэффициенті 2,5998 құрайды.

[64] Күрделі шығындар (100% негізде): тек өндірістік кәсіпорындардың күрделі шығындарын, соның ішінде инвестициялық жобаларға айтарлықтай күрделі шығындарды қамтиды. Тарату қорлары мен тарату шығындарын қамтымайды. 2024 жылы «Буденовское» БК» ЖШС, «Катко» БК» ЖШС (Оңтүстік Төртқұдық) және «Орталық» БК» ЖШС (Жалпақ) бойынша кеніштердің инфрақұрылымын дамытуға арналған шығындарды ұлғайту шамамен 85 млрд теңге мөлшерінде қамтылады.

2024 жылы өндіріс көлемі 21 000-нан 22 500 тонна уранға дейін және сәйкесінше 100% негізде және меншік үлесіне пропорционалды түрде 10 900-ден 11 900 тоннаға дейін болады деп күтілуде (бұған дейін 2022 жылы Компания өндірісті 100% негізде 25 000-25 500 тонна уран деңгейіне шығару ниетін жариялаған болатын). Компанияның өндіріс бөлігінде бұрын жарияланған ниеттерін түзету Компания 2024 жылдың 12 қаңтарында хабарлағандай, күкірт қышқылының қолжетімділігімен және жаңа кен орындарында/учаскелерде құрылыс жұмыстарының кестесінен артта қалуымен байланысты қиындықтардан туындайды.

Компания өндіруші активтердің көпшілігінің уран өндіру деңгейі Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың минус 20% деңгейінде болады деп күтеді және Компания Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес өндіру көлемі бойынша міндеттемелерді бұзу фактілерін болдырмау үшін бар күшін салады. Бірақ қайта іске қосылатын кен орындарына/учаскелеріне жер қойнауын пайдалану құқығына ие кәсіпорындарда жерүсті кешені мен инфрақұрылымның құрылыс жұмыстарының кешігуіне байланысты өндіру деңгейін Келісімшарттық міндеттемелердің 20%-дан астамына төмендету қаупі бар.

Бүгінгі таңда Компания күкірт қышқылының қажетті көлемін жеткізуге келісімшарттар жасасты, ол 2024 жылға арналған өндірістік жоспар бойынша күтулерді жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда белгіленген көлемнің минус 20% деңгейінде орындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа кен орындарында/учаскелерде құрылыс жұмыстарының кешігуі айтарлықтай белгісіздік тудырады және Компанияның 2024 жылғы болжамды операциялық көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін. Компания жағдайдың дамуына қарай мүдделі тұлғаларды тиісті түрде хабардар етеді..

Сату көлемі бойынша 2024 жылғы күтулер де нарыққа бағытталған стратегияға сәйкес келеді. Топ 2024 жылы сату көлемі 15 500-ден 16 500 тоннаға дейін уранды, оның ішінде Компанияның 10 900-ден 11 900 тоннаға дейінгі уранды сату көлемін күтеді, бұл 2023 жылғы нақты көрсеткіштерге сәйкес келеді. Топ үшін де, Компания үшін де 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылға арналған сатудың болжамды көрсеткіштерінің төмендеуі отын жинақтарын кейіннен өндіру үшін «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-не БУӨ түріндегі сату көлемінің ұлғаюымен байланысты және болашақ кезеңдерге қорлардың жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

Түсім, сондай-ақ C1 «Ақшалай өзіндік құн» (қатысу үлесі бойынша) және AISC «Ақшалай өзіндік құн + өндіру кәсіпорындарының күрделі шығындары» (C1 қатысу үлесі бойынша + күрделі шығындар) көрсеткіштері, егер теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы 2024 жыл ішінде айтарлықтай ауытқитын болса, жоғарыда келтірілген болжамдардан өзгеше болуы мүмкін. ПҚӨС-ке әсер ететін споттық нарықтық бағаның өсуі (Салық салу және пайдалы қазбаларды өндіру салығын («ПҚӨС») қараңыз), сондай-ақ өндірістік материалдар мен реагенттерге инфляциялық қысымды қоса алғанда, қажетті шикізат пен материалдарды жеткізудегі қиындықтар 2024 жыл бойы сақталады, бұл Компанияның қаржылық көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін және C1 «Ақшалай өзіндік құн» (қатысу үлесі бойынша) және AISC «Ақшалай өзіндік құн + өндіру кәсіпорындарының күрделі шығындары» (қатысу үлесі бойынша C1 + күрделі шығындар) көрсеткіштері 2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда жоғары болады деп күтуге негіз береді. Егер жоғарыда аталған белгісіздіктер 2024 жылға дейін сақталса, болжамды көрсеткіштер жаңартылатын болады.

2023 жылдан бастап кен орындарын игеру жөніндегі жұмыстарды көшіруді жабу үшін 2023 жылғы нәтижелермен салыстырғанда 2024 жылға арналған 100% негізде өндіру кәсіпорындарының күрделі шығындары бойынша болжам айтарлықтай ұлғайды (Күрделі шығындар шолуын қараңыз), шикізатқа, материалдарға, жабдыққа сатып алу бағасының өсуі, сондай-ақ «Буденовское» БК» ЖШС, «Катко» БК» ЖШС (Оңтүстік Төртқұдық) және «ОРТАЛЫҚ» БК» ЖШС (Жалпақ) кеніштерінің инфрақұрылымын дамытуға жалпы сомасы шамамен 85 млрд. болды.

УРАНДЫ САТУ БАҒАЛАРЫ БОЙЫНША СЕЗІМТАЛДЫҚТЫ ТАЛДАУ

Төмендегі кестеде Топтың U_3O_8 орташа жылдық сату бағасы белгілі бір жылдағы (жоғарғы қатарда көрсетілген) спот бағасының өзгеруіне (сол жақ бағанда көрсетілген) қалай ықпал ететіндігі көрсетілген. Қазіргі уақытта кестеде Топ бойынша U_3O_8 сатудың орташа бағасы уранның нарықтық спот бағасымен тығыз байланысты екендігі айқын көрінеді.

Бұл сезімталдықты талдау тек анықтамалық ақпарат ретінде қолданылуы керек. Ақиқатында, уран нарығындағы спот бағалары U_3O_8 сатудың орташа жылдық бағалары осы кестеде көрсетілген мәліметтерден өзгеше болуына әкелуі мүмкін. Кесте бірнеше негізгі болжамдарға негізделген, соның ішінде өзгеруі мүмкін болашақ бизнес мүмкіндіктерін бағалау, Топтың бақылауынан тыс тәуекелдер мен белгісіздіктерге ұшырайды. Берілген кестенің астындағы ескертулерге назар аударуыңызды және қосымша ақпарат алу үшін Болашаққа қатысты мәлімдеме бөлімін қарауыңызды сұраймыз.

Орташа жылдық споттық баға (АҚШ долл.)	2024E	2025E	2026E	2027E	2028E
20	30	26	24	25	22
40	42	39	39	39	39
60	56	55	57	57	58
80	68	69	74	73	76
100	79	80	88	87	93
120	90	92	102	100	109
140	100	109	115	114	126

Мәндер доллар сомасына дейін дөңгелектенеді. Бұл сезімталдықты талдау келесі негізгі болжамдарға негізделген:

- Осы талдаудың мақсаттары үшін АҚШ-тағы жылдық инфляция тарихи мәндер негізінде 2% құрайды деген болжам қолданылады.
- Талдау 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізілді және 2024-2028 жылдарға арналған, Топтың көрсетілген кезең ішінде жылдық ең төменгі орташа сату көлемі негізінде шамамен 18.0 мың тонна U_3O_8 түрінде уран дайындалды, оның ішінде 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келісім-шарттар жасалған көлемдер келісім-шарттың қолданыстағы шарттарына сәйкес сатылатын болады (яғни келісілген баға формуласына сәйкес есептелген, белгіленген баға компоненті және/немесе жекелеген спот, орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағалар комбинациясы біріктірілген баға механизмдері бар келісім-шарттар). Қазатомөнеркәсіптің маркетингтік стратегиясы икемді болып қалу және нарықтық сигналдарға барабар жауап беру үшін оның портфеліндегі тіркелген және нарықтық бағасы бар келісім-шарттардың нақты үлесіне бағытталмайды.
- Осы кестедегі мақсаттар үшін U_3O_8 расталмаған көлемі сатып алушылармен тікелей жасалатын және спот бағаларға негізделген қысқа мерзімді келісім-шарттар бойынша сатылады деп болжанады.



3

ESG және бизнестің тұрақтылығы

Стратегиялық тәсіл **84**
Климаттың өзгеруі және энергия тиімділігі **101**
Экологиялық тұрақтылық **107**
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік **126**
Персоналды басқару **140**
Жергілікті қауымдастықтарды қолдау **156**
Жеткізу тізбегі **160**
Ғылым және инновация **163**

Стратегиялық тәсіл

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

2011
- Алғаш рет БЖЕ-ге GRI қаржылық емес есеп беру стандарттары енгізілді.

2017
- 2017-2019 жылдарға арналған корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы тұрақты даму бағдарламасы әзірленді.

2019
- Тұрақты даму саласындағы саясат әзірленді және жарияланды.
- Компания құрылымында арнайы бөлімше «Тұрақты даму басқармасын» құру арқылы тұрақты дамуды басқарудың корпоративтік функциясы күшейтілді.
- БҚЕ-ге тұрақты дамуды басқару тәсілдері және Компанияның БҰҰ-ның жаһандық тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ақпарат енгізілді (БҰҰ ТДМ).
- БҰҰ-ның басым ТДМ және БҰҰ-ның әрбір ТДМ үшін негізгі қосалқы міндеттер айқындалды.

2020
- Алғаш рет 2020 жылға арналған біріктірілген жылдық есептегі ESG ақпарат үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес тәуелсіз растаудан өтті.
- GRI индикаторларын ашу тереңдетілді.

2021
- Климаттық тәуекелдерді басқару саласындағы жұмыстар басталды.
- Тұрақты даму саласындағы тәуекелдер анықталды.
- 2021 жылғы БЖЕ-ге БҰҰ Сауда және даму конференциясының (UNCTAD) тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің негізгі көрсеткіштері енгізілді.
- Компания алғашқы бақылау аудитінен сәтті өтіп, TÜV International Certification (Германия) сертификатын бірден екі халықаралық ISO 45001 және ISO 14001 стандарттары бойынша растады.
- Топтың барлық кәсіпорындарында ISO 50001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін энергоменеджмент жүйесі енгізілді. Энергоменеджмент жүйелері аясында Топ кәсіпорындарында энергоаудиттер үнемі өткізіліп тұрады.

2022
- Климаттық тәуекелдер анықталды және бағаланды.
- Компанияның Директорлар кеңесі 2060 жылға дейін декарбонизациялау және көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясын бекітті.
- Компанияның Директорлар кеңесі Адам құқықтары саласындағы саясатты бекітті.
- UN Global Compact-қа қосылды.
- GRI индикаторларын ашу тізбесі кеңейтілді.
- Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу мәселелері бойынша жұмыс тобының (TCFD) ұсыныстарына сәйкес ақпарат ашылды.
- S&P Global Ratings жетекші халықаралық рейтинг агенттігінен бірінші тәуелсіз ESG рейтингі алынды.

2023
- «B» («басқару») деңгейінде CDP (Carbon Disclosure Project) бірінші халықаралық климаттық рейтингі алынды.
- S&P Global Ratings жетекші халықаралық рейтинг агенттігінен 41/100 деңгейінде CSA (Corporate Sustainbility Assessment) бағасы алынды.
- Компанияның Директорлар кеңесі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023-2030 жылдарға арналған Тұрақты даму саласындағы бағдарламасын бекітті.
- Компанияның Директорлар кеңесі 2023-2030 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Су ресурстарын басқару стратегиясын бекітті.
- 2023-2024 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да ESG тәжірибелерін жетілдіру жөніндегі Жол картасын іске асырды.
- 2023-2030 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Радиоактивті қалдықтарымен жұмыс істеу бағдарламасы әзірленді.
- SASB стандарттарына сәйкес ақпарат ашылды.
- Компанияның тәуекелдер тізіліміне климаттық тәуекелдер қосылды.
- Топ қызметкерлері үшін «Қазақстанның уран өндіру саласын тұрақты дамыту» тақырыбында жыл сайынғы таунхолл өткізілді.
- БҰҰ-ның «SDG Ambition» Жаһандық келісімшарт бағдарламасына қатысты.

2024 жылға арналған жоспарлар
- CSA (Corporate Sustainbility Assessment) бағасын жаңарту/тәуелсіз ESG рейтингін алу.
- CDP (Carbon Disclosure Project) халықаралық климаттық рейтингін жаңарту.
- 2023-2030 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы бағдарламасын іске асыру.
- 2023-2024 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да ESG тәжірибелерін жетілдіру жөніндегі Жол картасын іске асыру.
- 2023-2030 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Су ресурстарын басқару стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың Кешенді жоспарын әзірлеу, бекіту және іске асыру.
- IFRS S2 сәйкес ақпаратты ашуға дайындалу.
- Холдинг қызметкерлеріне ESG қағидаттарын түсінуді және ұстануды насихаттау бойынша іс-шаралар өткізу.

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Қазатомөнеркәсіп өз жұмысының бүкіл циклі бойы тұрақты даму қағидаттарын белсенді түрде енгізеді, сонымен қатар өзінің серіктестерін, жеткізушілерін және басқа да мүдделі тараптарды бизнестегі және әлеуметтік жауапкершіліктегі жауапты тәсілге көтермелейді. Тұрақты даму Компания стратегиясының негізгі элементі болып табылады, оның ұзақ мерзімді перспективада бизнестің ілгерілеуі үшін ғана емес, сонымен қатар Қазатомөнеркәсіптің негізгі корпоративтік құндылықтарын қалау үшін де маңыздылығын атап көрсетеді.

GRI 2-23

Тұрақты даму саласындағы қызметтің басым бағыттарын анықтау кезінде Қазатомөнеркәсіп БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған БҰҰ-ның (БҰҰ ТДМ) тұрақты даму саласындағы мақсаттарын, сондай-ақ осы саладағы басқа да халықаралық стандарттар мен бастамалардың ережелерін басшылыққа алады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның тұрақты даму қағидаттары

- Ашықтық
- Есептілік
- Айқындық
- Этикалық мінез-құлық
- Құрмет
- Заңдылық
- Адам құқықтарын сақтау
- Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік
- Мүдделер қақтығысына жол бермеу
- Жеке мысал

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы басым бағыттары

Қызмет бағыттары	БҰҰ ТДМ
Экономикалық тұрақтылық	
Адами капитал мен мәдениетті дамыту	
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік	
Экологиялық жауапкершілік	
Ғылыми-техникалық және инновациялық-технологиялық даму	
Тиімді корпоративтік басқару және тәуекел-мәдениет	
Жоғары этикалық стандарттар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	
Жауапты сатып алулар	
Жауапты бизнес жүргізу - мүдделі тараптармен, жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу және есеп беру	

GRI 2-9, 2-12, 2-13, 2-14

Компанияда тұрақты даму мәселелері басқарудың барлық деңгейлерінде біріктірілген. Директорлар кеңесі иерархияның жоғарғы жағында оны стратегиялық басымдық ретінде қарастыра отырып, осы тақырыпқа ерекше назар аударады. Директорлар кеңесі Қазатомөнеркәсіптің тұрақты даму саласындағы қағидаттары мен мақсаттары біріктірілген Компанияның Даму стратегиясын, сондай-ақ Компанияның тұрақты дамуына байланысты мақсаттарды, құндылықтар мен процестерді қамтитын өзге де бағдарламалық және жоспарлы құжаттарды бекітетін және іске асыруды бақылайтын орган болып табылады. Директорлар кеңесіне тұрақты даму саласындағы бағыттар мен процестер бойынша есептер тұрақты (жыл сайынғы, тоқсан сайынғы) негізде ұсынылады, оларды қарау кезінде, қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшелері бұл мәселелерді мүдделі тараптармен (Компания қызметкерлерімен, сыртқы стейкхолдерлермен және т.б.) талқылайды. Мұндай есептілікті қарауды Директорлар кеңесі кезекті және кезектен тыс отырыстарда жүргізеді. Директорлар кеңесінің құрамында жұмыс істейтін Комитеттер Директорлар кеңесіне осы саладағы тұрақты даму қағидаттары мен стратегиялық міндеттерді енгізуге және іске асыруға ұсынымдар дайындаумен айналысады. Басқарушылық деңгейде Компания Басқармасы стратегиялық жоспарлардың, бағдарламалар мен бастамалардың орындалуын тікелей қадағалайды, белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді және тұрақты даму шеңберіндегі іс-әрекеттердің тиімділігін бақылайды. Тұрақты дамудың нақты бағыттары бойынша міндеттер Компанияның тиісті бөлімшелері арасында орталықтандырылған деңгейде және еншілес және тәуелді қоғамдарда жергілікті деңгейде бөлінеді, бұл осы маңызды салада біртұтас және тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.

Компанияның қаржылық емес есептілігінің құрамында ашу үшін маңызды тақырыптардың тізбесін Компания жыл сайын қайта қарайды және Компанияның Біріктірілген жылдық есебін бекіту шеңберінде Директорлар кеңесімен бекітіледі.

Толығырақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2022 жылғы біріктірілген жылдық есебін қараңыз

Қазатомөнеркәсіпте тұрақты даму аспектілеріне қатысты бірқатар негізгі ішкі құжаттар әзірленіп, енгізілген. Бұл құжаттар тиімді басқару және әдеп стандарттарын сақтау, еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, персоналды басқару, жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу және жеткізу тізбегін басқару секілді салалардағы бизнес-процестерге арналған ережелерді белгілейді, бұл Компанияның жауапты және тұрақты бизнес жүргізуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Толығырақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2021 жылғы біріктірілген жылдық есебін қараңыз

Тұрақты даму саласындағы стандарттар мен бастамаларды қолдау

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның қатысуы

Қолдау туралы мәлімдейміз, корпоративішілік құжаттарда ескереміз	Есеп береміз
БҰҰ конвенциясы, Халықаралық еңбек ұйымы	Сауда және даму жөніндегі БҰҰ Конференциясының (UNCTAD) тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің негізгі көрсеткіштері
БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі мақсаттары	БҰҰ-ның Жаһандық келісімшарты

2023 жылғы қараша айында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі 2023-2030 жылдарға арналған Компанияның тұрақты даму саласындағы бағдарламасын бекітті.

Бағдарламаның мақсаты – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерді белсенді басқару есебінен акционерлік құнның өсуін қамтамасыз ету және мүдделі тараптардың барлық топтарының мүдделеріне ұзақ мерзімді перспективада қосылған құндылық жасау үшін тұрақты даму қағидаттарына сәйкес Компанияның даму стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ету.

БҰҰ ТДМ сәйкес Бағдарламаның мақсаттары:

E – ЭКОЛОГИЯ

Қоршаған ортаны қорғау

Ұтымды тұтыну және үнемді өндіріс

Биоан алуантүрлілікті сақтау

Экология және биоалуантүрлілік саласындағы әлемдік бастамаларды қолдау және ілгерілету

S – ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

Нөлдік өлімге әкелетін жарақаттануға қол жеткізу

Қауіпсіздік мәдениетін арттыру

Мердігерлер мен жеткізушілерді Компанияның өндірістік қауіпсіздік жүйесімен қамту

Білікті кадрларды тарту және ұстап қалу

Әлеуметтік тұрақтылықты және персоналды тартуды арттыру

Қатысу аймақтарын дамыту

Қызметкерлердің денсаулығы мен әл-ауқатына қамқорлық жасау

G – КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Гендерлік теңдікке ұмтылу

Адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету

Сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру

Тәуекел мәдениетін және комплаенсті дамыту

Компанияның жеткізу тізбегі бойынша жауапты сатып алу жүйесін енгізу

2030 жылға қарай Бағдарламаны іске асырудың негізгі күтілетін нәтижелері:

- Компанияның ESG рейтингін/бағасын 2022 жылғы деңгейден 10%-ға арттыру.
- Компанияның парниктік газдар шығарындыларын 1 және 2 қамту бойынша 2021 жылғы деңгейден 10%-ға төмендету.
- Компанияның энергия теңгеріміндегі жасыл электр энергиясының (ЖЭК+АЭК) үлесін 10%-ға дейін ұлғайту.
- Рециклингтің экономикалық тиімділігінің 2021 жылғы деңгейден 40%-ға өсуі.
- Суды қайта пайдалану үлесін 10%-ға дейін арттыру.
- Су тұтынудың үлестік көрсеткіштерін қысқарту

  ($м^3$/тонна өнім), 2022 жылғы деңгейге:
  - уран өндіруде – 15%-ға;
  - уран өндірісінде («ҮМЗ» АҚ) – 100%-ға;
  - тантал өндірісінде («ҮМЗ» АҚ) – 50%-ға;
  - бериллий өндірісінде («ҮМЗ» АҚ) – 100%-ға;
  - күкірт қышқыл өндірісінде – 5%-ға.
- Өнім бірлігіне ТҰХК қайта өңдеу кезінде сұйық радиоактивті қалдықтардың пайда болуын болдырмау.
- Өндірісте өлімге әкелетін жарақаттану жағдайларын болдырмау.
- LTIFR көрсеткішінің 0,1-ге дейін төмендету.
- Қызметкерлердің ауысуын 12%-ға дейін төмендету.
- Әлеуметтік тұрақтылық деңгейін 77%-ға дейін арттыру.
- Холдингтің басқару органдары құрамындағы әйелдер үлесін 30%-ға дейін ұлғайту.
- Холдингтің тауарларды сатып алудағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылығын тауарлар бойынша 50%-дан және жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 91%-дан төмен емес деңгейде сақтау.
- Жыл сайынғы негізде адам құқықтарын қорғау бойынша оқытудан өткен Холдинг қызметкерлерін 100% қамтуды қамтамасыз ету.
- 2022 жылмен салыстырғанда әдеп қағидаттары, комплаенс және ESG бойынша ерікті оқытумен қамтылған Холдинг жеткізушілерінің санын 15 есе ұлғайту.

БҰҰ-НЫҢ ЖАҺАНДЫҚ КЕЛІСІМШАРТ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНУ

GRI 2-23

2022 жылы Қазатомөнеркәсіп БҰҰ Жаһандық келісімшарт (БҰҰ ЖК) бастамасының ресми қатысушысы болды және осы бағытта жұмысын жалғастыруда. Адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Жаһандық шарттың он қағидаты Компания өзі үшін ең елеулі және өзекті деп анықтаған маңызды тақырыптарға енгізілген. БҰҰ ЖК-мен ынтымақтастық инвестициялық қоғамдастық тарапынан сенімді нығайтуға ықпал етеді, Он Қағидатты дәйекті және келісілген түрде іске асырудағы өзінің ілгерілеуін өлшеуге және көрсетуге, сондай-ақ өзінің ілгерілеуін басқа әлемдік компаниялардың ұқсас көрсеткіштерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Жыл сайын БҰҰ ЖК қатысушылары БҰҰ ЖК ресми сайтында қолжетімді Ілгерілеу туралы есеп жариялайды. 2023 жылдың маусым айында Қазатомөнеркәсіп өзінің Ілгерілеу туралы алғашқы есебін шығарды. Бұдан басқа, Қазатомөнеркәсіптің қызметкерлері БҰҰ ЖК академиялық платформасына қол жеткізе алады, онда ай сайын Жаһандық ESG күн тәртібіндегі маңызды тақырыптардың көпшілігін қамтитын түрлі семинарлар мен конференциялар өткізіледі.

№	Қағидаттар	Есеп Бөлімі
1.	Іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауы және құрметтеуі керек	Персоналды басқару
2.	Іскер топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс	Персоналды басқару
3.	Іскер топтар бірлестік еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы керек	Персоналды басқару
4.	Іскер топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюды жақтауы керек	Персоналды басқару
5.	Іскер топтар балалар еңбегін толығымен жоюды жақтауы керек	Персоналды басқару
6.	Іскер топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауы тиіс	Персоналды басқару
7.	Іскер топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге бағытталған тәсілді қолдауы керек	Экологиялық тұрақтылық
8.	Іскер топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдауы тиіс	Экологиялық тұрақтылық
9.	Іскер топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс	Экологиялық тұрақтылық
10.	Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы керек	Корпоративтік әдеп және комплаенс

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

GRI 2-29

Қазатомөнеркәсіптің басты міндеті - өзінің барлық мүдделі тараптарының қажеттіліктері мен үміттерін түсінуге сүйене отырып, олардың тұрақты құндылығын қалыптастыру. Бұл тұрғыда Компания тікелей диалог пен пікір алмасу жүйелерін жақсартуға үлкен мән бере отырып, әртүрлі байланыс нысандары мен кері байланыс арналарын пайдалана отырып, стейкхолдерлермен өзара әрекеттесудің тиімді әдістерін әзірлейді және енгізеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ақпаратты ашу саясаты» және «Стейкхолдер картасы» мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу процестерін басқаратын негізгі нормативтік құжаттары болып табылады.

Одан әрі ынтымақтастық үшін мүдделі тараптарды таңдау және анықтау олардың ағымдағы операциялық қызметке және Қазатомөнеркәсіпті дамытудың стратегиялық жоспарларына әсерін бағалауға негізделеді. Бұл процессте Компанияның сыртқы мүдделі тараптармен алдыңғы өзара әрекеттесуінің тәжірибесі де, олардың Компания қызметінің нәтижелеріне тәуелділік дәрежесі де ескеріледі.

Мүдделі тараптармен байланыс арналары:

- Талдаушылар күн
- Қызмет қорытындысы бойынша конференц-қоңыраулар
- Жауап алулар және сауалнамалар
- Ақпараттық бюллетеньдер
- Жеке және жалпы кездесулер
- Электрондық пошта және телефон арқылы тікелей байланыс
- Салалық іс-шаралар
- Презентациялар
- Корпоративтік есеп беру
- Ресми сайт
- БАҚ-тағы жарияланымдар
- Әлеуметтік желілер
- Шағым беру тетіктері

Компания жыл сайын мүдделі тараптардың картасын өзектендіреді. 2023 жылы картаның өзектілігі менеджмент сауалнамасымен расталды.

2023 жылғы Қазатомөнеркәсіптің мүдделі тараптарының дәрежелік картасы

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тетіктері

GRI 2-29

Стейкхолдердің Компанияға деген қызығушылығы	Өзара әрекеттесу тетіктері
Акционерлер	
Экономикалық пайда/Шоғырландырылған таза пайда/Экономикалық нәтижелілік; Даму және дивидендтер үшін бос қаражат; Таза активтердің құны (NAV); Корпоративтік басқару рейтингі; Нарықтағы үлес/Нарықтарға қатысу; Қоршаған ортаға эмиссияларды барынша азайту.	Компания акционерлерінің, Директорлар кеңесінің және Қор Басқармасының, Компанияның Директорлар кеңесінің жалпы шешімдері; Бірлескен жұмыс топтарын ұйымдастыру, кеңестер, келіссөздер, кездесулер өткізу; Қормен тұрақты даму процестерін іске асыру мәртебесін талқылау; Келісілген формат бойынша акционерлерге, оның ішінде Қорға мерзімді есеп беру; Директорлар кеңесінің бейінді комитетімен тұрақты даму бойынша арнайы сессия өткізу; Топ қызметінің мәселелері бойынша хат алмасу; Сауалдар жасау, сауалнама жүргізу, тестілеу; Ішкі корпоративтік байланыс арналары; Жылдық есеп пен Компанияның интернет-ресурстары.
Тұтынушылар	
Нарықтағы үлес/Нарықтарға қатысу; Өнімдер мен қызметтерді таңбалау; Маркетингтік коммуникациялар; Қоршаған ортаға эмиссияларды барынша азайту.	Тұтынушылармен кері байланыс жүйесі; Кездесулер, келіссөздер, сауалнама жүргізу; Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою; «Жедел желі»; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурстары.
Инвестициялық сарапшылар	
Компания қызметінің түрлі аспектілерін талдау; Компанияны аналитикалық рейтингтерге қосу.	Конференциялар, форумдар, талдаушы күндері, өндірістік алаңдарға сапарлар, инвесторлармен жыл сайынғы кездесулер; Кеңестер, келіссөздер өткізу, сауалнама жүргізу; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурстары; Тоқсан сайынғы операциялық нәтижелер; Тоқсан сайынғы қаржылық есептілік және баспасөз хабарламалары.
Менеджмент пен персонал	
Жұмыспен қамту, қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы, кемсітушілікке жол бермеу/Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер/Қызметкердің жұмысына, сондай-ақ компанияның оның бақылауындағы қызметтерінің жұмысын қанағаттану деңгейі; Оқыту және білім беру; Өндіріс қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыру.	Қызметкерлерге сыйақы берудің әділ және ашық шарттары, қызметкерлердің кәсіби өсуін қамтамасыз ету, қауіпсіз еңбек жағдайлары; Кадрлық әлеуетті дамыту; Өндірістік қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар және еңбек жағдайларын жақсарту бағдарламаларын іске асыру; Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды іске асыру; Қызметкерлердің біліктілігін арттыру, оқыту және дамыту бағдарламалары; Басшылықпен тұрақты кездесулер, келіссөздер жүргізу; Қызметкерлерді Компания қызметі, кәсіби өсу мүмкіндіктері туралы корпоративтік журналдар, әлеуметтік желілер арқылы хабардар ету; Сауалдар жасау, сауалнама жүргізу, тестілеу; «Жедел желі», ішкі корпоративтік коммуникация арналары, Компанияның интернет-ресурстары.
Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілер	
Конкурстарға қатысуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету; Сатып алу санаттық стратегияларын іске асыру қорытындылары бойынша пайда; Отандық тауар өндірушілерді қолдау.	Ашық қол жетімді сатып алу жүйесі; Тұрақты талдамалық кездесулер, келіссөздер, іскерлік хат алмасу жүргізу; Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою, лицензиялау; Компанияға жіберілетін өндірістік, инвестициялық және әлеуметтік жоспарлар мен міндеттемелерді орындау бойынша ақпарат/есептілік; Компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша есеп беру; Компанияға жолданған хаттарды (өтініштерді) қарастыру; Сауалдар жасау, сауалнама жүргізу, тестілеу; «Жедел желі»; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурстары.
Бизнес-қоғамдастықтар (қауымдастықтар, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, ЗТБ)	
Компанияның салалық стандарттарды жетілдіруге және сақтауға қатысуы; Компанияның бизнес-ортаны жетілдіруге қатысуы; Бизнес-ортаның мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу тетіктері арқылы мемлекеттік органдарда Компанияны қолдау, Компанияның заңнамалық бастамаларын ілгерілетуге жәрдемдесу.	Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу; Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою; Жұмыс топтарын құру, кеңестер, келіссөздер өткізу, сауалнама жүргізу; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурстары.

Серіктестер	
Нарықтағы үлес/Нарықтарға қатысу; Компания және барлық уран өндіруші ЕТҰ бойынша өндірілген уранның шала тотығы-тотығының меншікті өндірістік өзіндік құны.	Құрылтай шарттары; Компанияның басқару органдарының/ЕТҰ қатысушыларының, бірлескен консультативтік-кеңесші органдардың шешімдері; Бірлескен жұмыс топтарын ұйымдастыру, тексерулер жүргізу; Жиналыстар, келіссөздер, іскерлік хат алмасу, сауалнама жүргізу; Ағымдағы қызмет туралы есептер; ЕТҰ қызметі мәселелері бойынша хат алмасу; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурсы.
Мемлекеттік органдар	
Талаптарға сәйкестік, тұрақтылық және бизнестің орнықтылығы; Жұмыс орындарын құру және сақтау; Халықаралық аренада елдің экономикалық мүдделерін білдіру (ҚР уран саласын дамыту тұрғысында ел үшін экономикалық, саяси және имидждік пайда; Өндірістің энергия және ресурс тиімділігі деңгейін арттыру; Қоршаған ортаға эмиссияларды барынша азайту.	Компанияның ЕТҰ лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерінің орындалуын тексеру; Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын тексеру, ҚРзаңнамасына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу; Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты, жер қойнауын пайдалану құқығын мемлекеттік тіркеу актісін келісу; Сұраныстарға сәйкес өндірістік, инвестициялық және әлеуметтік жоспарлар мен міндеттемелерді орындау бойынша ақпарат/есептілік; Келіссөздер, іскерлік хат алмасу, аппараттық, өндірістік, жедел және өзге кеңестер, сауалнама жүргізу; Компанияның ЕТҰ лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерін орындау бойынша есептер, ҚР Энергетика министрлігіне (ЭМ) тоқсан сайынғы есеп, Компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша есептілік; «Жедел желі»; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурсы.
Халықаралық ұйымдар	
Компанияның халықаралық келісімдерге, бастамаларға қатысуы.	Конференциялар, форумдар, жыл сайынғы кездесулер; Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою; Жұмыс топтарын құру, кеңестер, келіссөздер өткізу, сауалнама жүргізу; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурстары.

Кредит берушілер	
Экономикалық пайда/Шоғырландырылған таза пайда/Экономикалық тиімділік; Даму және дивидендтер үшін бос қаражат; Таза активтердің құны (NAV); Инвестициялау және сатып алу тәжірибесі/Сатып алу категориялық стратегияларын іске асыру қорытындылары бойынша пайда.	Тұрақты талдамалық кездесулер мен келіссөздер жүргізу, іскерлік хат алмасу, сауалнама жүргізу; БАҚ-та Компания туралы ақпаратты жариялау; «Жедел желі»; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурсы.
Жергілікті атқарушы органдар	
Талаптарға сәйкестік, жұмыс орындарын құру және сақтау, демеушілік және қайырымдылық көмек; Компания қызметкерлерінің еңбегі мен денсаулығын қорғау; Өндірістің энергия және ресурс тиімділігі деңгейін арттыру, қоршаған ортаға эмиссияларды барынша азайту.	Өңірлердің әлеуметтік саласын қолдау және дамыту мақсатында жергілікті атқарушы органдар мен Компания арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумдар; Жергілікті атқарушы органдар мен Компания арасындағы өңірлердің әлеуметтік саласын қаржыландыру жөніндегі бас келісімдер; «Жедел желі», әлеуметтік желілер; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурсы.
Қоғамдық ұйымдар мен жергілікті тұрғындар	
Өндіріс қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыру; Өндірістің энергия және ресурс тиімділігі деңгейін арттыру; Қоршаған ортаға эмиссияларды барынша азайту; Заңнамалық талаптарға сәйкестік, демеушілік және қайырымдылық көмек; Оқыту және білім беру.	Қоғамдық тыңдаулар өткізу; ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу; БАҚ-та Компания туралы ақпаратты жариялау; Сауалдар жасау, сауалнама жүргізу, тестілеу; Компания мен ЕТҰ-ның ағымдағы қызметі туралы хабардар ету; Компанияға жолданған хаттарды (өтініштерді) қарастыру; «Жедел желі», әлеуметтік желілер; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурсы.
Кәсіподақ	
Жұмыс орындарын құру және сақтау; Өндіріс қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыру.	Қоғамдық тыңдаулар өткізу; Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою; Ұжымдық шартпен Компания қызметкерлерімен еңбек қатынастарын реттеу; ҚР еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлерге еңбекақы төлеу, оқыту және білім беру, қауіпсіз еңбек жағдайлары; ЕТҰ-ның ағымдағы қызметі туралы хабардар ету; Компанияға жолданған хаттарды (өтініштерді) қабылдау; «Жедел желі», әлеуметтік желілер, ішкі корпоративтік коммуникация арналары; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурсы.

Еншілес және тәуелді ұйымдар	
Жұмыспен қамту және еңбекақы деңгейі, қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы, кемсітушілікке жол бермеу, әртүрлілік және тең мүмкіндіктер; Өндіріс қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыру, оқыту және білім беру; Нарықтағы үлес/Нарықтарға қатысу, өнімдер мен қызметтерді таңбалау.	Компанияның акционер/ЕТҰ қатысушысы ретіндегі шешімдері; «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ арасындағы құпиялылық туралы келісімге сәйкес есептілік; Компанияның басқару органдарының/ЕТҰ қатысушыларының шешімдері; ҚР Заңнамасының және топтың ішкі құжаттарының сақталуын тексеру; Қоғамның ЕТҰ лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерінің орындалуын тексеру; ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу; Мемлекеттік органдардың сауалы бойынша Компания қызметінің түрлі бағыттары бойынша ақпарат ұсыну; Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою; Бұйрықтар мен өкімдер, Компанияның ЕТҰ менеджментін тыңдау; Компанияға жіберілетін өндірістік, инвестициялық және әлеуметтік жоспарлардың/міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат/есептер; Аппараттық, өндірістік жедел және басқа кеңестер, қоғамдық тыңдаулар өткізу; Өндірістік қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар, оқыту және білім беру; «Жедел желі», әлеуметтік желілер, ішкі корпоративтік коммуникация арналары; Жылдық есеп және Компанияның интернет-ресурсы.
Мамандандырылған ұйымдар (оның ішінде «SamrukKazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры)	
Әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған жобалар мен бағдарламаларды іске асыру; «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторының функцияларын іске асыру.	Кіріс және шығыс хат-хабарлар; Іскерлік хат алмасу; Жиналыстар, келіссөздер, өзгелер; Ағымдағы қызмет туралы есептер; БАҚ-та Компания туралы ақпаратты жариялау; ЖЖедел желі взять в кавычки; Компанияның интернет-ресурсы.
Қор биржалары	
Ережелерді сақтау; Қаржылық есептілікті және өзге де ақпаратты уақтылы ұсыну.	Кездесулер, келіссөздер өткізу; Компанияның интернет-ресурсы; Есеп беру; Биржалық реттеушінің интернет-ресурсы.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР МЕН КОМПАНИЯ АРАСЫНДАҒЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР

Қазатомөнеркәсіпте негізгі мүдделі тараптар мен Компания басшылығының қатысуымен қызметтің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін талқылау үшін нақты процедуралар белгіленді. Бұл мәселелер Директорлар кеңесінің мамандырылған комитеттерінің отырыстарында, сондай-ақ ЕТҰ басқару органдарының отырыстары шеңберінде көтеріледі және мұқият өңделеді.

Бастапқы талдауды, негізгі мәселелерді егжей-тегжейлі талқылауды және шешім қабылдауға ұсыныстар дайындауды қамтитын Директорлар кеңесі комитеттерінің жүйелі жұмысының арқасында Директорлар кеңесі компанияны тиімді басқарудың барлық қажетті құралдарына ие. Бұл Компанияға өзгермелі сыртқы ортаға тез бейімделуге және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстануға мүмкіндік береді.

ТЕРІС ӘСЕРЛЕРДІ ЖОЮ ПРОЦЕСТЕРІ

GRI 2-25

Қазатомөнеркәсіп көпшілік компания бола отырып, листинг ережелері мен ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды қатаң ұстанады. Компания өзінің корпоративтік басқару жүйесін тиімділік, жеделдік және ашықтық қағидаттарына негіздейді, бұл адам құқықтарын қорғау, акционерлердің мүдделері, кадр саясаты, жеткізушілермен өзара әрекеттесу, заңдылық пен әдеп, өндірістегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын шешу, сонымен қатар жағымсыз әсерлерді жою сияқты негізгі салаларда тиімді басқару мен бақылауға кепілдік береді.

Компания заңнаманы бұзумен байланысты немесе оның қызметіне теріс әсер ететін кез келген инцидент қаржылық шығындарды, инвесторлар мен стейкхолдерлердің сенімін жоғалтуды, акциялар құнының төмендеуін, беделге нұқсан келтіруді, айыппұлдарды және басқа да жағымсыз салдарды қоса алғанда, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін екенін түсінеді.

Барлық мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу үшін Қазатомөнеркәсіп екіжақты коммуникацияны дамытуға ерекше назар аудара отырып, байланыстың әртүрлі тәсілдері мен арналарын қамтитын коммуникациялар жүйесін әзірледі.

Қазатомөнеркәсіп шағымдарды беру үшін нақты және қолжетімді рәсімдерді әзірледі, бұл қызметкерлерінен бастап серіктестерге дейін барлық мүдделі тараптарға ықтимал немесе өзекті мәселелерге қатысты өз алаңдаушылықтарын білдіруге және олардың тез арада қаралуын және шешілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Компанияның әрбір қызметкері, сондай-ақ кез келген мүдделі тарап белгіленген байланыс арналары арқылы ұсыныстармен, сұрақтармен немесе шағымдармен жүгінуге құқылы. Сонымен қатар, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес барлық қызметкерлерге жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін кез келген жағдайлар немесе әрекеттер туралы «жедел желі», корпоративішілік байланыс арналары, әлеуметтік желілер немесе Компанияның ресми сайты арқылы хабарлау міндеті жүктелген. Қазатомөнеркәсіп мәлімдеушілердің толық құпиялылығы мен анонимділігін қамтамасыз ете отырып, осындай хабарлауларға жауап ретінде кез келген қуғын-сүргінге қатаң тыйым салады.

Қазатомөнеркәсіп белгілі бір тақырыптың ерекшелігіне сәйкес келетін белгіленген критерийлерге сәйкес өтініштерде көтерілетін әрбір мәселенің маңыздылығын мұқият бағалайды. Пайда болған немесе ықтимал теріс әсердің сипатына, сондай-ақ келіп түскен шағымның мазмұнына байланысты Компания қажетті түзету шараларын қабылдайды.

Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту және операциялық, экологиялық және қаржылық тәуекелдерді болдырмау мақсатында Қазатомөнеркәсіп ерте кезеңдерде ықтимал қауіптерді анықтау бойынша белсенді жұмыс істеуде. Бұл процесс Компанияның барлық негізгі бизнес-процестеріне, соның ішінде стратегияға, бизнесті жоспарлауға, операцияларды басқаруға және күрделі шығындарды бағалауға біріктірілген. Бұл тәсілді қолдану Компанияға ықтимал жағымсыз әсерлерді сәтті анықтауға және бейтараптандыруға, сондай-ақ тәуекелдерді тиімді басқаруға және азайтуға мүмкіндік берді. Бұдан басқа, тәуекелдерді, ықтимал инциденттерді зерттеудің және қоршаған ортаның жай-күйі туралы хабардар болудың қатаң рәсімдерінің арқасында Қазатомөнеркәсіп теріс әсерлердің алдын алу немесе жою үшін уақтылы және барабар шаралар қабылдайды.

Қазатомөнеркәсіптің коммуникациялық арналарының тиімділігін бағалау корпоративтік мәдениетті талдау негізінде жүргізіледі. Бұл қызметкерлердің қатысу деңгейін, олардың ұйым ішіндегі өзара әрекеттесуін, дағдарыстық жағдайларға ден қою жылдамдығын, жұмыс өнімділігін және Компанияның стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізудегі табыстылығын зерттеуді қамтиды.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚҰРУ

GRI 3-3

Қазатомөнеркәсіп өзінің акционерлеріне, қызметкерлеріне, серіктестеріне және басқа да мүдделі тараптарына экономикалық құндылықты құру туралы ашық және айқын ақпарат береді. Есепті кезеңдегі экономикалық құндылықты құру және бөлу туралы мәліметтерді жариялау Компанияның барлық мүдделі тараптарына Топтың экономикалық дамуға қалай үлес қосатынын бақылауға мүмкіндік береді.

580,34

млрд теңгені

2023 жылы бөлінбеген экономикалық құны құрады.

GRI 201-1

Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, млрд теңге

Тарау	Құрылған тікелей экономикалық құн	2021	2022	2023
Құрылған тікелей экономикалық құн				
Кірістер[65]	Мүдделі тараптардың кең тобы	761,53	1 146,9	1 579,23
Бөлінген экономикалық құн, оның ішінде				
Операциялар шығыстар[66]	Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілер	373,59	440,95	611,62
Жалақы	Қызметкерлер	53,05	71,69	86,00
Қаржылық шығындар	Акционерлер, несие берушілер, инвестициялық сарапшылар	6,71	8,43	9,59
Табыс салығынанн басқа салықтар	Мемлекеттік органдар	26,14	32,57	56,20
Табыс салығы брйынша шығыстар		61,62	110,74	148,01
Өзге шығыстар		15,86	8,43	86,18
Әлеуметтік салаға арналған шығыстар (жергілікті қоғамдастыққа инвестициялар)	Жергілікті тұрғындар	4,54	1,13	1,30
Бөлінбеген экономикалық құн		220,03	472,96	580,34

[65] Кірістер GRI стандарттарының әдістемесіне сәйкес есептеледі және Компанияның түсімдері мен барлық кірістерінің сомасын қамтиды.

[66] Операциялық шығыстар мынадай тарауларды қамтиды: өткізудің өзіндік құны (жалақы мен салықтарды қоспағанда), өткізу жөніндегі шығыстар (жалақы мен салықтарды қоспағанда), жалпы және әкімшілік шығыстар (жалақы мен салықтарды қоспағанда).

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ

GRI 3-1

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі қаржы реттеушісінің DTR 4.1.3 (UKLA's Disclosure and Transparency Rules) ашықтық және айқындылық талаптарына, Қазақстан қор биржасының (KASE) және «Astana International Exchange» Халықаралық қор биржасының (AIX) жылдық есептілікті жариялау туралы талаптарына сәйкес болу және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ақпаратын ашу» қағидаларының және Компанияның Корпоративтік басқару кодексі ұсынған корпоративтік басқару стандарттарының талаптарын сақтау мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023 жылғы біріктірілген жылдық есебін дайындау GRI, SASB және TCFD қаржылық емес есептілік стандарттарына сәйкес жүргізілді.

Компания 2023 жылы БЖЕ-де ашу мақсатында Қазатомөнеркәсіптің маңызды тақырыптарын анықтау үшін бірқатар ісшаралар өткізді.

Адам құқықтарына әсерін қоса алғанда, Компанияның елеулі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерін көрсететін 2023 жылғы БЖЕ-де ашу үшін маңызды тақырыптарды айқындау үшін мүдделі тараптарға сауалнама жүргізілді. Қазатомөнеркәсіптің атына жауаптар мүдделі тараптардың мынадай топтарынан келіп түсті:

- Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары;
- серіктестер;
- халықаралық ұйымдар;
- бизнес-қауымдастықтар;
- тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілер.

Бағалауға арналған тақырыптар тізбесіне GRI Topic standards тақырыптары және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ көрсеткіштері кірді. Мүдделі тараптарға әр тақырыпты ұйымның экономикаға, қоршаған ортаға және адамдарға әсер ету дәрежесі, соның ішінде олардың адам құқықтарына әсері бойынша 5 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды, мұнда 1 балл «өте төмен» және 5 балл «өте жоғары» деп бағаланды. Алдын ала тізімге 5 мүмкін ұпайдан 4 және 5 ұпай жинаған тақырыптар кірді.

Сондай-ақ Компания атом және тау-кен саласындағы көшбасшы компаниялардың маңызды тақырыптарына талдау жүргізді және тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктердің ESG маңызды мәселелеріне талдау жасады.

Нәтижесінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасы бекіткен 2023 жылғы БЖЕ-де ашу үшін 16 маңызды тақырыптан тұратын тізім анықталды.

Тақырыптардың маңыздылығындағы өзгерістер

GRI 3-2

2022		2023	
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР			
GRI 201	Экономикалық тиімділік	GRI 201	Экономикалық тиімділік
GRI 203	Жанама экономикалық әсерлер	GRI 203	Жанама экономикалық әсерлер
GRI 204	Сатып алу тәжірибесі		
GRI 205	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет	GRI 205	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет
GRI 207	Салықтар	GRI 207	Салықтар
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР			
GRI 302	Энергия	GRI 302	Энергия
GRI 303	Су	GRI 303	Су
GRI 304	Биоалуантүрлілік және экожүйелер	GRI 304	Биоалуантүрлілік және экожүйелер
GRI 305	Шығарындылар	GRI 305	Шығарындылар
GRI 306	Төгінділер мен қалдықтар	GRI 306	Төгінділер мен қалдықтар
ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР			
		GRI 402	Еңбек және еңбек қатынастары
GRI 403	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық	GRI 403	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық
		GRI 404	Оқыту және білім беру
		GRI 405	Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
GRI 413	Жергілікті қауымдастықтар	-	
N/A	Адам құқықтары	N/A	Адам құқықтары
«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ көрсеткіштері			
КАП1	Өндірістік учаскелердің өмірлік циклі	КАП1	Өндірістік учаскелердің өмірлік циклі
КАП2	Төтенше жағдайларға дайындық	КАП2	Төтенше жағдайларға дайындық
КАП3	Радиациялық қауіпсіздік	КАП3	Радиациялық қауіпсіздік

2023 жылғы маңызды тақырыптардың тізімі GRI, SASB және TCFD стандарттарының талаптарына сәйкес Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерін егжей-тегжейлі ашу үшін 2023 жылғы БЖЕ-ні дайындауда қолданылды.

Сонымен қатар GRI 3-3 стандартының талаптарына сәйкес Компания Қазатомөнеркәсіптің экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына әлеуетті оң және теріс әсеріне талдау жүргізді.

Қосымшаларды қараңыз

Климаттың өзгеруі және энергия тиімділігі

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3

Технологиялардың климатқа әсерін азайту және төмен көміртекті экономикаға көшу қажеттілігін түсіне отырып, Қазатомөнеркәсіп парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі Париждік келісімге қосылған елдердің үлесін қолдайды. Компания өзінің экологиялық ізін азайту шараларын дәйекті түрде енгізеді және көміртектің бейтараптығы мен климаттың өзгеруінің тұрақтылығына қол жеткізу жоспарларын әзірлейді. Қазатомөнеркәсіпте декарбонизация климаттың өзгеруімен күресудің маңызды, бірақ жалғыз құралы емес екеніне сенімді. Сондықтан, 2022 жылы әзірленген Декорбанизация стратегиясы шеңберінде Қазатомөнеркәсіп парниктік газдар шығарындыларын азайту, сондай-ақ су ресурстары мен биоәртүрлілікті қорғау жөніндегі жобаларды іске асыруда. Мәселен, «Қаратау» ЖШС-де қонақ үй-тұрмыстық кешенді, жатақхананы, спорт кешенін, физика-химия зертханасы мен шаруашылық-тұрмыстық кешен ғимараттарын ыстық сумен қамтамасыз ету үшін төрт гелиоколлекторлық қондырғы пайдалануға берілді, вахталық кенттің қазандық қондырғыларының су жылыту қазандықтарын дизель отынынан сұйытылған газға ауыстыру жұмыстары аяқталды.

Декарбонизация және көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясында Компания дамудың үш негізгі сценарийін анықтады:

- декарбонизация бағытына ешқандай қадам жасамай, бизнестің инерциялық дамуын болжайтын пессимистік сценарий;
- ел экономикасының қалыпты декарбонизация қарқынын ескере отырып, көміртегі бейтараптығына біртіндеп қол жеткізуді көздейтін шынайы сценарий;
- көміртекті бейтараптыққа жылдам қол жеткізуге бағытталған оптимистік сценарий.

Компания энергия тиімділігін арттыруға, офсеттік механизмдерді пайдалануға, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейтуге, электромобильдерге көшу арқылы көлік паркін жаңартуға және өндірістің көміртекті қарқындылығын төмендетуге бағытталған бірқатар іс-шараларды қоса алғанда, өз стратегиясының басым бағыттары ретінде шынайы және оптимистік сценарийлерді ерекшелейді.

Компанияның 2060 жылға дейінгі Декарбонизация және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясымен толығырақ Компанияның ресми веб-сайтында танысуға болады.

ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

Компания халықаралық нормалар мен ұсыныстарға, соның ішінде GHG Protocol және ISO 14064-ке сәйкес тікелей және жанама шығарындылар көлемін сандық анықтау арқылы парниктік газдар шығарындыларын үнемі бақылайды.

Парниктік газдар шығарындыларын есепке алу мақсатында Компанияның бірлескен кәсіпорындардағы үлесінің мөлшеріне қарамастан, барлық ақпарат бүкіл Топ бойынша жүз пайыз негізде шоғырландырылады.

GRI 305-1, SASB EM-MM-110a.1.

Парниктік газдардың тікелей шығарындыларының көлемі, 2021-2023 жылдар (қамту саласы 1), мың тонна CO_2-баламасы

2022 жылмен салыстырғанда 1 қамту бойынша Топтың парниктік газдар шығарындыларының 24%-ға өсуі бұрғылау және тау-кен дайындау жұмыстарының көлемінің өсуімен, жүк тасымалдарының ұлғаюымен, сондай-ақ өндірудің жаңа учаскелерін игерумен байланысты.

Компанияда биомассаны өртеуден немесе оның ыдырауынан туындайтын шығарындылар жоқ.

GRI 305-2

Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындыларының көлемі, 2021-2023 жылдар (қамту саласы 2), тонна CO_2- баламасы

Қызмет түрі	Электр энергиясын тұтыну кезінде			Жылу энергиясын тұтыну кезінде			Жалпы шығарындылар		
	2022 нар.	2022 айм.	2023 айм.	2022 нар.	2022 айм.	2023 айм.	2022 нар.	2022 айм.	2023 айм.
Уран өндіру және өңдеу	547 642	403 914	378 712	511	511	1 608	548 152	404 425	380 320
Ядролық отын циклі және металлургия	151 561	98 712	92 318	94 872	94 873	87 990	246 434	193 585	180 308
Көмекші қызмет	48 138	33 440	34 300	1 310	1 310	1 706	49 448	34 750	36 006
Барлығы	747 341	536 066	505 331	96 693	96 694	91 304	844 034	632 760	596 634

2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 2 қамту бойынша жанама шығарындылардың 5,70%-ға төмендеуі (2022 жылғы факт - 632 760 тонна CO_2-баламасы) жасыл электр энергиясының қосымша көлемін сатып алудың өсуімен түсіндіріледі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ 2022 жылдың соңында «Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ («КОРЭМ» АҚ) алаңында спот-сауда әдісімен электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырды. «Мойнақ СЭС» АҚ-дан «КОРЭМ» АҚ алаңында сатып алынатын электр энергиясының жалпы көлемі 2023 жылға 142 млн кВт·с. құрады.

Сондай-ақ, «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының өзгеруіне байланысты GHG хаттамасына сәйкес 2 қамту бойынша парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдісі нарықтықтан аймақтыққа өзгерді. Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген кестеде 2023 жылғы аймақтық әдіспен алынған нақты деректер көрсетілген. Нарықтық әдіспен парниктік газдар шығарындыларын есептеу 2023 жылға 793 299 тонна CO_2-баламаны құрайды.

01.07.2023 жылы заңды күшіне енген «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС Қазақстан Республикасында электр энергиясының бірыңғай сатып алушысы болып айқындалды. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабы 5-бөлігі 3-тармақшасына сәйкес электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын тек электр энергиясын бір сатып алушыдан сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Тиісінше, 2023 жылдың екінші жартысына «Мойнақ СЭС» АҚ-дан электр энергиясын сатып алуға жасалған шарттарды бұзуға тура келді. Тікелей шарттар мен спот-сауда әдісімен сатып алынған жасыл электр энергиясының нақты көлемі 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 49 615 мың кВт·сағ құрады, бұл Компанияның 2023 жылғы 2 қамту бойынша жанама парниктік газдар шығарындыларының төмендеуіне ықпал етті.

Әрбір ЕТҰ-дан парниктік газдар шығарындыларының жылдық көлемі шығарындылар бойынша есептілік және Қазақстан шығарындыларына квоталар саудасы жүйесіне қатысу үшін критерий болып табылатын ұлттық деңгейде белгіленген 20 000 тонна CO_2-баламасы шегінен аспайды.

Есепті кезеңде Компания климатқа әсерін азайтуға бағытталған бірнеше бастамаларды жүзеге асырды. Сонымен қатар, ол өз кен орындарының аумағында және айналасындағы елді мекендерде тал отырғызу бағдарламасын жалғастырды. Сондай-ақ, «Автокөліксіз күн» акциясы ұйымдастырылды, онда персонал мен мүдделі тараптар қоғамдық көліктің пайдасына жеке көліктерді пайдаланудан бір күнге бас тартты, бұл автомобиль көлігінен CO_2 шығарындыларын азайтуға ықпал етті.

Қазатомөнеркәсіптің персоналы барлық электр құралдарын бір сағатқа өшіріп, «Жер сағаты» әлемдік акциясына белсенді қатысты. Бұл іс-шара электр энергиясын үнемдеуге және парниктік газдар шығарындыларын азайтуға ғана емес, сонымен қатар қоғамның климат өзгерістері туралы хабардар болуын арттыруға бағытталған.

GRI 305-3

Парниктік газдардың өзге де жанама шығарындыларының көлемі (қамту аймағы 3), тонна CO_2-баламасы

Көрсеткіш	2022	2023
ТМҚ шығарындылары	580 399	516 773
Тасымалдау бойынша шығарындылар	161 723	188 776
Барлығы	742 122	705 549

2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 3 қамту бойынша парниктік газдар шығарындыларының төмендеуі сатып алынатын тауарлардың, атап айтқанда, «Заречное» БК» АҚ, «Байкен-U» ЖШС, «Орталық» ПД» ЖШС, «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС, «ҮМЗ» АҚ-да күкірт қышқылының, «Қаратау» ЖШС, «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-де аммиак селитрасының және «ҮМЗ» АҚ-да аммиак суының төмендеуімен байланысты.

2021 жылға дейін Компания 2 және 3 қамтуында парниктік газдар бойынша есеп жүргізген жоқ, ағымдағы қазақстандық заңнама тәуелсіз және лицензияланатын компаниялар жүргізген бағалау негізінде 1 қамту бойынша есептерді ғана көздейді. Осыған байланысты Компаниядағы парниктік газдар шығарындыларын қайта есептеу жүзеге асырылған жоқ.

GRI 305-4

2023 жылы парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы өндірілген уранның әр тоннасына 34,5 тоннаны құрады. Коэффициентті есептеу үшін Компания таңдаған метрика (бөлгіш) 2023 жылы Қазатомөнеркәсіптің уран өндіру көлемі (20 996 тонна) болды. Қатынастың қарқындылығында парниктік газдардың тікелей шығарындылары (қамту аймағы 1) және жанама энергетикалық шығарындылары (қамту аймағы 2) ескерілген.

Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2023
ПГ тікелей шығарындылары (қамту аймағы 1)	тонна CO_2-бал.	120 618
ПГ жанама шығарындылары (қамту аймағы 2)	тонна CO_2-бал.	596 634
Уран өндіру көлемі	тонна	20 996
ПГ тікелей шығарындыларының қарқындылығы	тонна CO_2-бал./тонна	5,74
ПГ жанама шығарындыларының қарқындылығы	тонна CO_2-бал./тонна	28,41
ПГ шығарындыларының қарқындылығы (1 және 2 қамту аймақтары)	тонна CO_2-бал./тонна	34,2

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

GRI 3-3, 302-4

Қазатомөнеркәсіп экологиялық ізін азайтуға ерекше назар аудара отырып, өзінің қоршаған ортаға әсерін барынша азайту бойынша белсенді жұмыс істеуде. Компания энергия тұтынуды азайту және оңтайландыру шараларын жүзеге асыруда. Топтың барлық бөлімшелерінде энергия тиімділігі аспектілерін тиімді басқаруға мүмкіндік беретін ISO 50001:18001 халықаралық стандартына сәйкес келетін энергетикалық менеджмент жүйесі жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта ISO 50001:2019 стандартына сәйкес жаңартылған энергияны басқару жүйесіне кезең-кезеңімен көшу жүргізілуде. Бұл энергияны тұтынуды жүйелі түрде азайтуға, ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға және қаржылық үнемдеуге ықпал етеді.

Энергияны пайдалану тиімділігін арттыру және өндірістің энергия сыйымдылығын төмендету үшін Қазатомөнеркәсіп энергия тиімді жабдықты пайдаланады, табиғи ресурстарды ұтымды жұмсайды және өндірістік процестерді жетілдіреді. Энергия тасымалдаушыларды тұтыну және энергия тиімділігін арттыру саласында уран шығаруға арналған электр энергиясы шығысының жылдық жоспарлы

үлестік нормаларынан асып кетуге жол бермейтін ПӘК белгіленген.

Әр бес жыл сайын Топтың кәсіпорындарында энергияны үнемдеу мүмкіндіктерін бағалау үшін энергия аудиті жүргізіледі. Энергия аудитінің нәтижелері Қазатомөнеркәсіптің 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жоспарының бір бөлігі болып табылатын жыл сайын қалыптастырылатын Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының негізінде жатыр.

2023 жылы Компания энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар кешенін іске асырды. Іс-шараларды енгізудің нақты экономикалық әсері 1 292 млн теңгені құрайды, бұл жоспарланғаннан 4%-ға артық. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар нәтижесінде үнемделген отын-энергетикалық ресурстардың саны 2023 жылы 218 ГДж-ны құрады

Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу және декарбонизациялау жобаларын іске асыру шеңберінде су жылыту қазандықтарын дизель отынынан сұйытылған газға ауыстыра отырып, «Қаратау» ЖШС вахталық кенттің қазандық қондырғыларын техникалық қайта жарақтандыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Жұмыстар аяқталды, шығын өлшегіштер әкелінді және құрастырылды. 2023 жылғы үнемдеу 43 715 мың теңгені құрады.

GRI 302-1, 302-4, SASB EM-MM-130a.1.

Энергияны тұтыну, мың. ГДж[67]

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Жылу энергиясы	950	868	808
ЖЭК-тен жылу энергиясы	7	4	5
Электр энергиясы	3 069	3 043	3 148
ЖЭК-тен электр энергиясы	12	14	14
Барлығы	4 038	3 929	3 975

2022 жылға қатысты 2023 жылы жылу энергиясын тұтынудың төмендеуі «ҮМЗ» АҚ бойынша бұдан алынатын жылу энергиясын тұтынудың төмендеуімен байланысты, бұл технологиялық процесте одан әрі пайдалану үшін буда жылу энергиясын пайдаланбай тазартылған суды алуға мүмкіндік беретін «Сокол-М(О)-5» су тұзсыздандыру қондырғысын пайдалануға беруге мүмкіндік берді. Өнім өндіруге, шикізатты өндіруге және өңдеуге арналған отын-энергетикалық ресурстарды жиынтық тұтыну 5 556 мың ГДж құрады.

Бұрын тазартылған су құбырлы жылу алмастырғыштарды (дистилляторларды) айналмалы сумен салқындату арқылы қанықкан будан алынған.

Энергияның бастапқы көздерін пайдалану, мың. ГДж

Қайнар көз түрі	2021	2022	2023
Көмір	17,6	12,7	65,3
Табиғи газ	2,5	7,7	9,9
Отын (бензин, мазут, дизель)	1 431	1 461	1 506

Көмірді тұтынудың артуы «ҮМЗ» АҚ құрамына Курчатов қаласындағы плавикошпатты концентрат шығару жөніндегі байыту фабрикасының берілуімен байланысты, мұнда көмір өндірістік қажеттіліктер мен бөлмелерді жылытуға жылу мен бу шығару үшін пайдаланылады.

2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы газды тұтынудың артуы дизель отынын тұтынуды табиғи газға біртіндеп ауыстырумен байланысты.

[67] 2021-2023 жылдардағы көрсеткіштер түзетілді. Кестеге ЖЭК-тен жылу энергиясын және электр энергиясын тұтыну көрсеткіштері қосылды.

Топтың күн фотоэлектрлік станциялары өндіретін электр энергиясының жылдық өндірісі 3,02 мың МВт*сағ құрайды. Өндірілетін электр энергиясы өз қажеттіліктері үшін пайдаланылады, бұл жыл сайын 72 млн теңгені үнемдеуге мүмкіндік береді. Электр энергиясының артық мөлшері жергілікті электр желілеріне Топтың қатысуы бар аймақтардың тұрғындары мен кәсіпорындарының пайдалануы үшін беріледі.

Энергия сыйымдылығы

GRI 2-4, 302-3

2023 жылы Топтың кәсіпорындарында 2022 жылмен салыстырғанда отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну 2,7%-ға өсті. Бұл Буденовское 6,7 кен орындарын пайдалануға берумен және өнімді ерітінділердегі уранның аз болуымен байланысты, бұл қосымша қуаттарды енгізуді қажет етті. 2023 жылы үлестік энергия сыйымдылығы 0,265 мың ГДж/т құрады және барлық отын-энергетикалық ресурстардан энергия тұтынуды қамтиды.

Энергия сыйымдылығы[68]

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Өнім өндіруге, шикізат өндіруге және өңдеуге отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну, мың ГДж	5 470	5 411	5 556
Уран өндіру көлемі, тонна	21 834	21 279	20 996
Үлестік энергия сыйымдылығы, мың ГДж/т	0,251	0,254	0,265

Баламалы энергетика

Қазатомөнеркәсіп дәстүрлі энергия көздерінен неғұрлым экологиялық таза және жаңартылатын баламаларға қайта бағдарлана отырып, энергия тиімділігін арттыруға және көміртегі ізін азайтуға күшін белсенді бағыттайды. Бұл парниктік газдар шығарындыларын азайтуға ғана емес, сонымен қатар отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді:

- фотоэлектрлік станциялар (ФЭС);
- гелиоколлекторлар (немесе күнмен сужылытқыштар).

[68] 2021 жылғы көрсеткіштер түзетілді. Өнім өндіруге, шикізатты өндіруге және өңдеуге арналған ОЭР тұтыну жөніндегі деректерге жылу энергиясын тұтыну бойынша көрсеткіштер қосылды.

Фотоэлектрлік станциялардан электр энергиясын өндіру, мың. МВт·сағ

2023 жылы баламалы энергия көздерін пайдаланудың әсері, мың теңге

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Фотоэлектрлік станциялар	90 950	133 523	123 317
Гелиоколлекторлар	29 902	46 520	37 214

Компания өз кәсіпорындарында жаңа баламалы энергия көздерін қолдану мүмкіндіктерін тұрақты негізде қарастырады. Мәселен, 2022-2023 жылдары «Қаратау» ЖШС-де ЖСҚ әзірленіп, қонақ үй-тұрмыстық кешенді, жатақхананы, спорт кешенін ыстық сумен қамтамасыз ету үшін төрт гелиоколлекторлық қондырғыны енгізуге ведомстводан тыс сараптама қорытындысы алынды. Нысан 2023 жылдың 1 тоқсанында пайдалануға берілді.

2023 жылдың қорытындысының рециклингі бойынша жобаны іске асырудан түскен экономикалық тиімділік 6,85 млрд теңгені құрады.

2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2024 жылға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2060 жылға дейінгі Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу және декарбонизациялау стратегиясына сәйкес өнімнің көміртегі ізін төмендету бойынша жұмыстар жоспарланған. Осы мақсатқа жету үшін күштер жаңартылатын энергия көздерін дамытуға және Қазатомөнеркәсіп кәсіпорындарында парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталатын болады. Энергия үнемдеу және өндірістік қызметтің энергия тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Негізгі бағыттар төмендегілерді қамтиды:

- гелиоколлекторлық қондырғыларды орнату;
- электрмен жабдықтау, жарықтандыру, жылыту, ыстық сумен жабдықтау, желдету жүйелерін ұтымды бөлу және пайдалану;
- электр жабдығын энергия үнемдейтін жабдыққа ауыстыра отырып, оны жаңғырту жөніндегі іс-шаралар;
- энергетикалық жабдықтар мен энергетикалық қондырғылардың тиісті техникалық жай-күйін және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету процесін іске асыру.

«ОТХК» БК» ЖШС-де 2024 жылы қолданыстағы қазандықтарды техникалық қайта жарақтандыруды жүргізу үшін оларды отынның негізгі түріне – сұйытылған әкелінетін газға ауыстыра отырып, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар жоспарланған. Бірінші кезек бойынша ваховалық кенттің №1 орталық қазандығы мен шағын қазандығы-құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу 2025 жылға көзделген. Екінші кезек бойынша жаңа ваховалық кенттің №2 шағын қазандығы және ВИП-ауылының шағын қазандығы – құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу 2026 жылға көзделген.

Экологиялық тұрақтылық

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Табиғи уран өндірудің қоршаған ортаға теріс әсер ететінін түсіне отырып, Қазатомөнеркәсіп бұл әсерді барынша азайтуды стратегиялық мақсат етіп қояды. Компанияда әрдайым экологиялық мониторинг жүргізіледі, табиғи ресурстар тиімді пайдаланылады және инновациялық технологиялар енгізіледі.

Компанияның экологиялық саясаты Топтың барлық өндірістік кәсіпорындарында енгізілген және ISO 14001 және ISO 50001 стандарттарына сәйкес келетін экологиялық менеджмент және энергоменжмент жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Экологиялық менеджмент пен энергоменжмент жүйесіндегі қатаң бақылау судың, топырақтың пен ауаның ластануын болдырмауға, сондай-ақ биоәртүрлілікті сақтауға және шу деңгейін төмендетуге көмектеседі. Бұл жүйе Компанияға мақсаттар қоюға, нәтижелерді өлшеуге және заң талаптарына сәйкес келуге мүмкіндік береді.

Қазатомөнеркәсіпте экологиялық басқарудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері Компанияның еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі саясаты шеңберінде айқындалған.

Осы саладағы жұмысты үйлестіру үшін Директорлар кеңесінде Өндірістік қауіпсіздік комитеті (HSE) жұмыс істейді. Экологиялық басқару мәселелері Қазатомөнеркәсіптің бас кеңсесінің Өндірістік қауіпсіздік бөлімінің қадағалауында. Бұл бөлім ҚОҚ бойынша қызметті ұйымдастырады, оның нәтижелерін талдайды және Компанияның жоғарғы басшылығына есептер дайындайды. ЕТҰ құрылымында мамандандырылған бөлімшелер құрылды, олардың міндеті экологиялық саясаттың орындалуын қамтамасыз ету, ҚОҚ саласындағы заңнама мен корпоративтік стандарттардың талаптарын сақтау болып табылады.

GRI 2-23

Қазатомөнеркәсіпте еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, сақтық қағидаты қолданылады. Бұл қағида Еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды басқарудың біріктірілген жүйесіне сәйкес жұмыс істейтін кешенді тәуекел-менеджменті шеңберінде іске асады.

Қазатомөнеркәсіп кен орындарын жобалау кезінде қоршаған ортаға әсерді бағалаудан (ҚОӘБ) бастап, кен орындарын пайдалану аяқталғаннан кейін жабу және қалпына келтіру іс-шараларына дейін кен орындарының өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде экологиялық салдарларды қысқартуға белсенді қатысады.

Сонымен қатар, Компания қоршаған ортаны қорғау саласындағы оқытуға және мүдделі тараптармен ашық ақпарат алмасуға, соның ішінде қоғамдық тыңдаулар мен жазбаша өтініштерге үлкен мән береді.

Қазатомөнеркәсіптің тауарларды жеткізушілері, жұмыстар мен қызмет көрсетушілері, сондай-ақ мердігер ұйымдары «Өндірістік қауіпсіздік стандарттарының жүйесі» корпоративтік стандарттарының талаптарын сақтау міндетті. Компанияның контрагенттері үшін бұл стандарт ұсынымдық сипатта болады.

2023 жылы біз ESAP жол картасын жүзеге асыруды жалғастырдық, оның аясында келесі іс-шаралар өткізілді:

- Кеніштердің өндірістік объектілерінің қоршаған ортаға және жергілікті халыққа экологиялық және әлеуметтік әсерін зерттеу.
- GRI стандарттарына сәйкес тұрақты даму мақсатында кешенді экологиялық және әлеуметтік зерттеулер.
- ҚР Экологиялық кодексіне және GRI («Zero Waste») стандарттарына сәйкес кәсіпорындарда өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу процестерін оңтайландыру бойынша зерттеулер.
- Уран өндіру кезінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарлары өзектендірілді.
- Уранды жерасты ұңғымалық шаймалау кеніштерінде («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-де) жер қойнауын пайдалану салдарын жою процесінде пайда болатын қатты төмен радиоактивті қалдықтардың (ҚРҚ) көлемін азайтудың кешенді технологиясын әзірлеу.

ҚОҚ бойынша 2023 жылғы негізгі іс-шаралар

Қазатомөнеркәсіп тобында келесі бағыттар бойынша экологиялық жобалар іске асырылуда:

- Құстарды қорғау бағдарламасын жүзеге асыру.
- Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы жобалар.
- «Zero Waste» қалдықсыз өндіріс мәдениетін дамытудың корпоративтік бағдарламасы.
- «ESRP» кешенді экологиялық және әлеуметтік зерттеулер бағдарламасы.
- Төмен көміртекті даму және декарбонизация стратегиясы.

Сонымен қатар 2023 жылы:

- Су ресурстарын басқару стратегиясы мен стандарты әзірленді.
- Қазатомөнеркәсіп тарихында алғаш рет климаттың өзгеруі бойынша CDP (Carbon Disclosure Project) рейтингі алынды («B» бағасы).
- Қазатомөнеркәсіп экологиялық заңнаманы өзгерту жөніндегі жұмыс топтарының отырыстарына үнемі қатысады.
- Компания қызметкерлері баяндамаларымен Венада өткен АЭХА экологиялық конференциясына қатысты.
- Барлық дерлік ЕТҰ-да БАҚ-та кеңінен жариялана отырып, халықаралық экологиялық акциялар, мектептерде экологиялық сабақтар, сенбіліктер, аумақты одан әрі қоқысты шығарумен тазарту және басқа да іс-шаралар өткізілді.
- Дүниежүзілік қоршаған орта күні аясында онлайн форматта Компанияның корпоративтік орталығының өндірістік қауіпсіздік бөлімі дайындаған «Айналадағы әлем таза болған кезде әдемі!» тақырыбында іс-шара өткізілді.
- «Катко» БК ЖШС кәсіпорны «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясы бойынша ҚР Президентінің «Парыз» сыйлығын алды (3-орын).

МОНИТОРИНГ ЖАСАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

SASB EM-MM-160a.1.

Экологиялық мониторингтің негізгі міндеті Компания қызметінің қоршаған ортаға және өндірістік қызметті жүзеге асыру аудандарында тұратын адамдардың денсаулығына әсерін бақылау болып табылады. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының нормаларына сәйкес есепті кезеңде Топтың ЕТҰ бекітілген жоспар-кестеге сәйкес аккредиттелген сыртқы зертханалардың қызметтерін тарта отырып, тоқсан сайынғы өндірістік экологиялық бақылау жүргізді.

2023 жылы Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің[69] жаңа нормаларын орындауға және «Zero Waste» Қалдықсыз өндіріс мәдениетін дамыту бағдарламасын іске асыруға сәйкес Компания «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 17.2 СТ ҰАК «Табиғатты қорғау саласындағы стандарттар жүйесі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарында өндіріс қалдықтары мен тұтынуды басқару қағидалары» Корпоративтік стандартын өзектендірді[70]. 30.09.2023 ж. №1204 «ҮМЗ» АҚ қалдық қоймасының қалдықтарын басқару» регламенті әзірленді.

Ластану көздерінде мониторингтің автоматтандырылған жүйесін орнату бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары («СКЗ-U» ЖШС) аяқталды және «ҮМЗ» АҚ-да тәжірибелік-өнеркәсіптік (тестілік) пайдалану орындалды.

Жоспарланған жұмыстар басталар алдында Қазатомөнеркәсіп Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес келетін қоршаған ортаға әсерді бағалауды (ҚОӘБ) жүргізеді. Бұл процесс Компания өкілдері тапсырыс беруші ретінде әрекет ете отырып, өз жобаларын көрсететін және мүдделі тараптармен алдағы іс-шаралардың экологиялық және әлеуметтік салдарын талқылайтын қоғамдық тыңдауларды қамтиды. ҚОӘБ нәтижелері барлық мүдделі тұлғалардың зерттеуі мен түсініктемесі үшін толығымен қол жетімді, бұл Компания қатысатын аймақтардың тұрғындарына талқылауға белсенді қатысуға және болжамды әрекеттердің қоршаған ортаға және жергілікті халықтың денсаулығына әсер етуіне қатысты мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік береді.

Қазатомөнеркәсіптің ЕТҰ-да өндірістік объектілерді салу және жаңғырту жөніндегі барлық жобалар қоғамдық тыңдаулар мен ҚОӘБ кезеңдерінен сәтті өтіп, тиісті мемлекеттік органнан мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алды.

[69] 02.01.2021 жылғы №400-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі.
[70] Компанияның 10.01.2024 жылғы №6 бұйрығы.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

Топтың барлық өндірістік кәсіпорындарына енгізілген экологиялық менеджмент және энергоменеджмент жүйесі ISO 14001 және ISO 50001 стандарттарына сәйкес келеді.

2023 жылы өндірістік қауіпсіздік мәселелерін басқару тәсілдерін жетілдіру бойынша міндеттемелер шеңберінде Қазатомөнеркәсіптің КО-сы қайта сертификаттау аудитінен сәтті өтті, TÜV Thüringen сертификаттау органына сәйкестік сертификатын беру ұсынылды. Тәуелсіз аудит арнайы тауарлардың лицензияланатын экспорттық-импорттық жеткізілімдерін ұйымдастыру кезінде Компанияның біріктірілген менеджмент жүйесі ISO 14001:2015 «Экологиялық менеджмент жүйесі» және ISO 45001:2018 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі» халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келетіндігін куәландырды.

2023 жылы Қазатомөнеркәсіптің табиғат қорғау қызметі жөніндегі іс-шараларға жұмсаған шығындары 1 306,5 млн теңгені құрады. Сонымен қатар Компания қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 267 млн теңге салық төлемдерін аударды.

2023 жылы табиғатты қорғау іс-шараларына инвестициялар, млн теңге

Іс-шаралар	Инвестициялар көлемі
Қоршаған ортаға ұйымдастырылмаған эмиссияларды азайтуды қоса алғанда, технологиялық процестерді жетілдіру, экологиялық мониторингті жүзеге асыру	455,7
Қолданыстағы шаң-газ ұстау және су тазарту қондырғыларының тиімділігін арттыру, материалдық базаны нығайту	29,5
Қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу, персоналды ұстау және басқа да іс-шаралар	821,3

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАҒА СӘЙКЕСТІГІ

SASB EM-MM150a.9

Компания өзінің барлық уран кеніштері мен өндірістік алаңдарында қоршаған ортаны және радиациялық қауіпсіздікті бақылаудың сенімді жүйелерін (ISO 14001 сәйкес) пайдаланады. 2023 жылы экологиялық апаттарға жол берілмеді. Алайда, Холдингтің 22,213 млн теңге сомасына айыппұл төлеуге әкеп соқтырған экологиялық заңнаманы бұзу фактілері анықталды («ҮМЗ» АҚ, «Семізбай-U» ЖШС, «РУ-6» ЖШС, «КАТКО» БП» ЖШС, «Байкен-U» ЖШС, «Хорасан-U (Хорасан-У)» БП» ЖШС. Уәкілетті мемлекеттік орган экологиялық нормалар мен талаптарды бұзғаны үшін, атап айтқанда технологиялық ерітінділердің төгілуі салдарынан жердің ластануы және аумақтың шамалы қоқыстануы үшін әкімшілік айыппұлдар салды. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар қалдықтардың, шығарындылардың, төгінділердің пайда болуына рұқсат берген белгіленген жиынтық шектеулерінен асып кету болмады. Барлық бұзушылықтар бойынша түбегейлі себептер анықталып, уақтылы жойылды және болашақта мұндай жағдайлардың алдын алу бойынша шаралар қабылдануда.





ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ОҚЫТУ

Озық халықаралық салалық тәжірибені (GIIP) зерделеу және қолдану, табиғатты қорғау қызметін басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету бөлігінде қажетті құзыреттер мен білім алу үшін Компанияда ЕТҰ басшылары мен жер қойнауын қорғауға, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге жауапты мамандар қатарынан персонал әрдайым оқытудан өтеді. ESAP жол картасының Іс-шаралар жоспарына сәйкес есепті кезеңде «Жоғары технологиялар институты» ЖШС филиалымен, «Қазақстан ядролық университеті» ЖШС-мен бірлесіп экологиялық қауіпсіздік және ҚОҚ саласында оқыту семинарлары өткізілді:

№	Күні	Тақырыбы	Тыңдаушылар саны
1	23-24 ақпан	Қазатомөнеркәсіптің уран өндіруші кәсіпорындарында бұрғылау қалдықтарымен жұмыс істеу	26
2	30 наурыз	GRI стандарттарына сәйкес экологиялық көрсеткіштерді жинау және бақылау процесі. Кәсіпорынның корпоративтік деректер қоймасы (КДҚ) жүйесінде экологиялық көрсеткіштер формулярын жүргізу	23
3	28-29 сәуір	Қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу тәртібі. ӨҚБ бағдарламасы мен 1-ші және 2-ші санаттағы объектілерде экологиялық құжаттаманы жүргізу	24
4	25-26 мамыр	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да Құстарды электр беру желілерінің әсерінен қорғау бағдарламасын іске асыру	22
5	23 маусым	Кәсіпорында ағынды суларды тазарту	23
6	21 шілде	Салалық ерекшелікті және интернет-ресурста орналастыру үшін дизайнды ескерумен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның экологиялық тиімділік рейтингі	5
7	23-24 тамыз	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ны еңбекті, қоршаған ортаны, өнеркәсіптік қорғау және радиациялық қауіпсіздік жүйесінің (HSE) диагностикалық аудитіне дайындау	32
8	22 қыркүйек	ҚР жаңа Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес қалдықтардың жіктеуіші мен түрлері	18
9	26-27 қазан	Экологиялық заңнаманың және жер қойнауын пайдалану жөніндегі заңнаманың өзгерістеріне сәйкес Атом энергиясын пайдалану объектілерін жою (пайдаланудан шығару) жоспарына қойылатын талаптарды айқындау	27
10	18 қараша	2021 жылғы 2 қаңтардағы ҚР Экологиялық кодексінің талаптарын ескере отырып, үздік қолжетімді технологиялар (ҮҚТ) анықтамалығын кейіннен әзірлеу үшін кешенді Технологиялық аудитін (КТА) жүргізу	5
11	21 желтоқсан	Кәсіпорында төмен радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу	38

Оқытуға 20 ЕТҰ мен КО-дан 243 тыңдаушы қатысты.

ESAP жоспарын іске асырудың барлық кезеңінде (2018-2023 жж.) 33 оқыту семинары/вебинар өткізілді, оған Компанияның 968 ЕТҰ және КО тыңдаушылары қатысты.

АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫНДЫЛАР

GRI 3-3

Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын барынша азайту Қазатомөнеркәсіптің оның операциялық белсенділігінің ерекшелігіне байланысты табиғат қорғау қызметінің негізгі аспектісі болып табылады. Компания өзінің өндірістік процестеріне технологиялық инновацияларды енгізу арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуды көздейді. Өз өнімдерін ядролық энергетика белсенді пайдаланылатын елдерге жеткізе отырып, Қазатомөнеркәсіп төмен көміртекті дамуға және атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын азайтуға ықпал етеді.

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының құрылымы мен көздері, мың тонна

GRI 305-7, SASB EM-MM-120a.1

Ластаушы заттардың шығарындылары	Қайнар көзі	2021	2022	2023
NOx шығарындылары	қазандықтар, пештер, қыздыру пештері, стационарлық дизельді электр станциялары (апаттық), компрессорлар	0,123	0,197	0,227
SOx шығарындылары	қазандықтар, пештер, қыздыру пештері, стационарлық дизельді электр станциялары (апаттық), компрессорлар	0,849	0,756	0,809
Қатты заттар шығарындылары	қазандықтар, пештер, мехшеберханаларындағы станоктардың жұмысы	0,111	0,086	0,225
CO шығарындылары	қазандықтар, автокөлік, газ пештері, плиталар	0,181	0,176	0,306
Ұшпа органикалық қосылыстар	көлік құралдары, еріткіштер, газ, ағашты және биомассаны өртеу	0,056	0,051	0,140
1-ші қауіптілік класындағы заттар	қазандықтар, автокөлік, құрамында сынап бар лампалар	0,012	0,002	0,0001

Спецификалық ластаушы заттар шығарындыларының, сондай-ақ 1-қамтудың парниктік газдар шығарындыларының көрсеткіштерінің артуы бұрғылау жұмыстарын жүргізудің өсуіне, жүк тасымалының ұлғаюына, сонымен қатар жаңа учаскелерді игеруге байланысты.

Топ бойынша сынап шығарындылары жоқ. Компанияда қорғасын мен оның қосылыстарының шығарындылары тек «ҮМЗ» АҚ, «КАТКО» БК» ЖШС, «Қаратау» ЖШС, «РУ-6» ЖШС және «Семізбай-U» ЖШС-де ғана бар және барлығының қосындысы 0,00055 тоннаны құрайды.

Топ атмосфераға шығарындыларды азайтуға және ауа сапасын бақылауға бағытталған шараларды іске асырады:

- атмосфераның жай-күйін бақылау;
- ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуды қамтамасыз ететін заманауи газ тазарту жүйелерін, энергияны үнемдейтін технологияларды және фотоэлектрлік станцияларды пайдалану;
- қыздыру пештерінен шығатын шаңды тазарту және технологиялық газдарды тазарту үшін шаң-газ ұстағыш қондырғыларын пайдалану. Гидрофильтр, импульсті керамикалық сүзгісі бар қондырғы (ФКИ-45) атмосфераға радиациялық шаң шығаруды болдырмай және қоршаған ортаға эмиссияларды 20%-ға азайта отырып, «Байкен-U» ЖШС-нің аффинаж цехтарында және қайта жаңартылған «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-де сәтті пайдаланылуда.

GRI 305-6

Компания озонды бұзатын заттарды өндірмейді, экспорттамайды немесе импорттамайды.

СУ РЕСУРСТАРЫ

GRI 3-3, 303-1

Су негізгі өндірістік объектілерде де, кері осмос қондырғыларында да Қазатомөнеркәсіптің технологиялық процестерінің маңызды элементі болып табылады (минералсыздандырылған су жергілікті қауымдастықтардың қажеттіліктері үшін ортақ желіге берілетін электр энергиясын тудыратын ресурс ретінде пайдаланылады). Сонымен қатар, Компания кейбір аймақтардағы жергілікті тұрғындар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың суға қол жеткізуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қазатомөнеркәсіп БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі Тұрақты дамуының жаһандық мақсаттарын белсенді қолдайды, оның ішінде барлық адамдар үшін су ресурстары мен санитарияның қолжетімділігі мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған 6-мақсатын да қолдайды. Компанияның қызметі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (66-бап) және өндірістік және тұрмыстық қажеттіліктер үшін бөлек сумен жабдықтауды көздейтін су ресурстарын қорғау саласындағы рұқсаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2023 жылы Компания су ресурстарын тиімді және ұқыпты пайдаланудың маңыздылығын түсіне отырып, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Су ресурстарын басқару стратегиясы мен стандартын әзірледі. Су ресурстарын басқару стратегиясының мақсаттары мен міндеттерін Компания су ресурстарын тиімді басқару жөніндегі жалпымемлекеттік саясат пен тәсілдерге, Компанияның стратегиялық жоспарларына сәйкес және су ресурстарының қолжетімділігі контекстінде кәсіпорындардың орналасқан жерін ескере отырып, Қазатомөнеркәсіптің әрбір кәсіпорнының өндірістік және технологиялық процестерінің ерекшелігіне сәйкес белгіледі.

«ҮМЗ» АҚ-да айналмалы сумен жабдықтау жүйелерін орнатуға ЖСҚ әзірлеу бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде, бұл чиллерлер мен драйверлердің көмегімен салқындатылған айналмалы суды пайдалану есебінен муниципалдық көздерден пештер мен илемдік орнақтарды салқындату үшін пайдаланылатын суық суды тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді. Бұл сәйкесінше ағынды сулардың мөлшерін азайтады.

Компаниямен су алу су көздеріне айтарлықтай әсер етпейді, ал жергілікті қауымдастықтар немесе биоәртүрлілік үшін ерекше құндылығы бар осал және мемлекетпен қорғалатын көздерден су алу жүзеге асырылмайды. Суды тұтынуды азайтуға ұмтылу аясында Қазатомөнеркәсіп оны алу көлемін қысқарту және қайта пайдалану тәжірибесін кеңейту бойынша белсенді жұмыс істеуде. Бұдан басқа, қызметтің барлық аймақтарында сумен жабдықтауға байланысты тәуекелдерге тұрақты мониторинг және талдау жүргізіледі.

Су ресурстарын басқару кезінде Қазатомөнеркәсіп жергілікті қоғамдастықтармен ынтымақтастыққа назар аударады. Таза және қауіпсіз ауыз суға қол жеткізуді қамтамасыз ету адамның негізгі құқығы ретінде қарастырылады. Компания кері байланыс арналарын ұсынады, олар арқылы адамдар Топ кәсіпорындары қызметінің жергілікті су айдындарына әсері туралы өз сұрақтары мен алаңдаушылықтарын білдіре алады және олардың өтініштері қабылданатынына және тиісті экологиялық қызметтерімен қаралатынына сенімді бола алады. Сонымен қатар Қазатомөнеркәсіп ұзақ мерзімді перспективада үздіксіз сумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін жергілікті билік органдарымен және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтасады.

СУДЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ СУ АЛУ

GRI 303-1, SASB EM-MM-140a.1.

Су алу, оның ішінде ауыз сумен жабдықтау қажеттіліктерін қамтамасыз ету, ЖСҚ әдісінің технологиялық регламенттерінде белгіленген талаптар мен нормаларға сәйкес жүргізіледі және су көздеріне айтарлықтай әсер етпейді. Сумен жабдықтаумен айналысатын ұйымдар (орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған болсын) алынатын судың есебін жүргізеді, су жинау құрылыстарының, ішкі сумен жабдықтау жүйелерінің және есепке алу тораптарының жай-күйіне тұрақты бақылауды жүзеге асырады. Суды есепке алу құрылғыларын пайдалануды реттейтін нормалар Қазақстан Республикасының Су кодексінде, техникалық регламенттерде, сондай-ақ сумен жабдықтау және су тарту жүйелерінде есептегіштерді іріктеу, орнату және пайдалану қағидаларында айқындалған.

Жер асты суларын өндіру Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялар беретін арнайы суды пайдалануға рұқсат негізінде су пайдаланушының аумағынан жүзеге асырылады. 2023 жылғы 11 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының дербес Су ресурстары және суландыру министрлігі құрылды.

2023 жылы алынатын судың жалпы мөлшері 2022 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға, тиісінше 9 188,9 мың м^3-ден 9 081,4 мың м3-ге дейін азайды.

Алынатын су көлемі, мың м^3

GRI 303-3, SASB EM-MM-140a.1

Қайнар көзі	2023
Жер үсті сулары	6,5
тұщы сулар	-
басқа сулар	6,5
Жер асты сулары	7 877,6
тұщы сулар	5 783,0
басқа сулар	2 094,6
Муниципалды және басқа сумен жабдықтау жүйелері	1 197,4
тұщы сулар	1 197,4
басқа сулар	-
Алынатын судың жалпы мөлшері	9 081,4

Алынатын судың жалпы көлемінің 87%-ы жер асты суларына тиесілі. Судың 0,07%-ы жер үсті көздерінен алынады. Жер асты көздерінен су алу есепті кезеңде қайта пайдаланылатын судың үлесін ұлғайту есебінен 8 573,5 мың м3-ден 7 877,6 мың м^3-ге дейін 8%-ға төмендеді.

Aqueduct Water Risk Atlas су ресурстары институтына сәйкес су тапшылығы бар аймақта тек «Заречное» БК» АҚ өндірістік алаңдары орналасқан. Кәсіпорында жер асты суларынан тұщы суды алу көлемі 141,8 мың м^3 құрады.

GRI 303-5

Суды тұтынудың жалпы көлемі 5 193,5 мың м^3, «Заречное» БК» АҚ-да - 68,9 мың м3 құрады.

АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ ТӨГУ

Операциялық қызмет шеңберінде Қазатомөнеркәсіп объектілерінде ағынды сулардың әртүрлі түрлері, соның ішінде өндірістік, нөсерлік және шаруашылық-тұрмыстық түрлері қалыптасады. Жер үсті су айдындарына су тарту өнеркәсіптік аумақтардан және технологиялық процеске қатысы жоқ сулардан нөсер суларын тартуды қамтиды. Тазартылған суды төгу нөсерлі кәріз жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Кеніштерде пайда болған ағынды сулар арнайы сақтау тоғандарына төгіледі. Ұлттық заңнамада ағынды суларды төгуге рұқсат етілген нормативтерге дейін тазартылмаған суды су объектілеріне немесе жергілікті жергілікті жер бедерінде төгуге тыйым салынады. 2017 жылдан бастап Қазатомөнеркәсіпте «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптар стандарты қолданылады.

GRI 303-2, SASB EM-MM-140a.2

Мониторинг бағдарламасы орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылған барлық өндірістік ағынды сулардағы ағынды сулардың сапасын талдауды қамтиды.

ҚР СТ 1545 мемлекеттік стандартына сәйкес кәсіпорындарда ластаушы заттарды төгу көздерін өндірістік мониторингтеудің негізгі міндеттері:

- төгілетін ағынды сулардың сапалық және сандық құрамын тікелей жинақтауыштарға шығару орнында, сүзу алаңдарына және жергілікті жер бедерінің табиғи төмендеуіне бағалау;
- ағынды суларды тазартудың технологиялық схемасының жекелеген буындарында шекті жол берілетін төгінділер нормативтерін сақтау, қолданыстағы тазарту құрылыстарының тиімділігін арттыру.

Ластаушы заттардың бекітілген тізбесіне сәйкес (Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 25 маусымдағы №212 бұйрығы) өндірістік объектілерде ластаушы заттардың эмиссиялары экологиялық нормалануға жатады.

Суды ластайтын заттар:

1) галогендердің органикалық қосылыстары және осы қосылыстарды сулы ортада тудыра алатын заттар;
2) фосфордың органикалық қосылыстары;
3) қалайының органикалық қосылыстары;
4) металдар және олардың қосылыстары;
5) көмірсутектер және олардың қосылыстары;
6) цианидтер;
7) мышьяк және оның қосылыстары;
8) судағы заттардың шекті жол берілетін концентрациялары және жол берілетін бағдарлы деңгейлері белгіленген пестицидтер (улы химикаттар);
9) өлшенген заттар мен суспензиялар;
10) эвтрофикацияға ықпал ететін заттар (нитраттар мен фосфаттар);
11) оттегі балансына қолайсыз әсер ететін заттар;
12) мәдени-тұрмыстық, шаруашылық-ауыз су және балық шаруашылығық су пайдаланудың су объектілеріндегі судағы заттардың шекті жол берілетін концентрациялары мен жол берілетін бағдарланған деңгейлері белгіленген өзге де ластаушы заттар мен олардың қосылыстары.

Бұдан басқа, Ластаушы заттардың шығарындылары мен тасымалдануының тізіліміне ақпарат ұсынылатын ағынды сулардағы ластаушы заттардың мониторингі Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 31 тамыздағы №346 бұйрығымен бекітілген ластаушы заттардың шығарындылары мен тасымалдануының тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес заттар бойынша жүзеге асырылады. Бұл тізілімге Американдық химиялық қоғамның бөлімшесі болып табылатын Химиялық рефераттық қызмет (Chemical Abstracts Service) тізіліміне енгізілген химиялық қосылыстар, полимерлер, нуклеотидтердің немесе аминқышқылдарының, қоспалар мен қорытпалардың биологиялық тізбегі кіреді.

Төгілуге жататын ағынды сулардың әрбір көлемі ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі бекіткен Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінде айқындалған су сапасының белгіленген нормаларына сәйкес тазартылады. Жер үсті, жер асты және ағынды сулардың химиялық құрамын талдауды қоса алғанда, су ресурстарының жай-күйін бағалауды аккредиттелген зертханалар тұрақты негізде жүзеге асырады.

2023 жылы Топтың ЕТҰ-да балық шаруашылығық маңызы бар су объектілері үшін белгіленген ағынды сулардың төгінділеріндегі ластаушы заттардың шекті жол берілетін концентрацияларынан асып кету, сондай-ақ ағынды сулардың төгінділеріне қойылатын шектеулерден асып кету тіркелмеген.

GRI 303-4

Қабылдағыштар бойынша бөлу арқылы ағынды суларды төгу көлемі, мың м³

Көрсеткіш	2023
Жер үсті сулар	1 724,9
Жасанды су объектілері	1 676,7
Муниципалды су тарту	486,3
Ағынды суларды төгудің жалпы көлемі	3 887,9

Санаттар бойынша ағынды суларды төгу көлемі, мың м³

Көрсеткіш	2023
Тұщы және басқа суды төгу:	
Жалпы минералдануы <1000 мг/л ағынды сулар	2 544,0
Жалпы минералдануы >1000 мг/л ағынды сулар	1 343,9

2022 жылы «ҮМЗ» АҚ бойынша өнеркәсіптік-нөсерлі кәрізге су төгу көлемінің көрсеткіші ғана көрсетілгендіктен, ағынды сулардың төгу көлемі 2022 жылы 3 415,6 мың м³-ден 2023 жылы 3 887,9 мың м³-ге дейін 14%-ға ұлғайды. 2023 жылы өнеркәсіптік-нөсерлі кәрізге су төгінділерінен басқа, төгілген судың жалпы көлемінің көрсеткішіне қалалық кәрізге және қалдық қоймасына төгу көрсеткіштері енгізілді.

Aqueduct Water Risk Atlas Су ресурстары институтына сәйкес су тапшылығы аймағында тек «Заречное» БК» АҚ өндірістік алаңдары орналасқан. Кәсіпорында тұщы суды төгу көлемі 72,9 мың м³ құрады.

ТОПЫРАҚ АСТЫ СУЛАР

ЖҮШ әдісімен уран өндіру барысында жер асты суларының контаминациялану қаупі туындайды. Бұл қауіпті азайту үшін Қазатомөнеркәсіптің әрбір жұмыс істеп тұрған уран кеніші санитариялық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес кенді игеру орындарынан радиусы 500 метрді құрайтын санитариялық-қорғау аймағымен қоршалған. Заңнамалық және корпоративтік нормаларды, оның ішінде «Уранның топырақ асты және жер асты суларына ЖҮШ әсерінің мониторингін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар» корпоративтік стандартының нұсқамаларын сақтай отырып, Топ кәсіпорындары өндірістік экологиялық мониторинг шеңберінде жер асты суларының жай-күйіне үздіксіз бақылау жүргізеді.

ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

GRI 3-3, 306-1, 306-2, SASB EM-MM-150a.10

Топ кәсіпорындарының өндірістік қызметі өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды өндірумен байланысты. Қазатомөнеркәсіптің басымдығы қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу, оларды қайта өңдеу және жою болып табылады. Қайта өңдеу мүмкін болмаған жағдайларда Компания қалдықтарды бейтараптандыруды, оларды экологиялық зиянсыз сақтауды немесе мамандандырылған кәсіпорындарға беруді қамтамасыз етеді.

Компанияның негізгі қалдықтары:

- қатты және сұйық радиоактивті қалдықтар;
- флюоритті мыс-молибден кенін өндіру кезіндегі аршу жыныстары;
- ЖҰШ полигонында ұңғымаларды бұрғылау кезіндегі бұрғылау шламдары;
- балқыту қышқылын өндіру кезіндегі фторлы гипс;
- жылу энергиясын өндіру кезіндегі күл-қож қалдықтары;
- коммуналдық қалдықтар;
- пайдаланылған мұнай өнімдері;
- автомобиль шиналары
- қолданылған аккумуляторлар.

Қалдықтармен жұмыс істеу шеңберінде Компания туындайтын қалдықтарды одан әрі жою, қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін олардың түрлері мен құрамы бойынша бөлек жинауды қамтамасыз ете отырып, қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі Қазақстан Республикасының корпоративтік стандарттары мен заңнамасын ұстанады. Компания қалдықтардың пайда болуын болдырмау үшін міндетті мониторинг жүргізеді және қабылданған қалдықтарды басқару бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес бірқатар әрекеттерді жүзеге асырады.

Қалдықтар көлемін қысқартуға арналған іс-шаралар:

- технологиялық құбырларды байлау үшін полиэтилен құбырлары қайта пайдаланылады;
- рециклинг (recycling) жүргізіледі;
- өндірісте қажеттігіне қарай қалдықтарды (пайдаланылған автомобиль шиналары, майлар) қайта қолдану;
- қалдықтарды азайту және одан әрі залалсыздандыру бойынша шараларды бөлу мақсатында сынамаларды іріктеу және талдау жолымен өндіріс қалдықтарын мониторингілеу;
- қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау - Кеңіштер кеңселері мен вахталық кенттеріндегі пластик, қағаз және шыны. Қатты тұрмыстық қалдықтардың сұрыпталған түрлері макулатура мен пластикті қабылдау пунктіне (мамандандырылған ұйым) одан әрі қайта өңдеу үшін өтеусіз негізде тапсырылады;
- барлық түзілетін қалдықтар тек осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген және жабдықталған орындарда – өндірістік қалдықтарды уақытша сақтау алаңында, қатты тұрмыстық қалдықтарды уақытша сақтау алаңында, бұрғылау шламдарының шлам жинағышында, төмен радиоактивті қатты қалдықтарды уақытша сақтау алаңында уақытша жинақталуы тиіс.

Қалдықтарды басқару үшін біз қалдықтарды жинау, қалпына келтіру немесе жою операцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдармен де жұмыс істейміз.

Атап айтқанда, Қазатомөнеркәсіп келесі қызметтерді орындау бойынша келісімшарттар жасасады:

- төмен радиоактивті қалдықтарды қабылдау және көму;
- қатты тұрмыстық қалдықтарды қабылдау және көмум;
- өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату;
- металл және төмен қысымды полиэтиленнен жасалған материалдардың радиоактивті ластануын кейіннен кәдеге жарату арқылы шығару.

GRI 306-3, SASB EM-MM-150a.4

Кейбір ЕТҰ-да бұрғылау жұмыстарының ұлғаюына қарамастан, жалпы алғанда, Компания жасаған жұмыс қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды азайту, қайта өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қабылдау арқылы олардың көлемін азайтуға қол жеткізді. 2023 жылы Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің жаңа нормаларын орындауға және «Zero Waste» Қалдықсыз өндіріс мәдениетін дамыту бағдарламасын іске асыруға сәйкес Компания «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 17.2-СТ ҰАҚ «Табиғатты қорғау саласындағы стандарттар жүйесі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарында өндіріс қалдықтары мен тұтынуды басқару қағидалары» Корпоративтік стандартын өзектендірді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2023 жылы Топ қалдықтарының жалпы көлемі 401 мың тоннаны құрады, бұл 2022 жылғы деңгейден 12%-ға төмен.

Түрлері бойынша бөлінген шығыстар мен қалдықтардың жалпы массасы, мың тонна

GRI 306-3, SASB EM-MM-150a.7

Шығыстар мен қалдықтардың түрлері[71]	2021	2022	2023
Қауіпті қалдықтар	н/д	н/д	1,6
Қауіпті емес қалдықтар	н/д	н/д	379,5
Қатты радиоактивті	2,6	5,1	19,9
Сұйық радиоактивті	119,1	148,2	141,6
Бериллий өндірісінің шламы	124,2	125,3	119,5
Барлығы			**662,1**

Компания сұйық радиоактивті шығыстарды, сондай-ақ радионуклидтермен ластанбаған бериллий өндірісінің минералдық шикізатын гидрометаллургиялық қайта өңдеу шламдарын қалдықтар ретінде жіктейді.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде көзделген қалдықтардың жаңа жіктемесіне сәйкес қалдықтар қауіпті және қауіпті емес болып екіге бөлінеді. Компанияда туындайтын қалдықтардың басым көпшілігі бұрғылау шламы болып табылады, ол санитарлық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша сараптамалық қорытындыға сәйкес қауіпті емес қалдықтарға жатады.

Қауіпті қалдықтар үшін негізгі ақпарат: атауы, қауіпті қасиеттер тізімі, құрамы, уыттылығы және қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі сақтық шаралары көрсетілген паспорттар әзірленді. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау қолданыстағы заңнамаға сәйкес және тек лицензияланған ұйымдарды тарта отырып жүргізіледі. 2023 жылы Компания қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды жүзеге асырмады.

РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

SASB EM-MM-150a.5

Топ кәсіпорындарының өндірістік қызметі барысында қатты және сұйық радиоактивті қалдықтар туындайды, оларды кәдеге жарату сол үшін арнайы бөлінген орындарда жүзеге асырылады.

2023 жылы Топ бойынша жалпы 19 865,61 тонна қатты радиоактивті қалдықтар (бұдан әрі – ҚРҚ) туындады. Топтағы ҚРҚ-ның негізгі түрі радиоактивті ластанған топырақ болып табылады, бұл жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен уран өндірудің технологиялық ерекшеліктерімен, сондай-ақ 2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС «Уванас» кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізумен түсіндіріледі.

Топтың кәсіпорындарының әртүрлі ҚРҚ түрлерінің 2023 жылы ҚРҚ-ның жалпы көлеміне қосқан үлесі, %

ҚРҚ түрлері	РАҚ жалпы көлеміне қосқан үлесі
Құмдар, құм тұндырғыштардың лайлары, ластанған топырақтар	94,1
Иі қанған шайыр	1,1
Металл қалдықтары	1,5
Арнайы киім, ЖҚҚ, шүберек, сүзгілер	0,6
Пластикалық қалдықтар (құбырлар және т.б.)	0,5
«ҮМЗ» АҚ ҚРҚ	0,4
Басқа радиоактивті қалдықтар	1,8

[71] Қалдықтардың жаңа жіктелуі нәтижесінде есептеу әдіснамасының өзгеруіне байланысты 2021 және 2022 жылдары қалдықтар көлемін қайта есептеу жүргізілмеген.

Сұйық радиоактивті қалдықтар (бұдан әрі – СРҚ) тек «ҮМЗ» АҚ қызметі шеңберінде туындайды, өйткені Топтың өндіру кәсіпорындарында технологиялық регламентке сәйкес пайдаланылған өнімді ерітінділер технологиялық процесте қайта пайдалану үшін құм тұндырғыштарға жіберіледі. 2023 жылы «ҮМЗ» АҚ-да жалпы 141 603,54 тонна СРҚ және 119,456 мың тонна бериллий өндірісінің шламдары туындады. Туындаған СРҚ мен бериллий өндірісінің шламдарының жалпы көлемі «ҮМЗ» АҚ қалдық қоймасына орналастырылған.

«ҮМЗ» АҚ өндірісі	СРҚ жалпы көлеміне қосқан үлесі, %
Уран өндірісі	38,1
Тантал өндірісі	44
Арнайы кір жуу орны	17,9

Топтың кәсіпорындарында радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға және осы саладағы үздік қолжетімді әлемдік тәжірибелерге сәйкес жүргізіледі.

Топтың бірыңғай саясатын айқындау және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында орта мерзімді кезеңге кешенді тәсілді әзірлеу мақсатында, сондай-ақ БҰҰ-ның жаһандық бастамасына қатысу және ESG қағидаттарын іске асыру жөніндегі міндеттемелерді орындау шеңберінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023-2030 жылдарға арналған Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі бағдарламасы бекітілген.

Бағдарламаның мақсаты радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз және тиімді басқару, олардың қоршаған ортаға әсерін азайту және адамдардың денсаулығын қорғау болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу шеңберінде радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жүйесінің ағымдағы жай күйіне талдау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша келесі негізгі міндеттер тұжырымдалды:

1. Радиоактивті қалдықтардың туындауын азайту;
2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін жетілдіру және жаңа тәсілдерді енгізу;
3. Топтың ішкі құжаттарын жетілдіру, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы нормативтік құқықтық базаны жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу;
4. Стейкхолдерлердің сенімі мен беделін нығайту.

2023 жылы қойылған міндеттерге қол жеткізу жөніндегі жұмыс шеңберінде, сондай-ақ радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі ішкі нормативтік базаны жетілдіру мақсатында төмендегі іс-шаралар өткізілді:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниялар Тобында өндірістік қызмет нәтижесінде пайда болған радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге қойылатын жалпы ұйымдастырушылық-техникалық талаптарды белгілейтін «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар» стандарты өзектендірілді.
- Топтағы радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде сапаны қамтамасыз ету бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын айқындатын «Табиғатты қорғау саласындағы стандарттар жүйесі. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде сапаны қамтамасыз етудің үлгілік бағдарламасы. Құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар» Стандарты әзірленді.
- Топта өз қызметін жүзеге асыру кезінде радиоактивті қалдықтар туындайтын тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайтын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарында радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін тексеруді ұйымдастыру және жүргізу» Қағидалары әзірленді.
- Қызметінің нәтижесінде радиоактивті қалдықтар туындайтын Топтың кәсіпорындарында ядролық, радиациялық, экологиялық және физикалық қауіпсіздікке әсер ететін сапаны қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың жиынтығын белгілейтін және кәсіпорындарда радиоактивті қалдықтарды басқару жүйесін айқындайтын Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде сапаны қамтамасыз ету бағдарламалары әзірленіп, бекітілді.

2023 жылы радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу шеңберінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мамандары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеті жанындағы жұмыс тобының құрамында «РАҚ-пен жұмыс істеу туралы» ҚР заң жобасын әзірлеуге қатысты.

ҚАЛДЫҚ ҚОЙМАСЫН БАСҚАРУ

SASB EM-MM-540a.1

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қалдық қоймаларын басқаруға жауапкершілікпен қарайды, олардың физикалық және технологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударады. Қазіргі уақытта Компанияда Өскемен қаласы, «ҮМЗ» АҚ-да орналасқан бір қалдық қоймасы жұмыс істейді. Қалдық қоймасының құрамында сұйық қалдықтарды орналастыруға арналған құйылмалы ашық түрдегі 5 буландырғыш карта бар.

SASB EM-MM-540a.2.

«Қалдықтар шаруашылығы» учаскесі (қалдық қоймасы) «ҮМЗ» АҚ сервистік орталығының құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Қалдық қоймасын басқару және тұрақтылықты сақтау келесі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

1. «ҮМЗ» АҚ «Қалдықтар шаруашылығы» учаскесін пайдалануға арналған технологиялық регламент;
2. «ҮМЗ» АҚ қалдық қоймасының шығыстарын басқару» технологиялық регламент;
3. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және «ҮМЗ» АҚ-ның өзге де ішкі нормативтік құжаттары.

«ҮМЗ» АҚ «Қалдықтар шаруашылығы» учаскесін пайдалануға арналған технологиялық регламент өндірістік қалдықтарды қабылдау мен орналастырудың технологиялық процесіне қолданылады және процесті жүргізудің дәйектілігіне, процесті жүргізудің қауіпсіздігі мен апатсыздығын қамтамасыз ететін белгіленген шектерде технологиялық параметрлерді қолдауға, сондай-ақ сұйық және қатты өндірістік қалдықтарды қабылдау, орналастыру, есепке алу және тасымалдау; «ҮМЗ» АҚ «Қалдықтар шаруашылығы» учаскесіне түсетін «ҮМЗ»



АҚ бөлімшелерінің сұйық және қатты радиоактивті қалдықтарын қабылдау, орналастыру және есепке алу процестеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2023-2042 жылдарға арналған «ҮМЗ» АҚ-ның жұмыс істеп тұрған қалдықтар шаруашылығының учаскесін басқару үшін «ҮМЗ» АҚ қалдықтар қоймасының шығыстарын басқару регламенті («ҮМЗ» АҚ Басқарма Төрағасы 30.09.2023ж. бекіткен) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес әзірленген және «ҮМЗ» АҚ жұмыс істеп тұрған қалдықтар шаруашылығы учаскесінде зиянды заттарды (өндіріс қалдықтарын) сақтау және көму үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалану шарттарын айқындайды.

«ҮМЗ» АҚ қалдықтар шаруашылығы учаскесінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау жүзеге асырылды, сондай-ақ гидротехникалық құрылыстардың жай-күйіне және жақын маңдағы аумақтардағы қоршаған ортаға мониторинг үнемі жүргізіледі.

SASB EM-MM-540a.3.

«ҮМЗ» АҚ-да апаттық ден қою және апаттық жағдайларға дайындық саласында келесі құжаттар әзірленіп, қолданылады:

1. «ҮМЗ» АҚ «Қалдықтар шаруашылығы» учаскесінің гидротехникалық құрылыстарындағы апаттарды жою жоспары («ҮМЗ» АҚ Техникалық даярлау жөніндегі директорымен 14.11.2023ж. бекітілген);

2. «ҮМЗ» АҚ «Қалдықтар шаруашылығы» учаскесінің айдау (пульпанасостық) станцияларындағы апаттарды жою жоспары («ҮМЗ» АҚ Техникалық даярлау жөніндегі директорымен 13.11.2023ж. бекітілген).

«Қалдықтар шаруашылығы» учаскесіндегі апаттарды жою жоспарлары «Қауіпті өндірістік объектілерде апаттарды жою және оқу дабылдарын және апатқа қарсы жаттығуларды жүргізу жоспарларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықтар» талаптарын және «Азаматтық қорғау туралы» 11.04.2014 №188-V ҚР Заңын ескере отырып әзірленді.

«ҮМЗ» АҚ өзінің қалдық қоймасындағы төтенше жағдайларды жою және зақымды тез жою үшін қажетті барлық материалдық және қаржылық ресурстарға ие.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК

GRI 3-3

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның қызметі биоалуантүрлілікке тікелей елеулі әсер етпесе де, біз өзіміздің қатысуымыздағы аймақтарда биологиялық әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын түсінеміз және мойындаймыз және уран кен орындары аумағындағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің жай-күйін зерделеу үшін мүмкін болатын барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз.

Компания биоәртүрлілікті сақтау және қорғау мәселелері бойынша қоғамдық ұйымдармен ынтымақтасады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ («ЖТИ" ЖШС) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бағдарламасы шеңберінде құстарды электр беру желілерінің әсерінен қорғау бойынша кешенді зерттеулер жүргізу үшін Зоология институтымен консорциумдық келісімге ие.

Қазатомөнеркәсіп біздің қызметіміздің барлық кезеңдерінде тәуекелдерді талдауға қомақты қаражат сала отырып, биоалуантүрлілікке төнетін қатерлердің алдын алуға ерекше назар аударады. Өндірістік қызметпен байланысты экологиялық тәуекелдер, ең алдымен, топырақ пен өсімдік жабынының бұзылуымен және жануарлардың әдеттегі мекендеу орындарынан шығарып жіберуімен байланысты. Экологиялық тәуекелдерді азайту үшін Компанияда уран кен орындарын өнеркәсіптік өңдеу процесінде және қайта өңдеу кезеңінде биоалуантүрлілікті бағалау және мониторингілеу бойынша стандарт әзірленді.

GRI 304-1

Топтың меншігіндегі/жалға алған/басқаруындағы жердің жалпы ауданы 105 477,99 га құрайды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен (қорықтармен/қаумалдарымен) шектесетін Топтың учаскелері/кен орындары туралы ақпарат:

Қаумал/қорық	Учаске/кен орны	Географиялық орналасуы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағы	Солтүстік Харасан кен орнының Харасан-2 учаскесі («Байкен-U» ЖШС)	Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы
	Буденовское кен орнының №2 учаскесі («Қаратау» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Буденовское кен орнының 3 және 4 учаскелері («Ақбастау» БК» АҚ)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Инкай кен орнының №4 учаскесі («ОТХК» БК» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Инкай кен орнының №1 учаскесі («Инкай» БК» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Мыңқұдық кен орнының Батыс учаскесі («Аппак» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Мыңқұдық кен орнының Шығыс учаскесі («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Мыңқұдық кен орнының Орталық учаскесі («Орталық» ЕК» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Жалпақ кен орны («Орталық» ЕК» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Ақдала кен орны («ОТХК» БК» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Уванас кен орны («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС) өндіру аяқталды	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Мойынқұм кен орнының Орталық учаскесі («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Мойынқұм кен орнының Оңтүстік учаскесі («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС) өндіру аяқталды	Түркістан облысы, Созақ ауданы
	Қанжуған кен орны («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы
Арыс және Қарақтау мемлекеттік қорық аймағы	Заречное кен орны («Заречное» БК» АҚ)	Түркістан облысы, Отырар ауданы
Қарғалы мемлекеттік табиғи қаумалы	Оңтүстік Карамурун кен орны («РУ-6» ЖШС)	Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

GRI 304-2

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Компания өнеркәсіптік мақсаттағы жерлерде және елді мекендер шегінде қызмет жүргізеді. 2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Экологиялық және әлеуметтік салалардағы іс-қимыл жоспарын (ESAP) іске асырудың Жол картасын орындау кезінде Топтың ЕТҰ уран өндіретін аумақтарында биоалуантүрліліктің жай-күйіне зерттеулер жүргізілді.

Топтың корпоративтік мәдениетінде басты назар өзара сенімге, құрметке, ашықтық пен адалдыққа, сондай-ақ тұрақты дамуға аударылады. Компания жұмысшылардың өз жұмысында табысты болуы, корпоративтік ортаға тезірек бейімделуі және кәсіби деңгейін жоғарылатуы үшін оқыту және тәлімгерлік бағдарламаларын үнемі жетілдіріп отырады. Қазатомөнеркәсіп географиялық шектеулерді жеңе отырып, мамандануына және жұмыс орнына қарамастан барлық қызметкерлердің білім ресурстарына қол жеткізуіне кепілдік береді.

Қызметкерлердің әл-ауқаты мен қанағаттануы Компания үшін өте маңызды және біз оларға құпиялылықты қамтамасыз ете отырып, ішкі коммуникациялар жүйесі арқылы сұрақтар мен мәселелерді шешуге мүмкіндік береміз.

Компания Әдеп кодексінде көрсетілген іскерлік этика қағидаттарын басшылыққа алады және кемсітушілік пен қысымға жол бермеуге қатаң көзқарасты ұстанады. Қазатомөнеркәсіп компания ішінде оқытуды, тәлімгерлікті және белсенді өзара әрекеттестікті қамтитын кешенді бағдарламаларды енгізе отырып, тең мүмкіндіктер мен әлеуметтік-мәдени әртүрлілік мәдениетін құру бойынша белсенді жұмыс атқаруда.

Компаниядағы персоналды басқару 2023 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге арналған Кадр саясатына сәйкес жүзеге асырылады, оған инклюзивтілік пен әртүрлілік тәжірибелерін енгізу, психологиялық қауіпсіз орта құру және барлық жұмысшылар үшін тиесілілік сезімі кіреді.

Одан басқа, біз Қазақстанның Еңбек заңнамасын, халықаралық стандарттарды және корпоративтік құжаттар кешенін басшылыққа аламыз:

- Сыйақы саясаты.
- Персоналды іріктеу және жалдау ережелері.
- Ұжымдық келісімшарт.
- Әдеп кодексі және комплаенс.
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясатының принциптері.

GRI 2-13

Директорлар кеңесі персоналды басқару саласындағы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді бекітуді және бақылауды жүзеге асырады. Кадр саясатының тиімділігі мен қызметкерлермен жедел жұмысына HR департаменті мен Әлеуметтік жұмыс департаменті жауап береді. Кәсіпорындардың персоналды басқару қызметі орындарында қызметті үйлестіреді және жедел басқаруды жүзеге асырады.

ПЕРСОНАЛ САНЫ ЖӘНЕ КАДРЛАРДЫҢ АУЫСУЫ

Бірлескен және тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, АҚС шарты мен аутстафинг шарты бойынша қабылданған қызметкерлерді қоспағанда, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ персоналының жалпы тізімдік саны 2023 жылдың аяғында 21 554 адамды құрады. Есепті кезеңде Топ персоналының тізімдік саны 2022 жылмен салыстырғанда 4%-ға өсті, бұл жекелеген ЕТҰ өндіру көлемінің ұлғаюымен және жобалау қызметіне персоналды тартумен байланысты. Кезең соңындағы тізімдік саны 31.12.2023 жағдай бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компанияларының еншілес және тәуелді кәсіпорындарының штатында тұратын қызметкерлердің санымен айқындалады.

GRI 2-7, 401-1, SASB EM-MM-000.B

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ персоналының саны, 2023 ж., адам

Көрсеткіш	2023
Есепті кезеңнің соңындағы персоналдың тізімдік саны	21 554
Персоналдың жалпы саны (тізімдік саны, АҚС шарты, аутстаффинг шарты)	22 564

Біз өз қызметкерлерімізбен ұзақ мерзімді қарым-қатынасты бағалаймыз, сондықтан олардың басым бөлігі ұзақ мерзімді шарттар бойынша жұмыс істейді (>90%), мерзімді шарттар бойынша қызметкерлердің шамамен 10%-ы жұмысқа орналастырылды.

GRI 2-8

Компания қызметкерлері болып табылмайтын персонал арасында шарттық қатынастардың ең көп тараған түрі азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт (АҚС) және аутстафинг шарты болып табылады. Компания қызметкерлері болып табылмайтын, бірақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-мен бақыланатын персоналдың жалпы саны – 1 010 адам. АҚС шарты және аутстафинг шарты бойынша жалданған қызметкерлер жобалық немесе маусымдық жұмысты орындау үшін тартылады. 2022 жылмен салыстырғанда Компания қызметкерлері болып табылмайтын персонал санының артуы жобалау қызметінің өсуіне, сондай-ақ біржолғы сипаттағы жұмыстарды орындау қажеттілігіне байланысты.

GRI 401-1

2023 жылы Топқа 4386 адам қабылданды. Жаңа қызметкерлердің 77%-ы Оңтүстік аймақта (Шымкент қаласын қоса алғанда) жұмысқа тартылған. Қазатомөнеркәсіпте жергілікті тұрғындар арасынан қызметкерлерді басым жалдау бойынша саясат жоқ. Бос лауазымдарға іріктеу ізденушілердің біліміне, біліктілігіне және кәсіби қасиеттеріне қарай жүргізіледі.

2023 жылы Топтағы шығу бойынша кадрлардың жалпы айналымының коэффициенті 15,8% құрады. 2022 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1%-ға өсті. Бұл ретте, ауысу негіздері бойынша кадрлардың ауысуы 7,9% құрады, кадрлардың ауысуы бойынша мақсатты көрсеткіш 14%-дан аспайды.

GRI 2-7, 2-8, SASB EM-MM-000.B

Жұмыспен қамту нысаны бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ персоналының тізімдік саны, 2021-2023 жылдар, адам

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Ұзақ мерзімді келісімшарт	19 122	18 350	19 371
ерлер	15 696	15 183	16 188
әйелдер	3 426	3 167	3 183
Мерзімді келісімшарт	1 521	2 463	2 183
ерлер	1 246	2 011	1 664
әйелдер	275	452	519
Жұмыспен толық қамтылу	20 627	20 799	21 541
ерлер	16 931	17 186	17 841
әйелдер	3 696	3 613	3 700
Жұмыспен жартылай қамтылу	16	14	13
ерлер	11	8	10
әйелдер	5	6	3
АҚС шарттары бойынша	388	744	777
ерлер	263	449	594
әйелдер	125	295	183
Аутстаффинг келісімшарты	0	125	233
ерлер	0	102	180
әйелдер	0	23	53

ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІЛІК

GRI 405-2

Біздің корпоративтік мәдениетіміздің маңызды бөлігі инклюзия мен тең құқықтарды қамтамасыз ету, сондай-ақ кемсітушілікке жол бермеу болып табылады. Біз жынысына, ұлтына, жасына, дініне, әлеуметтік мәртебесіне, физикалық және менталдық қабілеттеріне, жұмыс тәжірибесі және біліміне қарамастан ең талантты жұмысшыларды тартамыз және дамытамыз. Бұл тәсіл барлық жастағы адамдардың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыру, білім сапасы бойынша инклюзивті және тең білім беру, өмір бойы білім алу үшін мүмкіндіктер жасау, сондай-ақ гендерлік теңдікке қол жеткізу және барлық адамдар үшін лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша БҰҰ ТДМ-мен 3, 4, 8, 9, 10, 11 байланысты.

Қазатомөнеркәсіп өз қызметкерлерінің көзқарастары мен мәдени құндылықтарының әртүрлілігін мойындайды және бағалайды. Біздің компанияда кемсітушіліктің кез-келген түріне, соның ішінде нәсілдік, гендерлік, діни, мүгедектікке немесе саяси сенімге жол берілмейді. Бос жұмыс орындарын жариялау және үмкерлерді іріктеу кезінде персоналды іріктеу процесінде кез келген жағымсыздықты болдырмау үшін тәжірибе мен біліктілікке нақты талаптар қойылады. Сыйақы мөлшері тек үмкердің кәсіби қасиеттеріне байланысты.

Қазатомөнеркәсіп сұрақтармен немесе шағымдармен жасырын түрде жүгінуге болатын сенім желісін қоса алғанда, біздің кері байланыс арналарымыз арқылы кемсітушіліктің ықтимал жағдайларын мұқият қадағалайды.

Инклюзивті орта

GRI 405-1

Қазатомөнеркәсіп мүмкіндігі шектеулі жандарға жұмыс орындарын ұсынады. 2023 жылы мүмкіндігі шектеулі қызметкерлердің саны 191 адамды құрады (оның ішінде 12 адам – әкімшілік-басқару персоналы, 179 адам – өндірістік персонал), бұл 2022 жылмен салыстырғанда 8 адамға артық. 2023 жылы мүмкіндігі шектеулі қызметкерлердің үлесі қызметкерлердің тізімдік санының 0,8%-ын құрады.

Мүмкіндігі шектеулі қызметкерлердің тізімдік саны, 2021-2023 жылдар, адам



Гендерлік теңдік

Персонал құрылымында ер адамдардың басым болуы компанияның өндірістік қызметінің ерекшелігімен байланысты. Бұл ретте Қазатомөнеркәсіп гендерлік теңдік қағидатын қолдайды және әйелдерді әкімшілік және техникалық позицияларға белсенді тартады. 2023 жылы Топ қызметкерлері арасындағы әйелдердің үлесі 17,2% құрады.

Гендер бойынша бөліністегі персоналдың тізімдік саны, 2021-2023 жылдар, адам



Компания гендерлік теңдікті ілгерілету, сондай-ақ әйелдер арасында көшбасшылық әлеуетті дамыту және болашақ әйел-көшбасшыларды даярлау шеңберінде 2030 жылға қарай Қазатомөнеркәсіп пен ЕТҰ басқару органдары (директорлар кеңестерінде, байқау кеңестерінде және атқарушы органдарда) құрамындағы әйелдер үлесін кемінде 30% деңгейінде кезең-кезеңмен арттыруды жоспарлап отыр. 2023 жылдың соңында бұл көрсеткіш 26% құрады.

Жас топтарының әртүрлілігі

Қазатомөнеркәсіп жасы бойынша кемсітушілікке жол бермейді. Компанияда әртүрлі жас топтарының өкілдері, соның ішінде 50 жастан асқан адамдар жұмыс істейді, олардың үлесі 2023 жылы 27,2% құрады. Қызметкерлердің орташа жасы 40 жасты құрайды

GRI 405-1

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ персоналының жасына қарай бөлінген тізімдік саны, 2021-2023 жылдар, адам

Көрсеткіш	2021	2022	2023
30 жасқа дейін	2 799	2 830	3 078
30 жастан 50 жасқа дейін	12 034	12 219	12 608
50 жастан жоғары	5 810	5 764	5 868
Персоналдың орташа жасы, жас	**40**	**40**	**40**

МОТИВАЦИЯ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ

GRI 202-3

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ішкі әділеттілік пен сыртқы бәсекеге қабілеттілікті ескере отырып, материалдық сыйақыны айқындауда ашық әдістерді қолданып, жалпыұлттық еңбек нарығына ғана емес, жалпы салаға да сәйкес келетін жалақының жоғары деңгейін ұстап тұра отырып, өз қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді қамтамасыз етуге ұмтылады.

Компанияда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға негізделген және еңбекақының ең төменгі мөлшерін белгілеуді, жұмыс уақытын реттеуді және үстеме жұмыс үшін сыйақыны қамтамасыз ететін еңбекақы төлеу жүйесі жұмыс істейді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Персоналды басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес Компанияның ЕТҰ қызметкерлері үшін жалақының референттік нарығы Қазақстан Республикасының жалпы индустриялық нарығы болып табылады, ал еңбекақы деңгейі оның медианасына ұмтылады.

GRI 2-20

Компанияның еңбекақы төлеу тәртібі ішкі нормативтік құжатта – Компанияның Басқармасы бекітетін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлеріне Сыйақы беру және еңбекақы төлеу тәсілінің үлгілік қағидаларында көрсетілген. Әрі қарай, Топтың әрбір кәсіпорны Сыйақының үлгілік қағидалары негізінде ерекшелігін ескере отырып, өзінің сыйақы қағидаларын әзірлейді. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарының басқару органдары Компанияның Сыйақының үлгілік қағидалары негізінде құрылған сыйақы қағидаларын бекітуге бірауыздан дауыс берді. Сыртқы консультанттар «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлеріне сыйақы беру туралы шешім қабылдауға қатыспайды.

547 867

теңгені

2023 жылы Қазатомөнеркәсіп өндірістік персоналының орташа айлық жалақысы 21%-ға өсіп, құрады.

2023 жылы 15 240 адам немесе Компания қызметкерлерінің тізімдік санының 71%-ы нәтижелілікті ресми бағалаудан өтті.

GRI 405-2

Қазатомөнеркәсіп әйелдер мен ерлердің сыйақыларының арақатынасын талдауға ерекше назар аударады. Көбінесе физикалық еңбекті қажет ететін индустриялық ерекшелікке байланысты жұмысшылардың көпшілігі ер адамдар. Дегенмен, біз әйелдерді жалдауға, сыйақыны анықтауға, қызметін бағалауға және мансаптық дамуға қатысты кемсітушіліктің кез келген түріне жол бермейміз. Ерлер мен әйелдердің негізгі жалақысының арақатынасы 1:1 құрайды.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, еңбекақы төлеу жүйесі біржолғы ынталандырушы төлемдерді есепке алмағанда, қызметкерлердің жалақысындағы негізгі жалақының кемінде 75% үлесін қамтамасыз етуге тиіс, осылайша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да жалақының белгіленген (негізгі) бөлігі кемінде 75%, ауыспалы бөлігі 25%-дан аспайды.

Қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан шығару кезінде бонустар «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ішкі нормативтік құжаттарында көзделмеген.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлердің өндірістерінің, жұмыстарының, кәсіптерінің белгілі бір тізбесіне сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен 5% мөлшерінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жүзеге асырылады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жалақы қоры, теңге



Қазатомөнеркәсіп Топ қызметкерлерінің жалпы төлемдеріндегі айырмашылықтарға талдау жүргізді. Нәтижелері бойынша 2023 жылы өндірістік персонал арасындағы әйелдердің орташа айлық жалақысы еркектерге қарағанда 8%-ға аз болды, ал Топ бойынша ерлер мен әйелдердің орташа айлық жалақысының айырмашылығы әйелдердің пайдасына 6% құрады.

Қызметкерлерді ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді ынталандыру

Топтың жоспарлы, өндірістік, стратегиялық және операциялық көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін, сондай-ақ инновациялық идеяларды ұсынғаны, жоғары кәсібилігі және жұмысқа жауапкершілікпен қарағаны үшін сыйлықақы беру персоналды материалдық көтермелеу және ынталандыру жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Қосымша материалдық ынталандыру мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

- қызметкерлердің денсаулығын сақтау үшін еңбек демалысына материалдық көмек төлеу;
- Топ басшылығы белгілейтін лауазымдарды қоса атқарғаны және қосымша міндеттерді орындағаны үшін қосымша ақылар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұратын аймағына қарай экологиялық апат аймағында тұратын жұмыскерлерге қосымша ақы төлеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зиянды немесе қауіпті деп айқындалған жағдайларда жұмыс істеген жағдайда өндірістік персонал қызметкерлеріне қосымша ақы төлеу.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

GRI 3-3

Персоналды оқыту және дамыту Корпоративтік мәдениетті трансформациялау және дамыту бағдарламасы шеңберіндегі Компанияның негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Қазатомөнеркәсіп өндірістік тиімділік, өндірістік қауіпсіздік, адам құқықтары, еңбекті қорғау және кәсіптік бағдарлау сияқты салаларда озық және неғұрлым тиімді білім беру практикаларын белсенді енгізеді. Компания көшбасшылық құзыреттілікті дамыту бойынша бағдарламалар жүргізеді, тәлімгерлер мен ішкі жаттықтырушыларды оқытады. Компания кәсіпорындарының қызметкерлері жыл сайын міндетті және кәсіптік оқытудан өтеді.

2021-2023 ж. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ персоналының білім деңгейі, %

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Жоғары	43,81	44,69	45,1
Орташа кәсіби	33,49	34,32	33,31
Бастапқы кәсіби	3,26	3,33	6
Орташа	19,42	17,67	15,39
Бастапқы	**0,02**	**0,02**	**0,02**

Компанияда қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру процестерін жүйелеуге бағытталған 2019-2023 жылдар кезеңіне арналған Кешенді білім беру бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарлама келесі бағыттарды қамтиды:

- жоғары оқу орындары мен колледждерде оқыту;
- біліктілікті арттыру;
- білімді сақтау және ары қарай бөлісу.

Оқыту ішкі сарапшыларды да, сыртқы провайдерлерді де тарта отырып, корпоративтік университет – Қазақстан ядролық университетінің (ҚЯУ) ресурстарын пайдалана отырып жүргізіледі.

Қазатомөнеркәсіп өз персоналын оқытуға және дамытуға ресурстардың едәуір мөлшерін инвестициялайды. 2023 жылы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған жиынтық инвестициялар көлемі 2,9 млрд теңгені құрады.

38 775

адам-семинарды

2023 жылдың қорытындысы бойынша Компания қызметкерлерін оқытудың жалпы уақыты құрады.

Оқыту бағдарламасының негізгі қағидаты - өзін-өзі оқытатын ұйым, оған сәйкес оқытудың 70%-ы жұмыс барысында жүреді, дағдылардың 20%-ы тәлімгерлік және коучинг бағдарламасы арқылы алынады, ал 10%-ы тренингтер мен басқа да білім беру бағдарламаларын қамтамасыз етеді.

HR функциясы персоналды оқытуда басшыларды қолдауға, оқу процесін ұйымдастыруға, білім беру бағдарламаларын және білім беру жеткізушілерін таңдауға жауап береді.

2023 жылы Компания ЕТҰ қызметкерлері ұсынған 3 жоба шеңберінде: «Тау-кен-дайындық жұмыстарын өтеу есебін автоматтандыру» («Ақбастау» БК» АҚ), «Іскерлік келіссөздер жүргізу дағдыларын игеру. Тиімді презентация. Тапсырыс берушілермен жұмыс жасау кезінде дербес және жауапты шешімдер қабылдау мүмкіндігі» («Волковгеология» АҚ) және «Батпалы сорғылардың жұмысын оңтайландыру. Жиілік түрлендіргішін автоматтандыру» («Байкен-U» ЖШС) тәлімгерлік мәдениетін дамытуға бағытталған «Тәлімгер» жобасын іске асыруды жалғастырды.

Одан басқа, Қазатомөнеркәсіптегі тәлімгерлік түрлі бағдарламалар мен бағыттар арқылы жүзеге асырылады және дамиды. Мәселен, «Ізбасар» бағдарламасы үшін шақырылатын тәлімгерлердің тұрақты пулы сәтті қалыптасты, оған әрбір ротацияны ұйымдастыру кезінде барған сайын жаңа тәлімгерлер тартылады. Сонымен қатар, Компания мен ЕТҰ-да тәлімгерлерді жас мамандарға, тағылымдамадан өтушілер мен практиканттарға бекіту жүйесі үнемі жұмыс істейді.

ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да қызметкерлердің ұжымдық және жеке қызметін талдау негізінде олардың кәсіби, жеке-іскерлік және басқарушылық қасиеттерін бағалау рәсімі енгізілді. Бұл процедура персоналдың оқу қажеттіліктерін және олардың одан әрі мансаптық даму мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Талдау нәтижелері негізінде әр қызметкер үшін даму жоспары немесе сыйақы мөлшерін өзгерту, лауазымын жоғарылату немесе төмендету сияқты түзету шаралары жасалады.

Оқу аяқталғаннан кейін білім алушылар сауалнамаларды толтыру арқылы өткен курсты бағалау жүргізіледі. Оқу аяқталғаннан үш ай өткен соң басшы білім алған қызметкердің үлгерімі мен жетістіктерін бағалайды.

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

GRI 404-2

Компания қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын үнемі өсіп келе жатқан талаптарды ескере отырып, олардың практикалық дағдылары мен кәсіби іскерліктерін жетілдіруге көп көңіл бөледі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті курстарды қоса алғанда, әртүрлі кәсіптік бағыттар бойынша біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлейді және енгізеді.

Компанияның барлық білім беру бағдарламалары басшылардың, таланттардың (әлеуетті ізбасарлардың) басқарушылық және тұлғалық-іскерлік дағдыларын дамытуға, тиімді басқару командаларын қалыптастыруға, қызметкерлердің ішкі әлеуетін ашуға, кросс-функционалдық өзара әрекеттестікті жақсартуға және жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін алынған дағдыларды жұмыс ортасында қолдануға бағытталған.

2023 жылы Компания басшыларды дамыту бойынша өз жұмысын жалғастырды.

Бағдарламаны іске асыру үшін көшбасшылық қасиеттерді, басқару құзыреттерін дамытуда тәжірибесі, сондай-ақ экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық жауапкершілік, командаңы басқару және т. б. қағидаттарына сәйкестікті өлшеуге арналған құралдары бар қазақстандық және халықаралық қызмет көрсетушілер тартылды.

Оқыту бағдарламалары басшылардың және олардың ізбасарларының басқарушылық және жеке-іскерлік дағдыларын жақсартуға, тиімді басқару командаларын қалыптастыруға, ішкі әлеуетті дамытуға, кросс-функционалдық өзара әрекеттесуді арттыруға, сондай-ақ жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін алынған дағдыларды жұмыс ортасында қолдануға бағытталған.

Даму аймақтары негізінде 2023 жылы басшылардың барлық деңгейлері үшін бірқатар оқыту іс-шаралары өткізілді. Әрбір оқыту «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да бекітілген корпоративтік құзыреттер мен құндылықтарды дамытуға бағытталған.

2023 жылы 18-ден астам семинарлар, тренингтер және стратегиялық сессиялар өткізілді. SEO-1 және SEO-2 деңгейлерінің басшылары арасында қамту 100% құрайды.

Сондай-ақ, 2023 жылы «ALMAU» университетімен бірлесіп Департаменттер директорларын дамыту бағдарламасы бекітіліп, іске қосылды. Soft skills дамыту бойынша бағдарлама 5 модульден тұрды. Бағдарламаның барлық модульдерінен өткен басшылар университеттен диплом алды.

2023 жылдың тамызында кеніштер директорларын дамыту бағдарламасы іске қосылды және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік объектілер басшыларының клубына старт берілді. Кеніштердің директорларын дамыту жөніндегі осы бағдарламада негізгі назар мынадай үш деңгейге аударылды: базалық басқару құзыреттері мен дағдыларын нығайту; коммуникативтік процестерді терең түсіну; mindset кеңейту арқылы өзін-өзі басқару, энергоменеджмент, шиеленісті жанжалды жағдайларда тұрақтылыққа ие болу.

256 адам оқудан өтті, академиялық сағаттардың жалпы саны 12 515 сағатты құрады.

Персоналды дамыту аясында Компанияда қызметкерлер күшімен дәстүрлі мастер-класстарды жүргізу жалғасуда. Мәселен, 2023 жылы Қазатомөнеркәсіпте 15 мастер-класс өткізілді. Бейне форматындағы мастер-класстар Холдингтің барлық қызметкерлеріне корпоративтік порталда қолжетімді, бұл бейнематериалдарды бірегей білім мен үздік тәжірибелерді тараттын қосымша оқыту құралдары ретінде пайдалануды көздейді.

КАДР РЕЗЕРВІ

2012 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарушы персоналдың сабақтастығы бағдарламасын іске қосты, оның мақсаты – компанияны басқарудағы үздіксіздікті қамтамасыз ету мақсатында кәсіптік дағдыларды арттыруға және мансаптық өсуге ұмтылатын Топ персоналының ішінен әлеуеті жоғары қызметкерлерді анықтау.

Бағдарлама шеңберінде әрбір ізбасар үшін оның дамуына, прогресін бақылауға және идеяларды жүзеге асыруда қолдауға жауапты тәлімгер немесе жетекші тағайындалады. Ізбасарлар пулын қалыптастыру жұмысшылардың қызметін бағалау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Сабақтастық бағдарламасының дамуына пулдардың иелері – Басқарма Төрағасы және функционалдық бағыттардың басшылары үлес қосады.

2023 жылы менеджмент пен функционалды ізбасарлар пулынан 7 ізбасар тағайындалды, бұл негізгі лауазымдарға тағайындаулардың жалпы санының

47% құрады. Ізбасарларымен тәлімгерлік сессиялардың тиімділігі мақсатында тәлімгерлерге кері байланыс бойынша оқыту жүргізілді.

Жыл сайын КО ізбасарлар пулынан тағайындаулардың санын тексереді.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Болашақ білікті кадрларды дамытуға қосқан үлесін түсіну, жоғары оқу орындары мен колледждерде даярлау шеңберінде оқыту Қоғам мен оның ЕТҰ үшін басым бағыттардың бірі болып табылады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ дәстүрлі түрде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарымен және бейінді колледждерімен, сондай-ақ жақын шетелдің білім беру мекемелерімен атом саласының мамандықтары бойынша ынтымақтасады.

Мұндай жоғары оқу орындары мен колледждерге жататындар: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ҚарТУ, Өскемен көпсалалы технологиялық колледжі, Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі, Геологиялық барлау колледжі және басқалар. Сондай-ақ, Қоғам ресейлік жоғары оқу орындары: Томск политехникалық ұлттық зерттеу университеті (бұдан әрі - ТПУ), «МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университеті (бұдан әрі-МИФИ) және басқалармен ынтымақтасады.

Топ кәсіпорындарының барлық қызметкерлері Компания қаражаты есебінен оқытуға жіберіледі. Сондай-ақ, жер қойнауын пайдаланушылар кәсіпорындарының қаражаты есебінен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-мен және оның еншілес және тәуелді ұйымдарымен еңбек қатынастарында тұрмайтын жеке тұлғалар оқытылады. 2023 жылдың соңындағы жағдайна сала бойынша бейінді мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында 632 адам, оның ішінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының 95 қызметкері, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК»АҚ кәсіпорындарымен еңбек қатынастарында тұрмайтын 537 жеке тұлға оқиды. 2023 жылы жоғары оқу орындары мен колледждерде мамандар даярлауға Компания шығыстарының жалпы сомасы 484 284,9 мың теңгені құрады, оның ішінде 329 060,1 мың теңге сомасы Қоғаммен және ЕТҰ-мен еңбек қатынастарында тұрмайтын жеке тұлғаларды даярлауға бағытталған.

Жыл бойынша жалпы шығындар және Қ.И. Сатпаев атындағы ҚазҰТЗУ-мен ынтымақтастық шеңберінде 2023 жылы Қоғамның еншілес кәсіпорындарының лицензиялық-келісімшарттық шарттарының қаражаты есебінен жалпы сомасы 283 166,9 мың теңгеге қаржыландыру жүзеге асырылды. Қ.И. Сатпаев атындағы ҚазҰТЗУ техникалық мамандықтарының 236 студенті халықтың әлеуметтік осал топтарынан.

2023 жылы Қазатомөнеркәсіп білім беру гранттарын беруге бағытталған «Murager» маңызды әлеуметтік жобаларының бірін іске қосты. Бағдарлама Компания қатысатын жергілікті қауымдастықтардың талапкерлерін, колледж түлектерін және бастауыш курс студенттерін қолдауға бағытталған. Қазатомөнеркәсіптің мақсаты аймақтарды дамытуға және жергілікті халықтың білім деңгейін арттыруға, соның ішінде компания кәсіпорындарында кейіннен жұмысқа орналасу мүмкіндігімен техникалық мамандықтарды дәріптеуге өз үлесін қосу болып табылады.

Бағдарлама шеңберінде қатысушылар Қазақстанның техникалық колледждері мен жоғары оқу орындарында басым техникалық мамандықтар бойынша 1 жылға тегін білім беру грантын ала алады. Оқуды сәтті аяқтағаннан кейін грант бойынша қаржыландыру келесі оқу жылына ұзартылады. Білім беру грантын алуға арналған конкурс халықтың әлеуметтік осал топтары үшін де ашық. Конкурс қорытындысы бойынша бағдарлама шеңберінде жалпы сомасы 14 500,0 мың теңгеге 34 білім беру гранты берілді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

GRI 401-2

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жұмыскерлердің еңбек жағдайлары мен өмірін жақсарту мақсатында жұмыспен қамту нысанына қарамастан өз персоналы үшін әлеуметтік қолдау шараларын іске асырады. Әлеуметтік саясат компанияның тұрақтылығы мен тұрақты дамуының негізгі элементі болып табылады. Компания қолайлы жұмыс ортасын құрады, өз қызметкерлерін әлеуметтік қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған қосымша кепілдіктер мен жеңілдіктер береді. Бұл бастамалар персоналдың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Әл-ауқаттың корпоративтік бағдарламасы (well being) шеңберінде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, қолайлы моральдық-психологиялық климат құруға, әлеуметтік-еңбек жағдайларын жақсартуға және қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған түрлі іс-шаралар іске асырылуда.

Компанияның әлеуметтік саясатының негізгі принциптеріне жататындар:

- физикалық, қаржылық, менталдық, мансаптық және әлеуметтік әл-ауқатты қамтитын персоналға қамқорлық жасау;
- өндірістік ортаны және еңбек процесін жетілдіру арқылы еңбек жағдайларын жақсарту;
- қызметкерлердің денсаулығын сақтауға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған персонал үшін қолайлы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау;
- тану бағдарламаларын (корпоративтік наградалар, кәсіби шеберлік конкурстары, КО қызметкерлері үшін жұмысшы мамандықтары мен ИТҚ беделін арттыруға бағытталған «Жылдың үздік қызметкері» және «Жыл қызметшісі»), көп балалы қызметкерлерді материалдық қолдауды, персоналды дамыту бағдарламаларын және т. б. қоса алғанда, қызметкерлердің уәждемесін арттыру және ұжымда қолайлы психологиялық климатты құрк жөніндегі іс-шаралар.

Қазатомөнеркәсіп еліміздегі жетекші өнеркәсіптік компания бола отырып, әлеуметтік қамсыздандыру және персоналды басқару саясатын іске асыру саласындағы өз тәсілдерін ұдайы жетілдіріп отырады.

2023 жылғы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған шығындар, млрд теңге

Бағыт	Инвестициялар көлемі
Медицина және сауықтыру	2,4
Тамақтану	4,6

2023 жылы Компания әлеуметтік міндеттерді орындауда өзін-өзі жүзеге асыруға және қызметкерлердің әлеуметтік әл-ауқатын қолдауға бағытталған бірқатар іс-шараларды ұйымдастырды және өткізді: Қазатомөнеркәсіп марафоны, Спартакиада, «Салауатты жүрек ырғағында» акциясы және Денсаулық күндері, Донор күні, экологиялық жобалар, әлеуметтік волонтерлік жобалар, сондай-ақ корпоративтік іс-шаралар мен конкурстар.

Қаржылық әл-ауқатты қамтамасыз етуге, атап айтқанда, қызметкерлердің қаржылық сауаттылығын және ақылға қонымды және саналы қаржылық шешімдер қабылдау үшін қажетті білімді арттыруға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде Компания қызметкерлердің жеке қаржыны басқару және қаржы құралдарымен танысу саласындағы білім деңгейін арттыру бойынша іс-шаралар өткізеді. ЕТҰ-ның бірінде пилоттық жоба шеңберінде жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы енгізілді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ

Компанияның ұжымдық шарты қызметкерлердің белгілі бір санаттарын: жалғызбасты ата-аналарды, көп балалы отбасыларды, мүгедек балалардың ата-аналарын, сондай-ақ жұмыстан босатылған кезде жұмыс істемейтін зейнеткерлерді қолдауға ерекше назар аударады. Топ кәсіпорындарында толық және жартылай жұмыспен қамтылған персоналға бірыңғай тәсіл қолданылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру шеңберінде жалғызбасты ата-аналарға және үш және одан да көп баланың аналарына (12 жасқа дейінгі) қосымша демалыс беріледі. Көп балалы отбасылар мен мүгедек балалары бар отбасылар (18 жасқа дейін) материалдық қолдау алады.

2023 жылы 347 жұмысшыға ана/әке демалысы берілді, оның 64-і ерлер, 283-і әйелдер.

Жасы немесе мүгедектігі бойынша зейнеткерлікке шығу себебінен жұмыстан шығарылған кезде Компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне медициналық қызмет көрсету және маңызды күндер мен мерекелерге қосымша материалдық көмек көрсетіледі.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ

GRI 202-3, 403-6

Қызметкерлердің денсаулығы мен әл-ауқатына қамқорлық жасау «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Осы мақсатта Компания физикалық және психологиялық денсаулықты қолдауға, сондай-ақ қаржылық, әлеуметтік және кәсіби әл-ауқатты арттыруға бағытталған әртүрлі бағдарламаларды әзірледі және жүзеге асырады.

Қазатомөнеркәсіп әрбір қызметкерге өзінің әл-ауқатына саналы көзқарасты дамытуға және жұмыста да, одан тыс жерлерде де салауатты және бақытты өмір салтын жүргізу үшін қажетті дағдыларды игеруге көмектесуге ұмтылады.

Біз жұмысшылардың физикалық жағдайын жақсарту, өмір сүру сапасын жақсарту, денсаулықты сақтау және өнімділікті арттыру үшін пайдалы әдеттерді қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргіземіз.

2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған «Денсаулықты қорғау

360°» корпоративтік бағдарламасы бекітілді[72]. Бағдарлама ұзақ мерзімді перспективада «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тұрақты экономикалық қызметін қамтамасыз ету үшін корпоративтік әлеуметтік мәдениеттің негізі ретінде қызметкерлердің денсаулығын нығайту мақсатында әзірленді.

Мынадай міндеттер арқылы жүзеге асырылады:

- аурулардың алдын алу мен басқаруды жетілдіру;
- қызметкерлердің салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру;
- қолда бар ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру.

2023 жылы іске асырылған бағдарламалар:

- қызметкерлер мен отбасы мүшелеріне арналған ерікті медициналық сақтандыру. Ерікті медициналық сақтандыру бағдарламаларын қаржыландыруға 1,17 млрд теңге бағытталды;
- қызметкерлер мен отбасы мүшелеріне арналған ерікті медициналық сақтандыру. Ерікті медициналық сақтандыру бағдарламаларын қаржыландыруға 1,17 млрд теңге бағытталды;
- кеңейтілген скринингтік бағдарламамен міндетті жыл сайынғы профилактикалық тексеру;
- медициналық тексерулерді автоматтандыруға арналған техникалық жабдықтар. Барлық өндіруші кәсіпорындар ауысым алдындағы және рейс алдындағы тексерулердің электрондық жүйесімен қамтамасыз етілген;
- қауіпті өндіріс персоналын Алғашқы көмек көрсету дағдыларына үйрету;
- эпидемиологиялық маусымда жедел респираторлық вирустық инфекциялардың нақты алдын алу;
- денсаулық сақтау және өнеркәсіптік медицина бойынша міндеттерді іске асыру бойынша медициналық қоғамдастық құру және дамыту. Топтың 14 жұмыс отырысында денсаулық сақтау және өнеркәсіптік медицина бойынша 36 өзекті мәселе қаралды;
- үздік тәжірибелер мысалында салауатты әдеттер, МӘМС және ЕМС, тұмауға қарсы вакцинацияның нақты алдын алу, ыстықта алдын алу, СӨС және спорт туралы постерлер жарияланған Телеграмм-арнадағы санитарлық-ағарту жұмысы;
- «Сау жүрек ірғағында» акциясы, Аппараттық зерттеулермен денсаулық күндері, жүректің биологиялық жасын басқару бойынша вебинар.

КӘСІПОДАҚТАР ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қазатомөнеркәсіп өз қызметкерлерінің мүдделерін көрсететін қоғамдық ұйымдарға қатысу құқығын шектемейтін саясатты ұстанады. Топ қызметкерлерінің қоғамдық, саяси, білім беру және қайырымдылық қызметтерінің әртүрлі түрлерімен айналысуға мүмкіндігі бар, бірақ бұл олардың лауазымдық міндеттерін орындауға кедергі келтірмеу және қоғамға зиян келтірмеу керек.

Қазатомөнеркәсіп үшін «Атом өнеркәсібі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» еңбек заңнамасын сақтауда сенімді әріптес болып табылады және қызметкерлердің мүдделерін белсенді қорғайды. 2023 жылдың соңына қарай «Атом өнеркәсібі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағына» Топ кәсіпорындарының 13 347 қызметкері кіреді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 1%-ға аз.

Еңбек қатынастарын реттеу және қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету үшін ұжымдық шарттар жасалады. Осындай шарттар мен қабылданған міндеттемелерді орындау аясында Кәсіподаққа Компания қызметкерлері арасында түрлі іс-шаралар өткізу үшін қаржы қаражаты жыл сайын беріледі. Бұл қаражат медициналық қызмет көрсетуді, әлеуметтік қолдауды ұйымдастыруға, мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларын өткізуге, сондай-ақ шипажайлар мен балалар лагерлеріне жолдамалар сатып алуға жұмсалады.

Кәсіподақтарды қолдауға арналған шығындар, млн теңге



ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІСІМШАРТ

GRI 2-30, SASB EM-MM-310a.1.

Ұжымдық келісімшарт қызметкерлердің еңбек құқықтарын, экономикалық және әлеуметтік кепілдіктерін қорғауды қамтамасыз етуде, сондай-ақ еңбек қатынастарын реттеуде және компания мен қызметкерлер арасында тиімді диалог орнатуға көмектесуде шешуші рөл атқарады. Ұжымдық келісімшарт үш жыл мерзімге жасалады және үнемі жаңартылып отырады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлерінің 94%-ы ұжымдық келісімшарттарға қол қойды, бұл келісімдердің ұйымда кеңінен қамтылғанын растайды

GRI 402-1

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ұжымдық келісімшартының маңызды элементі қызметкерлерді еңбек шарттарындағы елеулі өзгерістер туралы болжамды өзгерістерден кемінде бір ай бұрын, ал белгілі бір жағдайларда күнтізбелік он бес күн бұрын алдын ала хабардар ету міндеттемесі болып табылады.

Сонымен қатар, Ұжымдық келісімшартта персоналды іріктеуге, корпоративтік мәдениетті қолдауға және қызметкерлермен қарым-қатынасты басқаруға қатысты мәселелер реттеледі. Осы құжатқа сәйкес «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлердің еңбек жағдайлары мен өмір сүру сапасын әрдайым жақсарту мақсатында персоналды әлеуметтік қолдау шараларын қабылдауда.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ ТӘСІЛІ

GRI 2-23

Адам құқықтарын қорғау, әлеуметтік серіктестік, бір-біріне деген өзара құрмет пен сенім және кемсітушіліктің кез келген түрінің алдын алу Компания мен қызметкерлер арасындағы қарым-қатынастың негізгі принциптері болып табылады.

Компаниядағы Адам құқықтарын сақтау саясатына қатысты мәселелерді басқару үшін жауапкершілік Омбудсмен қызметі мен Комплаенс қызметіне жүктеледі.

Қазатомөнеркәсіптің корпоративтік практикасы адам құқықтары саласындағы танылған халықаралық стандарттар мен бастамаларға негізделеді, мысалы:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы.
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт.

[72] Басқарманың 08.06.2023 ж. шешімімен.

- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт.
- БҰҰ-ның адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басшылық принциптері.
- Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясы.
- Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясы.
- БҰҰ қауіпсіздігі мен адам құқықтарына қатысты ерікті принциптері.
- БҰҰ-ның Жаһандық шарты.

Біздің міндеттемелерімізді бекіту және олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін 2022 жылы Қазатомөнеркәсіп Адам құқықтары саласындағы саясатты[73] әзірлеп, бекітті. Бұл Саясат барлық қызметкерлердің орындауы үшін міндетті және компанияның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады. Компанияның еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарына осы қағидаттарға сәйкес ұқсас ішкі құжатты әзірлеу және бекіту ұсынылады. Бұл құжатты жасау кезінде біз адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттарға, мысалы, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына және т.б. сүйендік. Саясатқа адам құқықтары саласындағы негізгі аспектілер, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-әдептілік ахуалын диагностикалау жөніндегі шаралар енгізілді.

Адам құқықтары саясаты барлық мүдделі стейкхолдерлерге қол жетімді болу үшін компанияның корпоративтік веб-сайтында және ішкі ресурстарында жарияланған. Сонымен қатар, Холдинг қызметкерлері тұрақты даму бойынша мастер-кластар кезінде оның мазмұнымен танысты.

GRI 408-1

Адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарына сүйене отырып, Қазатомөнеркәсіп өзінің серіктестері мен контрагенттерін таңдайды, олармен ынтымақтасады, олардың заңнаманы және Топта қабылданған корпоративтік және іскерлік этика нормаларын сақтауына көз жеткізеді. Компания Топтың әдеп қағидаларын бөлісетін және ұстанатын, сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтын, адам құқықтарын құрметтейтін және қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығына қамқорлық жасайтын жеткізушілермен ғана ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатуды жөн көреді. Қазатомөнеркәсіп балалар еңбегін пайдалануға да қатаң қарсы.

GRI 406-1, 409-1, 411-1

2023 жылы Компанияда адам құқықтары саласындағы кемсітушілік немесе басқа да бұзушылықтар тіркелген жоқ. Сондай-ақ мәжбүрлі немесе міндетті еңбек жағдайлары, сонымен қатар байырғы және кіші халықтардың құқықтарын бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

Қазатомөнеркәсіп өз жеткізушілері мен мердігерлерінен өндірістік қауіпсіздік саласындағы заңнама нормаларын және өзінің корпоративтік стандарттарын сақтауды талап етеді. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның барлық келісімдері мен келісімшарттары Компанияның өнім берушілері мен мердігерлерінің кодексіне сәйкес адам құқықтарын сақтау туралы ережелерді қамтиды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да Омбудсмен қызметі жұмыс істейді, ол:

- Компаниядағы адам құқықтарының жағдай мониторингін;
- Әдеп кодексі және комплаенс нормаларын түсіндіру бойынша еңбек ұжымдарымен жұмысын;
- кәсіпорын қызметкерлерімен жеке мәселелер бойынша жеке кездесулерді жүргізеді.

Адам құқықтарының (қызметкерлердің) және адам құқықтары саласындағы халықаралық нормалардың сақталуын бақылауды Компанияның комплаенс қызметі, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдары жүзеге асырады. Құқықтар бұзылған жағдайда қызметкерлер Компанияның барлық кері байланыс арналарына жүгіне алады.

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ІШКІ КОММУНИКАЦИЯЛАР

Өндіріс тиімділігіне қол жеткізу және Компанияны дамытудың стратегиялық міндеттерін іске асыру нығайтылған корпоративтік мәдениетті құруға баса назар аударудың арқасында жүзеге асырылады. Ұжымда ұйымның негізгі принциптері: қауіпсіздік, жауапкершілік, кәсібилік, даму және командалық рух белсенді түрде алға жылжуда.

Компанияның әрбір қызметкері негізгі құндылықтарды түсінеді және бөліседі, өзін команданың ажырамас бөлігі ретінде көреді және ортақ іске жеке үлес қосады.

Корпоративтік құндылықтарды нығайтуға бағытталған корпоративтік мәдениеттің маңызды бөлігі әлеуметтік волонтерлік болып табылады. Ол ұжымды біріктіреді, қызметкерлердің тартылуын арттыруға ықпал етеді, қолайлы ішкі орта қалыптастырады және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның өзінің әлеуметтік жауапкершілігін сезінетін компания ретіндегі беделін нығайтады.

2023 жылы компания және ЕТҰ қызметкерлері Компания қатысатын аймақтардың елді мекендерінде орналасқан халықтың қорғалмаған топтарын, ардагерлерді, жағдайы төмен отбасыларды қолдауға, жоғары сынып оқушыларына білім беруді қолдауға бағытталған ауқымды волонтерлік жобаларды, экологиялық акцияларды іске асыруды жалғастырды.

Корпоративтік мәдениетті нығайтуда ішкі коммуникациялар шешуші рөл атқарады, оның мақсаты қызметкерлер арасындағы тиімді қатынасты ұйымдастыру, жанжалды жағдайларды реттеу, қызметкерлердің адалдығы мен ниеттестігін нығайту болып табылады. Қызметкерлерді хабардар ету үшін түрлі коммуникациялық арналар, соның ішінде корпоративтік портал, корпоративтік БАҚ: күнделікті жаңалықтар дайджесттері, Компания хабаршысы, QazAtomNews корпоративтік журналы белсенді пайдаланылады.

2023 жылы коммуникацияларды жақсарту үшін мессенджерде 4 мыңнан астам жұмысшыны біріктіретін арна іске қосылды. Бұл арна жұмысшыларға жаңалықтардан хабардар болуға және ақпаратты тікелей дереккөзден алуға мүмкіндік береді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлердің кәсіби дамуына ғана емес, олардың жеке әлеуетін іске асыруға да мүдделі. Корпоративтік спорттық және мәдени іс-шаралар қызметкерлердің белсенділігін, мотивациясын және Компания өміріне тартылуын арттыруға ықпал етеді.

2023 жылы Компания жетістіктерін көрсетуге, корпоративтік рухты нығайтуға бағытталған ауқымды корпоративтік іс-шаралар өткізілді:

- Әйелдер көшбасшылығы апталығы.
- Ұлттық спорт түрлері бойынша «Nomad time kazatomprom» жарысы.
- Жас мамандар форумы және Хакатон.
- «Қазақстанның уран өндіру саласын тұрақты дамыту» кеңейтілген таунхолы.
- Саладағы кәсіпорындардың XXII спартакиадасы.
- Kazatomprom марафоны.
- Қазатомөнеркәсіп КВН-і.

Қызметкерлердің отбасыларына қамқорлық жасау мақсатында ЕТҰ қызметкерлерінің балаларына арналған «Kids талантыңмен таныл» және Жазғы білім беру лагері сияқты маңызды іс-шаралар өткізілді.

ЕТҰ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЛАГЕРІ

Қызметкерлердің отбасыларын әлеуметтік қолдау және балалардың атом саласына қызығушылығын арттыру мақсатында 2023 жылғы 17-28 шілде аралығында ЕТҰ қызметкерлерінің 100 баласы, жоғары сынып оқушылары үшін IQanat High School of Burabay алаңында жазғы білім беру лагері ұйымдастырылды.

Бағдарламаға қатысу үшін 490 өтінім берілді. Қатысушыларды ашық іріктеу мақсатында прокторинг рәсімімен онлайн тестілеу ұйымдастырылды (Қазақстан тарихы, математика, география, ағылшын тілі және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметі бойынша 45 сұрақ). Тестілеу қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған 100 өтініш беруші осы бағдарламаның қатысушылары болды.

10 күн бойы балалар тілдерді, бағдарламалауды, қаржылық сауаттылықты, мобилографияны және СММ ғана емес, сонымен қатар көшбасшылық дағдыларды да нығайтты. Сондай-ақ лагерь аясында кәсіптік бағдар беру сабақтары өтті.

Жоба аяқталғаннан кейін бағдарлама қатысушыларынан да, олардың ата-аналарынан да көптеген оң пікірлер алынды.

[73] «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесімен 2022 жылғы 16 маусымда бекітілген.

ІШКІ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

GRI 2-26

Компанияда бірнеше кері байланыс арналарын қамтамасыз ететін тиімді ішкі байланыс жүйесі бар.

Коммуникацияның негізгі арнасы Компанияның Интернет-ресурсы – kazatomprom.kz болып табылады, мұнда сыртқы мүдделі тараптар жазбаша өтініш немесе шағым қалдыра алады, сондай-ақ телефон байланысы үшін «жедел желін» пайдалана алады.

Компания төмендегі жолдармен кері байланыс мәдениетін белсенді түрде дамытуда:

- кері байланыс сауалнамаларын жүргізу;
- exit-сұхбат жүргізу;
- корпоративтік порталды дамыту.

Өтініштердің мониторингі мен талдауын Қазатомөнеркәсіптің орталық аппаратына тоқсан сайын есеп беретін Топ кәсіпорындары жүзеге асырады. Әрбір өтінішті талдағаннан кейін бұзушылықтардың жойылуын бақылау және тиісті ұсынымдар беру жүргізіледі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның ішкі коммуникациялар жүйесі қызметкерлерді Топтағы өзекті оқиғалар туралы уақтылы хабардар етуді қамтамасыз ететін және ұжымда қолайлы атмосфераны сақтауға жәрдемдесетін басты құрал болып табылады.

Компания қызметкерлер үшін ірі ұйымдастырушылық іс-шаралардың (корпоративтік мәдениетті нығайтуға бағытталған іс-шаралар, ұжыммен басшылықтың кездесулері, жиналыстар) гибридті форматын (офлайн және онлайн) қолданады.

Компания жобалары туралы қызметкерлерді хабардар ететін «Қазатомөнеркәсіптің РИТМ» бағдарламасы жұмыс істейді.

Қызметкерлердің ағымдағы жағдай және сала үшін маңызды оқиғалар туралы хабардар болуы электрондық пошта арқылы, яғни басшылық атынан тұрақты ақпараттық таратулар мен өтініштер, сондай-ақ электрондық «QazAtomNews» корпоративтік журналы арқылы жүргізіледі.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУ ЖӘНЕ ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның корпоративтік мәдениетті дамыту, әлеуметтік-еңбек жағдайларын жақсарту, қауіпсіздік деңгейін арттыру, материалдық сыйақы, мотивация және персоналдың қатысуы саласындағы бағдарламалары мен бастамалары әзірленген жоспарларға сәйкес іске асырылады және оны Компанияның барлық қызметкерлері қолдайды.

Қызмет нәтижелерінің жыл сайынғы оң бағалары әлеуметтік тұрақтылық деңгейін анықтау бойынша жүйелі зерттеулермен расталады. 2023 жылы «Әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникациялар орталығы» ЖМ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тобының 21 кәсіпорнында Samruk Research Service (SRS) әлеуметтік тұрақтылық деңгейін анықтау бойынша зерттеулер жүргізді. SRS қызметкерлердің бағалауы және олардың индекстің құрамдас бөліктеріне жеке қабылдауы негізінде есептеледі. SRS үш компонентті қамтиды:

- Қатысу индексі: Компаниядағы еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігіне, қарым-қатынастар мен коммуникацияларға қанағаттану деңгейі, сондай-ақ қызметкерлердің адалдық деңгейі.
- Әлеуметтік әл-ауқат индексі: қызметкерлердің көңіл-күйін негізінен сыртқы факторлармен және әлеуметтік ортамен анықтайды.
- Әлеуметтік тыныштық индексі: ұжымның әлеуметтік шиеленіс деңгейін, наразылық әлеуетін бағалауды және наразылық акцияларына гипотетикалық дайындықтың себептерін көрсетеді.

2023 жылғы зерттеулердің қорытындысы бойынша Samruk Research Services зерттеуі шеңберінде Топтағы әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіші 74% құрады, бұл қолайлы деңгейге сәйкес келеді. 2023 жылдың 1 жартыжылдығындағы нәтижелермен салыстырғанда әлеуметтік тұрақтылық деңгейі 4%-ға, ал 2022 жылмен салыстырғанда 2%-ға төмендеді. Бұдан басқа, осы зерттеу шеңберінде әлеуметтік тыныштық индексі айқындалады, ол 2023 жылдың қорытындысы бойынша 84% (қолайлы деңгей) құрады.

Қазатомөнеркәсіп әлеуметтік тұрақтылық деңгейін дамыту және жақсарту мәселелеріне жүйелі көзқарас мақсатында әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жақсартуға, еңбек жанжалдары мен наразылық көңіл-күйінің алдын алуға ықпал ететін іс-шаралар кешенін іске асыруда. Samruk Research Services зерттеуінің жыл сайынғы оң нәтижелерімен расталатын іске асырылатын іс-шаралардың тиімділігін назарға ала отырып, 2024 жыл ішінде Компания корпоративтік мәдениетті дамыту, әлеуметтік-еңбек жағдайларын жақсарту, қауіпсіздік деңгейін, материалдық сыйақыны арттыру, қызметкерлерді ынталандыру және тарту саласындағы жүйелі іс-шараларды іске асыруды жалғастырады. Бұл ретте, Қазатомөнеркәсіп әлеуметтік тұрақтылық пен қызметкерлерді тартудың қолайлы деңгейін, бірақ көрсеткіштің 70% деңгейінен төмен болмауын қамтамасыз етуге ұмтылады.

2024 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМГЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2024 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлерді қолдау бағдарламасын іске асыруды жалғастырады, кадрлық әлеуетті сақтап, дамытады және қызметкерлердің қатысу деңгейін, оның ішінде жұмыс берушінің брендін дамыту жөніндегі іс-шаралар есебінен қолдайтын болады.

Компания еңбекақы төлеу және материалдық көтермелеу жүйесінің тиімділігін жақсартуға бағытталған жұмысты жалғастыруды, персоналды басқару саласындағы процестерді автоматтандыруды жүзеге асыруды, басқарушы персоналдың сабақтастығы мен көшбасшылықты дамыту бағдарламаларын іске асыруды, еңбекақы төлеуді жүйелеуді, сондай-ақ еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шараларды жоспарлайды.

Компанияның басымдықтарына сәйкес әлеуметтік әріптестік өкілдері ретінде кәсіподақтармен жұмысты кеңейту, ұжымдық шарттарға өзгерістер енгізу, сондай-ақ әлеуметтік тұрақтылықты қолдау, келіссөздер мәдениетін дамыту және ішкі коммуникациялардың тиімділігін арттыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру жоспарлануда.

Қызметкерлердің еңбек жағдайларына қанағаттануын арттыру мақсатында 2024 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ мен заңды тұлғалардың өндірістік қатынастарын дамыту жөніндегі Корпоративтік стандартында белгіленген регламентке сәйкес әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту жоспарлануда, елу пайыздан астам дауыс беретін акцияларының (қатысу үлесі) тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі.

Жергілікті қауымдастықтарды қолдау

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3

Қатысу аумақтарын қолдау және дамыту Компанияның негізгі әлеуметтік жауапкершілігі болып табылады. Қазатомөнеркәсіп жұмыс орындарын ашады, салық төлейді және жергілікті қоғамдастықтарда әлеуметтік-экономикалық әріптестік бағдарламаларын іске асырады. Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуі бізге қоғамдағы жақсы беделді сақтауға көмектеседі.

Қазатомөнеркәсіптің әлеуметтік бағдарламалары ағымдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға және экономикалық өсуді қолдауға бағытталған. Топ әлеуметтік инвестициялардағы ашықтық қағидатын ұстанады және Компания жобаларын іске асырудың барлық кезеңдерінде мүдделі тараптармен белсенді өзара әрекеттеседі.

Сыртқы әлеуметтік саясат пен жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу үшін жетекшілік ететін басшы – HR және өндірістік қауіпсіздік жөніндегі бас директор жауап береді.

2023 жыл ішінде Компания қызмет аймақтарымен ұзақ мерзімді тиімді байланыстар құруға және әлеуметтік жауапты кәсіпорын ретінде имиджді нығайтуға бағытталған іс-әрекеттерді тұрақты түрде жүзеге асырды.

«Қазатомөнеркәсіп» Компания өз қызметін жүргізетін аймақтардың әлеуметтік-экономикалық саласының өркендеуі мен дамуына келесі жолдармен елеулі үлес қосады:

- салық салу арқылы жергілікті бюджеттерге маңызды қаржы қаражатын беру;
- жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарттарға сәйкес аймақтардың бюджеттеріне төлемдер;
- жергілікті тұрғындар үшін жұмыс орындарын құру.

2,264

млрд теңге

Қазатомөнеркәсіп 2023 жылы жер қойнауын пайдалануға және әлеуметтік-экономикалық дамуға, сондай-ақ инфрақұрылымды дамытуға арналған келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде қатысушы аймақтардың бюджеттеріне аударды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның қатысу аймақтарын дамытуға қосқан экономикалық үлесінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Салықтар мен міндетті төлемдер төленді, млрд теңге	153,0	221,4	290,9
Дивидендтер төленді, млрд теңге	150,1	227,4	201
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлерінің орташа айлық жалақысы, теңге/ай	370 894	510 154	602 622
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлерінің орташа айлық жалақысының ҚР орташа жалақысына қатынасы	1,5	1,5	1,7
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ әлеуметтік шығыстары, млн теңге	3 451	3 285	4 861
Түсімдегі әлеуметтік шығыстардың үлесі, %	0,5	0,5	0,5

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

GRI 413-1

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу үшін ЕТҰ-ның әлеуметтік жобаларды өз бетінше іске асыруға өкілеттігі бар. ЕТҰ қатысушы аймақтардың қайырымдылық науқандары мен мәдени өміріне белсенді қатысады, балалар үйлеріне, көпбалалы отбасыларға көмек көрсетеді, аудандарды абаттандыру мәселелерінде халықты қолдайды, экологиялық акцияларға, сенбіліктерге, қоғамдық іс-шаралар мен мерекелерді ұйымдастыруға қатысады.

Компанияның қайырымдылық және демеушілік көмегі аясында ЕТҰ-да қоғамдастықтарды дамыту бойынша бастамалар іске асырылуда. Бұл бағдарламалар әкімдіктің, «Ақсақалдар кеңесінің» және волонтерлердің қатысуымен жергілікті тұрғындар мен осал топтардың қажеттіліктері негізінде іске қосылады. Компанияда жедел желі жұмыс істейді, ол бойынша сыртқы мүдделі тұлғалардан өтініштер де қабылданады.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

GRI 202-3

Жыл сайын Қазатомөнеркәсіптің кәсіпорындары Компания өз қызметін жүргізетін аймақтарда әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымды дамыту үшін маңызы зор әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады. Бұл жобалар Қазатомөнеркәсіп қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған.

2023 жылы бірқатар әлеуметтік маңызды жобаларға бастамашылық жасалды, олардың ішінде мәдениет үйінің құрылысын қаржыландыру, балалардың ойын және спорт алаңдарын салу, оқу жабдықтарын сатып алу, елді мекендерді абаттандыру, халықтың әлеуметтік осал топтарына: көмір, азық-түлік себеттері, мектеп керек-жарақтары, сыйлықтар сатып алу, сондай-ақ басқа да бірқатар әлеуметтік бастамалар түрінде қаржылық көмек көрсету.

GRI 203-1, 413-1, SASB EM-MM-210b.1

2023 жылы сыртқы әлеуметтік бағдарламаларға инвестициялар, млн теңге

Бағыт	Инвестициялар көлемі
Аймақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту	115,6
Спортты қолдау	113,8
Мәдениетті қолдау	109,7
Денсаулық сақтауды қолдау	9,9
Қайырымдылық	231,3

580

млн теңге

2023 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға жиынтық сомасы ретінде бөлінді.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту

Қызмет аймақтарындағы негізгі мәселелерді анықтау және оларды шешуге көмектесу, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту Қазатомөнеркәсіптің сыртқы әлеуметтік стратегиясының маңызды аспектілері болып табылады.

2023 жыл ішінде Қазатомөнеркәсіптің кәсіпорындары «КАТКО» БК ЖШС, «ОРТАЛЫҚ» БК» ЖШС, «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС) Түркістан облысы Созақ ауданының елді мекендерінде көшелерді жарықтандыру, тротуар жолдарын орнату, учаскелерді көгалдандыру және аллеяны қайта жаңарту бойынша жобаларды іске асырды. Жобаларды іске асыруға 115,6 млн теңге бағытталды.

Білім беруді қолдау

2023 жылы Компания «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жұмыс істейтін аймақтар мектептерінің жоғары сынып оқушылары үшін көшбасшылық әлеуетті дамыту бойынша SANA Ақпараттық лагерін ұйымдастырды. Лагерьдің негізгі мақсаты – оқушыларды кәсіптік бағдарлау шеңберінде оқыту және ақпараттық іс-шаралар арқылы жеке құзыреттіліктер мен көшбасшылық қасиеттерді, сондай-ақ эмоционалды интеллектті дамыту. Іс-шара өндірістік бағыттар бойынша техникалық мамандықтарды дәріптеуге және жергілікті тұрғындар тарапынан Қазатомөнеркәсіптің HR-брендіне деген сенімді нығайтуға бағытталған.

2023 жылы лагерь Түркістан облысының Шолақорған, Қызымшек, Тасты ауылдарында, сондай-ақ Қызылорда облысының Шиелі ауылында өткізілді. Лагерьге мына мектептерден барлығы 440 оқушы қатысты:

- Назир Төреқұлова атындағы IT-мектеп-лицей.
- Ләнде Бөкенов атындағы жалпы білім беретін мектеп.
- Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп.
- Ш. Уәлиханов атындағы №127 орта мектеп-лицей.
- №45 АҚ ОРДА мектеп-гимназиясы.

Денсаулық сақтау саласындағы жобалар

Компания жүзеге асыратын денсаулық сақтау бастамалары медициналық мекемелердің жұмысын қолдауға және жақсартуға, сондай-ақ неврологиялық аурулары бар балаларға медициналық тексерулер ұйымдастыруға бағытталған.

«КАТКО» БК ЖШС Түркістан облысы Шу ауылындағы медициналық орталықты күрделі жөндеуге қаражат бөлді.

Спортты қолдау жобалары

Спортты қолдау Қоғам кәсіпорындарының әлеуметтік жобаларды іске асыру мәселелерінде маңызды бағыт болып табылады. «КАТКО» БК ЖШС және «Байкен-U» ЖШС-нде спорттық және ойын алаңдарын, баскетбол алаңын және көше воркаут-алаңын салу жобаларына, сондай-ақ Қоғам қатысатын аймақтарда шахмат мектебінің жұмысын ұйымдастыруға 113,8 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді.

Мәдениетті қолдау жобалары

Мәдениет саласындағы жобалармен Қызылорда және Түркістан облыстарының елді мекендері қамтылған. Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы «Байкен-U» ЖШС-не «Қорасан Ата» өлкетану мұражайын салуға көмек көрсетілді, ал Түркістан облысы Созақ ауданы «Буденовское» БК» ЖШС-не жер қойнауын пайдалануға келісімшарттық міндеттемелер шеңберінде 75 орындық мәдениет үйін салуға мақсатты ақшалай қаражат бөлінді. Аталған жобаларға жұмсалған жиынтық шығындар 109,7 млн теңгені құрады.

Қайырымдылық

Компания әлеуметтік қолдауға белсенді қатысады, мұқтаж жандарға мақсатты көмек көрсетеді, жұмысшылар мен белсенді азаматтарды аймақтардағы әлеуметтік міндеттерді шешуге тартып, әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруға ықпал етеді.

2023 жылы көптеген маңызды әлеуметтік жобалар іске қосылды, олардың ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарына: көмір, азық-түлік себеттері, мектеп керек-жарақтары, сыйлықтар алу, сондай-ақ басқа да бірқатар әлеуметтік маңызды бастамалар түрінде қаржылық көмек көрсету.

Сондай-ақ, Қазатомөнеркәсіп ардагерлер мен зейнеткерлерді – Компанияның бұрынғы қызметкерлерін қолдауға ерекше назар аударады. Жеңіс Күнін мерекелеу құрметіне сала кәсіпорындарында Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін құрметтеу бойынша іс-шаралар өткізілді: сыйлықтар берілді, қажетті көмек көрсетілді.

Осы бағыт бойынша жалпы сома 231,3 млн теңгені құрайды.

2024 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМГЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2024 жылға келесі бағыттар бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру жоспарланған:

- Қазатомөнеркәсіп қатысатын аймақтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге, сондай-ақ Қазатомөнеркәсіп, ЕТҰ, жергілікті атқарушы органдар, жергілікті қоғамдастықтар мен үкіметтік емес ұйымдар қызметкерлерінің ұсынған бастамалары мен ұсыныстары негізінде Компанияның өндірістік объектілеріндегі еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған «Игілік» әлеуметтік жобасын іске асыру;
- әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу мен жөндеуді қаржыландыру, балалар және спорт алаңдарын салу;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына (ардагерлерге, зейнеткерлерге, көп балалы отбасыларға және т. б.) көмек көрсету;
- қатысатын аймақтардағы ауылдарда мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу.

Жеткізу тізбегі

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 2-6, 3-3

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қазақстан Республикасының ұлттық операторы және табиғи уран өндіруде әлемдік көшбасшы болып табылады. Компания бизнестің кең географиясы мен ауқымына ие, сондықтан сатып алудың оңтайлы шарттарымен бірге қажетті ресурстарға қажеттіліктерді тиімді, уақтылы және толыққанды қамтамасыз етуге ерекше назар аударады.

Сатып алуға жауапты тәсіл өзара тиімді серіктестік қатынастарды дамытуға, жеткізушілермен және мердігерлермен өзара әрекеттесу тиімділігін арттыруға, сондай-ақ жеткізу тізбегі шеңберінде сатып алу қызметін бақылау мен ашықтықты ұдайы жақсартуға ықпал етеді.

Сатып алу бөлігіндегі Топтың негізгі басымдықтары:

- автоматтандыру және цифрландыру арқылы процестердің ашықтығын арттыру;
- Компания мен ЕТҰ-да сатып алу процестерін басқару құрылымын оңтайландыру;
- категориялық менеджментті және категориялық сатып алу стратегияларын дамыту.

Сатып алу қызметін басқаруға жауапты сатып алу департаменті Сатып алу және жалпы мәселелер жөніндегі Бас директордың басшылығында болады. Жауапты департамент сапаны, уақтылықты, қауіпсіздікті, өнімділікті және әртүрлі нысандарда тәуекелдерді азайтуды қамтамасыз ету арқылы бизнес үшін құндылық құруды барынша арттыруға тырысады. Ол үшін Қазатомөнеркәсіп Сатып алу департаменті қызметкерлерінің кәсіби құзыреттерін үнемі кеңейтіп, жаңа технологиялық шешімдерді енгізеді.

Сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазатомөнеркәсіп «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібін[74]» басшылыққа алады.

Қазатомөнеркәсіптің қажеттілігін қанағаттандыру бойынша сатып алу процестері жеткізушілермен белгіленген қағидалар шеңберінде құрылған, олар мүлтіксіз сақталады. Сатып алу процестері zakup.sk.kz жүйесінде автоматтандырылған. Сатып алу тәсілін айқындау кезінде жариялылық пен ашықтық қағидаттарын ұстана отырып, конкурстық сатып алуларға артықшылық беріледі. Бұдан басқа, мемлекеттің қолдауымен отандық өндірушілерге ерекше көңіл бөлінеді, импортты алмастыруды қолдау және жаңа өндірістерді дамыту бойынша белсенді қызмет жүргізілуде.

Компания үшін стратегиялық маңызды тауарларды ірі жеткізушілермен сатып алу тәртібі шеңберінде ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастық орнатылды, үздіксіз өндіріс үшін барлық жеткізу тізбектері пысықталды, логистика мен сақтау жүйесі жөнге келтірілді. Бизнесті жауапты жүргізу жөніндегі барлық талаптар жасалған келісімшарттарда көрсетіледі және жеткізушілермен де, Компаниямен де орындалады.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ-НЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Қазатомөнеркәсіптің Компаниялар тобы бойынша сатып алу жоспарларының жалпы сомасы 339,6 млрд теңгені құрады. Жасалған келісімшарттардың сомасы 314,3 млрд. теңге болды. Бұл ретте сатып алу жоспарларын игеру 92,5%-ды құрайды.

Бір көзден (БК) алу тәсілімен өткізілген сатып алулардың жалпы сомасы – 106,4 млрд теңгені немесе өткізілген сатып алулардың жалпы сомасының 33,8%-ын құрады.

Конкурстық тәсілмен өткізілген сатып алулардың жалпы сомасы – 207,9 млрд теңгені немесе өткізілген сатып алулардың жалпы сомасының 66%-ын құрады.

Конкурстық сатып алу үлесін ұлғайту үшін Компания әлеуетті жеткізушілермен тендерлік құжаттаманы рәсімдеу және беру шарттарымен таныстыру үшін түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Бұл ретте Компания жеткізушілерге қойылатын артық талаптарды қоспайды және өндірістік процеске әсер етпейтін әкімшілік шығыстарды қысқартады.

Сонымен қатар, үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес сатып алу процесін жетілдіру шеңберінде 2023 жылы Компания жеткізушілер үшін сапа менеджменті жүйесі, экология, жеткізу тізбегінің қауіпсіздігі, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және т. б. бойынша сұрақтарды қамтитын ESG жауап алу сауалнамасын әзірледі. ESG жауап алу сауалнамасын толтыру бойынша жеткізушінің міндеттемелері Қазатомөнеркәсіптің Тауарларын сатып алу, жұмыс пен қызметтерін көрсету үлгілік келісімшартқа енгізілген. Қоғам жеткізушілері толтырған ESG жауап алу сауалнамаларында көрсетілген талдау негізінде Компания өз жеткізушілерінің ESG-практикаларын дамытудың ішкі талдауын жүргізуді жоспарлап отыр.

14,5

млрд теңгені

2023 жылы Топ бойынша санатты сатып алудың нақты көлемі құрады.

САНАТТЫ САТЫП АЛУДЫҢ ЖОСПАРЛЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ ПАЙДАСЫ (СБС)

2023 жылы осы жылға арналған Сатып алу жоспарына сүйене отырып, Компания үш сатып алу санаттық стратегиясын сәтті жүзеге асырды.

Сатып алу санаттық стратегияларын іске асыру қорытындысы бойынша 2,57 млрд теңге мөлшерінде нақты пайдаға қол жеткізілді.

Компанияның 2023 жылғы санаттық стратегиялары:

- Құбыр өнімдері
- IT жабдықтары
- Арнайы киім

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ

GRI 202-3, 204-1

Отандық жеткізушілерді қолдау бойынша және мемлекеттік саясатқа сәйкес белсенді жұмыс жүргізілуде.

2023 жылы Компания отандық жеңіл, жиһаз, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары өндіретін тауарларды, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тізбесінде тұрған тауар өндірушілерден құрылыс, көлік жасау, химиялық және целлюлоза-қағаз өнімдерінің түрлерін өндіру саласындағы тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуді бақылауды жалғастырды.

Белгіленген көрсеткіштерге сәйкес, ҚЗЭ бойынша сатып алулардағы елішілік құндылық үлесі 72% құрайды (2024 жылғы 21 ақпандағы жағдай бойынша есеп).

Есепті кезеңде Жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасына сәйкес жалпы сомасы 1,2 млрд теңгеге 50 оффтейк-келісімшарттары жасалды.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС алаңында Компанияның ЕТҰ қатысуымен Орталық жобалау кеңсесі жұмыс істеуді жалғастыруда, оның шеңберінде тауар өндірушілермен оффтейк-келісімшарттар жасалады. Сондай-ақ, саланың қажеттіліктеріне бейімделген жаңа отандық тауар өндірушілерді іздеу бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүргізілуде.

2023 жылы тауарлар мен жұмыстарға/қызметтерге жеке көрсеткіштерді белгілей отырып, елішілік құндылық үлесін есептеу тәсілі өзгерді.

[74] «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №193 шешімімен бекітілген.

Осылайша, 2023 жылы мына көрсеткіштерге[75] қол жеткізілді:

Тауарлар бойынша елішілік құндылық үлесі 60% құрады



Жұмыстар/қызметтер бойынша елішілік құндылық үлесі 91%-ға жетті



2023 жылы жергілікті өндірушілердің күкірт қышқылын жеткізу тапшылығына байланысты тауарлар бойынша елішілік құндылық үлесінің төмендеуі байқалады.

Аймақтар бойынша жеткізушілер

Аймақ	Үлесі, %	Жеткізушілер саны
Алматы қ.	36%	765
Астана қ.	25%	365
Шығыс Қазақстан облысы	7%	367
Түркістан облысы	6%	393
Оңтүстік Қазақстан облысы	6%	137
Қызылорда облысы	5%	228
Резидент емес	1%	55
Басқа облыстар	13%	768

2023 жылы жергілікті жеткізушілердің үлесі 98% құрады. Жергілікті жеткізушілерден сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің үлесі 99% құрайды.

Масштаб бойынша жеткізушілер	Үлесі, %	Сатып алу сомасы, теңге
Шағын (сомасы 1 млрд теңгеге дейін)	29	92 399 811 563,82
Орташа (сомасы 5 млрд теңгеге дейін)	21	67 468 400 009,83
Ірі (сомасы 5 млрд теңгеден бастап)	49	154 427 533 256,33
Барлығы	**100**	**314 295 744 829,98**

2024 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМГЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР:

- сатып алу процестерін автоматтандыруды оңтайландыру және дамыту бойынша жұмысты жалғастыру;
- Топтың ERP-жүйесі ретінде SAP енгізу шеңберінде өкілеттіктерді тиісті түрде бөлу және қол жеткізуді бақылау жөніндегі бастамаларды іске асыруды жалғастыру.

Ақпарат, талдау және деректер еншілес және тәуелді компаниялар, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-ы және одан көп бөлігі меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі.

[75] Деректер 2024 жылғы 23 қаңтардағы жағдай бойынша көрсетілген.

Ғылым және инновация

ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІН БАСҚАРУ

Ғылыми зерттеулер мен инновациялық қызмет Қазатомөнеркәсіптің өндірістік көлемдерді қолдауға, операциялық тиімділікті арттыруға және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға қатысты стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде шешуші рөл атқарады.

Қазақстанның уран өнімінің құны мен ғылыми құрамдас бөлігін ұлғайтуға бағытталған ғылыми зерттеулер мен инновацияларды басқару жөніндегі стратегиялық міндеттерді іске асыруға негізгі үлесті төмендегі ұйымдар жүзеге асырады:

- «Волковгеология» АҚ – геология, геотехнология және тау-кен дайындау жұмыстары, ұңғымаларды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары және уран кен орындарында СМ және СЖМ ілеспе алу;
- «Жоғары технологиялар институты» ЖШС - уран өндірумен және өңдеумен байланысты ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстар, УШТ алу;
- «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ – ЯОЦ жоғары технологиялары, СМ және СЖМ алу мен қайта өңдеу;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ – зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру, ғылыми кадрлар даярлау және технологиялар трансферті.

Ғылыми-технологиялық қызметті жалпы үйлестіруді, зияткерлік меншікті басқару мен коммерцияландыруды «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Ғылыми-техникалық жобалар департаменті жүзеге асырады.

Ғылыми-техникалық даму:

- «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру» стандарты өзектендірілді;
- «Зияткерлік қызметті ұйымдастыру және басқару» стандарты бекітілді;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Үнемді өндіріс және Өнертапқыштық қызмет жөніндегі басшылық» стандарты өзектендірілді;
- 2022-2029 жылдарға арналған ғылымды қажетсінетін өндірістерді ұйымдастыру үшін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарында СМ және СЖМ саласындағы ғылыми-технологиялық даму, өнімнің жаңа түрлерін жасау және пайдалы құнды компоненттерді ілеспе алу технологияларын жетілдіру бағдарламасы бекітілді;
- Медициналық мақсаттағы радиоизотоптарды алу жөніндегі трансконтиненталдық жобаның іс-шаралар жоспары бекітілді (225Ac, 131I, 226Ra және т.б.);
- 2023 жылы жалпы сомасы 6,839 млрд теңгеге (ҚҚС-сыз) 64 ҒЗТКЖ шарттары бойынша жұмыстар жүргізілді;
- Зияткерлік меншік объектілеріне 30 өтінім берілді, оның ішінде 2 өтінім PCT халықаралық патентіне берілді.
- Зияткерлік меншік объектілеріне 22 қорғау құжаттары алынды.

2023 жылғы нәтижелер

- Топтың ғылыми-технологиялық жұмысының басым бағыттары шеңберінде ғылыми-техникалық кеңестердің 17 отырысы өткізілді.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Зияткерлік меншік жөніндегі сараптама комиссиясының 6 отырысы өткізілді.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары жасаған орындалатын ҒЗТКЖ мәртебесін және ҒЗТКЖ нәтижелерін қарау бойынша алаңның («Инкай» БК» ЖШС және «Байкен-U» ЖШС базасында) өткізілді.

Қоғамда және оның ЕТҰ-да 422 қызметкер ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық қызметымен айналысады. Қоғамда ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық институты («Жоғары технологиялар институты» ЖШС), сондай-ақ кәсіпорындардың ғылыми-өндірістік бөлімшелері («Үлбі металлургия зауыты» АҚ ҰО, «Волковгеология» АҚ ОТӘЭ) бар.

1,372 млрд теңге (ҚҚС-сыз) – 2023 жылы Қазатомөнеркәсіп және оның ЕТҰ жасаған ҒЗТКЖ келісімшарттарының жалпы сомасы, оның ішінде 24 келісімшартты ЕТҰ (1,332 млрд теңге) және 1 келісімшартты Қазатомөнеркәсіп (0,040 млрд теңге)

жасасты. Сондай-ақ, 2023 жылы өткен жылдардан (жалпы сомасы 5,467 млрд теңгеге) ауысатын 39 келісімшарт бойынша жұмыстар жүргізілді.

2023 жылы 2,623 млрд теңге актіленді, оның ішінде Қазатомөнеркәсіптің үлесі – 0,151 млрд теңге және ЕТҰ үлесі – 2,472 млрд теңге.

Ғылыми-технологиялық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мақсатында 2023 жылы пайдалы модельдерді пайдалануға құқық беру туралы мына 3 келісімшартқа қол қойылды:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен «ОТХК» БК» ЖШС арасында «Табиғи уран концентратын алу тәсілі»;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен «Байкен-U» ЖШС арасында «Технологиялық ұңғымаларды химиялық өңдеуге арналған жылжымалы қондырғы».
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен «Қаратау» ЖШС арасында «Табиғи уран концентратын алу тәсілі».

Бұдан басқа, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру бойынша жұмыстар тұрақты негізде жалғасуда.

Сонымен қатар, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары («АППАК» ЖШС және «Байкен-U» ЖШС) арасында «Табиғи уран концентратын алу тәсілі» пайдалы моделін пайдалану құқығын беру туралы лицензиялық келісімшарттарға қол қою бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Ғылыми әзірлемелер

Топтың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының көпшілігі (ҒЗТКЖ) өндірістік процестерді жақсартуға және жаңартуға бағытталған. 2023 жылы бірнеше маңызды ҒЗТКЖ жобалары іске қосылды:

Жобалар	Сипаттама
Ұңғымалық сорғы жабдықтарын басқаруға арналған бағдарламалық өнімді әзірлеу	○ Осы ҒЗТКЖ-ны орындау нәтижесінде бірнеше сұңғуір ұңғыма сорғысын бір уақытта жеке тәртіппен, көп арналы СБШ басқаруға арналған бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу арқылы басқарудың кешенді технологиялық міндеті шешілді. Зияткерлік меншік объектілері рәсімделді. ○ «Орталық» ПД» ЖШС «Орталық Мыңқұдық» кенішінде игеруге далалық сынақтар жүргізілді. Далалық сынақтар батырмалы ұңғыма сорғыларын жеке басқаруға және келесі міндеттерді шешуге арналған әзірленген техникалық шешімнің жұмыс қабілеттілігін растады: ● бір көп арналы ШУН арқылы параллельді ретпен батырмалы ұңғыма сорғыларын жеке басқару; ● барлық ұңғыма сорғылары үшін технологиялық параметрлерді бір уақытта орнату; ● технологиялық процесті бақылаудың жеделдігін арттыру; ● технологиялық блоктарда тау-кен дайындау жұмыстарын жүргізуді оңтайландыру. ○ Өндіру кәсіпорындарында әзірлемелерді тираждау жоспарлануда.
Пайдаланылған технологиялық ұңғымалардан минималды ақаулары бар қаптама құбырларын алу технологиясын әзірлеу және оларды одан әрі пайдалану бойынша ұсыныстарды әзірлеу	○ ҒЗТКЖ іске асыру шеңберінде уран кеніштері жағдайында ұңғымалардан құбырларды алудың техникалық шешімі, құрылғысы, шығару әдістемесі және қайталама пайдалану жолдары әзірленетін болады. ○ 2023 жылы қаптама құбырларын алу үшін техникалық құралдар жасалды, қауіпсіздендіретін ерітіндінің құрамы әзірленді. Қаптама құбырларын алу бойынша далалық сынақтар, құбырларды қауіпсіздендіру бойынша тәжірибелік жұмыстар және құбырларды радиологиялық талдау жүргізілді. Жұмыс 2024 жылға дейін жалғасады.
Гибридті жууды және технологиялық параметрлердің деректерін берудің автоматтандырылған онлайн жүйесін қолдану мүмкіндігімен уран кен орындарына арналған жаңа буынның бірыңғай модульдік бұрғылау агрегатын, прототипін әзірлеу және дайындау	○ Жұмыстың мақсаты бұрғылау қондырғысын жобалауға арналған жабдықтардың, механизмдер мен қондырғылардың ең қолайлы техникалық сипаттамаларын таңдай отырып, жаңа бірыңғайланған бұрғылау білдегін әзірлеу болып табылады. ○ 2023 жылы бұрғылау қондырғысының тәжірибелік үлгісін дайындау үшін конструкторлық-техникалық құжаттама мен сызбалар әзірленді және бұрғылау қондырғысының жекелеген тораптары дайындалды. Жұмыстар 2025 жылға дейін жалғасады.
Ғылыми-техникалық жобалар департаменті сирек және сирек жер металдары бойынша бірқатар ҒЗТКЖ жобаларына бастамашылық жасады:	
Уран сорбциясының аналық ерітінділерінен скандийді ілеспе алу кезінде нанофильтрация әдісін қолдану бойынша іздеу зерттеулері	○ Жұмыстың мақсаты уран сорбциясының аналық ерітінділерінен (УСА ерітінділері) немесе нанофильтрациялық жабдықты қолдана отырып, алдын ала өңделген УСА ерітінділерінен скандий концентраттарын алу кезінде шығындарды азайту мүмкіндігін анықтауға бағытталған іздеу зерттеулері болып табылады. ○ Бүгінгі таңда УСА-дан скандий алудың баламалы технологияларын және осы бағыт бойынша жұмыстарды жалғастыру нұсқаларын іздеу бойынша жұмыстар жалғасуда.
Заречное кен орнында уран өндіру кезінде сорбция аналықтарынан ванадий алу мүмкіндігін бағалау	○ Бұл жұмыстың мақсаты уран кенішін жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен өңдеу кезінде сорбцияның аналық ерітінділерінен ванадий мен басқа да құнды компоненттерді ілеспе алудың технологиясын таңдау және табыстылығын бағалау болып табылады. ○ Бүгінгі таңда уран өндіру кезінде сорбция аналықтарынан ванадий алудың баламалы технологияларын және осы бағыт бойынша жұмысты жалғастыру нұсқаларын іздеу жұмыстары жалғасуда

Жобалар	Сипаттама
Ресурстардың әлеуетін бағалау, пайдаланылған және жұмыс істеп тұрған уран кен орындарының блоктарынан алтын мен ілеспе бағалы металдарды алу технологиясын әзірлеу және сынау	○ Бұл жоба алтын, скандий, германия, СЖМ және ілеспе құнды компоненттер ресурстарының әлеуетін бағалауға және Семізбай кен орнында пайдаланылған уран блоктарынан ЗиПЦК алу технологиясын таңдау негіздемесіне бағытталған 2 жұмысқа бөлінген. ○ Әзірленіп жатқан технологияны пайдалану консервацияланған технологиялық ұңғымалардан алтын концентраты, платина тобындағы металдар және СЖМ түрінде қосымша өнім алуға мүмкіндік береді.
ЕТҰ-да пайдаланылған ион алмастырғыш шайырларды олардан бағалы компоненттерді, атап айтқанда СМ және СЖМ-ді ілеспе алумен байланысты кәдеге жарату технологиясын әзірлеу	○ ҒЗТКЖ-ның негізгі мақсаты қираған иониттен туындаған ҚОН көлемін 3-5 есе азайту, олардан қалдық уран мен басқа да құнды компоненттерді ілеспе алу болып табылады. ○ 2023 жылы оңтайлы температура мен терең кептіру режимдері таңдалды, пешті жаңғырту орындалды және пештің тәжірибелік моделінде тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жүргізілді.
2023 жылы өндірістің экологиялық қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған бірнеше зерттеулермен жұмыс жалғасты:	
Тұрақты даму мақсатында кешенді экологиялық және әлеуметтік зерттеулер жүргізу (GRI стандарттары)	○ Алынған нәтижелер өндірістік қызметтің экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығы салаларында тәуекелге бағдарланған басқаруға көшуге, сондай-ақ көпжылдық бақылаулар мен жедел бақылауға сүйене отырып, өндірістік процестердің экожүйелердің жай-күйіне әсерін динамикада бағалауға мүмкіндік береді. ○ Жобаны орта мерзімді және ұзақ мерзімді (20 жылға дейін) перспективада іске асыру нәтижелері уран өндіруші кәсіпорындардың өндірістік қызметтің салдарын жоюға арналған шығындарын барынша азайтуға, апаттық жағдайларды, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді азайту есебінен тұтастай алғанда қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындарды қысқартуға, өзара әрекеттесу деңгейін арттыруға және мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы билік органдарымен және халықпен қоршаған ортаны қорғау саласында сындарлы диалог орнатуға мүмкіндік береді. ○ 2023 жылы тау-кен бөлу аумағындағы, іргелес аумақтардағы, эталондық учаскелердегі және елді мекендердегі НҚ объектілерінің жай-күйіне экологиялық мониторинг жүргізілді, сондай-ақ өндірістік объектілердегі және оларға іргелес аумақтардағы биоалуантүрліліктің жай-күйін бағалау жүргізілді. Жұмыс 2022 жылы басталып, 2024 жылға дейін жалғасады.
Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және GRI стандарттарына сәйкес кәсіпорында өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу процестерін оңтайландыру бойынша зерттеулер жүргізу	○ Жобаны іске асыру нәтижесінде қалдықтарды қайта пайдалану және қайта өңдеу технологиялары әзірленетін болады, сондай-ақ қалдықтарды басқару жүйелері жетілдірілетін болады, бұл жалпы алғанда қалдықтардың туындау деңгейін 15%-ға төмендетуге және жобаны іске асырғаннан кейін 5 жыл ішінде қалдықтарды қайта пайдалану деңгейін 20%-ға арттыруға мүмкіндік береді. ҒЗЖ-ны іске асыру көміртегі бейтараптығына қол жеткізу құралы болады. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде көміртегі ізі айқындалады, парниктік газдар шығарындыларын 10%-ға төмендету бойынша ұсыныстар әзірленеді. ○ 2023 жылға ӨТҚ-ны қайта өңдеу мен кәдеге жаратудың қолданыстағы тиімді технологияларына талдау жүргізілді, оларды кәсіпорында қайта пайдалануды бағалау және өндіруші кәсіпорындар өндірісінің ерекшелігін ескере отырып, ӨТҚ-мен жұмыс істеудің оңтайлы технологияларын таңдау жүргізілді. Жұмыс 2022 жылы басталып, 2024 жылға дейін жалғасады.

2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен «Орално Майнинг» арасында жасалған келісімшарт аясында келесі бағыттар бойынша ҒЗТКЖ бірлескен жобаларында жұмыс басталды:

- геология және барлау;
- ЖҰШ кен орындары;
- уранды қайта өңдеу;
- қоршаған орта.

Сондай-ақ, 2023 жылы СМ және СЖМ саласындағы Ғылыми-технологиялық даму бағдарламасы аясында аммоний перренатын алу бойынша мобильді қондырғыны технологиялық жобалау бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстың мақсаты техникалық тазалықтағы аммоний перренатын (Re 60%-дан кем емес) алу үшін мобильді қондырғы жасау, уран өндірісінің ион алмасу шайырын рений көзі ретінде пайдалану жолымен аппаратуралық-технологиялық схеманы әзірлеу және мобильді қондырғыда сынақтар жүргізу болып табылады. Мобильді қондырғыда ренийді алудың технологиялық регламенті және мобильді қондырғының жобалау-конструкторлық құжаттамасы әзірленді. Техникалық тазалықтағы аммоний перренатын алу үшін мобильді қондырғы жасалды және іске қосылды. 2024 жылы аммоний перренатының тәжірибелік партиясын әзірлеу бойынша жұмыс жоспарланған.

Өнертапқыштық қызмет

Топ өнертапқыштық ұсыныстарды қабылдау, өңдеу, бағалау және қарау тетіктері арқылы өз қызметкерлерінің инновациялық белсенділігін жандандырады. ЕТҰ арасында өткізілетін Өнертапқыштық қызмет бойынша конкурс өнертапқыштық қызметке қатысу үшін қосымша ынталандырудың бірі болып табылады.

2023 жылдың нәтижелері:

- Топ қызметкерлерімен 2 843 өнертапқыштық ұсыныс ұсынылды, оның 2 406-сы қабылданды, 1 668-і енгізілді. Өнертапқыштық ұсыныстардан күтілетін экономикалық тиімділік – 2,54 млрд теңге.

2024 жылға және қысқа мерзімге арналған жоспарлар:

2024 жылы Топтағы ғылыми қызметті басқарудың жаңа тәсілін іске асыру шеңберінде:

- жер қойнауын пайдаланушылардың 1% қаражатын ғылымға шоғырландыру шеңберінде ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру жүргізілді;
- ғылыми-техникалық кеңестердің құрамы өзектендірілді;
- ҒЗТКЖ тыңдау алаңы арқылы ғылыми қызметті үйлестіру (жаңа ҒЗТКЖ бастамасы, ҒЗТКЖ нәтижелерін іске асыру және енгізу) жалғастырылды;
- ғылыми ортамен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейту (ғылыми орталықтар, университеттер және т.б.).

Сондай-ақ, Компания ғылыми қызметке тартылатын ЕТҰ қызметкерлерінің ғылыми құзыретін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырады. Бұл тәсіл ғылыми әзірлемелер бойынша жергілікті келісімшарттық үлестерді (ЖКҮ) орындау аясында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (ҒЗТКЖ) сапасын арттыруға ықпал етеді.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ IT

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы бойынша «Бизнес-қызметте озық тәжірибелерді пайдалану» стратегиялық мақсатына қол жеткізуге бағытталған «Цифрландыру және трансформациялау» стратегиялық бағыты контекстінде бизнес-процестерді стандарттау және оңтайландыру, сондай-ақ бірыңғай тігінен интеграцияланған IT-инфрақұрылымды құру бойынша жұмыстар жалғасуда.

IT және цифрландырудың негізгі жобалары

Жоба	Мақсаты/Әсері
Қызмет пен шешім қабылдау тиімділігін арттыру	
«Бірыңғай Корпоративтік деректер қоймасы және интеграциялық шина»	○ Қоғам қызметі бойынша деректерді жинау, өңдеу және талдау мақсатында корпоративтік деректер қоймасын және интеграциялық шинаны құру жобасы іске асырылуда. Жобаны іске асыру Қоғам қызметінің барлық аспектілері туралы деректерді орталықтандырылған жинау, өңдеу және сақтау қағидаттарында жүзеге асырылады. ○ Қазіргі уақытта жоба бойынша 4 кезеңнің 3 кезеңі аяқталды. 4 кезең шеңберінде құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар өткізіледі. Жобаны 2024 жылы аяқтау жоспарлануда.
IT архитектурасын дамыту	
Қазатомөнеркәсіп кеніштерінің қызметкерлерін 4G сапалы мобильді байланыспен қамтамасыз ету	○ Қазатомөнеркәсіп KAP Technology еншілес ұйымымен бірлесіп өндірістік объектілердегі және вахталық кенттердегі қызметкерлерге жоғары жылдамдықты мобильді интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуде. ○ 2022 жылы Орталық Мойынқұм («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС) және Орталық Мыңқұдық («Орталық» ПД» ЖШС) алғашқы екі кенішінде интернетке қол жеткізу үшін мобильді байланыспен қамту қамтамасыз етілді. 2023 жылы тағы 4 ЕТҰ қосылды. Осының арқасында қазіргі заманғы 4G жұмысшыларға қол жетімді болды: енді кеніште бола отырып, олар жоғары жылдамдықты интернетті, банктік қосымшаларды қолдана алады, отбасына жақын бола алады, бейне байланыс арқылы байланысады, жаңа білімді игереді, онлайн оқытудан өтеді және қалаларда қол жетімді барлық қызметтерді ала алады. ○ 2024 жылы мобильді операторлармен ынтымақтастықтың оң тәжірибесін жалғастыру және басқа кеніштер мен өндірістік объектілердің қызметкерлеріне ұялы байланыс пен жоғары жылдамдықты интернетке сапалы қолжетімділікті қамтамасыз ету жоспарлануда.

Ақпараттық қауіпсіздік

Бизнес-процестердің өзгеруі компанияларға қазіргі уақытта шешім қабылдаудың жаңа перспективаларын ашады, бұл өнімділіктің өсуіне, саланың икемділігі мен динамизміні арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл ақпараттық қауіпсіздікті, кибер тұрақтылықты және ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттілігін күшейтеді.

Киберқауіптерден тиісті деңгейде қорғауға кепілдік беру үшін Қазатомөнеркәсіп ақпараттық қауіпсіздік нормаларының сақталуына үздіксіз бақылауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасына және ISO/IEC 27001 халықаралық стандарттарына сәйкес келетін ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жақсартуға ұмтылады.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың кешенді жүйесін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Цифрландыру және трансформациялау» стратегиялық міндеті аясында және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы бойынша «Бизнесте озық тәжірибелерді пайдалану» стратегиялық мақсатына қол жеткізу үшін «Киберқауіпсіздікті дамыту» жобасы бойынша жұмыс жалғасуда. Компания ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне тәулік бойы мониторинг және ден қою жүргізеді және Ақпараттық Қауіпсіздік жөніндегі Жедел орталықпен және Ақпараттық Қауіпсіздік жөніндегі Ұлттық Үйлестіру Орталығымен белсенді ынтымақтасады. Хабардарлық деңгейін арттыру және киберқауіптердің алдын алу үшін Топта қызметкерлерге арналған онлайн-тренингтер, оқу кибершабуылдары және арнайы нұсқамалар әрдайым өткізіліп тұрады.

2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында, сондай-ақ бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда АҚ-инциденттердің едәуір саны тіркеліп, алдын алынды, Компания үшін мүліктік және беделдік залалдың алдын алу бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету саласындағы персоналдың хабардарлығын арттыру, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік талаптарын регламенттейтін ішкі құжаттардағы өзгерістер туралы хабардар ету мақсатында Компанияда Компания мен ЕТҰ қызметкерлері үшін интерактивті онлайн-оқытуды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе енгізілді. 2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және барлық ЕТҰ қызметкерлері үшін оқыту жүргізілді.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы уағдаластықтарға сәйкес кибергигиена мен цифрлық қауіпсіздікті жақсарту үшін бастамалар жүргізілуде. Сондай-ақ, ядролық саладағы цифрландыру процестерін және ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін дамыту стратегияларын талқылауға бағытталған форумдар мен іс-шараларға белсенді қатысу жүзеге асырылады.

2024 жылға арналған ақпараттық қауіпсіздікті дамыту жоспарлары

Қазатомөнеркәсіп барлық қолданыстағы және әзірленіп жатқан IT-жүйелер шеңберінде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы нормалардың орындалуын бақылауды жалғастыратын болады, сондай-ақ киберқауіпсіздік деңгейін күшейту, ақпараттық қауіпсіздік аспектілері бойынша хабардарлықты арттыру және құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету үшін бастамалар ұйымдастыратын болады.

Сонымен қатар Компания мына шараларды іске асыруға ниетті:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2019-2028 жылдарға арналған ақпараттық қауіпсіздік стратегиясына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың кешенді жүйесінің процестерін жетілдіруді және таратуды жалғастыру;
- «Киберқауіпсіздікті енгізу және дамыту» жобасының іс-шараларын іске асыруды жалғастыру;
- 2022 жылға арналған ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарын іске асыруды жалғастыру;
- АҚБЖ процестерін автоматтандыруды жалғастыру;
- ТП АБЖ АҚ жүйелерінің пилоттық жобаларының нәтижелері бойынша ЕТҰ ТП АБЖ АҚ қамтамасыз етуде бірыңғай тәсілді әзірлеу;
- АҚ мәселелері бойынша «МТҚ» АҚ, ҚР ЦДИАӨМ АҚК-мен ынтымақтастықты жалғастыру.

4

Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару жүйесі 172
Корпоративтік басқару кодексі 174
Акционерлердің жалпы жиналысы 176
Директорлар кеңесі 178
Басқарма 192
Сыйақы жүйесі 199
Тәуекелдерді басқару 201
Бақылау жүйесі 212
Акционерлермен өзара әрекеттесу 213
Салықтың ашықтығы 215
Заңдар мен нормативтік актілерді сақтау 216
Корпоративтік әдеп және комплаенс 217

Корпоративтік басқару жүйесі

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі тиісті бақылау мен басқаруды, ұзақ мерзімді құнның өсуін және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған. Корпоративтік басқарудың негізгі принциптері үш құрамдас бөлікке негізделген: тиімділік, жеделдік және ашықтық. Компания акционерлердің құқықтары мен барлық мүдделі тараптардың мүдделерін сақтай отырып, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруді жалғастыруда.

Принциптері	Міндеттері
Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау	Акционерлермен және мүдделі тараптармен тиімді ұзақ мерзімді қатынастарды қолдау және и қызметтің ашықтығын арттыру
Компанияны тиімді басқару және Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді жұмыс істеуі	Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарына бейілділігін растау, оның ішінде компанияның тиімді басқарылуын (кадр мәселелері, ДК кандидаттары мен тәуелсіз мүшелер пулы) қамтамасыз ететін ДК мен Басқарманың тиімді құрамын қамтамасыз ету
Қызметтің ашықтығы мен дәйектілігі	Басқарманың ашықтығын қамтамасыз ет
Заңдылық және әдеп	Корпоративтік басқаруды жетілдіру
Тиімді дивидендтік саясат	Акционерлердің құқықтарын сақтау
Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау	
Қоршаған ортаны қорғау	
Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу	
Жауапкершілік	

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 2-9

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік басқару саласындағы негізгі саясаты

Құжат атауы	Соңғы нұсқаның күшіне ену күні
Жарғы	2023 жылғы 25 мамыр[76]
Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ереже	2022 жылғы 27 мамыр
Директорлар кеңесі туралы ереже	2022 жылғы 27 мамыр
Басқарма туралы ереже	2019 жылғы 26 маусым
Комитеттер туралы ережелер	2019 жылғы 30 сәуір
Корпоративтік басқару кодекс	2015 жылғы 27 мамыр
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару саясаты	2023 жылғы 18 шілде

[76] 2019 жылғы 19 мамырдағы, 2021 жылғы 20 мамырдағы және 2023 жылғы 25 мамырдағы АЖЖ шешімдерімен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар.



Корпоративтік басқару кодексі

Компанияның Корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ ішкі құжаттарына және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ трансформациялау бағдарламасына сәйкес әзірленді. Ол Қазақстанда да, шетелде де қабылданған корпоративтік басқару практикасын ескереді және компаниядағы корпоративтік басқару жүйесінің негізінде жатқан қағидаттарды бекітеді.

Қазатомөнеркәсіп өзінің корпоративтік басқару жүйесінің ірі қор биржаларында қолданылатын негізгі қағидаларға, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қағидаттары сияқты корпоративтік басқарудың негізгі әлемдік стандарттарына сәйкестігін растай алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023.07.23 жылғы №590 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілгенін ескере отырып, 2024 жылы Қоғамның корпоративтік басқару кодексін жаңарту жоспарлануда.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ

Корпоративтік хатшы қызметі Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Компанияда 2023 жылға арналған Кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуына талдау жүргізді. Жүргізілген талдау нәтижелеріне[77] сәйкес, Компанияда Кодекс ережелерінің 89,3%-ы сақталады, Кодекс ережелерінің тағы 0,6%-ы ішінара сақталады, ал Кодекс ережелерінің 10,1%-ы Компанияға қолданылмайды.

Корпоративтік басқару кодексін сақтау

Кодекс бөлімі	Сақталады	Ішінара сақталады	Сақталмайды	Қолданылмайды
Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ көзқарасы	91	–	–	9
Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі	96,7	0,6	–	2,7
Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	97	–	–	3
Ашықтық	97	–	–	3

AIX КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫН САҚТАУ

AIX биржасы акцияларында баға белгіленетін компаниялар үшін корпоративтік басқарудың жалпы қағидаттарын белгілейді. Қазатомөнеркәсіптің Корпоративтік басқару кодексі көп жағдайда осы қағидаттарға сәйкес келеді. Бұдан басқа Компанияның Корпоративтік басқару кодексінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мақсаттары мен болжамдарының сақталуын қамтамасыз ететін белгілі бір ережелер бар. Топтың негізгі қызметі шегінен шығатын қызметімен байланысты кез келген бастамалары тәуелсіз директор басқаратын Директорлар кеңесінің қарауына және тексеруіне жатады.

KASE КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫН САҚТАУ

KASE биржасы 2013 жылы акциялары мен облигациялары KASE листингінде тұрған Компаниялаарға өзінің корпоративтік басқару деңгейін бағалауға мүмкіндік бере отырып, Халықаралық Қаржы Корпорациясының (IFC) корпоративтік басқарудың бағалау картасын бейімдеді. Алты санат бойынша бағалау жүргізілген кезде, Компания көпшілік жағдайда бағалау картасымен белгіленген өлшемдерге сәйкес келеді.

[77] «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы 2023 жылғы есебімен Компанияның ресми интернет-ресурсында танысуға болады.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексі мен Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінің ережелері арасындағы айырмашылықтар[78]

Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі
Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес, егер акционерлердің 20 пайызы немесе одан да көп бөлігі Директорлар кеңесінің қабылданған шешіміне қатысты ұсынымдарына «қарсы» болса, компания дауыс беру нәтижелерін жариялау кезінде акционерлердің мұндай дауыс беруінің себептерін түсіну үшін қандай қадамдар жасағысы келетіні туралы түсініктеме беруге міндетті. Акционерлердің көзқарастары мен қабылданған шаралар туралы жаңартылған ақпарат акционерлер жиналысы өткізілгеннен кейін 6 айдан кешіктірілмей жариялануы тиіс. Директорлар кеңесі Компанияның жылдық есебінде және акционерлердің пікірлері қабылданған шешімдерге қандай әсер еткенін талқылай отырып, акционерлер жиналысының ұсынылған шешімдеріне түсіндірме жазбаларда (егер қолданылатын болса) жалпы қорытындыларды көрсетуге міндетті.	Қазатомөнеркәсіптің Корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесі төрағасының Директорлар кеңесі мүшелері, ірі акционерлер және Компанияның атқарушы органы арасында сындарлы сұхбат құру жөніндегі міндетін көздейді. Бұдан басқа, компания акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы акционерлер отырыс барысында өз сұрақтарына тікелей жауап алуына ұмтылуы тиіс. Егер сұрақтардың күрделілігі оларға бірден жауап беруге мүмкіндік бермесе, қойылған сұрақтарға жауаптар Акционерлердің жалпы жиналысы аяқталғаннан кейін қысқа мерзімде жазбаша түрде берілуі тиіс. Сонымен қатар, Компанияның ірі акционерлері даму стратегиясының мәселелерін талқылау, атқарушы органның бірінші басшысын таңдау және Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына әсер ететін басқа аспектілерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен кездесулер өткізу мүмкіндігіне ие. Мұндай кездесулерді өткізу алдын ала жоспарланады және бекітілген рәсімдерге сәйкес өткізіледі.
Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі атқарушы емес директорлар Компанияның атқарушы органының мүшелерін тағайындау және жұмыстан шығару процесінде шешуші рөл атқаруы керек деп көздейді. Олар менеджмент пен жеке атқарушы директорлардың қызметіне мұқият талдау мен бақылауды жүзеге асыруға, олардың жұмысын компанияның белгіленген мақсаттарымен салыстыруға міндетті. Төраға атқарушы емес директорлардың кездесулерін атқарушы директорлардың қатысуынсыз өткізуге тиіс.	Қазатомөнеркәсіптің корпоративтік басқару кодексі Компанияның бірінші басшысы лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Президентімен немесе Президент Әкімшілігімен (Компания Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген тиісті тізімге енгізілген болса), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқармасымен, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Директорлар кеңесінің тағайындаулары мен сыйақылары жөніндегі Комитетімен және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасымен міндетті түрде келісуді көздейді.
Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің негізгі функцияларын сипаттайды. Сондай-ақ компанияның жылдық есебіне осы комитеттердің негізгі қызметінің сипаттамасын және олардың аспектілерін енгізудің маңыздылығы атап өтіледі.	Қазатомөнеркәсіптің Корпоративтік басқару кодексінде мұндай талаптар жоқ.
Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы аудит жөніндегі комитеттің мүшесі бола алмайды.	Қазатомөнеркәсіптің Корпоративтік басқару кодексінде мұндай талаптар жоқ.

[78] Айырмашылықтар Компанияның корпоративтік басқару Кодексі мен Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексінің мазмұнын тура салыстыру негізінде белгіленеді, бірақ іс жүзінде Ұлыбритания кодексінің нормаларын толық сақтамауды білдірмейді.

Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі
Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жылдық және жартыжылдық қаржылық есептілікте Компанияның Директорлар кеңесінің қаржылық есептілікті жасау кезінде қолданылатын бухгалтерлік есеп тәсілдерінің қолайлылығына қатысты ұстанымын көрсету, сондай-ақ компанияның қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап 12 ай ішінде осындай қызметті жалғастыру қабілетіне қатысты кез келген елеулі күмәндарды анықтау қажет.	Қазатомөнеркәсіптің Корпоративтік басқару кодексінде мұндай талаптар жоқ.
Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес сыйақы комитеті сыйақы бойынша кеңесшіні таңдауға жауапты. Жылдық есепте кеңесшінің атыжөні және компаниямен немесе жеке директорлармен кез келген басқа байланыстар туралы айтылуы керек. Үшінші тұлғалардың сыртқы ұсынымдарын бағалау және атқарушы директорлар мен аға менеджменттің пікірін алу кезінде сыртқы кеңесшінің пікірінің тәуелсіздігі ескерілуі тиіс.	Қазатомөнеркәсіптің Корпоративтік басқару кодексінде мұндай талаптар жоқ.
Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексінде атқарушы директорлардың компания акцияларын ұзақ мерзімді иеленуін талап ететін ұзақ мерзімді сыйақы жүйесі қарастырылған. Сондай-ақ компания директорларымен жасалатын келісімшарттардың мерзімдеріне қатысты нақтылау белгіленеді.	Қазатомөнеркәсіптің Корпоративтік басқару кодексінде мұндай талаптар жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы

Компания барлық акционерлерге, соның ішінде миноритарлық акционерлерге, олардың акционерлік капиталдағы үлесіне қарамастан бірдей қарайды және барлық акционерлерге бірдей тәртіпте ақпарат береді.

Акционерлердің жалпы жиналысы – Компанияның жоғары басқару органы. 2023 жылғы 3 ақпан күні Компания акционерлерінің сырттай кезектен тыс Жалпы жиналысы өткізілді, оны Компанияның Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ ірі акционерінің бастамасымен шақырды. Жиналыстың күн тәртібіндегі жалғыз мәселе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы» мәселе болды.

2023 жылғы 25 мамырда Компанияның директорлар кеңесінің бастамасымен Компанияның Директорлар Кеңесі шақырған Компания акционерлерінің сырттай жылдық Жалпы жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде келесі мәселелер қарастырылды:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2022 жылға аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) бекіту туралы.
- 2022 жылғы шоғырландырылған таза табысты бөлу тәртібін бекіту туралы, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат.
- Нәтижесінде оның табиғи уран концентраттарын сатып алу-сату жөніндегі ұзақ мерзімді келісімшарты және «CNNC Overseas Limited» компаниясымен табиғи уранды сатып алу-сату жөніндегі өзге де мәмілелерді қоса алғанда, активтерінің жалпы баланстық құнының елу пайызынан астамын сатып алу немесе иеліктен алу жүзеге асырылатын мәміле туралы шешім қабылданған күніне нәтижесінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу пайыздан асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен алатын (сатып алуы немесе иеліктен алуы мүмкін) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның ірі мәміле жасасу туралы.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы.

2023 жылғы 21 маусымда Компания акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы өтті, оны Компанияның Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ ірі акционерінің бастамасымен шақырды. Жиналыстың күн тәртібіндегі жалғыз мәселе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы» мәселе болды.

2023 жылғы 1 қарашада Компания акционерлерінің тағы бір кезектен тыс Жалпы жиналысы өтті, оны Компанияның Директорлар кеңесінің және

«Самұрық-Қазына» АҚ ірі акционерінің бастамасымен Компанияның Директорлар кеңесі шақырды. Күн тәртібінде келесі мәселелер қарастырылды:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының Төрағасы мен хатшысын сайлау туралы.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының дауыс беру нысанын айқындау туралы.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.
- Нәтижесінде оның табиғи уран концентраттарын сатып алу-сату жөніндегі ұзақ мерзімді келісімшарты және «State Nuclear Uranium Resource Development Company Limited» компаниясымен табиғи уранды сатып алу-сату жөніндегі өзге де мәмілелерді қоса алғанда, активтерінің жалпы баланстық құнының елу пайызынан астамын сатып алу немесе иеліктен алу жүзеге асырылатын мәміле туралы шешім қабылданған күніне нәтижесінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу пайыздан асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен алатын (сатып алуы немесе иеліктен алуы мүмкін) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның ірі мәміле жасасу туралы.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы.

Директорлар кеңесі

GRI 2-10

Директорлар кеңесінің мүшелері мен төрағасын таңдау процесі «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының және Компания Жарғысының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кандидаттарды іріктеу және оларды таңдау объективті критерийлер негізінде және Кеңес құрамының әртүрлілігінің қажеттілігін ескере отырып жүргізіледі. Кеңес мүшелері тек жеке тұлғалар бола алады. Олар келесі топтардан сайланады:

- акционерлер болып табылатын жеке тұлғалар;
- Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынылған) тұлғалар;
- қоғамның акционерлері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар қатарынан сайланады.

Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің міндеттерін тиімді орындауға, сондай-ақ Компания құнының ұзақ мерзімді өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қажетті тиісті білімі, дағдылары мен тәжірибесі бар адамдар кіруге тиіс. Олар мінсіз іскерлік және жеке беделге де ие болуы керек.

Директорлар кеңесіне кандидаттарды іріктеу кезінде ескерілетіндер:

- басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- Директорлар кеңесінде жұмыс істеу тәжірибесі;
- еңбек өтілі;
- халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі мен мамандығы;
- Компания қызметі саласындағы құзыреттер;
- іскерлік беделі;
- Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болу мүмкіндігі.

Компанияның Басқарма мүшелері, Төрағадан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының Директорлар кеңесіне қатысуына тыйым салынады.

GRI 2-17

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тарту саясатына сәйкес Кеңес мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы шешім мынадай критерийлер негізінде қабылданады:

- жылдық біліктілікті арттыру жоспарын бекіту арқылы Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Кеңестің жекелеген мүшелерінің жұмысын жыл сайынғы бағалау негізінде біліктілікті арттыру қажеттілігін айқындау;
- негіздеме беру кезінде Кеңестің жекелеген мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы сұрау салуларды қарау.

Сондай-ақ, ДК мүшелерін оқыту Компанияның корпоративтік басқармасының жалпы диагностикасы немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін тәуелсіз бағалау барысында алынған ұсынымдар негізінде қалыптастырылады.

2023 жылы ESG тақырыбында оқытуды өткізу жоспарланған болатын, бірақ Компанияның Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістерге байланысты оқыту 2024 жылға ауыстырылды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

GRI 2-9

2023 жылғы 31 желтоқсан күнгі жағдай бойынша Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына жеті директор, оның ішінде үш тәуелсіз директор[79] кіреді. Директорлар кеңесінің Төрағасы тәуелсіз директор[80] болып табылады, бұл миноритарлық акционерлер құқықтарын сақтаудың кепілі болады.

Директорлар кеңесінің тәуелсіздігі:

7 — ДК мүшелерінің жалпы саны

3 — ДК тәуелсіз мүшелері

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы біліктілік, тәжірибе, білім және іскерлік қасиеттер бойынша тепе-теңдікпен сипатталады. Кеңес мүшелері атом өнеркәсібі, қаржы, инвестициялар, корпоративтік басқару, сондай-ақ Компанияны тиімді басқару үшін маңызды басқа да салаларда сараптамалық білімге ие.

GRI 405-1

Директорлар кеңесі мүшелерінің ірі халықаралық компаниялардың басқару органдарының ТОП-менеджерлері, серіктестері мен мүшелері рөлінде ауқымды жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ бизнес-қоғамдастықта мінсіз беделі бар. Тәуелсіз директорлардың құрамы мен үлесінің әртүрлілігіне ерекше назар аударылады. Директорлар кеңесінің құрамына әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті қамтамасыз ететін басқа мемлекеттің азаматы кіреді.

Директорлар кеңесінің мүшелеріні Компанияда немесе оның аффилирленген ұйымдарында акцияларға (қатысу үлестерге) иелік етпейді, сондай-ақ Компания жеткізушілер немесе бәсекелестер акцияларының иелері болып табылмайды.

Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жыл сайынғы белгіленген сыйақы беріледі – Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің 2023 жылы сыйақыдан бас тартуы туралы бас тарту деректері немесе уағдаластықтары түскен жоқ.

2023 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының 2023 жылғы 3 ақпандағы шешімімен (№1/23 хаттама) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 8 адам санында айқындалды және Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы Қазатомөнеркәсіптің Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор – Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланды.

Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері Нил Лонгфэллоу, Рассел Бэнхам және Марк Кэшер сәйкесінше 2023 жылдың 21 маусымынан, 2023 жылдың 25 мамырынан және 2023 жылдың 19 мамырынан бастап Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініштер берді.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының 2023 жылғы 21 маусымдағы шешімімен (№3/22 хаттама) Қазатомөнеркәсіптің ірі акционері «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі Нұрбаева Назира Нұртілеуқызы Компанияның Директорлар кеңесінің құрамынан шығарылды.

[79] ДК құрамындағы өзгерістерге байланысты тәуелсіз директорлардың үлесі жыл ішінде өзгерді: 01.01.2023 жылдан 02.02.2023 жылға дейін – (3/7); 03.02.2023 жылдан 20.06.2023 жылға дейін – (4/8); 21.06.2023 жылдан 31.12.2023 жылға дейін – (3/7).

[80] Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздік нормаларына сәйкестік критерийлерінің сипаттамасы интернет-ресурста орналастырылған Директорлар кеңесі туралы Жарғыда және Ережеде келтірілген.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының 2023 жылғы 21 маусымдағы шешімімен (№3/22 хаттама) Қазатомөнеркәсіптің Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды, оның құрамына Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы, Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы, Сидиков Нодир Саидович, Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы, Отыншиев Елжас Мұратұлы, Жаңаділ Ернар Бейсенұлы, Мұқанов Ержан Жанәбілұлы кірді.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының 2023 жылғы 1 қарашадағы шешімімен (№4/23 хаттама) Қазатомөнеркәсіптің Директорлар кеңесінің мүшелері Мұқанов Ержан Жанәбілұлы мен Е.Б. Жаңаділдің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, ал Рысқұлов Айдар Қайратұлы пен Юсупов Мейіржан Бахытұлы Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.



GRI 2-9, 2-11

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы (тәуелсіз, атқарушы емес)

Комитеттерге қатысуы

- Аудит жөніндегі комитет.
- Өндірістік қауіпсіздік Комитетінің төрағасы.
- Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті.
- Тағайындау және сыйақы Комитетінің төрағасы.

Сайланған күні

2023[81]

Туған жылы

1978

Азаматтығы

Қазақстан Республикасы

Білімі

2000 ж. – Менеджмент мектебі Бостон университеті (Бостон қ., АҚШ), Бизнесті басқару мамандығы.

Жұмыс тәжірибесі

2012-2021 ж. – UBS AG өкілдігіндегі басқарушы директор.

2006-2012 ж. – Корпоративтік банкинг басшысы, RBS Bank Kazakhstan Басқарма мүшесі.

2003-2006ж. – филиал басқарушысы, ABN AMRO Bank Kazakhstan-да, бұдан әрі Басқарма төрағасының орынбасары болып жұмыс істеді.

2001-2003 ж. – HSBC Bank Kazakhstan-да клиенттермен жұмыс жасау менеджері, бұдан әрі маман, бұдан әрі бизнесті дамыту бөлімі бастығының орынбасары.

2000 ж. – Halyk Bank-тегі қаржы талдаушысы («Қазақстан Халық Банкі» АҚ).

[81] 2023 жылғы 21 маусымда Компания акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының шешімімен 3 жыл мерзімге ДК құрамының мүшесі болып сайланды.

Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор, атқарушы емес)

Комитеттерге қатысуы

- Аудит комитетінің төрағасы.
- Тағайындаулар мен сыйақылар комитеті.

Сайланған күні

2023[82]

Туған жылы

1977

Азаматтығы

Қазақстан Республикасы

Білімі

2012 ж. – қаржылық талдаушы сертификаты (CFA).

2007 ж. – Беркли Калифорния университеті (АҚШ) MBA дәрежесі.

2003 ж. – Оксфорд университеті (University of Oxford), салыстырмалы әлеуметтік саясат бойынша ғылым магистрінің дәрежесі.

1999 ж. – Дюкейн университеті (Питсбург қ., АҚШ), «Бизнесті басқару (BSBA)» мамандығы.

Жұмыс тәжірибесі

2020 ж. – «Strategy Lab» ЖШС консультациялық компаниясын құрды.

2013-2020 ж. – аға менеджер, бұдан әрі «PwC» ЖШС директоры (Қазақстан).

2012-2013 ж. – «KPMG» ЖШС аға менеджері (Қазақстан).

2010-2012 ж. – «Полиметалл» АҚ компаниясында жұмыс істеген (Қазақстан).

2009-2010 ж. – Мәскеу қаласындағы McKinsey компаниясында консультант.

2006-2008 ж. – SAP компаниясының маркетинг маманы (АҚШ).

1999 ж. – Өзбекстан Республикасы Орталық банкінің бухгалтерлік есеп және аудит департаментінің бас маманы, бұдан әрі бөлім бастығы, бұдан әрі басқарма басшысы.

Сыдыков Нодир Саидович

Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор, атқарушы емес)

Комитеттерге қатысуы

- Аудит жөніндегі Комитет.
- Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар Комитетінің төрағасы.

Сайланған күні

2023[83]

Туған жылы

1982

Азаматтығы

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі

Білімі

2009 ж. – BPP университетінің заң мектебі.

2006 ж. – Вестминстер университетінің заң магистрі дәрежесі (Лондон, Ұлыбритания).

2003 ж. – мемлекеттік заң университеті (Ташкент қ., Өзбекстан), «Құқық бакалавры» мамандығы.

Жұмыс тәжірибесі

2005 ж. – Grata LLP заңгері (Алматы қ., Қазақстан).

2006-2012 ж. – Fieldfisher LLP компаниясының заңгері (Лондон қ., Ұлыбритания).

2012-2013 ж. – Fieldfisher LLP компаниясының аға заңгері (Лондон қ., Ұлыбритания).

2013 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Fieldfisher LLP серіктесі.

[82] 2023 жылғы 21 маусымда Компания акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының шешімімен 3 жыл мерзімге ДК ағымдағы құрамының мүшесі болып сайланды. 2023 жылғы 3 ақпаннан бастап ДК құрамында (Компания акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының шешімі).

[83] 2023 жылғы 21 маусымда Компания акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының шешімімен 3 жыл мерзімге ДК құрамының мүшесі болып сайланды.

Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі (атқарушы емес)

Комитеттерге қатысуы

- Өндірістік қауіпсіздік (HSE) комитеті.

Сайланған күні
2022[84]

Туған жылы
1987

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2010 ж. – Торонто университетінің «Мемлекеттік саясат және халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесі.

2018 ж. – Уорвик университетінің (UniversityofWarwick) бизнес-әкімшілендіру мамандығы бойынша магистр дәрежесі.

Жұмыс тәжірибесі

2022 ж. – «Самұрық-Қазына» АҚ стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.

2021-2022 ж.– «Самұрық-Қазына» АҚ стратегия, тұрақты даму және цифрлық трансформация жөніндегі бірлескен басқарушы директоры.

2019-2021 ж.– жобалар жетекшісі, Whiteshield Partners халықаралық консалтингтік компаниясы.

2018-2019 ж. – «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару дирекциясының талдаушысы.

2013-2018 ж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі (қаржы-экономикалық мәселелер бойынша), «Талдамалық қолдау» департаментінің директоры, стратегиялық даму департаментінің директоры, жобаларды басқару департаментінің директоры.

2011-2012 ж. – жоба менеджері, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушылық есептілік жүйесін (БЕЖ) енгізу жөніндегі жобалық кеңсесі.

2010-2011 ж. – «Семізбай-U» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес кәсіпорны) бизнес-әкімшілендіру бөлімінің бас маманы.

Отыншиев Елжас Мұратович

Директорлар кеңесінің мүшесі (атқарушы емес)

Комитеттерге қатысуы

- Тағайындау және сыйақы комитетінің мүшесі.

Сайланған күні
2023[85]

Туған жылы
1987

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2010 ж. – «Қолданбалы математика және физика» мамандығы бойынша ғылым магистрі дәрежесі.

2008 ж. – Мәскеу физика-техникалық институты (Мәскеу қ., Ресей), «Қолданбалы математика және физика» мамандығы.

Жұмыс тәжірибесі

2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ стратегия мен активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директоры.

2019-2023 ж. – Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd., «PlanetCare Management» ЖШС-де жұмыс істеді.

2012-2019 ж. – Қордың инвестициялық қызметін жобалық талдау департаментінің бас менеджері, бұдан әрі директоры, бұдан әрі жаңа жобаларды дамыту департаментінің жоба директоры, бұдан әрі «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін дамыту департаментінің тау-кен активтерін дамыту секторының басшысы.

2009-2012 ж. – менеджер, бұдан әрі «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ инвестициялық жобалар департаментінің директоры.

2007 ж. – Ernst & Young талдаушысы (Мәскеу қ., Ресей).

[84] Компания акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының 2023 жылғы 21 маусымдағы шешімімен 3 жыл мерзімге сайланды.

[85] Компания акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының 2023 жылғы 1 қарашадағы шешімімен жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне, яғни 2026 жылғы 21 маусымға дейін сайланды.

Рысқұлов Айдар Қайратұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі (атқарушы емес)

Комитеттерге қатысуы

- Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі Комитет.

Сайланған күні
2023[86]

Туған жылы
1981

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2015 ж. – Дьюк университетімен (Дарем қ., АҚШ) бірлескен бағдарлама бойынша Назарбаев Университетінің іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесі (Executive MBA).

2002 ж. – Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, экономика факультеті, «Қаржы және несие» мамандығы.

Жұмыс тәжірибесі

2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.

2019-2023 ж. – «Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.

2014-2019 ж. – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің директоры.

2012-2014 ж. – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қаржы активтерін басқару директоры.

2009-2012 ж. – «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ инвестициялық жобалар департаменті директорының орынбасары.

2006-2008 ж. – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ орта бизнестің Сату орталығының бастығы (Ақтау қ.).

2003-2006 ж. – шағын-орта бизнесті кредиттеу бөлімінің маманы, бұдан әрі «Банк ЦентрКредит» АҚ бизнес-клиенттер бөлімінің аға кредиттік офицері (Астана қ.).

2002-2003 ж. – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ филиалының инженер-экономисті (Қарағанды қ.).

Юсупов Мейіржан Бахытұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі (атқарушы), Басқарма Төрағасы

Комитеттерге қатысуы

- Жоқ.

Сайланған күні
2023[87]

Туған жылы
1979

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2015 ж. – Гарвард университетінің мемлекеттік басқару магистрі дәрежесі.

2007 ж. – Лондон экономика және саясат ғылымдары мектебінің экономикалық дамуды басқару саласындағы магистр дәрежесі.

2001 ж. – Middle East Technical University, «Экономика және басқару» мамандығы.

Жұмыс тәжірибесі

2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы.

2021-2023 ж. – «Kazakh Invest» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы.

2020-2021 ж. – ҚР Ұлттық экономика вице-министрі.

2015-2020 ж. – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі бас директоры.

2010-2015 ж. – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Корпоративтік қаржы және қазынашылық департаментінің директоры.

2009-2010 ж. – ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті директорының орынбасары.

2003-2009 ж. – «Демир Қазақстан Банкі» АҚ және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-да жұмыс істеді.

2001-2003 ж. – «Туркуаз» Компаниялар тобының маркетинг және ішкі аудит департаменті директорының орынбасары.

[86] Компания акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының 2023 жылғы 1 қарашадағы шешімімен жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне, яғни 2026 жылғы 21 маусымға дейін сайланды.

[87] Компания акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының 2023 жылғы 1 қарашадағы шешімімен жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне, яғни 2026 жылғы 21 маусымға дейін сайланды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

2023 жылы Директорлар кеңесі 14 отырыс (14 күндізгі) өткізді, онда 230 мәселе қаралды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы 2023 жылы орта есеппен 94%-ы құрады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2023 жылғы отырыстарына қатысуы

Аты-жөні	12.01	16.02	16.03	06.04	25.05	18.05	29.06	20.07	24.08	11.09	28.09	26.10	23.11	22.12	%
А.А. Аргингазин	-	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	+	+	+	100
А.С. Жұбаев	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	93
Н.С. Сыдықов	-	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Е.К. Бердіғұлов	+	-	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	86
Е.М. Отыншиев	-	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	+	+	+	100
А.К. Рысқұлов	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+	+	100
М.Б. Юсупов	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+	+	100
Н. Лонгфэллоу	+	+	+	+	+	+	-	-	-	-	-	-	-	-	100
Р. Бэнхам	+	+	+	+	-	+	-	-	-	-	-	-	-	-	84
К. Марк	+	+	+	+	+	+	-	-	-	-	-	-	-	-	100
Н.Н. Нұрбаева	+	+	+	+	-	+	-	-	-	-	-	-	-	-	84
Е.Б. Жанаділ	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	-	84
Е.Ж. Мұқанов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	-	92

GRI 2-14

Директорлар кеңесі 2023 жылы қараған ең маңызды мәселелер

Есептер	• Басқарманың тоқсан сайынғы есебі (CEO есебі). • Тоқсан сайынғы қаржылық есептілік (ХҚЕС бойынша шолу). • Жартыжылдық қаржылық есептілік (ХҚЕС бойынша шолу). • 2022 жылға жылдық қаржылық есептілік (ХҚЕС бойынша шолу).
Стратегиялық мәселелер	• Компанияның даму стратегиясын және оның стратегиялық бастамаларын іске асыру мәртебесін қарастыру. • Біріктірілген жылдық есепті бекіту. • «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған шоғырландырылған бизнес-жоспарын бекіту. • Басқарма төрағасы мен мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту. • «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ орталық аппаратының ұйымдық құрылымын бекіту.
Корпоративтік басқару мәселелері	• Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарын бекіту. • Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына өзгерістер енгізу. • «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да 2023-2024 жылдарға арналған ESG тәжірибелерін жетілдіру жөніндегі Жол картасын бекіту және орындау есептерін қарау.
Мәмілелер жасасу мәселелері	• Жасауға мүдделілік бар мәмілелер жасасу. • Бұрын жасалған мәмілелермен өзара байланысты мәмілелер жасасу. • Құны активтер құнының жалпы мөлшерінің он пайызынан астамын құрайтын, нәтижесінде мүлік иеліктен шығарылатын мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу.
Еншілес және тәуелді ұйымдардың мәселелері	• Кадрлық мәселелер. • Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту. • Ірі мәмілелерді жасасу. • Жарғылық капиталды ұлғайту. • Бақылау кеңестерінің/Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау. • ЕТҰ жылдық қаржылық есептілігін бекіту, ЕТҰ таза кірісін бөлу.
Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту	• «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның құрылымдық бөлімшелерінің ішкі құжаттарын бекіту және есепке қою.
Өзге де мәселелер	• Капитал нарығына шолу. • Инвестициялық қоғамдастықпен және стейкхолдерлермен байланыс және өзара әрекеттесу жоспарын қарастыру.
Директорлар кеңесі бөлімшелерінің мәселелері	• Комплаенс қызметінің, Омбудсменнің, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшы қызметінің есептері. • Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

GRI 2-18

Компанияның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің қызметі құрылымдық процесс шеңберінде жыл сайынғы бағалауға жатады. Осыған байланысты Директорлар Кеңесі өзін-өзі бағалау жолымен 2023 жылғы Компанияның Директорлар кеңесінің қызметіне бағалауды жүргізу туралы шешім қабылдады.

Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалауы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасының, мүшелерінің және ұйымдардың корпоративтік хатшысының қызметін бағалау жөніндегі Әдістемелік ұсынымдарға және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау туралы Ережеге сәйкес дайындалған сауалнамаларды толтыру жолымен жүргізілді».

Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің қолданыстағы негізгі параметрлер бойынша тиімділік деңгейі – 86,3%-ы құрады және А грейдке ие болды, оған сәйкес Директорлар кеңесі барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің басым көпшілігіне сәйкес келетіндігі анықталды және Директорлар кеңесінің тиімді жұмыс істейтіндігі туралы жеткілікті растамасы бар.

Тиімділіктің ең жоғары көрсеткіштері келесі бағалау салаларында атап өтілді:

- Басқарма тәуекелдерді басқаруда, жалпы басшылықта және барлық негізгі бизнес шешімдерін қабылдауда жетекші рөл атқарады;
- Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді жан-жақты және мұқият қарауға ықпал етеді;
- Директорлар кеңесінің құрамы кәсіби білім, тәжірибе, дағдылар және тәуелсіздік тұрғысынан теңдестірілген.

Жетілдіруді талап ететін тиімділік көрсеткіштері мынадай салаларда атап өтілді:

- аға тәуелсіз директордың болмауы;
- Директорлар кеңесінің отырысына шұғыл/маңызды мәселелер бойынша, оның ішінде «дауыстан» мәселелері бойынша материалдарды ұсыну мерзімдерін сақтау;
- тәуелсіз директорлар құрамын қоса алғанда, Директорлар кеңесінде әйелдер өкілдігінің жеткіліксіз деңгейі (гендерлік теңгерімсіздік);
- Директорлар кеңесінің мүшелерін олардың дағдылары мен білімдерін жетілдіру үшін оқытуды жүргізу.

Директорлар кеңесі Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі Комитетпен бірлесіп, төмендегі негізгі міндеттерді көздейтін Директорлар кеңесінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын дайындады:

- аға тәуелсіз директорды сайлау;
- Директорлар кеңесінің отырысына шұғыл/маңызды мәселелер бойынша, оның ішінде «дауыстан» мәселелері бойынша материалдарды ұсыну мерзімдерінің сақталуын бақылауды күшейту;
- Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытуды жүргізу.

Айта кету керек, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да 2023-2024 жылдарға арналған ESG тәжірибелерін жетілдіру жөніндегі Жол картасында Компанияның Директорлар Кеңесі құрамындағы әйелдердің үлесін арттыру мәселесін пысықтау көзделген.

Акционерлер мен Директорлар кеңесінің мүшелері тарапынан іс-шаралар жоспарында көрсетілген міндеттердің уақытылы және тиісінше орындалуынажасалатын мониторинг Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін одан әрі арттырудың кепілі болып табылады.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер санын қысқарту үшін шаралар қабылдау. Мүдделілік бар мәмілелерді қарау кезінде уран өнімін сатып алу-сату жөніндегі операцияларды қоспағанда, салыстырмалы талдау жүргізе отырып, мәміле бағасының нарықтық деңгейге сәйкестігі туралы ақпаратты ұсыну қажет.
- Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің қарауына шығарылатын материалдарда олардың Компанияның қолданыстағы даму стратегиясына сәйкестігін және олардың іске асыру тиімділігіне әсерін бағалауды белгілеу қажет.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

GRI 2-9, 2-12

Компанияда Директорлар кеңесінің төрт комитеті жұмыс істейді:

- Өндірістік қауіпсіздік комитеті (HSE);
- Аудит жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті;
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет.

Комитеттердің қызметі[88] оларға Директорлар кеңесі берген өкілеттіктер шеңберінде және Комитеттер туралы тиісті ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Комитет мүшелері Директорлар кеңесінің шешімімен Акционерлік қоғамдар туралы Заңға, «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне және Қазатомөнеркәсіптің Жарғысына сәйкес сайланады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі комитет есебі

Комитет отырыстарының құрамы мен саны

Аты-жөні	Отырыстарға қатысу, %	Отырыстарда болмау себептері
А. Аргингазин, төраға	100	2023 жылғы 29 маусымда Комитет құрамына енгізілді
Н. Сыдықов	100	2023 жылғы 29 маусымда Комитет құрамына енгізілді
Е. Бердіғұлов	20	Жеке себептер бойынша
Н. Лонгфэллоу	100	2023 жылғы 21 маусымда Комитет құрамынан шығарылды
Р. Бэнхам	67	2023 жылғы 25 мамырда Комитет құрамынан шығарылды

5

бетпе-бет отырыс

2023 жылы өткізілді.

25

мәселе

қаралды.

[88] Директорлар кеңесі комитеттерінің рөлі туралы толығырақ білу үшін 2019 жылғы Біріктірілген жылдық есепті қараңыз.

Комитеттің 2023 жылы қаралған мәселелері:

- 2022 жылғы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есеп;
- 2023-2024 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да ESG тәжірибелерін жетілдіру жөніндегі Жол картасы;
- Тұрақты даму саласындағы 2023-2030 жылдарға арналған бағдарлама;
- Комитеттің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік қауіпсіздігінің жай-күйі туралы тоқсан сайынғы есептер және ESAP мәртебесі туралы есептер.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЕСЕБІ

Комитет отырыстарының құрамы мен саны

Аты-жөні	Отырыстарға қатысу, %	Отырыстарда болмау себептері
А. Жұбаев, төраға	100	2023 жылғы 16 ақпанда Комитет құрамына енгізілді
А. Аргингазин	100	2023 жылғы 29 маусымда Комитет құрамына енгізілді
Н. Сыдықов	100	2023 жылғы 29 маусымда Комитет құрамына енгізілді
Р. Бэнхам	84	2023 жылғы 25 мамырда комитет құрамынан шығарылды
М. Кэшер	100	2023 жылғы 19 маусымда комитет құрамынан шығарылды
Н. Лонгфэллоу	100	2023 жылғы 21 маусымда комитет құрамынан шығарылды

12
бетпе-бет отырыс
2023 жылы өткізілді.

110
сұрақ
қаралды.

Комитеттің 2023 жылы қаралған мәселелері:

Есеп беру мәселелері:

- 2025-2027 қаржы жылдарына Аудиторлық ұйымды таңдау рәсімін жүзеге асыру үшін Бірыңғай комиссияның құрамы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі;
- 2022 жылы Компанияның аудиторлық ұйымдары мен Топ ұйымдарына көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтердің көлемі бойынша ақпарат;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2022 жылғы I тоқсандағы, 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы, 2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы аралық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке);
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2022 жылғы Біріктірілген жылдық есебіне сыртқы консультанттың аудиторлық пікірі.

Тәуекелдерді басқару мәселелері:

- тәуекелдерді басқару бойынша 2022 жылғы, 2023 жылғы I, II және III тоқсандағы есеп;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы және тіркелімі, 2023 жылға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарым;
- Топ деңгейінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің барабарлығы туралы қорытынды тұжырымды қалыптастыру тәсілі.

Корпоративтік басқару мәселелері:

- 2022 жылдың қорытындысы бойынша Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп;
- 2022 жылғы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2022 жылғы біріктірілген жылдық есебі.

Басқа мәселелер:

- 2023-2024 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ директорлары мен лауазымды тұлғаларының (D&O) жауапкершілігін сақтандыру бағдарламасы бойынша ақпарат;
- сатып алу бойынша жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ-ның жалған шарттардың бар-жоғын және оларды жасау кезінде теріс пайдаланулардың бар-жоғын көрсететін өзге де бұзушылықтарды тексеру нәтижелері, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсі» ҰАК» АҚ ЕТҰ-ның қабылдаған шаралары бойынша ақпарат;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниялар тобындағы киберқауіпсіздікті одан әрі жақсарту жөніндегі мәртебесі мен жоспарлары;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын жаңа редакцияда реттеу жөніндегі ереже;
- Ішкі аудит қызметтері мен Комплаенс қызметтерінің тоқсан сайынғы есептері.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР КОМИТЕТІНІҢ ЕСЕБІ

7 бетпе-бет отырыс 2023 жылы өткізілді.

30 сұрақ қаралды.

Комитет отырыстарының құрамы мен саны

Аты-жөні	Отырыстарға қатысу, %	Отырыстарда болмау себептері
Нил Лонгфэллоу, төраға	100	
Расселл Бэнхам	67	
Ернар Жаңаділ	34	Жеке себептер бойынша

Комитеттің 2023 жылы қаралған мәселелері:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы басқа уран компанияларымен бенчмаркинг-талдау нәтижелері;
- 2022 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру туралы жылдық есебі;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ – «Түркістан облысының Созақ ауданында өндірістік қуаты жылына 900 тонна Жалпақ кен орнының жерүсті қайта өңдеу кешенін салу» инвестициялық жобасының «Іске асыру» кезеңіне көшуі;
- 2022 жылғы 17 тамыздағы Стратегиялық сессияның нәтижелері бойынша іріктелген Стратегиялық бастамаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесінің есебі;
- 2020-2022 жылдары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ активтерін қайта құрылымдау (бейінді емес және қосалқы ұйымдарды шығару) жоспарының күші жойылды деп тану және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023-2032 жылдарға арналған Стратегиялық емес активтерінің тізбесін бекіту;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Су ресурстарын басқару стратегиясы;
- 2024 жылға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитетінің жұмыс жоспары;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының ірі инвестициялық жобаларды іске асыру туралы тоқсан сайынғы есептері.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЕСЕБІ

12 бетпе-бет отырыс 2023 жылы өткізілді.

69 мәселе қаралды.

Комитет отырыстарының құрамы мен саны

Аты-жөні	Отырыстарға қатысу, %	Отырыстарда болмау себептері
А.А. Аргингазин, төраға	100	2023 жылғы 29 маусымда Комитет құрамына енгізілді
А.С. Жұбаев	100	2023 жылғы 29 маусымда Комитет құрамына енгізілді
Е.М. Отыншиев	29	2023 жылғы 29 маусымда Комитет құрамына енгізілді
М. Кэшер	100	2023 жылғы 19 маусымда Комитет құрамынан шығарылды
Н. Лонгфэллоу	100	2023 жылғы 21 маусымда Комитет құрамынан шығарылды
Н.Н. Нұрбаева	80	2023 жылғы 29 маусымда Комитет құрамынан шығарылды

Комитеттің 2023 жылы қаралған мәселелері

Кадрлық мәселелер:

- Компания Басқармасының құрамына енгізу үшін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ коммерция жөніндегі Бас директорының және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі бас директорының кандидатурасы бойынша ұсыным;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ орталық аппаратының құрылымын жаңа редакцияда бекіту жөніндегі ұсыныс;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ Бас директорлары лауазымына сайлау үшін кандидатура бойынша ұсыным;
- рекомендация по кандидатуре для избрания Председателем Правления АО «НАК «Казатомпром» Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасы болып сайлау үшін кандидатура бойынша ұсынym;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма құрамын өзгертуге қатысты ұсыныс;
- Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау бойынша ұсыныс.

Марапаттау мәселелері:

- 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің негізгі тиімділік көрсеткіштерінің орындалуының есебі бойынша ұсынym;
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төлеу жөніндегі ұсынym;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің жаңа редакциядағы 2023 жылға арналған қызметінің Негізгі көрсеткіштері бойынша ұсынym;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің 2024 жылға арналған қызметінің Негізгі көрсеткіштері бойынша ұсынym;
- Компанияның Корпоративтік хатшысы мен Омбудсменіне сыйлықақы беру мәселелері бойынша ұсыныс.

Басқарма

Басқарма Қазатомөнеркәсіптің атқарушы органы болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компания Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және Басқарма туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады. Көрсетілген құжаттарда Басқарманың рөлі, оның құзыреттері мен өкілеттіктері, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің жауапкершілігі туралы ақпарат қамтылады.

Басқарманың құзыретіне жататындар:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыру;
- Заңнамамен және (немесе) Компания Жарғысымен басқа органдар мен Компания лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Компания қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- Компанияның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
- акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдерді орындау.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Есепті кезеңде Басқарма құрамында мынадай өзгерістер болды:

1) Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 12 қаңтардағы шешіміне сәйкес (№1/23 хаттама) сауда жөніндегі Бас директор - Басқарма мүшесі сайланды:

Аты-жөні	Лауазымы	Топқа қосылған жылы
Тайжанов Әлішер	Сауда жөніндегі бас директор	2014

2) Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 29 маусымдағы шешіміне (№7/23 хаттама) сәйкес төменде көрсетілген басшы қызметкерлер Басқарма мүшелері болып сайланды:

Аты-жөні	Лауазымы	Топқа қосылған жылы
Омарбеков Қуаныш	Өндіріс жөніндегі бас директор	2011
Көшербаев Дастан	Сауда жөніндегі бас директор	2016
Мағажанов Мұхит	Әкімшілік Аппаратының Басшысы	2023

3) Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 20 шілдедегі шешіміне сәйкес (№8/23 хаттама) Құқықтық сүйемелдеу және корпоративтік басқару жөніндегі Бас директор 2023 жылғы 21 тамыздан бастап Басқарма мүшесі болып сайланды:

Аты-жөні	Лауазымы	Топқа қосылған жылы
Қуантыров Ермек	Құқықтық сүйемелдеу және корпоративтік басқару жөніндегі бас директор	2023

4) Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 20 шілдедегі шешімімен (№8/23 хаттама) Басқарма 7 адам санында, мынадай құрамда айқындалды:

Аты-жөні	Лауазымы	Топқа қосылған жылы
Мұқанов Ержан	Басқарма Төрағасы	2006
Омарбеков Қуаныш	Өндіріс жөніндегі бас директор	2011
Көшербаев Дастан	Сауда жөніндегі бас директор	2016
Алдонғаров Әлібек	HR және өндірістік қауіпсіздік жөніндегі бас директор	2017
Қуантыров Ермек	Құқықтық сүйемелдеу және корпоративтік басқару жөніндегі бас директор	2023
Мағажанов Мұхит	Сатып алу және жалпы мәселелер жөніндегі бас директор	2023

5) Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі шешіміне сәйкес (№11/23 хаттама) Экономика және қаржы жөніндегі Бас директор Басқарма мүшесі болып сайланды:

Аты-жөні	Лауазымы	Топқа қосылған жылы
Темірбаев Сұлтан	Экономика және қаржы жөніндегі бас директор	2020

6) Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі шешімімен (№11/23 хаттама) 2023 жылғы 2 қазаннан бастап Басқарма Төрағасы болып сайланған:

Аты-жөні	Лауазымы	Топқа қосылған жылы
Юсупов Мейіржан	Басқарма Төрағасы	2010

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

(2023 жылғы 31 желтоқсан күніне)

Юсупов Мейіржан

Басқарма Төрағасы

Туған жылы
1979

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2001 жылы «Экономика және басқару» мамандығы бойынша MIDDLE EAST TECHNICAL UNIVERSITY, 2007 жылы Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебін экономикалық дамуды басқару магистрі дәрежесімен, 2015 жылы Гарвард университетін Мемлекеттік басқару магистрі дәрежесімен бітірді.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 2001 жылы «Туркуаз» Компаниялар тобында маркетинг және ішкі аудит департаменті директорының орынбасары болып бастаған.

2003 жылдан 2009 жылға дейін «Демир Қазақстан Банкі» АҚ және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-да жұмыс істеді. 2009 жылдан 2010 жылға дейінгі кезеңде Юсупов Мейіржан мемлекеттік қызметте ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті директорының орынбасары лауазымында жұмыс істеді.

2010 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ға Корпоративтік қаржы және қазынашылық департаментінің директоры болып келді, 2015 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі бас директоры лауазымына тағайындалды.

2020 жылдан 2021 жылға дейін ҚР Ұлттық экономика вице-министрі, ал 2021 жылғы наурыздан 2023 жылғы қазанға дейін «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы қызметін атқарды.

2023 жылғы 2 қазаннан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасы болып тағайындалды.

Омарбеков Қуаныш

Өндіріс жөніндегі бас директор

Туған жылы
1986

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2007 жылы Алматы Экономика және статистика академиясын қаржы бакалавры дәрежесімен, 2014 жылы Қазақ Гуманитарлық-Заң университетін құқық бакалавры дәрежесімен, 2017 жылы Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясын «Іскерлік әкімшілендіру шебері (MBA)» біліктілігімен, 2022 жылы «Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы бойынша Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық Зерттеу техникалық университетін бітірген.

Жұмыс тәжірибесі

Атом саласындағы еңбек қызметі 2011 жылы «Қазатомөнеркәсіп жолдары» Сауда-көлік компаниясы» ЖШС филиалында материалдық-техникалық қамтамасыз ету инженері лауазымынан басталды. 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде «KAP Logistics» ЖШС (бұрынғы «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС) Бас директоры, 2022 жылғы желтоқсаннан бастап «Ақбастау» БК» АҚ Бас директоры болып жұмыс істеді.

2023 жылғы маусымда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндіріс жөніндегі бас директоры лауазымына тағайындалды.

Темірбаев Сұлтан

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Туған жылы
1986

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2008 жылы Дарем университетін (Ұлыбритания) экономика бакалавры дәрежесімен бітірді. 2020 жылы Томск политехникалық университетінде уранды жерасты шаймалау технологиясы бағдарламасы бойынша кәсіби қайта даярлаудан өтті. Қазіргі уақытта Global MBA в Astana School of Management and Business бағдарламасы бойынша оқиды.

Жұмыс тәжірибесі

Темірбаев Сұлтан еңбек жолын 2008 жылы «Жана Темiржол» ЖШС бухгалтерлік есеп бөлімінің маманы болып бастаған. 2009 жылдан 2011 жылға дейін «ENRC Logistics» ЖШС инвестициялар департаментінің маманы болып жұмыс істеді. Кейін, әр жылдары «Қазақстан Жүк компаниясы» ЖШС, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС және «Odyssey Investments Group» ЖШС-де түрлі лауазымдарда, соның ішінде басшылық лауазымдарда қызмет атқарды. 2020 жылы «Инкай» БК» ЖШС-де («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бірлескен кәсіпорны) экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары лауазымына тағайындалған.

2023 жылғы 28 тамызда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі Бас директоры болып тағайындалды.

Көшербаев Дастан

Сауда жөніндегі бас директор

Туған жылы
1988

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2011 жылы Hult International Business School (Ұлыбритания) «Бизнесті басқару» мамандығы бойынша, 2022 жылы Назарбаев университетінде «Мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша магистратураны бітірген.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 2011 жылы «Қамқор Менеджмент» ЖШС-де Инвестициялық саясат департаментінің бас менеджері болып бастаған.

Атом саласындағы мансабын 2016 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да корпоративтік басқару департаментінің менеджері болып бастаған, содан кейін бизнесті дамыту департаментінің бірігу және жұтылу (M&A) бөлімінің бастығы болды. 2019-2020 жылдар аралығында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес өндіруші кәсіпорны «КАТКО» БК ЖШС-де атқарушы директордың орынбасары лауазымында жұмыс істеді.

2021 жылғы шілдеде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ сату департаментінің директоры, ал 2023 жылғы маусымда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ коммерция жөніндегі бас директоры болып тағайындалды.

Алдонғаров Әлібек

HR және өндірістік қауіпсіздік жөніндегі бас директор

Туған жылы
1983

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2003 жылы «Есептеу техникасы, байланыс желілері және коммутация жүйелері» мамандығы бойынша Қазақ-Америка Университеті жанындағы Алматы байланыс колледжін, 2007 жылы «Көп арналы телекоммуникациялық жүйелер» мамандығы бойынша Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін бітірген.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 2004 жылы «Қазақтелеком» кәсіпорындарының құрылымында желілік құрылыстардың электромонтері болып бастаған. «Искрател» ЖШҚ өкілдігінде телекоммуникациялық жүйелерді жобалау саласында, сондай-ақ техникалық қолдау департаментінің директоры және «ҰБК Банктік сервистік бюросы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары лауазымында Ақпараттық жүйелерді қолдау және дамыту саласында үлкен жұмыс тәжірибесі бар. Атом саласында «Байланыс-ҰАК» ЖШС және «KAP Technology» ЖШС-де басшылық лауазымдарда жеті жылдық жұмыс тәжірибесі бар. Тағайындалғанға дейін «KAP Technology» ЖШС Бас директоры қызметін атқарған.

2021 жылдың мамыр айында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ HR және цифрландыру жөніндегі бас директоры лауазымына тағайындалды.

2023 жылғы 21 тамыздан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ HR және өндірістік қауіпсіздік жөніндегі Бас директор ретінде қызмет атқарады.

Мағажанов Мұхит

Сатып алу және жалпы мәселелер жөніндегі бас директор

Туған жылы
1979

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2001 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін, 2009 жылы қаржы бакалавры дәрежесімен Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетін бітірген. 2017 жылы University of Roma Tor Vergata (Италия) мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы магистратураны бітірді.

Жұмыс тәжірибесі

2001-2006 жылдар аралығында «Банк Индустриальный» ААҚ-да, «Алтын Полис» Сақтандыру компаниясы» ЖАҚ-да және «АТФ Банк» АҚ-да заңгер болып жұмыс істеді. 2006-2019 жылдар аралығында түрлі лауазымдарда, соның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ және «KEGOC» АҚ-да басшылық лауазымдарда жұмыс атқарды.

2021-2023 жылдар аралығында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының жабдықтау жөніндегі орынбасары және «KEGOC» АҚ операциялық қызмет жөніндегі басқарушы директоры қызметтерін атқарды.

«ТОП 100» бағдарламасы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ кадр резервінде тұр.

2023 жылғы маусымда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ әкімшілігі аппаратының басшысы лауазымына тағайындалды.

2023 жылғы 21 тамыздан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ сатып алу және жалпы мәселелер жөніндегі Бас директор ретінде қызмет атқарады.

Қуантыров Ермек

Құқықтық сүйемелдеу және корпоративтік басқару жөніндегі бас директор

Туған жылы
1989

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Білімі

2010 жылы «Халықаралық қатынастар» бағыты бойынша Томск мемлекеттік университетін, 2012 жылы «Халықаралық құқық» бағыты бойынша Қазақ гуманитарлық-заң университетін (KAZGUU University), 2014 жылы Нью-Йорк қ. Columbia University in the City of New York, School of Law/Колумбия университеті, Құқық мектебін (Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» стипендиясы бойынша) бітірген.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 2010 жылы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Халықаралық ынтымақтастық және өзара әрекеттесу басқармасының менеджері болып бастаған.

2011 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Халықаралық экономикалық интеграцияны реттеу департаменті сыртқы байланыстар басқармасының сарапшысы лауазымында жұмыс істеді. 2013 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Халықаралық экономикалық интеграция департаменті ЕурАзЭҚ және Кеден одағының жұмыс істеу мәселелері басқармасының сарапшысы, ал 2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау департаментінің сарапшысы болып жұмыс істеген. 2015 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік-құқықтық бөлімінің сарапшысы қызметін атқарды.

2016-2022 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау департаменті арбитражға дейінгі талқылау басқармасының бас сарапшысы, «Ұлттық зияткерлік меншік институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны директорының орынбасары, министрдің кеңесшісі, апелляциялық кеңестің қызметін қамтамасыз ету басқармасының, тауар таңбасын жалпыға белгілі деп тану жөніндегі комиссияның, зияткерлік меншік құқығын қорғау департаментінің аттестаттау және апелляциялық комиссияларының басшысы, зияткерлік меншік құқықтары департаменті директорының орынбасары, «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры, заңға тәуелді актілер департаментінің директоры, «Ұлттық зияткерлік меншік институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры қызметтерін атқарды.

2022 жылдың наурызынан қыркүйегіне дейін Мәскеу қ. Еуразиялық экономикалық комиссияның Кәсіпкерлік қызметті дамыту департаментінің директоры қызметін атқарды.

2023 жылғы шілдеде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ құқықтық сүйемелдеу және сатып алу жөніндегі бас директоры лауазымына тағайындалды.

GRI 405-1

Басқарманың жас шамасы, %

30-50 жас	100
50 және одан жоғары	-

Басқарманың гендерлік құрамы, %

Ерлер	100
Әйелдер	-

GRI 202-2

100%

жергілікті қоғамдастық өкілдері[89] қатарынан жалданған жоғары басшылардың үлесі[90] 2023 жылы құрады.

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

41

күндізгі және

2

сырттай

отырыс 2023 жылы Басқарманың өткізілді, онда 466 мәселе қаралды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасы қараған мәселелердің құрылымы

Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер	45%
Мәмілелер, оның ішінде жасасуға мүдделілік бар мәмілелер	26%
ҰЖТ	7%
Еншілес және тәуелді ұйымдардың мәселелері (>10%)	4%
Басқа мәселелер	18%

GRI 2-15

2023 жылы Компанияның Басқарма мүшелері деңгейінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысуы

Басқарма мүшелері	Отырыстарға қатысу	%	Есепті кезеңде Басқарма құрамында болу кезеңі
М.Б. Юсупов	11	25,5	2023 жылғы 2 қазан – 31 желтоқсан
Е.Ж. Мұқанов	31	72,0	2023 жылғы 1 қаңтар – 2 қазан
А.М. Алдонғаров	35	81,3	2023 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
А.А. Батырбаев	1	2,3	2023 жылғы 1 қаңтар – 12 қаңтар
М.М. Елемесов[91]	0	0	2023 жылғы 1 қаңтар – 1 маусым
Д.Е. Көшербаев	21	48,8	2023 жылғы 29 маусым – 31 желтоқсан
Е.С. Қуантыров	14	32,5	2023 жылғы 21 тамыз – 31 желтоқсан
М.Т. Мағажанов	22	51,1	2023 жылғы 29 маусым – 31 желтоқсан
К.А. Омарбеков	21	48,8	2023 жылғы 29 маусым – 31 желтоқсан
Д.А. Сарымсақов	26	60,4	2023 жылғы 1 қаңтар – 21 тамыз
А.С. Тайжанов	19	44,1	2023 жылғы 12 Қаңтар – 12 маусым
С.Е. Темірбаев	12	27,9	2023 жылғы 28 Қыркүйек – 31 желтоқсан

[89] Жергілікті қоғамдастық – Қазақстан Республикасының азаматтары.

[90] Жоғары басшылар деп Басқарма мүшелері түсініледі.

[91] М.М. Елемесов 19.07.2021 жылдан бастап оқу демалысында.

Сыйақы жүйесі

GRI 2-19, 2-20

Компанияның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшерін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді, ал Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің сыйақы мөлшерін Директорлар кеңесі айқындайды, бұл ретте консультанттар бұл процеске қатыспайды.

2023 жылғы 26 қазанда Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен Компанияның басшы қызметкерлеріне Еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау ережелері бекітілді. Бұл ережелерде Компанияның Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары сипатталған.

Компанияның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін Директорлар кеңесі Лауазымдық жалақының схемасына сәйкес айқындайды.

Компания Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің еңбекақысы уақытша-сыйлықақы жүйесі негізінде жүзеге асырылады және лауазымдық жалақы түріндегі тіркелген құрамдас бөлікті және бір жылдағы нәтижелілігі үшін сыйақы түріндегі ауыспалы құрамдас бөлікті қамтиды. Бөлімнің сыйақы мөлшері тиісті есепті кезеңге Қазатомөнеркәсіптің Директорлар кеңесі бекітетін стратегиялық ҚНК-ны каскадтау жолымен қалыптастырылатын қызметтің корпоративтік және функционалдық негізгі көрсеткіштерінің (ҚНК) орындалу дәрежесіне байланысты болады. Осы жүйеге сәйкес Басқарма Төрағасына нәтижелілік үшін жылдық сыйақы мөлшері корпоративтік ҚНК-ға қол жеткізуден 100%-ға, ал Басқарма мүшелері үшін бұл мөлшер корпоративтік ҚНК-ны орындаудан 60%-ға және функционалдық (жеке) ҚНК-ны орындаудан 40%-ға тәуелді болады.

Есепті жылға арналған Корпоративтік ҚТК картасын жыл сайын Директорлар кеңесі бекітеді және оған қаржылық көрсеткіштер, акционерлердің кірістілігі мен табыстылығы, қауіпсіздік мәдениетін арттыру, ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, УШТ шығару жөніндегі өндірістік бағдарламаның орындалу дәрежесі және басқа да көрсеткіштер, соның ішінде Компания қатысатын аймақтардағы әлеуметтік қолдауға байланысты түрлі көрсеткіштер кіреді. Ол жақсы теңдестірілген және Қазатомөнеркәсіптің барлық стратегиялық мақсаттарын ескереді.

Компания қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерінің тізбесі

	2024 жыл
УШТ-ның меншікті өндірістік өзіндік құны	Көрсеткіш «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оны өндіруші кәсіпорындарына бір килограмм уран шала тотығы-тотығын (УШТ) шығару үшін өндірістік шығындарды азайтуға бағытталған.
Қауіпсіздік мәдениетін арттыру	Көрсеткіш өндірістік қауіпсіздіктің жалпы деңгейі мен мәдениетін арттыруға бағытталған және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындар тобы бойынша еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициентін және жүргізілген қауіпсіздік мінез-құлық аудиттерінің санын көрсетеді.
Акционерлердің кірістілігі мен табыстылығы	Көрсеткіш акционерлер салған инвестициялардың табыстылығын көрсету үшін қолданылады және акционерлердің табысын арттыруға бағытталған. Ол келесі компоненттерден тұрады: жыл соңындағы акционердің жалпы кірісі (TSR) және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жаһандық депозитарлық қолхаттарының бағасы.
Ірі инвестициялық жобаларды, оның ішінде басым жобаларды іске асыру	Көрсеткіш инвестициялық қызметке ақшалай қаражаттың тиімді пайдаланылуын, есепті кезеңде инвестициялық жобалардың уақтылы және толық орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған.
УШТ шығару бойынша өндірістік бағдарламаның орындалу дәрежесі	Көрсеткіш УШТ шығару бойынша өндірістік бағдарламаларды орындау мақсатында Компанияның және оның уран өндіруші кәсіпорындарының УШТ шығару жөніндегі жоспарының орындалуын көрсетеді.

Бір жыл ішінде сыйақы төлеудің негізгі шарты есепті кезең үшін шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы болып табылады.

Компанияның Төрағасы мен басқарма мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Қазатомөнеркәсіп міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент рөлін атқарады және табыстың белгілі бір пайызын заңға сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударады. Зейнеткерлік жасқа толуына байланысты Басқарма Төрағасымен немесе мүшелерімен еңбек қатынастары бұзылған жағдайда қызметкерге Ұжымдық шартқа сәйкес материалдық көмек төленеді.

2023 жылы Қазатомөнеркәсіптің Басқарма мүшелері мен Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына салықтар мен өзге де міндетті төлемдер төленгенге дейін жалпы сомасы 912,8 млн теңге сыйақы төленді.

Басқарма мүшелері мен Директорлар кеңесі сыйақысының жалпы мөлшері, млрд теңге

Тәуекелдерді басқару

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қазатомөнеркәсіптің тәуекелдерді басқару жүйесі Компанияның бизнес-моделінің ажырамас бөлігі болып табылады және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және тұрақты құнды құру кезінде барлық мүдделі тараптар үшін тәуекелдерді азайтуға ықпал етеді. Топ нарықтың өзгергіштігін және макроэкономикалық жағдайды, өндіріс тәуекелдерін, қоршаған ортаны қорғауға байланысты аспектілерді, геосаяси жағдайды және реттеудегі нормативтік өзгерістерді олардың ағымдағы тәуекел профиліне әсерін бағалау үшін үнемі бақылайды. Сонымен қатар, Компания тәуекелдерді азайту үшін тиісті стратегиялар мен шараларды қолданады.

Толығырақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2022 жылғы Біріктірілген жылдық есебін, Компанияның Интернет-ресурсында қолжетімді Тәуекелдерді басқару саясатын қараңыз, «Тәуекелдерді басқару саясатын» қараңыз.

Компания қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесін үйлестіруді қоса алғанда, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйелерін құру шеңберінде 2023 жылы мынадай құжаттар әзірленіп, өзектендірілді:

- банк лимиттері, Компания бөлімшелері арасындағы өзара әрекеттестік, Компания бөлімшелерінің ақпарат беру мерзімдері бойынша Компанияға қойылатын талаптарды оңтайландыру бөлігінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ банктеріне лимиттер белгілеу» Қағидалары өзектендірілді;
- «Уран бағасына арналған VAR негізгі тәуекел көрсеткішін есептеу» Нұсқаулығы бекітілді;
- MM SAP ERP модулінде «Сатып алу» процесінің өтемдік бақылауларын (SAP GRC AC) тестілеуді өткізу жөніндегі Нұсқаулық бекітілді;
- несиелік тәуекел деңгейіне байланысты контрагенттің белгілі бір пулына сәйкес контрагентке лимит белгілеу тәртібі мен контрагенттер бойынша несиелік тәуекелге талдау жүргізу әдістемесін өзгерту бөлігінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ уран өнімін сату бойынша контрагенттің тәуекелін басқару жөніндегі Нұсқаулық өзектендірілді;
- Комитетті жүргізу және сүйемелдеу жөніндегі функционалды бөлу бөлігінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасы жанындағы Тәуекелдерді басқару комитетінің Ережесі өзектендірілді.

Сақтандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар шеңберінде 2023 жылы ЕТҰ мүлкін сақтандырудың корпоративтік бағдарламасы жалғасты, оған 11 өндіруші ЕТҰ және «KAP Logistics» ЖШС кірді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ уран өнімін сату бойынша контрагенттің тәуекелін басқару жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, Компания Басқармасы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ уран өнімін сату бойынша келісімшарттарға қатысты «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ контрагенттерінің тізбесін және контрагенттеріне арналған лимиттерді бекітті. Тәуекел-менеджмент департаменті контрагенттер тәуекелдерін тәуелсіз бағалауды жүзеге асырады және тәуекелдерді басқару туралы тоқсан сайынғы есептерде тиісті ақпаратты Компанияның Директорлар кеңесі жанындағы Басқарма мен Аудит жөніндегі комитетке және тәуекелдерді басқару туралы жылдық есепті Компанияның директорлар Кеңесіне ұсынады. Сонымен қатар, Компанияда және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі жұмыс істейді. Осы жүйе шеңберінде қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды үнемі тестілеу жүргізіледі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да қаржылық есептілікті дайындау процесінің дизайнын бағалауын, операциялық тиімділігін тестілеуді жүргізуін, елеулі кемшіліктерін/бақылау рәсімдерінің болмауын айқындауын және құжаттауды жүргізу» Әдістемесіне сәйкес Компанияда қажет болған жағдайда қаржылық есептіліктің дұрыстығына сенімділікті қамтамасыз ету үшін қаржылық есептілікті дайындау процестері бойынша ішкі бақылау рәсімдері жүргізіледі.

2023 жылы жыл ішінде бекітілген кестеге сәйкес Компания қызметінің үздіксіздігі жоспарларына, санкциялық тәуекелдер мәселелері бойынша Жедел штаб отырысына тестілеу өткізілді.

2024 жылға арналған жоспарлар:

- Компанияда тәуекел-мәдениетті әрі қарай дамыту;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері бойынша ІНҚ өзектендіру;

- негізгі тәуекелдер бойынша КӨЖ өзектендіру;
- ЕТҰ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бойынша диагностика жүргізу;
- корпоративтік деректер қоймасы (КДҚ) негізіндегі талдамалық есеп- терді пайдалану;
- сатып алу процесі бойынша SAP Governance, Risk and Compliance, Access Control (GRC AC) шеңберінде өкілеттіктерді бөлу (SoD) қағидаттарын қолдау.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

COSO әдіснамасына сәйкес Компанияның барлық анықталған тәуекелдері бес негізгі санатқа жіктеледі: стратегиялық, қаржылық, операциялық, комплаенс, инвестициялық-жобалық тәуекелдер.

Жыл сайын еншілес және тәуелді ұйымдар (ЕТҰ) үшін тәуекелдер тіркелімдері мен карталары әзірленеді және бекітіледі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Тәуекелдер картасы ықпал ету және ықтималдық аймақтарына бөлінген.

2023 жылға арналған тәуекел картасы



2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тәуекелдер тізілімі 32 анықталған тәуекелден тұрады, оның ішінде 46 негізгі тәуекел қызыл аймақта:

- S-2 «Әлеуметтік шиеленістің өсуі»;
- O-1 «Уран өнімін өткізу жоспарының орындалмауы»;
- O-2 «Уран өндірудің жоспарланған көлемін және (немесе) уран өнімін (УШТ) өндіру көлемін орындамау»;
- O-3 «Өнімдер мен қызметтердің өзіндік құнын жоспарланғаннан жоғарылату»;
- O-5 «Өндірістік жарақаттану»;
- O-6 «Компанияның кәсіпорындар тобына қасақана зиян келтіру».

Тәуекелдерді бағалау Тәуекелдер картасындағы олардың әрқайсысының позициясына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте тәуекел аймақтары тәуекел-тәбетті ескере отырып, ықтимал зиянға байланысты айқындалады.

Стратегиялық тәуекелдер (S)	
S-1	Уранды сату бағасының жоспарланған бағадан төмендеуі
S-2	Әлеуметтік шиеленістің өсуі
S-3	Беделді тәуекел
S-4	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттық міндеттемелердің талаптарын орындамау тәуекелі
Операциялық тәуекелдер (O)	
O-1	Уран өнімін өткізу жоспарының орындалмауы
O-2	Уран өндірудің жоспарланған көлемін және (немесе) уран өнімін (УШТ) өндіру көлемін орындамау
O-3	Өнімдер мен қызметтердің өзіндік құнын жоспарланғаннан жоғарылату
O-4	Білікті персонал жетіспеушілігі немесе төмен біліктілік
O-5	Өндірістік жарақаттану
O-6	Компанияның кәсіпорындар тобына қасақана зиян келтіру
O-7	Ақпараттық қауіпсіздікті төмендету
O-8	ҮМЗ бериллий, тантал, ниобий және өзге де өнімдерін өндірудің/өткізудің жоспарланған көлемін орындамау
O-9	Экологиялық тәуекел
O-10	Пандемия қаупі
O-11	Заңнаманы сақтамаудың/әр түрлі түсіндірудің құқықтық салдарының басталуы
O-12	Климаттық қауіп
Комплаенс тәуекелдері (C)	
C-1	Сыбайлас жемқорлық және корпоративтік алаяқтық тәуекелі
C-2	Санкциялық тәуекел
C-3	Листингтік және реттеуші тәуекелдер
Қаржылық тәуекелдер (F)	
F-1	Өтімділік жетіспеушілігі
F-2	Контрагент-банктерге қатысты несиелік тәуекел
F-3	Берілген кепілдіктер бойынша және кепілдіктің заңды нысаны жоқ міндеттемелер бойынша міндеттемелерді орындау
F-4	Валюталық тәуекел
F-5	Пайыздық тәуекел
F-6	Кредиттік және кепілдік келісімдер бойынша ковенанттарды орындамау
F-7	Контрагенттің дефолт тәуекелі
F-8	Елдік тәуекел
Инвестициялық-жобалық тәуекелдер (I)	
I-1	Қазақстан Республикасында ЖБҚ өндіру жөніндегі жобаны іске асыру бойынша жоспарланатын көрсеткіштерге қол жеткізбеу
I-2	КДҚ жобасын уақтылы іске асырмау (1 кезең)
I-3	КДҚ жобасын уақтылы іске асырмау (1 кезең)
I-4	«Қуаттылығы жылына 800 мың тонна күкірт қышқылы зауытын салу» жобасын уақтылы іске асырмау
I-5	«Түркістан облысы Созақ ауданында өндірістік қуаты жылына 900 тонна Жалпақ кен орнының жерүсті қайта өңдеу кешенін салу» жобасын уақтылы іске асырмау

Тәуекел картасындағы 2023 жылғы негізгі өзгерістер:

I тоқсанда 4 тәуекел бойынша орын ауысуы байқалады:

1. S-4 «Жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттық міндеттемелердің талаптарын орындамау тәуекелі» ықтималдылық 4-тен 5-ке дейін артты.
2. O-7 «Ақпараттық қауіпсіздікті төмендету» ықтималдылық 4-тен 5-ке дейін артты.
3. O-6 «Компанияның кәсіпорындар тобына қасақана зиян келтіру» ықтималдылық 3-тен 4-ке дейін және әсер ету 2-ден 4-ке дейін артты.
4. O-2 «Уран өндірудің жоспарланған көлемін және (немесе) уран өнімін (УШТ) өндіру көлемін орындамау» ықтималдылық 4-тен 3-ке дейін және әсер ету 4-тен 3-ке дейін азайды.

II тоқсанда 2 тәуекел бойынша орын ауысуы және 2 жаңа тәуекел тіркелді:

1. I-3 «600 ғимараты. Қайта құру. Уран шала тотығу-тотығуының аффинаждық өндірісі. «ҮМЗ» АҚ. Солтүстік алаңы» жобасының жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу ықтималдық 3-тен 4-ке дейін артты.
2. O-10 «Пандемия қаупі» ықтималдық 3-тен 1-ге дейін азайды.
3. I-4 «Қуаттылығы жылына 800 мың тонна күкірт қышқылы зауытын салу» жобасын уақтылы іске асырмау» жаңа тәуекелі тіркелді.
4. I-5 «Түркістан облысының Созақ ауданында өндірістік қуаты жылына 900 тонна Жалпақ кен орнының жерүсті қайта өңдеу кешенінің құрылысы» жобасын уақтылы іске асырмау» жаңа тәуекелі тіркелді.

III тоқсанда 1 тәуекел бойынша орын ауысуы:

1. I-2 «КДҚ жобасын уақтылы іске асырмау (1 кезең)» әсер ету 1-ден 2-ге дейін ұлғайды.

IV тоқсанда 6 тәуекел бойынша орын ауысуы:

1. O-2 «Уран өндірудің жоспарланған көлемін және (немесе) уран өнімін (УШТ) өндіру көлемін орындамау» ықтималдық 3-тен 4-ке дейін және әсер ету 3-тен 4-ке дейін артты.
2. O-3 «Өнімдер мен қызметтердің өзіндік құнын жоспарланғаннан жоғарылату» ықтималдық 3-тен 4-ке дейін және әсер ету 3-тен 4-ке дейін артты.
3. O-8 «ҮМЗ бериллий, тантал, ниобий өнімдерін өткізудің жоспарланған көлемін орындамау» ықтималдық 4-тен 5-ке дейін артты.
4. F-7 «Контрагенттің дефолт тәуекелі» әсер ету 2-ден 3-ке дейін артты.
5. I-3 «600 ғимараты. Қайта құру. Уран шала тотығу-тотығуының аффинаждық өндірісі. «ҮМЗ» АҚ. Солтүстік алаңы» жобасының жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу ықтималдылық 4-тен 5-ке дейін артты.
6. I-4 «Қуаттылығы жылына 800 мың тонна күкірт қышқылы зауытын салу» жобасын уақтылы іске асырмау» ықтималдық 3-тен 4-ке дейін артты.

Тәуекелдер және оларды азайту шаралары

Тәуекел	Атауы	Іс-шаралар
S-1	Уранды сату бағасының жоспарланған бағадан төмендеуі	○ Келісімшарттардың үлесін бекіту. ○ Дұрыс қаржыландыруды қамтамасыз ете отырып, THKazakatomAG-пен мәмілелер арқылы уран бағасын хеджирлеуді жүргізу мүмкіндігін зерделеу: ● Тендерлерге қатысу және белгіленген және ішінара индекстелген бағалар бойынша орта және ұзақ мерзімді мерзімге жаңа келісімшарттар жасасу. ○ Уран бағасының болжамды трендін анықтау үшін нарықтық талдау жүргізу. ○ Атом және уран объектілеріндегі инциденттер мен апаттарға және олардың салдарына қатысты БАҚ мониторингі. ○ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ стратегиялық шешімдеріне сәйкес «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының уран өндіру көлемін бақылау.
S-2	Әлеуметтік шиеленістің өсуі	○ Жер қойнауын пайдалану туралы келісімдер шеңберінде қатысу өңірлерін әлеуметтік-экономикалық дамытуға қаржы қаражатын бөлу. ○ Жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастық. ○ Онлайн платформалар, көшпелі сессиялар және/немесе дөңгелек үстелдер арқылы жұмысшылар арасында ақпараттық науқанды ұйымдастыру. ○ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарында әлеуметтік әріптестік, ішкі коммуникациялар және әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бақылау. ○ ЕТҰ/СҚО есептілігі арқылы еңбек заңнамасының сақталуын бақылау. ○ ЕТҰ қызметкерлерінің табыстарының теңдік дәрежесін салыстырмалы талдау бойынша жұмысты жалғастыру. ○ Қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында қызметкерлерді оқыту. ○ БАҚ жарияланымдарының мониторингі.
S-3	Беделді тәуекел	○ Коммуникацияларды тиімді басқару және ақпаратты ашу. ○ КО және ЕТҰ-да тиімді ішкі коммуникацияларды дамыту. ○ Жергілікті және халықаралық БАҚ-пен қарым-қатынас орнату және қолдау. ○ Медиа және әлеуметтік медианы бақылау. ○ Дағдарысқа қарсы коммуникациялар жоспарына сәйкес іс-шараларды ұйымдастыру. ○ КО және ЕТҰ құзыреті бөлігінде АЭХА-мен қол қойылған келісімдер бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның міндеттемелерінің орындалуын бақылау.
S-4	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттық міндеттемелердің талаптарын орындамау тәуекелі	○ Компания қызметінің контекстінде ҚР заңнамалық базасының мониторингін жүзеге асыру. ○ Компанияның ЕТҰ-да «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексіне сәйкес барлық қажетті рұқсат құжаттарының (лицензияларының) болуын қамтамасыз ету. ○ Заңнаманың жобаларын/өзгерістерін талқылауға қатысу және ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар дайындау. ○ ҚР заңнамасының жекелеген түрлерін түсіндіру бойынша семинарларға қатысу және күрделі мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға түсініктеме алу. ○ ТҚ-25 есептерінің өндірістік көрсеткіштерінің ЕТҰ-ның шарттық міндеттемелерінің талаптарына сәйкестігін бақылау. ○ Компанияның ДК Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитетінің қарауына жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттық міндеттемелерге байланысты тәуекелдер туралы мәселені шығару. ○ Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды ұзарту мерзімдерінің мониторингі.

Тәуекел	Атауы	Іс-шаралар
О-1	Уран өнімін өткізу жоспарының орындалмауы	• Ағымдағы жылы уран нарығындағы ағымдағы жағдайды және сұраныстарды ағымдағы жылы сату жоспарынан жоспарланған уран көлемін іске асыру мүмкіндігін бағалау үшін өзекті деректерді пайдалана отырып зерттеу. Бұл әсіресе қолданыстағы сатып алушылардың уран өнімдеріне сұраныстың төмендеуіне байланысты табиғи уранды сатып алудан бас тартуы жағдайында өте маңызды. • Дайын өнімді сатуға ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және орта мерзімді келісімшарттар жасасу (оның ішінде KazakAtomTHAG-пен). • Келісімшарттар жасау кезіндегі тәуекелдерді есепке алу (айыппұл санкцияларының болуы, жеткізілімдердің икемділігі). • Келісімшарттарға қол қою сатысында қажетті құжаттарды уақтылы келісу. • Контрагенттердің келісімшарт талаптарын сақтауын тексеру. • Жүктерді тасымалдау кезінде жоғалудан немесе зақымданудан сақтандыру. • Уран саласына әсер ететін санкцияларды және/немесе қарсы санкцияларды енгізудің ықтимал ниеттерін жедел анықтау үшін БАҚ мониторингі. • Контрагентті мұқият іріктеу/талдау/келісім шарттарының талаптарын мүдделі құрылымдық бөлімшелермен келісу және т. б. • Конверторда уран өнімін алу үшін және кейіннен сатып алушыларға физикалық жеткізумен своп (location/time swap) келісімшарттарын жасасу. • Дайын уран өнімдерін өндірудің технологиялық процестерінің сақталуын бақылау. • Стандарттарға сәйкес дайын уран өнімдерінің қаптамасының сапасын бақылау. • Уран экспортының баламалы бағыттарын әзірлеу.
О-2	Уран өндірудің жоспарланған көлемін және (немесе) уран өнімін (УШТ) өндіру көлемін орындамау	• ТЖДЖ түзету (блоктарды пайдалануға беру кестесін өзгерту). • Жер қойнауын пайдалану бойынша лицензиялық-келісімшарттық шарттарды қатаң орындау. • Ұңғымалар құрылысы мен өндірудің жоспарлы көлемдерінің орындалуын бақылау. • 2016-2027 жылдарға арналған минералды-шикізат базасын толықтыру үшін іздеу жұмыстарының бағдарламасын іске асыру. • ӨЕ-де төмен уран ұңғымаларын істен шығару, ӨЕ-де жоғары уран блоктарын енгізу, сондай-ақ қышқылмен қамтамасыз етуді реттеу және т. б. сияқты түзету шараларын қолдану. • Сапа стандарттарына сәйкес дайын уран өнімінің сапасын бақылау. • Ұңғымаларды салу, ТДЖ жүргізу және уран өндіру кезінде технологиялық процестердің орындалуын тұрақты бақылау (апта сайын және ай сайын), сондай-ақ өндірістік операциялар кезінде технологиялық регламенттің сақталуы. • Дайын уран өнімін өндіру кезінде технологиялық режимдердің сақталуын бақылау. • Ұңғымалардың ТДЖ және ЖҚЖ күнтізбелік кестелерінің сақталуын бақылау. • Қосымша бұрғылау станоктарын сатып алу және бұрғылау жұмыстарының қосымша көлемін орындау үшін аутсорсингті ішінара тарту. • Шикізатқа, ТМҚ-ға, энергия ресурстарына және басқа ресурстарға қажеттілікті ұтымды жоспарлау. • Кен орындарын, учаскелер мен бМлоктарды уақтылы пайдалануға беруді бақылау. • ЕТҰ мүлікті сақтандырудың корпоративтік бағдарламасын жалғастыру.

Тәуекел	Атауы	Іс-шаралар
О-3	Өнімдер мен қызметтердің өзіндік құнын жоспарланғаннан жоғарылату	• Химиялық реагенттердің, материалдардың және энергия шығындарының нақты нормаларын бақылау. • Негізгі химиялық реагенттерге, материалдарға және энергия шығындарына сатып алу бағаларын талдау. • Өндірістің энергия тиімділігін арттыру (ЖЭК қолдану есебінен сатып алынған электр энергиясын тұтынуды азайту, Энергия үнемдейтін аспаптар мен құрылғыларды қолдану есебінен электр энергия көлемін азайту, Жабдықты анағұрлым үнемдісіне ауыстыру, Аз энергия сыйымдылығымен жаңа технологияларды енгізу). • ЕТҰ басқару органдары бекіткен өндірістік өзіндік құнның жоспарлы көрсеткішінің нақты орындалуын бақылау. • Өндіріс технологиясын оңтайландыру, оның тиімділігін арттыру үшін технологиялық процеске өзгерістер енгізу, реагенттер мен материалдардың шығын нормаларын азайту үшін ұйымдастырушылық және техникалық шараларды енгізу. • ҒЗТКЖ қызметтерін жеткізушінің келісімшарттық міндеттемелерінің орындалуын бақылау. • Табиғи уран өндірудің өзіндік құнын төмендетуге жаңа ғылыми әзірлемелердің қосқан үлесі. • Негізгі жабдықты уақтылы диагностикалау және жөндеу. • «Жедел желі» арқылы өтініштерді қарау процесін ұйымдастыру және қараудың белгіленген мерзімдерінің сақталуын бақылау. • Компания қызметкерлері үшін тренингтер мен оқыту сессияларын өткізу. • Резидент емес контрагенттерге және/немесе оларға қызмет көрсететін банктерге қатысты санкциялық шектеулердің бар-жоғын тексеру үшін Комплаенс қызметімен валюталық төлемдерді келісу.
О-5	Өндірістік жарақаттану	• ЕҚ, ӨҚ, РБ және ҚОҚ, ҚТ саласындағы ҚР заңнамасы мен корпоративтік нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау мониторингі. • ЕҚ, ӨҚ, РБ, ҚТ ҚОҚ және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігіне Компанияның ЕТҰ тұрақты тексерулерін жүзеге асыру. • ЕҚ, ӨҚ, РБ, ЯҚ және ҚОҚ, ҚТ бойынша персоналды оқытуды, нұсқаманы және білімін тексеруді уақтылы жүргізуді бақылау. • Кәсіпорындарда өндірістік жарақаттану мен ЖКО талдауын жүргізу, кейіннен ЕТҰ-ға олардың алдын алу және профилактикасы бойынша ұсыныстарды қамтитын ақпараттық хатты дайындау және тарату. • ЕТҰ қызметкерлерінде қажетті арнайы киім мен жеке қорғаныс құралдарының болуын бақылау. • ЕТҰ-да мерзімді дозиметриялық бақылау жүргізу мониторингі. • ЕТҰ-да ауысым алдындағы медициналық куәландыру мен нұсқама жүргізуді бақылауды жүзеге асыру. • Компанияның ЕТҰ-да еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттауды уақтылы жүргізуді қамтамасыз ету. • Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттерін (ҚМА) жүргізу және талдау, ықтимал қауіпті жағдайларды, әрекеттерді анықтау (NEARMiss). • «Стоп Карта» рәсімінің қолданылуын талдау. • Өндірістегі қауіпсіздікті бұзғаны үшін жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шараларды қолдану.

Тәуекел	Атауы	Іс-шаралар
О-6	Компанияның кәсіпорындар тобына қасақана зиян келтіру	• Компанияда және ЕТҰ-да кейіннен алдын алу сипатындағы ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлей отырып, залалдың алдын алу және өтеу, ұйымдық және кадрлық шешімдер қабылдау, ішкі нормативтік құжаттаманы өзектендіру және бақылау ортасын жетілдіру бойынша тексерулер мен қызметтік тергеулер жүргізу. • Компания акционерлері мен басшылығын Компания мен ЕТҰ стейкхолдерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық және алаяқтық әрекеттердің тәуекелдері мен фактілері туралы хабардар ету. • Террористік сипаттағы, сондай-ақ терроризммен байланысты емес өзге де криминогендік сипаттағы дағдарыстық жағдайлар туындаған кезде қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау. • Еңбек жанжалдарының алдын алу және оқшаулау бойынша жұмыс берушінің Іс-қимыл алгоритмін орындау. • Радиоактивті заттар мен ядролық материалдардың сақталуы мен қозғалысын мерзімді бақылау және есепке алу. • Физикалық қорғаныс және күзет дабылы жүйелерінің жұмысын үнемі бақылау және тексеру. • Көрсетілген түрдегі материалдарға қол жеткізе алатын тұлғалардың сенімділігін тексеру. • Қажет болған жағдайда радиациялық және ядролық материалдарды ұрлау, жоғалту және санкциясыз алу фактісі бойынша қызметтік тергеу жүргізу. • Шарттарды болдырмау және ұқсас фактілердің қайталануына жол бермеу бойынша түзету іс-шараларын әзірлеу.
О-7	Ақпараттық қауіпсіздікті төмендету	• Ақпараттық қауіпсіздік (АҚ) саясатының сақталуын тұрақты бақылау. • Компанияның кәсіпорын тобының контрагенттерімен құпиялылық туралы келісімдерге қол қою. • Киберқауіпсіздік саласындағы қызметкерлердің хабардарлығы мен құзыреттілік деңгейін арттыру. Нұсқаулық пен тестілеуді ұйымдастыру. Таратуды жүзеге асыру. • «Киберқауіпсіздікті енгізу және дамыту» жобасының таралымы шеңберінде 12 ЕТҰ үшін киберқауіпсіздік саласындағы қызметкерлердің хабардарлығын арттыру процесін автоматтандыру. • Күтпеген жағдайларға жауап беру үшін бизнес-процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелерді қалпына келтіру жоспарына тестілеу жүргізу. • Компания мен оның ЕТҰ АҚ-ның ағымдағы жай-күйіне аудит жүргізу. • Барлық ЕТҰ-ны (KAP доменіне кіретін) АҚ жедел орталығына және Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзіне қосу. • Анықталған АҚ қатерлері мен кемшіліктерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу. • Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды элементтеріне жатқызылған объектілер тізімін қалыптастыру. • «KAPTechnology» ЖШС базасында Киберқауіпсіздік орталығын құру мүмкіндігін зерттеу (АҚЖО-ға және одан әрі АҚҰҰО-ға қосыла отырып). • Барлық ЕТҰ (Компанияның корпоративтік желісіне кіретін) АҚ кешенді жүйесіне (АҚКЖ) қосылуын қамтамасыз ету. • Ену тестілеуін өткізу. АҚ-ның анықталған қатерлері мен кемшіліктерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу. • АҚ жетілу деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін АҚ құралдарын енгізу. • Ақпаратты құпия деректердің ағып кетуін болдырмау жүйесі (DLP), ақпаратты криптографиялық қорғау (АКҚҚ), АҚ кешенді жүйесі (АҚКШ) құралдарымен қорғау. • АҚ саласындағы ҚР заңнамасының өзгерістеріне тұрақты мониторинг және талдау.

Тәуекел	Атауы	Іс-шаралар
		• Компанияның таралуы шектеулі құпия ақпаратқа заңсыз қол жеткізудің алдын алу. • Компания қызметі барысында таралуы шектеулі құпия ақпараттың ықтимал жайылып кетуін анықтау және жою. • «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ құпия және коммерциялық құпиясы болып табылатын Ақпарат тізбесін айқындау. • Сатып алу процесінің бөлігі ретінде SAP GRC AC-да өкілеттіктерді бөлу қақтығыстарын шешу.
О-8	ҮМЗ бериллий, тантал, ниобий және өзге де өнімдерін өндірудің/ өткізудің жоспарланған көлемін орындамау	• Дайын өнімді өндіру жоспарының орындалуын бақылау. • Апаттардың алдын алу үшін ЖӨЖ жүргізу және жабдықты күрделі жөндеу. • Шикізат жеткізушілерімен тұрақты келіссөздер жүргізу (бериллий, тантал). • Қоймадағы шикізаттың нормативтік қорын қамтамасыз етуді бақылау. • Бекітілген жоспарға сәйкес бериллий, тантал және ниобий өнімдерін өткізу мониторингі. • Бериллий, тантал және ниобий өнімдерін тұтынушылармен келісімшарттар жасасу. • Бериллий, тантал және ниобий нарығының жай-күйін тұрақты талдау (сегменттер, аймақтар, өнімдер, бәсекелестер, тұтынушылар бойынша).
О-12	Климаттық тәуекел	• Жазда орта температураның жоғарылауымен жұмысшылардың су ішу режимін ұйымдастыру. • Жабдықтар мен техниканы жазғы режимге ауыстыру. • Арнайы киім беру бойынша климаттық белдеуді қайта қарау (қысқы киімді кию мерзімін аз жаққа қайта қарау). • Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің және ықтимал апаттарды жою бойынша кәсіби апаттық-құтқару қызметінің дайындығы мен кезекшілігін бақылауды қамтамасыз ету. • Апаттық электр қуаты өшкен жағдайда резервтік қуат көздеріне көшу. • Ауа-райының қауіпті құбылыстары орын алуы мүмкін болған кезде көлік құралдарының шығуын шектеу. • Жедел қызмет қызметкерлерімен үздіксіз байланысты қамтамасыз ету. • Табиғи өрт туындаған кезде табиғи апат және халыққа көрсетілетін көмек туралы ақпарат алу үшін жергілікті билік органдарына хабарлау. • Өртке қарсы іс-шараларды өткізу, өрт қауіпсіздігі бойынша жаттығуларды жиілету. • Аумақты және өрт қауіпті объектілерді құғап кетуден тазарту. • Темір жол мен автомобиль жолдарын қардан тазарту. • Энергия тұтынуды жақсарту және энергияны үнемдеу шаралары. • Халықаралық стандарттар мен гайдлайндарға және жалпы қабылданған нұсқаулықтарға сәйкес парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының көлемін сандық бағалауды жүргізу. • Персоналды ПГ шығарындылары туралы есептілік бойынша міндеттемелерді кеңейту/қатаңдату бөлігінде заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша оқыту. • Энергия үнемдейтін және энергия үнемдеу іс-шараларын іске асыру. • Жабдықты жаңарту. • Шикізатқа, ТМҚ-ға, энергия ресурстарына және т.б. қажеттілікті дұрыс жоспарлау. • Технологиялық процестерді жетілдіру. • Жаңартылатын және баламалы көздерден сатып алынатын энергияға көшу (немесе ЖЭК-ке инвестициялау жағдайында өзінің жасыл энергиясын пайдалану).

Тәуекел	Атауы	Іс-шаралар
С-2	Санкциялық тәуекел	• Санкциялық тәуекелдер (оның ішінде төлемдерді бұғаттау тәуекелі) тұрғысынан контрагенттермен ынтымақтастық мәселелерін СК-мен алдын ала келісу. • Санкциялық тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша мүдделі БК-ны ақпараттандыру (ДК, ДП, ДСП, ПД, ГРД, ДНТП, ДІТ). • Санкциялар тізіміне серіктестер енгізілген жағдайда (бірлескен кәсіпорындары бар РФ, ҚХР компаниялары): а) басқа ЕТҰ есебінен, оның ішінде өндірісті ұлғайту туралы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды қайта қарау арқылы өндіру жоспарын орындау; б) бірлескен кәсіпорындағы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қатысу үлесін бірлескен кәсіпорынды санкциялар тізімінен шығарудың пакеті немесе басқа нұсқасының 100% деңгейіне дейін жеткізу. • Санкциялар тізіміне негізгі сатып алушылар енгізілген жағдайда: а) жаңа сатып алушыларды іздеу (нарықты қайта бағдарлау); б) өндіру көлемін түзету (төмендету); в) батыстық конверсиялық кәсіпорындарда одан әрі іске асыру үшін материалмен қамтамасыз ету үшін своп-мәмілелер жасасу; • Негізгі жеткізушілерді (оның ішінде логистикалық компанияларды, порттарды және т. б.) санкциялар тізіміне қосқан жағдайда: а) санкциялық тәуекелдерге ұшырамайтын баламалы маршруттарды пысықтау; б) негізгі өнімнің (арнайы техниканың, жабдықтың) отандық өндірісін ашу туралы мәселеге бастамашылық жасау; в) жеткізушілермен ҚР-ға тікелей жеткізу туралы келіссөздер жүргізу. • Санкциялық тізімге ҚР банктері енгізілген жағдайда: а) санкциялық тізімде жоқ банктерге қызмет көрсетуге көшу; б) қазақстандық қор нарығында облигациялар шығару түріндегі қорландырудың баламалы көздеріне көшу. • Санкциялық тәуекелдерге ұшырамайтын баламалы маршруттарды пысықтау.
С-3	Листингтік және реттеуші тәуекелдер	• Инсайдерлер тізімін жаңартып отыру, инсайдерлік ақпарат негізінде қолданыстағы заңнамада, оның ішінде Компанияның бағалы қағаздарымен операциялар бойынша жауапкершілік туралы инсайдерлік хабарламалар жинау; • Компания қызметкерлеріне жабық/ашық кезеңдер туралы алдын ала хабарлау; • PDMR жасаған мәмілелер туралы қор биржалары мен реттеушілерді уақтылы хабардар ету; • Қор биржалары ережелерінің өзгеруін бақылау; • Листинг талаптарының өзгеруі туралы Компанияның мүдделі БК-ін хабардар ету; • Жарты жылда кемінде бір рет ақпаратты ашу ережелерін сақтау мониторингі; • Қызметкерлерді Әдеп кодексін және Компанияның комплаенсін оқыту және мерзімдік тестілеу; • Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және құпия ақпаратты қорғау мәселелері бойынша түсіндіру іс-шаралары.

Компания менеджменті тәуекелдердің салдарын болдырмау және азайту үшін іс-шараларды қолдану арқылы тәуекелдерді басқару жүйесі тиімді болатынына сенімді. Ескерту іс-шараларының орындалуы бойынша есептер (тәуекелдер тіркелімі шеңберінде) тұрақты негізде қалыптастырылады. Тәуекел-тәбет деңгейін жыл сайынғы негізде Директорлар кеңесі айқындайды және бекітеді. Ықтимал теріс қаржылық салдарлардың алдын алу және Компания құнының ықтимал төмендеуі жөніндегі процесті бақылау үшін барлық тәуекелдер бойынша толеранттылық деңгейлері айқындалды.

Тәуекелдерді лимиттеу практикасы қолданылады және кредиттік тәуекелді бақылау үшін екінші деңгейдегі банктерге лимиттер белгілеу жөніндегі ережелер белгіленеді. Топтың банктерге арналған лимиттерін Басқарма жылына кемінде бір рет бекітеді, содан кейін Компания мен оның еншілес ұйымдары арасында қайта бөлінеді.

Сонымен қатар инвестициялық жобаларда және басқару органдарының қарауына шығарылатын басқа да мәселелерде тәуекелдерді талдау және бағалау практикасы енгізілді. Мұның бәрі Компанияның жоғары басшылығының белсенді қатысуымен жүзеге асырылады. Тәуекел-менеджмент департаменті іске асырылған және болжанатын тәуекелдер, сондай-ақ оларды барынша азайту бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты қамтитын тәуекелдерді басқару туралы есептерді тоқсандық және жылдық негізде тұрақты түрде ұсынады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тұрақты даму саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ескеруге және олардың тұрақтылыққа әсерін ескере отырып, негізделген және әдепті шешімдер қабылдауға ұмтылады. Компания әлеуметтік жауапты инвесторлардың, қоғамның және тұрақты даму принциптерін қолдайтын басқа да мүдделі тараптардың үміттерін ақтау үшін ESG аспектілерімен және климаттың өзгеруі жөніндегі агендамен біріктіру арқылы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін біртіндеп жетілдіруде.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2021 жылғы Біріктірілген жылдық есебін қараңыз

Бақылау жүйесі

Компаниядағы ішкі бақылау жүйесі үш негізгі салада тәуекелдерді болдырмауға бағытталған: қаржылық есептілік, заңнаманы сақтау және операциялық процестердің тиімділігін арттыру. Ол COSO-ның «Ішкі бақылау – Біріктірілген модель» үлгісіне негізделген және бес компонентті қамтиды: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау процедуралары, ақпарат және оны тарату және мониторинг.

Ішкі бақылау жүйесі саласындағы оның даму мақсаттары мен бағыттарын айқындайтын Саясат бекітілді. Басқарушылық есептілікті қалыптастыру туралы қағидалар әзірленді және SAP GRC AC шеңберінде Өтемдік бақылауларды тестілеуді өткізу жөніндегі нұсқаулық бекітілді. Мұның бәрі тәуекелдерді тиімді бақылауға және оларға жедел жауап беруге мүмкіндік береді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-дағы Ішкі бақылау жүйесі туралы саясат (ІБЖ саясаты) Компанияның Интернет-ресурсында орналастырылған, Ішкі бақылау жүйесі бойынша саясат қараңыз.

ІШКІ АУДИТ

Компанияда Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын тәуелсіз Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) жұмыс істейді. Директорлар кеңесі ІАҚ-ның сандық құрамын айқындайды, қызметкерлерге сыйақы мөлшерін белгілейді, ішкі аудиттің саясаты мен рәсімдерін, сондай-ақ жыл сайынғы аудиторлық жоспар мен бюджетті бекітеді.

ІАҚ қызметінің 2023 жылғы негізгі нәтижелері:

- жылдық аудиторлық жоспар 103%-ға орындалды;
- ішкі аудиторлардың тәуелсіздігіне немесе жеке объективтілігіне теріс әсер ететін фактілер тіркелмеген;
- Аудит комитеті мен Директорлар кеңесі тоқсан сайын ІАҚ есептерін қарады.

СЫРТҚЫ АУДИТ

GRI 2-5

Жыл сайын Қазатомөнеркәсіптің Шоғырландырылған қаржылық есептері мен Біріктірілген жылдық есебі аудитордың тәуелсіз тексеруінен өтеді. Бұл тексерудің нәтижелеріне шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз аудитордың Аудиторлық қорытындысы мен аудитордың Тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есебі кіреді.

2022 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының кезектен тыс отырысында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023 және 2024 жылдарға арналған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйым ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ні айқындау туралы шешім қабылданды. 2023 және 2024 жылдардағы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептіліктердің аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС есебімен 679 938 766 (алты жүз жетпіс тоғыз миллион тоғыз жүз отыз сегіз мың жеті жүз алпыс алты) теңге 00 тиынды құрайды.

2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның барлық ЕТҰ-сын қоса алғанда, Топқа көрсетілген аудиторлық емес қызметтер үшін «Прайсуотерхаусқуперс» ЖШС төлемінің жалпы сомасы ҚҚС есептемегенде 115 076 000 теңгені құрады.

Акционерлермен өзара әрекеттесу

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

Жаһандық депозитарлық қолхаттарды (ЖДҚ) қоса алғанда, Қазатомөнеркәсіптің шығарылған акцияларының жалпы саны 259 356 608 дананы құрайды. Қазіргі уақытта бұл санның 25%-ы, яғни 64 839 152 дана еркін айналымда. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ акцияларының үлесі 75%-ды құрайды, бұл 194 517 456 данаға тең.

Шығарылған акциялар мен айналымдағы акциялардың үлесі



2023 жылы Қазатомөнеркәсіптің бас компаниясы қандай да бір орналастыруға қатысқан жоқ. Бақылаушы акционермен кез келген келісімдер шарттарының болуы және сақталуы туралы ақпарат болған жоқ.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЛИСТИНГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның акциялар, жаһандық депозитарлық қолхаттар және облигациялар түріндегі бағалы қағаздары «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE), Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) листингімен қазақстандық және халықаралық қор биржаларында айналысқа түседі.

Бағалы қағаздар листингі

Құрал	Валюта	ISIN	AIX	LSE	KASE
Жай акциялар	Теңге	KZ1C00001619	KAP	–	–
Жаһандық депозитарлық қолхаттар	АҚШ доллары	US63253R2013	KAP.Y	KAP	–
Облигациялар	Теңге	ISIN KZ2C00006153	–	–	KZAPb2
Коммерциялық облигациялар	АҚШ доллары	KZ2C00009199	–	–	KZAPb3

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Компанияның қолайлы имиджі мен іскерлік беделін қалыптастыру, сондай-ақ тиімді сыртқы және ішкі байланыстарды орнату арқылы мүдделі тараптарды өз қызметі туралы хабардар ету бойынша тұрақты жұмысын атқарады.

Осы жұмыс шеңберінде Ақпаратты ашу жөніндегі кеңес құрылды, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның ақпаратты ашу Саясаты мен Қағидалары, сондай-ақ Компанияның коммуникациялық тәуекелдерін реттейтін басқа да ішкі нормативтік құжаттар жаңартылды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ақпаратын ашу саясатын іске асыру кезінде Компания мынадай негізгі қағидаттарды басшылыққа алады:

- ашықтық;
- қол жетімділік;
- теңгерімділік;
- ақпаратты қорғау;
- бірізділік;
- құжаттармен бекемдеу;

- тиімділік;
- теңдік;
- толықтық;
- объективтілік;
- ақпараттық ресурстарды қорғау;
- жүйелілік;
- іске деген қатынас;
- сенімділік;
- байланыстылық.

2023 жылы Компания:

- зірленді және бекітілді: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Ішкі және сыртқы коммуникациялар стратегиясы, Сыртқы және ішкі коммуникациялар туралы өкім, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Дағдарысқа қарсы коммуникацияларын құру жөніндегі қағидалар, Әлеуметтік желілерде корпоративтік аккаунттарды жүргізу жөніндегі нұсқаулық (Компанияның ЕТҰ үшін);
- Қазақстан павильоны, сондай-ақ Вена қаласында (Австрия) АЭХА-ның 67-ші Бас конференциясы шеңберінде сайд-ивент ұйымдастырылды, іс-шаралар қорытындысы бойынша БАҚ-та 15 жарияланым (150 000 қамту) шықты;
- Компанияның ресми интернет-ресурсында 81 пресс-релиз жарияланды, олар жиынтығында 1 млн-ға жуық қайта басып шығару материалдарын (10 млн-нан астам қамтуды) берді;
- БАҚ сұрауларына 58 жауап дайындалды, олар бойынша БАҚ-та 70-тен астам материал шықты;
- шетелдік және қазақстандық БАҚ-та 34 мақала, сұхбат, репортаж жариялау ұйымдастырылды;
- Компания басшылығының қатысуымен БАҚ үшін 2 баспасөз мәслихаты өткізілді, оның қорытындысы бойынша 50-ден астам материал жарияланды;
- Компанияның өндірістік кәсіпорындарына 2 пресс-тур өткізілді, оның қорытындысы бойынша БАҚ-та 16 материал шықты;
- Астана қаласында 1 пресс-ланч өткізілді;
- ЕТҰ қызметкерлері үшін коммуникациялар бойынша 1 тренинг өткізілді;
- QazAtomNews корпоративтік журналының 12 нөмірі шығарылды;
- Компанияның әлеуметтік желілердегі аккаунттарында ішкі және сыртқы аудиторияға арналған фото және бейне мазмұны бар 1000-нан астам жарияланымдар дайындалды және орналастырылды, олардың жалпы қамтылуы шамамен 1 млн болды;
- Компанияның әлеуметтік желілердегі аккаунттарының қайта дизайндау жүргізілді – компанияның Instagram/сыртқы telegram-арнадағы аккаунты брендбук түстерінде және әрбір визуалда (пост/сторис) логотипті көрсете отырып, бірыңғай стилі мен дизайнына ие. Бұл қайта дизайндау компанияның әлеуметтік желілердегі визуалды имиджіне әсер етеді;
- республикалық БАҚ-тан 12 теріс материал алынды (шықпады/жойылды);
- республикалық БАҚ-тың 7 материалына түзетулер/өзгерістер енгізілді;
- республикалық теледидардың кешкі жаңалықтарындағы 2 жағымсыз сюжет алынды (шықпады/жойылды).

АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ РЕСМИ АРНАЛАРЫ

Корпоративтік құқықтарды жүзеге асыруды және акционерлермен тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін Компанияда бірнеше байланыс арналары қарастырылған:

- Компанияның ресми сайты – www.kazatomprom.kz, мұнда Компанияның қызметі туралы ақпарат, пресс-релиздер, жылдық және аралық есептер қол жетімді.
- сырттай дауыс беру, дивидендтер, жеке мәліметтердің өзгеруі туралы хабарламалар және Компанияның тіркеушісіне/депозитарийіне қатысты басқа да осыған ұқсас сұраулар бойынша өтініштер үшін пошта жәшігі және «жедел желі»:
  - жай акцияларды ұстаушылар: «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ, Алматы қ., «Самал-1» ы.а, 28; +7 (727) 355 47 61.
  - жаһандық депозитарлық қолхаттарды (ЖДҚ) ұстаушылар: Citibank, N.A., Greenwich Street 388, Нью-Йорк, Нью-Йорк штаты 10013, АҚШ, тел: +1-212-816-6622/+1-917-533-7887.

Салықтың ашықтығы

GRI 3-3, 207-1

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ құрылған сәттен бастап қолданыстағы салық заңнамасының талаптарын сақтауға үлкен мән береді. Компанияның барлық қызметі нормативтік актілерді, халықаралық келісімдерді және мемлекеттік органдардың ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырылады. Компания салық есебін және салық есептілігін дайындауды тиісті бақылауды қамтамасыз етеді. Салық салу саласындағы біздің жауапкершілігіміз корпоративтік салық саясатына және барлық міндетті салықтарды уақтылы және толық төлеуге бағытталған ішкі регламенттерге негізделген.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ салық саясаты салықтық есептің жоғары стандарттарын қолдауға ұмтылады және Топ басшылығы оның сақталуына жауапты болады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жалпы бизнес-стратегиясына және корпоративтік басқару, әдеп және тәуекелдерді басқару қағидаттарына сәйкес бірыңғай салық саясатын қолданады. Компанияның салық саясаты Топ әзірлеген салықтық тәуекелдердің алдын алуды, сәйкестендіруді және азайтуды қоса алғанда, нақты тәсілдер мен шаралар арқылы жүзеге асырылады, бұл салық міндеттемелерін орындаудың дәлдігі мен уақтылығын қамтамасыз етеді.

Халықаралық компаниялардың/корпорациялардың үздік тәжірибелеріне сәйкес келу мақсатында Қазатомөнеркәсіп Басқармасы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарының халықаралық Тобына салық салу қағидаттарының саясатын әзірледі және бекітті, ол салық функциясының міндеттерін орындау кезінде Топ кәсіпорындары басшылыққа алатын жалпы қағидаттарды декларациялайтын құжат болып табылады.

Топтың салық салу қағидаттарының саясатымен Компанияның ресми сайтында толығырақ танысуға болады.

Жергілікті билік органдарына барлық тиісті салық төлемдерін жүргізе отырып, Қазатомөнеркәсіп өз қызметін жүзеге асыратын аймақтардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын белсенді қолдайды. Компания мүмкін болған жерде әділ, тиімді және тұрақты салық жүйесін қалыптастыруға елеулі үлес қосу үшін мемлекеттік органдармен, тәуелсіз қауымдастықтармен және бизнес-топтармен салық мәселелері бойынша диалогқа ұмтылады.

GRI 207-2, 207-3

Салық департаментінің директоры салық есебін жүргізуге, салық тәуекелдерін бақылауға және басқаруға жауапты және оларды бақылау үшін тиісті процестер мен жүйелердің болуын қамтамасыз етеді. Топ салық тәуекелдерін барынша азайтуға ұмтылады және әрқашан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес келетін ақылға қонымды қағидаттарды басшылыққа алады. Салық заңнамасындағы өзгерістерді үнемі қадағалап отыру Компанияға қажет болған жағдайда процестерді жаңартуға мүмкіндік береді.

Топ салық тәуекелдерін аса маңызды деп санайды және олар болған жағдайда оны қаржылық есептілікте ашады. Топ тоқсан сайын ішкі пайдаланушылар үшін салықтық тәуекелдер туралы есептер дайындайды. Қазақстан Республикасының салық жүйесі тұрақты даму үстінде екендігін ескере отырып, біз Топ үшін ең маңызды салықтық тәуекелдер ретінде салық заңнамасының нормалары мен ережелерін әртүрлі түсіну, сондай-ақ трансферттік баға белгілеу заңнамасын қолдану тәуекелдерін қарастырамы.

Біз салықтық тәуекелге қатысты күрделі мәселе немесе белгісіз жағдай туындаған кезде сыртқы кеңестерге жүгінеміз және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер комитетімен талаптардың сақталуын келісу арқылы салық органымен өте тығыз жұмыс жасаймыз, кез келген даулы мәселелерді белсенді және ашық талқылау және келіссөздер арқылы шешуге тырысамыз.

Топ ықтимал тәуекелдерді жедел анықтау және оларға ден қою мақсатында тараптардың тұрақты өзара әрекеттесуіне бағытталған салық органдарының түрлі пилоттық жобаларына белсенді қатысады. Қазіргі уақытта Топ негізгі қағидаттары салық есебінің ашықтығы мен дұрыстығы болып табылатын көлденең мониторинг бойынша пилоттық жобаның екінші кезеңіне кіру жұмыстарын жүргізуде. Компания қызметкерлері салық заңнамасының тенденциялары мен өзгерістері туралы өзекті ақпарат алу үшін салық мәселелері бойынша семинарлар мен тренингтерге үнемі қатысады. Салық салу саласындағы маңызды мәселелерді Компанияның қаржылық есептілігінің аудиті барысында сыртқы аудиторлар үнемі тексеріп отырады.

Заңдар мен нормативтік актілерді сақтау

GRI 2-27

2023 жылы заңдар мен нормативтік актілердің сақталуы

Заңдар мен нормативтік актілерді сақтамау жағдайларының жалпы саны, оның ішінде:	бірлігі	328
айыппұл салу жағдайлары	бірлігі	61
ақшалай емес санкциялар қолдану жағдайлары	бірлігі	267
Айыппұлдары төленген заңдар мен нормативтік актілерді сақтамау жағдайларының жалпы саны	бірлігі	61
есепті жылы ұсынылды	бірлігі	56
алдыңғы есепті кезеңдерде ұсынылды	бірлігі	5
Заңдар мен нормативтік актілерді сақтамағаны үшін төленген айыппұлдардың жалпы сомасы	теңге	522 774 698,32
есепті жылы ұсынылды	теңге	230 550 065,32
алдыңғы есепті кезеңдерде ұсынылды	теңге	292 224 633,00

2023 жылы Топ бойынша заңдар мен нормативтік актілерді сақтамау жағдайларының жалпы саны 328 құрады, оның ішінде айыппұл салу жағдайлары – 61, ақшалай емес санкциялар қолдану жағдайлары – 267. Бұл ретте ақшалай емес санкциялар қатарына Топ кәсіпорындарының тиісті мемлекеттік/реттеуші органдар белгілеген заңдарды, заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді және реттеуші құжаттарды бұзуының барлық жеке жағдайлары кірді.

2023 жылы Топ жалпы сомасы 522,8 млн теңгеге 61 айыппұл төледі. Бұл ретте әрбір жеке жағдайда 364 млн теңгеден астам сомаға айтарлықтай/елеулі айыппұлдар төлеу жағдайлары болған жоқ.

Елеулі мәннің таңдалған сомасы 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған қаржы жылы үшін салық салуға дейінгі пайданың 5% мөлшерінде тәуелсіз аудиторлық қорытындыда көрсетілген мән негізінде айқындалады және қаржылық есептіліктің жекелеген бабына көрсетілген пайыздың жүзден бір бөлігі ретінде қолданылады.

Ақшалай емес санкцияларды қолданбау жағдайлары да елеусіз болып табылады, өйткені олар Холдингтің операциялық қызметіне айтарлықтай әсер етпеді (өндірісті тоқтату, лицензияларды кері қайтарып алу, шарттық міндеттемелерді орындамау және т.б.).

Корпоративтік әдеп және комплаенс

GRI 2-13, SASB EM-MM-510a.1.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бизнестегі әдеп нормаларын сақтау ұзақ мерзімді табыстың іргелі аспектісі болып табылатынын, сондықтан өзінің күнделікті қызметінде әдептілік мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстанатынын көрсетеді. Бұл Компанияның корпоративтік мәдениеті мен бизнеске деген көзқарасының ажырамас бөлігі.

Қазатомөнеркәсіптің қолданыстағы нормалары аясында Әдеп және комплаенс кодексі бекітілді, ол мінез-құлықтың негізгі қағидаттарын айқындайды және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін негіз болып табылады. Бұл кодекс бар қызметкерлерге барлық мүдделі тараптармен қарым-қатынас орнатудағы нұсқаулық ретінде қызмет етеді.

Әдеп және комплаенс кодексімен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-рәсімдерді реттейтін негізгі құжаттар:

- Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ереже;
- Бағалы қағаздармен мәмілелер жасау саясаты;
- Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережелері;
- Құпия ақпараттандыру саясаты;
- Контрагенттерді комплаенс тексеру ережелері.

Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттарын, мақсаттары мен қағидаттарын белгілейтін негізгі құжат болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

- Корпоративтік алаяқтықты қабылдамау;
- Жоғары басшылықтың өнегесі (Tone at the Top);
- Жазаның бұлтартпастығы;
- Сәйкес емес міндеттерді бөлу;
- Мүдделер қақтығысын болдырмау;
- Тиісті сақтық;
- Қызметкерлер мен мүдделі үшінші тұлғалардың тартылуы;
- Жауап шаралары мен санкциялардан бас тарту.

Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу туралы ереже олардың себептерін, алдын алу және реттеу рәсімдерін айқындайды, сондай-ақ осындай жанжалдарды реттеу контекстінде Компания органдары қызметінің тәртібін белгілейді.

GRI 205-2

Топ қызметкерлерінің 100%-ы, оның ішінде басшы құрам Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты туралы хабардар етілген. Комплаенс саласындағы жыл сайынғы тестілеуді қоса алғанда, осы саясаттың қағидаттары мен талаптары бойынша оқыту іс-шаралары үнемі өткізіліп тұрады.

ESG қағидаттарына сәйкес, Қазатомөнеркәсіп өзінің іскер серіктестері арасында комплаенс мәдениетін дамытуға және таратуға белсенді ықпал етеді.

Топтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен және рәсімдерімен танысқан жеткізушілер қатарындағы іскер серіктестердің үлесі – 100%.

2023 жылы Комплаенс қызметі Топтың жиырма сегіз ірі және жүйелік контрагенттері үшін жеткізушілер мен мердігерлердің Әдеп кодексін түсіндіру бойынша семинарлар өткізді.

2023 жыл ішінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Комплаенс қызметі комплаенстің түрлі аспектілері, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Топ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша бірқатар оқыту іс-шараларын өткізді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мемлекеттік қызметшілерінің қатысуымен оқыту және түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылды.

Жалпы, Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Топ қызметкерлерінің кемінде 90%-ын оқытуға ұмтылады.

GRI 205-1

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау 2023 жылы Топтың 167 бөлімшесінде/бизнес-процестерінде жүргізілді, бұл Топтың жалпы бөлімшелерінің/бизнес-процестерінің 47,7% құрайды.

2023 жылға арналған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бекітілген картасына сәйкес Қазатомөнеркәсіп үшін елеулі тәуекелдер болып келесі тәуекелдер саналады:

- Сатып алу рәсімін жүргізу кезінде әлеуетті жеткізушімен сөз байласу.
- Тауарлар жеткізу/жұмыстар мен қызметтер көрсету кезінде жұмыс жасап жүрген жеткізушімен сөз байласу.
- Жұмысқа қабылдау рәсімдерін жүргізу кезінде үшінші тұлғалармен сөз байласу.
- Есепті кезеңде жоғарыда көрсетілген тәуекелдерді анықтау/іске асыру тіркелген жоқ.

GRI 2-23

Компанияның корпоративтік құндылықтары:

Қауіпсіздік		• Қауіпсіздік – біздің әдетіміз. • Біздің әрқайсымыз қауіпсіздік үшін жеке жауап береміз. • Біз қауіпсіздік мәдениетін стандарттар мен мінез-құлық арқылы қолдаймыз. • Біз қоршаған ортаға ұқыпты қараймыз.
Кәсібилік		• Біз саладағы көшбасшымыз. • Бізде бірегей білім мен тәжірибе бар және онымен бөлісеміз. • Біз алға қойған мақсаттарға тиімді қол жеткіземіз. • Біз салмақты шешімдер қабылдаймыз.
Жауапкершілік		• Біздің әрқайсымыз өз жұмысымыздың нәтижесі үшін жеке жауап береміз. • Біз болашаққа қамқорлық жасаймыз және қабылданған шешімдер үшін жауап береміз. • Біз Компанияның беделін бағалаймыз. • Біз бір-бірімізге, серіктестерге, жеткізушілерге және тұтынушыларға адалмыз.
Даму		• Өзімізді дамыта отырып, біз Компанияны дамытамыз. • Біз инновация қолдануды насихаттаймыз. • Ең жақсы дәстүрлерді сақтай отырып, біз жаңа бизнес бағыттарын дамытамыз. • Біз технологияны жетілдіреміз.
Команда		• Біз әркімнің пікірін құрметтейміз және оның үлесін бағалаймыз. • Біз бір-бірімізге көмектесеміз. • Біз ортақ нәтиже үшін жұмыс істейміз. • Үрпақтардың тәжірибесі мен күш-қуаты тиімді команда құрады.

ӘДЕП ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ

Компанияның барлық қызметкерлері қоғамдық нормаларға, сондай-ақ Компания ішінде қалыптасқан жауапкершілік қағидаттары мен дәстүрлерге сәйкес келетін жеке мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстанады. Бұл жоғары стандарттарға жұмыс ортасында да, әріптестермен, серіктестермен, жеткізушілермен, тұтынушылармен және Компанияның басқа да мүдделі тараптарымен қарым-қатынаста да, күнделікті өмірде де адалдық, шынайылық, әділдік пен құрмет жатады.

Ұжыммен, іскер әріптестермен, акционерлермен, мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікте персонал мінез-құлқының негізгі қағидаттары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Әдеп және комплаенс кодексінде бекітілген. Бұл Кодекс қызметкерлердің көзқарастары мен іс-әрекеттерінің бірлігіне, сондай-ақ Компанияның мақсаттарына тиімді қол жеткізуге ықпал ететін, Топтың корпоративтік мәдениетінің негізі болып табылатын корпоративтік құндылықтарды қамтиды.

Әдеп және комплаенс кодексінде белгіленген нормаларды сақтау лауазымына қарамастан Компанияның барлық қызметкерлерінің міндеті болып табылады. Бұдан басқа, бұл нормалар басшылық пен Компания өзара әрекеттесетін үшінші тұлғалар үшін міндетті болып табылады. Барлық қызметкерлер Әдеп және комплаенс кодексі бойынша жұмысқа қабылдау кезінде және оның ережелерін өзгерткен сайын оқудан өтеді.

Бұдан басқа, Топтың әрбір компаниясында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Тобының әдеп қағидаттарын түсіндіретін және жеткізушілер мен мердігерлерді оларды сақтауға міндеттейтін Жеткізушілер мен мердігерлер кодексі (стандартты сатып алу шартының бөлігі ретінде) енгізілді.

Жеткізушілер мен мердігерлердің кодексімен Компанияның ресми сайтында толығырақ танысуға болады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІН БАСҚАРУ

GRI 3-3

Заңға бағынатын және жария ұйым ретінде Қазатомөнеркәсіп қазақстандық заңнамада, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі әлемдік қоғамдастықта көзделген шараларды қолдайды және сақтайды. Сыбайлас жемқорлық мемлекет пен қоғамның экономикалық қауіпсіздігіне айтарлықтай зиян келтіреді, бұл ел экономикасы үшін жойқын зардаптарға әкеледі, азаматтардың және жалпы қоғамның қоғамдық өмірі мен сенімін тұрақсыздандырады. Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттемелері оның Әдеп және комплаенс кодексінде нақты бекітілген.

GRI 2-16, 2-24, SASB EM-MM510a.1.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін Компанияда шаралар мен рәсімдердің толық кешені қолданылады. Шешім қабылдау деңгейіне байланысты келесі міндеттер мен шаралар белгіленеді:

- Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аспектілерін қоса алғанда, комплаенс саясаты мен мәдениетін қалыптастыруға жауап береді, ішкі құжаттарды бекітеді, жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын бекітеді, сондай-ақ іске асырылған тәуекелдер туралы есептерді қарайды. Ол Комплаенс қызметінің басшысын да тағайындайды, оның жұмысын бағалайды және Комплаенс қызметінің бір жылға арналған жұмыс жоспарын бекітеді.
- Басқарма комплаенс-рәсімдерді енгізуге және комплаенс саясаттарын орындауға жауапты.
- Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тәуелсіз бағалауды жүзеге асырады, бүкіл Топ бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты үйлестіреді (23 операциялық компанияны қоса алғанда), контрагенттерді комплаенс-тексеруді (due diligence) жүргізеді және «жедел желі» арқылы келіп түсетін хабарламаларды қарайды.
- Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне есеп беру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаның тиімділігін мерзімді түрде бағалайды.

Сонымен қатар, Компания өзінің жеткізушілері мен мердігерлері арасында әдепті мінез-құлықтың ұқсас принциптерін таратуға тырысады. 2021 жылдан бастап Компания тобының үлгілік сатып алу келісімшарттарына Жеткізушілер мен мердігерлер кодексі қосымшасы енгізілді, оны орындау жеткізушілер үшін міндетті болып табылады. Кодекс ESG принциптеріне сәйкес келетін жеті негізгі принципті қамтиды. 2022 жылдан бастап Кодексті талқылау үшін топтың неғұрлым жүйелі және ірі жеткізушілерімен түсіндіру кездесулері мен семинарлар өткізіледі. Одан басқа, 2023 жылы Компания жеткізушілер үшін ESG жауап алу сауалнамасын әзірледі және жеткізушінің ESG жауап алу сауалнамасын толтыру жөніндегі міндеттемесі Қазатомөнеркәсіптің тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алудың үлгілік келісімшартына енгізілді.

GRI 205-3

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлықтың 1 жағдайы анықталды: «Волковгеология» АҚ қызметкері Түркістан қалалық сотының 23.01.2023 жылғы үкімімен 2021 жылы Қазақстан Республикасы Түркістан облысы Экология департаментінің қызметкеріне пара бергені үшін кінәлі деп танылды. Бұл ретте, осы құқық бұзушылық бойынша тергеу іс-шараларын жүргізу кезеңінде «Волковгеология» АҚ қызметкерімен еңбек шарты бұзылды.

Есепті кезеңде Топ қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жұмыстан шығару немесе жазалау жағдайлары болған жоқ.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлық бойынша бұзушылықтарға байланысты іскер әріптестермен келісімшарттарды бұзу немесе жаңартпау туралы расталған жағдайлар тіркелмеген.

2023 жылы есепті кезеңде ұйымға немесе оның қызметкерлеріне қарсы қозғалған сыбайлас жемқорлық туралы жария сот істері болған жоқ.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОҚЫТУ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да қызметкерлердің комплаенс саласындағы хабардарлығын арттыруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамадағы соңғы өзгерістер туралы ақпараттандыруға арналған оқытулар тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

2023 жыл ішінде ЕТҰ тәуекел және комплаенс офицерлерімен екі кеңес өткізілді (2023 жылғы 15-17 наурыз және 16-17 қараша). Кеңес барысында тәуекел-менеджмент және комплаенс ортасындағы негізгі өзгерістер талқыланды, практикалық әдістер мен әзірлемелер бойынша баяндамалар жасалды.

2023 жылдың қараша-желтоқсан айларында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлері үшін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Әдеп және комплаенс кодексін білуге тестілеу өткізілді.

Бұдан басқа, Компаленс қызметінің қызметкерлері «Қазатомөнеркәсіп» комплаенс тобының мамандары үшін үш баяндама дайындады:

- әлеуетті жеткізушілерге комплаенс тексеру жүргізу мәселелері бойынша қызмет қызметкерлеріне арналған семинар;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесу бойынша ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасу тәртібін түсіндіру бойынша қызмет қызметкерлеріне арналған семинар;
- ISO 37001 Стандартын түсіндіру бойынша «Қазатомөнеркәсіп» тобының комплаенс-мамандарына арналған презентация.

Компанияда ай сайын QazatomNews корпоративтік журналында комплаенс мәселелері түсіндіріліп, комплаенс бойынша бағана жарияланады.

КЕРІ БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

GRI 2-16, 2-26, 207-2

Компанияда сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық жағдайларына, Әдеп және комплаенс кодексін бұзушылықтарына, сондай-ақ Топтың қызмет саласын қозғайтын заңнаманың өзге де бұзушылықтарына қатысты Компания қызметкерлерінің де, үшінші тұлғалардың да өтініштерін қабылдауға арналған «жедел желі» жұмыс істейді. «Жедел желі» байланыс ақпараты Компанияның және ЕТҰ-ның ресми веб-сайтында қолжетімді.

2023 жылы «жедел желіге» 48 хабарлама келіп түсті. «Жедел желіге» келіп түскен 48 хабарламаның 44-і қаралды, 4-і қабылданбады (мәселені сот органдарында қарауға, осыған ұқсас хабарлама бойынша бұрын тексеру жүргізуге, тексеруді жүргізуге мүмкіндік беретін мәліметтердің болмауына байланысты). Хабарламалар Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес мерзімде қаралды.

Хабарламалар тақырыбы, %

Тақырыбы	2021	2022	2023
Сатып алу	25	40	10
Кадрлық мәселелер	53	45	50
Басқа	22	15	40

ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да Омбудсмен институты жұмыс істейді, оның негізгі функциялары Кодекстің ережелері бойынша кеңес беруді, Кодекс ережелерін бұзу туралы дауларды қарауға бастамашылық жасауды және оларды реттеуге қатысуды, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауын бақылауды қамтиды. Өз қызметінде Омбудсмен Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес тәуелсіздік, бейтараптық, әділдік, құпиялылық және бейресми қағидаттарын басшылыққа алады.

Қазатомөнеркәсіп Омбудсмен қызметінен және 23 ЕТҰ-дағы дербес Омбудсмендерден тұратын құқық қорғау институтымен ұсынылған.

Бұл құрылымдық модель өтініштерді жедел қарауға, әдеп бұзушылықтар бойынша шаралар қабылдауға, әлеуметтік-еңбек дауларының алдын алуға және реттеуге, дауларға, жанжалдарға немесе проблемалық жағдайларға қатысушы тұлғаларға ұсынымдарды мазмұнды әзірлеуге, сондай-ақ тиімді коммуникациялық іс-шаралар жүргізуге мүмкіндік береді.

Нәтижесінде ЕТҰ Омбудсмендерімен 2023 жылы 225 қызметкер жеке қабылдауда қабылданды, еңбек ұжымдарымен 141 кездесу өткізілді.

Әрбір қызметкер Омбудсменге арнайы байланыс арналары: сенім телефоны, ЕТҰ-дағы ішкі коммуникациялар арналары, WhatsApp мобильді қосымшасы, Омбудсменнің e-mail арқылы жүгіне алады. Омбудсменнің қызметі туралы ақпарат ЕТҰ кәсіпорындарының ақпараттық стендтерінде және экрандарында өтініш беру тәсілдерін көрсете отырып орналастырылған.

Келіп түскен барлық өтініштер Компанияның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес қаралды.

Мәселелердің сипаты бойынша қаралған өтініштер келесідей бөлінді:

- әдеп мәселелері бойынша – 22 өтініш (оның ішінде 6 – қанағаттандырылды, 14 – бас тартылды, 2 – түсіндірілді);
- сыйақы мәселелері бойынша – 9 өтініш;
- еңбекті ұйымдастыру, оның ішінде тамақпен қамтамасыз ету және еңбек режиміне қатысты мәселелер бойынша – 4 өтініш;
- жұмысқа орналастыру (рекрутинг) мәселелері бойынша – 3 өтініш;
- өкілеттіктерді асыра пайдалану және қызметтік тергеу нәтижелерімен келіспеу мәселесі бойынша – 2 өтініш.

Сонымен қатар, қаралған 40 өтініштің 12-сі немесе 30%-ы ұжымдық өтініштерден тұрады, оның 10-ы анонимділік шарттарымен берілген. Анонимді өтініштердің жалпы саны –12. Басқа өтініштер – 2.

Өтініштер келесі арналарда қабылданды:

- «Нысана» ақпараттық жүйесі – 18;
- Қордың жедел желісі – 13;
- Омбудсменнің корпоративтік поштасы – 5;
- Қоғам кеңсесі – 3;
- е-Өтініш – 1.

Барлық өтініштер бойынша Омбудсмен ҚР қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның ІҚ-на қатаң сәйкестікте тексерулер жүргізіп, кейіннен өтініш берушілерге жауап берілді.

40
өтініште

Компанияның Омбудсмені 2023 жылы қарады. Нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою бойынша түсініктемелер мен ұсыныстар берілді.

2023 жылы Омбудсменнің қызметінде алғаш рет бұзушылықтарды жою, оның ішінде Қоғамның ІҚ-на өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен ұсыныстар енгізу практикасы қолданылды. Аталған кезеңде 8 ұсыным дайындалып, енгізілді, оларды қарау нәтижелері бойынша ұжымдық шартқа, рекрутинг жүргізу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, сондай-ақ Samruk Research Services әдістемесі бойынша әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу кезінде қолданылатын сауалнамалық сұрақтар өзектендірілді.

2023 жылы моральдық-әдептілік ахуалды бағалау мақсатында 23 ЕТҰ өндірістік персоналынан 11 000 қызметкерді қамти отырып, анонимді сауалнама жүргізілді, бұл олардың жалпы штат санының 60%-дан астамын құрады.

Бұл іс-шара өзара сыйластық қағидаттарында қарым-қатынас құру, жұмыстағы әділ көтермелеу мен жоғарылату бойынша кемшіліктерге, қамтамасыз етілген жеке қорғану құралдарына қанағаттанбауға, ұлты, діні, жынысы және т. б. белгілері бойынша кемсітушілікке байланысты проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Талдау нәтижелері бойынша ЕТҰ бас директорларына ұжымдардағы моральдық-әдептілік ахуалын сауықтыруға бағытталған ұсынымдар әзірленді.

2023 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Омбудсмені С.У. Трумовты және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жетекшілік ететін ӘӨКО өкілі (интервьюері) А.А. Аққазынованы шақырумен «РУ-6» ЖШС, «Байкен-U» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС, «СКЗ-U» ЖШС, «Семізбай-U» ЖШС Иркөл кеніші, «KAP Logistics» филиалы және «Волковгеология» АҚ «Оңтүстік ВГ» ГРЭ-23 филиалы нысандарына барып қайтты.

Әкімшілік өкілдерімен және қызметкерлермен кездесулерде SRS (Samruk Research Services) өткізген зерттеу нәтижелері талқыланды, онда материалдық-техникалық инфрақұрылымға қанағаттануға, қажетті өндірістік-тұрмыстық жағдайлардың болуына, сондай-ақ даму блоктарына, мансапқа,

әлеуметтік пакетке, еңбекті ұйымдастыру мен қауіпсіздікті бағалауға байланысты мәселелерге басты назар аударылды.

Барып қайту нәтижелері бойынша омбудсмендерді, Қызылорда өңірінде орналасқан кәсіпорындардың кадрлық және әлеуметтік қызметтерінің басшыларын шақыра отырып, SRS жүргізіліп жатқан зерттеулер нәтижелерінің дұрыстығына әсер ететін проблемаларды талқылай отырып, бірлескен кеңес өткізілді.

Талқылау нәтижелері бойынша ӘӨКО сұрақтарының еселігі, баяндалуы және саны бойынша ұсынымдар әзірленді.

Еңбек ұжымдарымен осындай кездесулер «Инкай» БК» ЖШС, «Қаратау» ЖШС және «ОТХК» БК» ЖШС, «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС (Қанжуған кеніші), «Волковгеология» АҚ «Оңтүстік ВГ» ГРЭ-5 филиалы, «Уранэнерго» ЖШС және «KAP Logistics» ЖШС-де өткізілді.

Бұдан басқа, ЕТҰ жұмыс жоспарлары зерделеніп, «шекті» және «шиеленісті» индекстер бойынша әлеуметтік әл-ауқат пен тыныштықты жақсарту бойынша ұсыныстар берілді.

ЕТҰ Омбудсмендерінің кәсіби деңгейін арттыру үшін БҰҰДБ (Біріккен Ұлттар Ұйымын дамыту бағдарламасы) сарапшыларымен кездесу ұйымдастырылып, «Еңбек қатынастарындағы адам құқықтары мен әдеп нормаларын сақтау» тақырыбында білім беру тренингі өткізіліп, БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы арнайы өкілінен сертификаттар табысталды.

Қазақстандық ядролық университет (ҚЯУ) базасында ЕТҰ Омбудсмендері үшін «Еңбек жанжалдарын басқару кезінде келіссөздер жүргізу әдістері мен ұйымдастырулары» тақырыбы бойынша оқыту курсы ұйымдастырылды, онда мұнай-газ және басқа салаларда орын алған жанжалды жағдайлардың мысалында нақты кейстер талданды, практикалық міндеттер шешілді және тәжірибе алмасу жүргізілді. Бұл оқуға «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ Омбудсмендері шақырылды.

Бұдан басқа, консультациялық-кеңес жұмысы шеңберінде дағдыларды игеру, тәжірибе алмасу мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниялар тобы Омбудсмендер Кеңесінің 5 отырысы өткізілді.

Айта кету керек, Омбудсмен қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ медиаторларының қолданыстағы пулы бойынша оператор болып табылады, ол 11 медиатордан тұрады, олардың басым бөлігі кәсіби медиаторлардың арнайы курстарынан өткен ЕТҰ-да жұмыс істеп жүрген Омбудсмендер.

Бұл ретте, осы пулдың жұмыс істеу тәжірибесінде алғаш рет Қор компанияларының бірінде болған Қоғам Омбудсменінің қызметінен медиатормен реттелді.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

GRI 2-15

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Әдеп және комплаенс кодексі ішкі құжаттарға сәйкес мүдделер қақтығысының туындағаны туралы міндетті түрде хабарлауды талап етеді. Мүдделер қақтығысының барлық мүмкін немесе нақты жағдайлары олармен байланысты тәуекелдерді азайту шараларын әзірлеумен мұқият талданады.

Сонымен қатар, Компанияда Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу ережесі қолданылады. Бұл құжат осындай қақтығыстардың туындау себептерін, олардың алдын алу және реттеу рәсімдерін айқындайды, сондай-ақ осындай жағдайларды реттеу контекстінде Компания органдарының қызметін реттейді.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТ

Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі жеке тұлғалармен қарым-қатынаста да, мемлекеттік органдармен жұмыс жасауда да парақорлықтың немесе сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерін қатаң түрде болдырмайды.

GRI 415-1

Әдеп және комплаенс кодексіне сәйкес Қазатомөнеркәсіп саяси партияларға, ұйымдарға немесе олардың өкілдеріне қаржылық қолдау көрсетпейді және саяси қызметке қатыспайды. Алайда қызметкерлерге жеке көмек көрсетуге немесе саяси партияларға жарна салуға тыйым салынбайды.

Компания шешім қабылдауға әсер ету мақсатында «Сыйлықтар мен брендтік кәдесыйлар беру және алу туралы» Ережеге, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес материалдық құндылықтарды, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді немесе пайданы қабылдауға және ұсынуға қатаң тыйым салады.

Қазатомөнеркәсіп өзінің қайырымдылық қызметін «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жүзеге асырады, ол әлеуметтік маңызы бар жобаларды конкурстық негізде іріктеуді және іске асыруды жүзеге асырады.



Қосымшалар

5

Есеп туралы 226
2021-2023 жылдардағы негізгі ESG көрсеткіштері 236
Қауымдастықтар мен халықаралық бастамалардағы серіктестік және мүшелі 253
Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының 2023 жылғы есептері 254
Басшылықтың растауы 257
Топтың еншілес ұйымдары, бірлескен кәсіпорындары, бірлескен операциялары және қауымдасқан ұйымдары 258
БҰҰ тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосатын үлесі 260
GRI көрсеткіштерінің кестесі 265
TCFD көрсеткіштерінің кестесі 279
SASB көрсеткіштерінің кестесі 280
UNCTAD көрсеткіштерінің кестесі 285
Тәуелсіз аудитордың қорытындысы 288
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп 292
Глоссарий 386
Ұлыбританиядағы салық салу туралы ақпарат 390
Байланыс ақпараты 392

Есеп туралы

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023 жылға арналған осы Біріктірілген жылдық есебі (бұдан әрі – Есеп) қаржы-шаруашылық, операциялық қызмет туралы ақпаратты, сондай-ақ Компанияның тұрақты дамуын басқару саласындағы жетістіктері туралы деректерді жария ететін он екінші есебі болып табылады. Құжат мүдделі тараптардың кең ауқымына арналған. Бұл Есеп GRI Standards 2021және SASB Metals&Mining version 2021-12 сәйкес әзірленген.

Есеп Қазатомөнеркәсіптің Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі жобалармен байланысты қаржылық және қаржылық емес қызметін көрсетеді. Жария етудің қаржылық емес элементтері негізінен Компанияның 50% және одан да көп меншік үлесі бар еншілес және тәуелді ұйымдары, яғни Топ бойынша көрсетілген.

GRI 2-4

Компанияның 2022 жылғы Біріктірілген жылдық есебімен салыстырғанда осы Есепте жекелеген көрсеткіштерге қатысты, сондай-ақ қосымша көрсеткіштерді жария ету бөлігінде өзгерістер болды. Атап айтқанда, Есеп қалдықтар мен қалдық қоймалары туралы ақпаратты қамтиды. Толық түсініктемелер есеп мәтінінде берілген. 2023 жылы өткен жылмен салыстырғанда тақырыптар бойынша Есептің ауқымы мен шекараларында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

Қаржылық көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетілген және аудиттелген біріктілген қаржылық есептілікке (ҚЕХС стандарттары бойынша) сәйкес келеді, оның толық нұсқасы Есептің қосымшасында және https://www.kazatomprom.kz «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Интернет-ресурсында ұсынылған.

Есеп кешенді түрд:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Даму стратегиясын іске асыруды;
- Компанияны басқару менеджментінің тәсілдерін;
- негізгі қызмет түрлері бойынша елеулі қаржылық-экономикалық және өндірістік жоспарлар мен нәтижелерді;
- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау саласындағы нәтижелерді;
- қатысу аумағын дамытуға үлес қосу, әлеуметтік саясатты және тұрақты дамудың басқа аспектілерін іске асыруды көрсетеді.

Есепте «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен оның еншілес кәсіпорындарын белгілеу үшін «Қазатомөнеркәсіп», «Қоғам», «Топ», «Компания», «Біз» ұғымдары қолданылды.

Стандарттар мен нормативтік талаптар

Есепте Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Компанияның ішкі талаптары мен тәртіптеріне және корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибелеріне сәйкес негізгі деректер ашылады. Есепті әзірлеу кезінде мынадай құжаттар ескерілд:

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңы;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысымен бекітілген Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидалары, Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдері;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ақпаратын жария ету қағидалары (2022 жыл);
- Жалғыз акционердің 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен бекітілген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқармасының №22/15 шешімі);
- Лондон қор биржасының (LSE), Қазақстан қор биржасының (KASE), Astana International Exchange биржасының (AIX) реттеушілік талаптары;
- Біріктірілген есептіліктің халықаралық стандарты (International Framework);
- Global Reporting Initiative тұрақты даму саласындағы есептілік бойынша халықаралық стандарты;
- SASB (Sustainability Accounting Standards Board) тұрақты даму есептілік стандарттары бойынша Кеңес стандарты;
- TCFD (The Task Force on Climate-related Financial Disclosures) (ішінара жария ету) қаржылық тұрақтылық Кеңесі жанындағы климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты жария ету бойынша Жұмыс тобының ұсыныстары;
- AA1000SES стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу жөніндегі стандарт;
- БҰҰ Жаһандық шартының 10 қағидасы (UN Global Compact);
- БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі мақсаттары;
- ISO 26000:2010 әлеуметтік жауапкершілік саласындағы нұсқаулығы.

Қазатомөнеркәсіп 2019 жылдан бастап БҰҰ Тұрақты даму саласындағы мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ақпаратты Есепке енгізеді. Бұл тәсіл осы құжатта да көрініс тапты. Компания Топтың даму стратегиясы Есеп мәтінінде көрініс тапқан экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешудегі БҰҰ ТДМ қол жеткізу жөніндегі міндеттермен сәйкес келуі үшін күш-жігерін жұмсайды. 2019 жылы Компания өзі үшін басым ТДМ тізбесін айқындады, оған қол жеткізу үшін Топ барынша елеулі үлесін қоса алады: 3, 7, 8, 9, 12 және 13. Тұрақты дамудың басым мақсаттарын айқындау кезінде Компанияның салалық тиесілілігі мен стратегиясына, сондай-ақ оның мүдделі тараптарының мүдделеріне неғұрлым сәйкес келетін бағдарлар ерекше маңызды болды.

АҚПАРАТ ПЕРИМЕТРІ

GRI 2-3

Есеп шекаралары Компанияның жылдық есеп беру айналымына сәйкес келеді. Өткен жылғы Есеп 2023 жылдың сәуірінде жарияланды. Алдыңғы жылдардағы есептердің электронды нұсқалары Компанияның ресми сайтында қол жетімді. Биылғы Есеп «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023 жылғы 1 қаңтар мен 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы атқарған қызметін көрсетеді

Есеп есепті кезеңнің шегінен тыс, бірақ онымен тікелей байланысқан маңызды фактілерді, сондай-ақ Топтың орта мерзімді жоспарларын қамтиды. Есепте «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және еншілес тәуелді қоғамдар қызметінің неғұрлым маңызды қорытындылары туралы ақпарат ашылып көрсетілген. Деректерді жинау кезінде белгілі бір маңызды мәселеге, оқиғаға немесе шешімге қатысты сараланған шешім қабылдауға елеулі әсер етуі мүмкін барлық Топ бойынша сандық және сапалық сипаттағы барлық деректер ескерілді және ашылып көрсетілді. Қазатомөнеркәсіп тұрақты даму көрсеткіштерімен жұмыс жүйесін жоспарлы түрде дамытып келеді және жақын арада қаржылық емес ақпаратты жария ету периметрін қаржылық декеректерді жария етумен толық көлемде теңестіруге ұмтылып келеді.

GRI 2-2

Кәсіпорын	Есеп беру саласы						
	1	2	3	4	5	6	7
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ							
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС							
«РУ-6» ЖШС							
«АППАҚ» ЖШС							
«Инкай» БК» ЖШС							
«Байкен-U» ЖШС							
«ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС							
«Хорасан-U» ЖШС							
«Буденовское» БК» ЖШС							
«Семізбай-U» ЖШС							
«Ақбастау» БК» АҚ							
«Қаратау» ЖШС							
Energy Asia (BVI) Limited							
«КАТКО» БК» ЖШС							
«Оңтүстік кен-химия компаниясы» БК» ЖШС							
«ЗАРЕЧНОЕ» БК» АҚ							
«Қызылқұм» ЖШС							
«Жаңақорған-Транзит» ЖШС							
«Үлбі металлургия зауыты» АҚ							
ULBA-CHINA Co Ltd							
«Машзауыт» ЖШС							
«Үлбі ТВС» ЖШС							
«Жоғары технологиялар институты» ЖШС							
Kazakatom TH AG							
«KAP-Technology» ЖШС							
«KAP Logistics» ЖШС							
«Волковгеология» АҚ							
«Русбурмаш Қазақстан» БК» ЖШС							
«Qorǵan-Security» ЖШС							
«СКЗ-U» ЖШС							
«Уранэнерго» ЖШС							
«SSAP» ЖШС							
«Taiqonyr Qyshqyl Zauyty» ЖШС							
«УКРТВС» БК» ЖАҚ							

ЕСЕП ӘЗІРЛЕУДІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Есеп сапасы GRI стандарттарының негізгі қағидаттарын қолдану арқылы қамтамасыз етіледі:

Қағидаттар	Сипаттамасы
Теңгерімділік	Есепте қызметтің жағымды (жоспарларды іске асыру, қойылған мақсаттарға қол жеткізу) және жағымсыз (мысалы, айыппұлдар, жазатайым оқиғалар) нәтижелері туралы ақпарат бар. Біз өз жетістіктерімізді асыра көрсетпейміз және кездескен қиындықтарды жасырмай, нәтижелерімізді мүмкіндігінше объективті түрде көрсетуге тырысамыз.
Салыстырмалылық	Есеп бірнеше жылдағы динамикадағы ақпаратпен қамтылған, бұл мүдделі тараптарға маңызды барлық көрсеткіштер туралы түсінік алуға мүмкіндік береді.
Айқындық	Есеп кең аудиторияға мейлінше түсінікті тілде жазылған, сонымен қатар глоссариймен қамтылған.
Сенімділік	Есепке арналған барлық мәліметтер Топтың бейінді бөлімшелерімен ұсынылды және дұрыстығына тексерілді. Есеп мәтінінде дерек көздеріне сілтеме берілген.
Дәлдік	Барлық маңызды тақырыптар бойынша ақпарат жан-жақты ұсынылып, мүдделі тараптарға Топ қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Барлық дерек «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-мен ресми түрде танылады, ішкі және ашық құжаттармен расталады.
Уақыттылық	Есеп 2023 күнтізбелік жылға арналған ақпаратты ұсынып, 2024 жылы жарияланады.
Тұрақты даму контексті	Есеп Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері тұрғысынан қосқан үлесі туралы ақпаратты ұсынады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Тұрақты дамудың 17 мақсатындағы Компанияның үлес дәрежесі туралы ақпарат ашық ұсынылды.
Толықтық	Есепте Компания қызметінің есепті кезеңдегі экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсерін көрсететін тақырыптар ашылды.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР МАЗМҰНЫ

Маңызды тақырыптар		Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына ықтимал жағымды ықпалы	Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына ықтимал жағымсыз ықпалы
ЭКОНОМИКАЛЫҚ			
GRI 201	Экономикалық тиімділік	Компанияның жағымды экономикалық тиімділігі төмендегілерге ықпал етеді: • инвестициялық қоғамдастық, серіктестер мен клиенттер үшін Компанияның тартымдылығын жақсартуға, оның ішінде Қазақстан нарығына инвесторларды тартуға; • инвестицияларды ұлғайту, Компанияның қатысу өңірлерінде жаңа жобалар мен өндірістерді құру және дамыту мүмкіндіктеріне; • жергілікті және республикалық бюджеттерге аударымдарды ұлғайтуға.	Компанияның жағымсыз экономикалық тиімділігі мыналарға әкеледі: • Компанияның және қатысатын өңірлердің инвестициялық тартымдылығының нашарлауына; • қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыруды тарту мүмкіндігінің болмауына; • нарықтағы бәсекелестік артықшылықтардың айтарлықтай төмендеуі мен нарық үлесінің жоғалуына.
GRI 203	Жанама экономикалық ықпалдар	• Компанияның еншілес кәсіпорындары қатысу өңірлерінде ең ірі салық төлеушілердің бірі болып табылады; • Компанияның және оның қатысу аймақтарында еншілес кәсіпорындарының қызметі (инфрақұрылымды дамытуға, мектептерге көмек көрсетуге, жергілікті халықты жұмысқа орналастыруға бағытталған бюджетке трансферттер мен т.б.) әлеуметтік-экономикалық дамуды және жалпы әлеуметтік жағдайды жақсартуға ықпал етеді.	• Компанияның қатысу өңірлерінен шығу мүмкіндігі және жергілікті бюджеттерді қаржыландырудың тиісті қысқаруы өңірлердің дамуы мен әлеуметтік жағдайдың нашарлауына әкелуі мүмкін.
GRI 205	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	• сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүйелі оқыту (компаниялар Тобы ішіндегі қызметкерлерді, жеткізушілерді және басқа да мүдделі тараптарды); • операторы тәуелсіз тарап болып табылатын «жедел желінің» болуы; • Топтың барлық компанияларында арнайы бөлінген мамандардың болуы; • контрагенттерді комплаенс-тексерудің жетілген рәсімдері (сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың элементі ретінде); • қызметкерлердің мүдделер қақтығысын жыл сайын декларациялауы; • барлық сатып алу шарттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің күшеюі (соның ішінде сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша контрагенттің қызметін тексеру мүмкіндігі) .	• экономикалық тиімсіздік, соның ішінде қолма-қол ақшаны мақсатсыз пайдалану, сатып алынатын өнімнің бағасын көтеру, сапасы төмен қызметтер мен тауарларды сатып алу, т.б.; • мүдделі тараптардың, соның ішінде нарық қатысушыларының, бизнес-серіктестердің қызметкерлердің, қатысу өңірлерінде жергілікті халықтың сенімін жоғалту, т.б.; • беделді тәуекел; • сапасы төмен шикізатты сатып алу себебінен өндірістік үрдістердің бұзылу қаупі.
GRI 207	Салықтар	• Компанияның еншілес кәсіпорындары жергілікті бюджетке төлейтін салықтары және республикалық бюджеттен алынатын салықтардың бір бөлігі қатысу өңірлерінің бюджетін қалыптастырады және бюджеттік саланы қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады.	• Компанияның қатысу өңірінен кетуі және тиісінше жергілікті бюджеті қаржыландырудың қысқаруы өңірлердің дамуы мен әлеуметтік ахуалдың нашарлауына әкеліп соғуы мүмкін.
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ			
GRI 302	Энергия	• Компания 2022 жылы бекіткен Көміртексіздендіру және төмен көміртекті даму стратегиясы энергия үнемдеуге инвестиция салу және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану сияқты шешімдерді қамтиды, бұл өз кезегінде шығындарды азайтуға, энергиямен жабдықтау қауіпсіздігін жақсартуға және энергияны пайдалану үрдісінде туындайтын қоршаған ортаға теріс ықпалын азайтуға әкеледі; • Қосымша Компания қызметкерлері арасында энергия үнемдеу мәдениеті қалыптасады.	• Энергия өндіруші ұйымдардан Компанияның электр және жылу энергиясын тұтынуы, осы компоненттерден өндірілетін электр және жылу энергиясын өндіру компанияның Scope 2 қамту шығарындыларына тікелей әсер етеді.
GRI 303	Су	• Өндірістік мақсаттар үшін Компанияның барлық кәсіпорындарында су алу кезінде тұйық су айналымы циклі пайдаланылады. Уран шығарылғаннан кейін, технологиялық үрдіске сәйкес, су кен көкжиегіне қайтарылады. Нөсер және шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар тазартылғаннан кейін техникалық мақсаттарда қайта пайдаланылады немесе жинақтаушы тоғандарға төгіледі. Суды тиімді пайдалану, сондай-ақ суды қайта пайдалану үшін суды биологиялық тазарту станцияларын қолдана отырып, суды тазарту қондырғыларын салу өңірдің су ресурстарын сақтауға ықпал етеді.	• Суды пайдалану су ресурстарының азаюына әкеледі.
GRI 304	Биоалуантүрлілік және экожүйелер	• ЖҚС әдісімен уран өндіруде жер қойнауын пайдалану аумағының ландшафты өзгермейді, бұл эндемикалық флора мен фаунаның сақталуына ықпал етеді, яғни жануарлардың өлімі мен аумақтардың шөлейттенуі болмады. Уран өндіру және жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу аяқталғаннан кейін жануарлар бұрынғы мекендеу ортасына қайтады.	• Компания қызметі себебінен ықтимал жағымсыз ықпалы топырақ-өсімдік жамылғысының бұзылуымен және жануарларды әдеттегі тіршілік ету ортасынан ығыстыстырумен байланысты өндірістік қызмет үрдісінде туындайтын экологиялық тәуекелдерді қамтиды.

Маңызды тақырыптар		Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына ықтимал жағымды ықпалы	Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына ықтимал жағымсыз ықпалы
GRI 305	Шығарындылар	• Өндірісті энергетикалық қамтамасыз ету магистральдық электрмен жабдықтау есебінен жүзеге асырылады. Дайын өнімді термиялық өңдеу кезіндегі шығарындылар міндетті түрде шаң-газ ұстайтын қондырғылар арқылы өтеді, сүзгілерді қолдану ластаушы заттардың атмосфераға шығуына жол бермейді; • Көмірсутек шикізаты тек әкімшілік және тұрғын үй-жайларды, сондай-ақ автомобиль көлігін жылыту үшін қолданылады. Осылайша, оны қолдану аясы мен көлемі мүмкіндігінше шектеулі.	• Қазандық қондырғылары, компрессорлар, дизельді генераторлар үшін ЖЖМ пайдалану Scope 1 қамту шығарындыларына, электр және жылу энергиясын тұтыну – Scope 2 қамту шығарындыларына әсер етеді; • Осы шығарындыларды азайту мақсатында газ- ды жылумен жабдықтауға көшу орынды. Компания шығарындыларды азайтуды үшін ЖЭК үлесін ұлғайту, офсеттік механизмдерді пайдалану және автомобиль паркін жаңарту (немесе электр тартымымен көлікті сатып алу), сондай-ақ көміртекті қажетсінуді органикалық төмендету жолымен жүргізуді жоспарлап отыр.
GRI 306	Төгінділер мен қалдықтар	• Компания қалдықтардың пайда болуын болдырмайтын уран өндірудің барлық қолданыстағы әдістерінің (карьерлік және шахталық әдістермен салыстырғанда) ең экологиялық таза болып табылатын ЖҰС әдісін қолданады. Бұл әдіс аршыма тау жыныстары мен үйінді қалдықтарының пайда болуын болдырмайды. Құрамында ураны бар ерітінділерді гидрометаллургиялық өңдеу қандай да бір төгінділерді болдырмайтын тұйық циклде толығымен жүзеге асырылады.	• Кен көкжиегіне жету үшін нәтижесінде радио- активтілік деңгейі жоғары бұрғылық шламдар түрінде бұрғылау қалдықтары пайда болатын бұрғылау жұмыстарын жүргізу қажет. Мұндай қалдықтар міндетті түрде көмілуі тиіс; • Қазіргі уақытта өндірістік қалдықтардың көлемін азайту бойынша зерттеулер жүргізілуде.
ӘЛЕУМЕТТІК			
GRI 402	Еңбек және еңбек қатынастары	• Жұмыс орындарын құру: Қазатомөнеркәсіп ядролық энергетика саласындағы ірі кәсіпорын ретінде жұмыссыздықты төмендетуге және жұмыспен қамту деңгейін арттыруға ықпал ететін өндіріс деңгейінде де, аралас салаларда да айтарлықтай жұмыс орындарын құруға ықпал етеді; • тұрақтылықты қамтамасыз ету: Компания өз қызметкерлеріне лайықты жалақыны, әлеуметтік жеңілдіктерді, медициналық көмек жүйесін және басқа да артықшылықтарды қоса алғанда, тұрақты еңбек жағдайларын ұсынады, бұл әл-ауқат пен болашаққа деген сенімділікті арттырады; • кәсіби даму: Қазатомөнеркәсіп персоналды оқыту және дамыту бағдарламаларына инвестициялайды, біліктілікті арттыру, жаңа дағдыларды меңгеру және мансаптық өсу үшін мүмкіндіктер береді, бұл қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін жақсартуға және олардың жұмысқа қанағаттануына ықпал етеді;	• Ядролық өнеркәсіптегі жұмыс қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне белгілі бір тәуекелдермен байланысты. Радиоактивті материалдарды дұрыс пайдаланбау немесе қауіпсіздік шараларын дұрыс сақтамау персонал арасында жазатайым оқиғаларға немесе ауруларға әкелуі мүмкін; • жоғары технологиялық талаптар мен қатаң реттеулермен байланысты салада жұмыс істеу стресс пен психологиялық стресстің жоғары деңгейін тудыруы мүмкін.

Маңызды тақырыптар		Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына ықтимал жағымды ықпалы	Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына ықтимал жағымсыз ықпалы
		• еңбек заңнамасын сақтау: Компания қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға ықпал ететін және қолайлы жұмыс атмосферасын құратын заңдар мен ережелерді сақтай отырып, еңбек қатынастары саласындағы жоғары стандарттарды ұстанады.	
GRI 403	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық	• Компанияның барлық кәсіпорындарында өндірістік қауіпсіздік ережелерінің сақталуына, сондай-ақ қызметкерлердің денсаулық жағдайына көпжақты үздіксіз бақылау жүргізіледі; • «нөлдік жарақаттану» тұжырымдамасының 7 «Алтын ережесі» енгізілді, Компания кәсіпорындарының бірінші басшылары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жеке міндеттемелерге қол қойды және жұмыс орнындағы қауіпсіздік пен денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін міндеттемелер каскадталды; • қызметкерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру, еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиғалардан сақтандыру жүзеге асырылады; • өндірістік қауіпсіздік мәдениеті, оның ішінде проактивті әдістерді қолдану арқылы қалыптасып келеді.	• Кез келген өндірістік қызмет адамның қауіпсіздігі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі осындай тәуекелдер бағытында алдын алу және реактивті әрекеттерді көздейді.
GRI 404	Оқыту және білім беру	• Корпоративтік оқыту бағдарламалары: Қазатомөнеркәсіп өз қызметкерлері үшін кәсіби дағдылар мен құзыреттерді арттыруға бағытталған арнайы оқыту бағдарламаларын іске асырады. Бұған техникалық дағдылар, жұмыс орнындағы қауіпсіздік, жобаларды басқару және кәсіби қызметтің басқа аспектілері бойынша курстар кіреді; • Оқытуды қаржылық қолдау: Қазатомөнеркәсіп өз қызметкерлеріне қосымша білім беру бағдарламаларын, біліктілікті арттыру курстарын немесе дәреже алу үшін қаржылық қолдау көрсетеді. Бұл қызметкерлерге компания ішіндегі кәсіби дағдылары мен мансаптарын дамытуға көмектеседі; • Ғылыми зерттеулер: Қазатомөнеркәсіп ядролық саланың негізгі қатысушысы бола отырып, ядролық энергетика, физика, химия және инженерия саласындағы ғылыми зерттеулердің дамуына ықпал етеді. Бұл студенттер мен ғалымдарға инновациялық ғылыми жобаларға қатысуға мүмкіндік береді;	• Кейде ядролық салада қауіпсіздік мақсатында ақпаратқа қол жеткізудің қатаң ережелері мен шектеулері болады. Бұл ғалымдар мен білім беру мекемелері арасында білім мен тәжірибе алмасуды қиындатуы мүмкін, бұл оқыту мен зерттеу сапасына теріс әсер етуі мүмкін.

Маңызды тақырыптар		Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына ықтимал жағымды ықпалы	Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына ықтимал жағымсыз ықпалы
		• Білім беру бағдарламалары: Қазатомөнеркәсіп ядролық технологиялар саласындағы мамандарды даярлауға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлейді және қолдайды. Бұған студенттер мен кәсіпқойларға қажетті білім мен дағдыларды алуға көмектесетін дәрістер, тағылымдамалар және оқу бағдарламалары кіреді; • Университеттермен серіктестік: Қазатомөнеркәсіп университеттермен және ғылыми институттармен бірлескен оқу бағдарламаларын, зерттеу жобалары мен зертханаларын құру үшін ынтымақтасады. Бұл студенттерге озық технологиялар мен сараптамалық тәжірибеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.	
GRI 405	Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	• Қазатомөнеркәсіп өзінің барлық қызметкерлері үшін олардың жынысына, нәсіліне, этникалық қатыстылығына немесе басқа да сипаттамаларына қарамастан, жұмысқа орналасу мен мансаптық өсудің әділ жағдайларын қамтамасыз ете отырып, жұмыс орнында тең мүмкіндіктер мен әртүрлілік саясатын белсенді түрде насихаттайды.	• Кейбір жағдайларда Қазатомөнеркәсіптің қызметі жұмыс орнындағы әртүрлілік пен тең мүмкіндіктерге теріс әсер етуі мүмкін. Бұған белгілі бір топтардың үстемдігі немесе еңбек жағдайлары себеп болуы мүмкін.
«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ			
КАП1	Өндірістік учаскелердің тіршілік циклі	• Озық тәжірибелерді қолдану және ҒЗТКЖ жүргізу есебінен өндірістік циклді қарқындандыру, өндірістік жұмыстардың тиімділігін арттыру – қоршаған ортаның жағдайына және Компания қызметкерлерінің денсаулығына оң әсерін береді.	• Жергілікті халыққа жағымсыз экономикалық әсер ету, қоршаған ортаға және қызметкерлердің денсаулығына зиян келтіру.
КАП2	Төтенше жағдайларға дайындық	• Төтенше жағдайлардың алдын ала ескерту жүйесі қолданылады. Аумақтардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға ұшырау карталары әзірленді (қауіптер айқындалды), төтенше жағдайларды жою жөніндегі жоспар әзірленді, күштер (мемлекеттік емес өртке қарсы және апаттық-құтқару қызметтері) құрылды, оларға ден қою үшін қаражат жиналды. Оқу-жаттығу іс-шаралары өткізіледі. Төтенше жағдайлар туралы хабарлау жүйесі орнатылған және ақаусыз күйде ұсталады.	• Объектілердің мемлекеттік өртке қарсы және апаттық-құтқару қызметтері орналасқан жерлерден алшақтығы және аса ірі ТЖ-ны жою бойынша меншікті қаражаттың потенциалды жеткіліксіздігі ТЖ-ны уақтылы жоймау және оның ауқымының тиісінше ұлғаю тәуекелдігіне әкеледі.

Маңызды тақырыптар		Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына ықтимал жағымды ықпалы	Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға немесе әлеуметтік салаға, оның ішінде адам құқықтарына ықтимал жағымсыз ықпалы
		Объектілердің мемлекеттік өртке қарсы және апаттық-құтқару қызметтері орналасқан жерлерден алшақтығы мен қашықтығына байланысты іргелес аумақтарды қорғау үшін (дала және табиғи өрттерді сөндіру) Компания кәсіпорындарының күштері мен құралдары тартылады.	
КАПЗ	Радиациялық қауіпсіздік	• Компания қызметкерлері мен халыққа радиациялық әсер ЖҰС әдісімен уран өндіру кезінде дозаның төмен мәндерімен сипатталады және гигиеналық нормативтермен белгіленген рұқсат етілген доза шегінің шамамен 30%-ға дейін көрсеткішін құрайды.	• Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның радиациялық қауіпсіздік саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптары сақталмаған кезде радиациялық ластану және радиациялық апаттар қаупі.

ТӘУЕЛСІЗ КУӘЛАНДЫРУ

GRI 2-5

Компанияның қаржылық есептілігіне қатысты сыртқы аудит рәсімін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС орындады. Аудиторлық қорытынды Есептің қосымшасында ұсынылған.

Есеп беру жөніндегі жаһандық бастама жариялаған GRI Standards сәйкес әзірленген қаржылық емес ақпараттың тиісінше көрсетілуі аудит және ақпараттың дұрыстығын растау Халықаралық стандарттары жөніндегі комитет шығарған ISAE 3000 (қайта қаралған) «Аудиттен және өткен кезеңдегі қаржылық ақпаратты шолып тексеруден ерекшеленетін сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» сенімділігін қамтамасыз ететін тапсырмалардың Халықаралық стандартына сәйкес тексерілді. Тәуелсіз аудитор болып «ПрайсвотерхаусКуперс» ЖШС компаниясы анықталды. Аудиторлық қорытынды Есептің қосымшасында ұсынылған.

БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕЛЕР

Есепте «болашаққа қатысты мәлімдемелер» болып табылатын немесе саналатын мәлімдемелер бар. Болашақты сипаттауға арналған терминология, басқалармен қатар, «есептейді», «алдын ала бағалау бойынша», «күтеді», «болжамдар бойынша», «ниеттенеді», «жоспарлайды», «белгіледі», «болады» немесе «тиіс» деген сөздерді, не болмаса әрбір жағдайда ұқсас немесе салыстырмалы терминологияны қамтиды немесе талқылауға, жоспарларға, мақсаттарға, міндеттерге, болашақ оқиғаларға немесе болашаққа қатысты мәлімдемелерді белгілеуге арналған ниеттерге сілтемелерді қамтиды. Аталған мәлімдемелер тарихи фактілер болып есептелмейтін болашаққа қатысты барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар шектеусіз ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді, сондай-ақ басқалармен қатар, қызмет нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, өтімділікке, перспективаларға, өсуге, әлеуетті сатып алуға, стратегия мен Компания жұмыс істейтін салаларға қатысты Компанияның болжамдары туралы мәлімдемелерді қамтиды.

Болашаққа қатысты мәлімдемелер табиғилығы жағынан тәуекелмен, белгісіздікпен байланысты, өйткені болашақ оқиғалар мен жағдайларға байланысты болғандықтан, олар жүзеге асуы не аспауы мүмкін. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілі болып табылмайды. Қызметтің нақты нәтижелері, Компанияның қаржылық жағдайы мен өтімділігі, елдің және Компания жұмыс істейтін салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес болжанып отыр.

Компания жаңа ақпаратты, болашақ оқиғаларды немесе қандай да бір өзге мән-жайларды алу нәтижесінде болсын, салаға қатысты қандай да бір ақпаратты немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты қандай да бір мәлімдемелерді жаңартуды жоспарламайды және өзіне міндеттеме алмайды. Компания ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай сенімділік бермейді және болашаққа қатысты осындай мәлімдемелерде көрсетілген нәтижелерге қол жеткізіледі деген болжам жасамайды.

2021-2023 жылдардағы негізгі ESG көрсеткіштері

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлерінің саны мен құрамы, адам

GRI 2-7, 2-8, 405-1, SASB EM-MM-000.B

	2021	2022	2023
Есепті кезеңнің соңындағы қызметкерлердің тізімдік саны	20 643	20 813	21 554
Қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік саны, АҚС келісім шарттары, аутстаффинг келісім шарттары)	21 031	21 682	22 564
АҚС келісімшарты	388	744	777
Аутстаффинг келісімшарты	0	125	233
Ерлер	16 942	17 194	17 851
Әйелдер	3 701	3 619	3 703
Басшы қызметкерлер	258	110	237
Қызметкерлер	20 385	20 703	21 317
30 жасқа дейін	2 799	2 830	3 162
30 жастан 50 жасқа дейін	12 034	12 219	12 632
50 жастан астам	5 810	5 764	5 760
Қызметкерлердің орта жасы, жыл	40	40	40
Ұзақ мерзімді келісімшарт	19 122	18 350	19 371
ерлер	15 696	15 183	16 188
әйелдер	3 426	3 167	3 183
Мерзімдік келісімшарт	1 521	2 463	2 183
ерлер	1 246	2 011	1 664
әйелдер	275	452	519
Жұмыспен толық қамтылу	20 627	20 799	21 541
ерлер	16 931	17 186	17 841
әйелдер	3 696	3 613	3 700
Жұмыспен жартылай қамту	16	14	13
ерлер	11	8	10
әйелдер	5	6	3
АҚС келісімшарты бойынша	388	744	777
ерлер	263	449	594
әйелдер	125	295	183

Жынысы мен аймағы бойынша бөліністегі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлерінің тізімдік саны, 2023 жыл, адам

GRI 2-7, SASB EM-MM-000.B

Аймақ	Е	Ә
Алматы	285	265
Астана	430	366
Шымкент	358	223
Солтүстік аймақ	448	98
Оңтүстік аймақ	13 448	1 282
Шығыс аймақ	2 877	1 462
Қытай	2	6
АҚШ	1	0
Швейцария	2	1
Барлығы	**17 851**	**3 703**

Жынысы мен аймағы бойынша бөліністегі тұрақты қызметкерлердің тізімдік саны, 2023 жыл, адам

GRI 2-7, SASB EM-MM-000.B

Аймақ	Е	Ә
Алматы	279	250
Астана	399	325
Шымкент	344	207
Солтүстік аймақ	447	96
Оңтүстік аймақ	13 023	1 198
Шығыс аймақ	2 856	1 424
Қытай	2	6
АҚШ	0	0
Швейцария	2	1
Барлығы	**17 352**	**3 507**

Жынысы мен аймағы бойынша бөліністегі уақытша қызметкерлердің тізімдік саны, 2023 жыл, адам

GRI 2-7, SASB EM-MM-000.B

Аймақ	Е	Ә
Алматы	6	15
Астана	31	41
Шымкент	14	16
Солтүстік аймақ	1	2
Оңтүстік аймақ	425	84
Шығыс аймақ	21	38
Қытай	0	0
АҚШ	1	0
Швейцария	0	0
Барлығы	**499**	**196**

Жынысы мен аймағы бойынша бөліністегі жұмыспен толық қамтылған қызметкерлердің тізімдік саны, 2023 жыл, адам

GRI 2-7, SASB EM-MM-000.B

Аймақ	Е	Ә
Алматы	285	265
Астана	430	366
Шымкент	358	223
Солтүстік аймақ	445	97
Оңтүстік аймақ	13 444	1 280
Шығыс аймақ	2 874	1 462
Қытай	2	6
АҚШ	1	0
Швейцария	2	1
Барлығы	**17 841**	**3 700**

Жынысы мен аймағы бойынша бөліністегі жұмыспен ішінара қамтылған қызметкерлердің тізімдік саны, 2023 жыл, адам

GRI 2-7, SASB EM-MM-000.B

Аймақ	Е	Ә
Алматы	0	0
Астана	0	0
Шымкент	0	0
Солтүстік аймақ	3	1
Оңтүстік аймақ	4	2
Шығыс аймақ	3	0
Қытай	0	0
АҚШ	0	0
Швейцария	0	0
Барлығы	**10**	**3**

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарушы органдары мен қызметкерлерінің құрамы, %

GRI 405-1

Көрсеткіш	2021		2022		2023	
	Басқарушы органдар	Қызметкерлер	Басқарушы органдар	Қызметкерлер	Басқарушы органдар	Қызметкерлер
Ерлер	91%	86%	91%	83%	93%	86%
Әйелдер	9%	14%	9%	17%	7%	14%
30 жасқа дейін	2%	13%	1%	14%	5%	15%
30 жастан 50 жасқа дейін	68%	58%	70%	59%	78%	57%
50 жастан астам	30%	29%	29%	28%	17%	28%

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлерінің жынысы мен жасы бойынша құрамы, %

GRI 405-1

Көрсеткіш	2023	
	Әкімшілік-басқару персоналы	Өндірістік персонал
Ерлер	48%	86%
Әйелдер	52%	14%
30 жасқа дейін	11%	15%
30 жастан 50 жасқа дейін	73%	57%
50 жастан астам	16%	28%

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны, адам

GRI 401-1

Аймақ	2021		2022		2023	
	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә
Алматы қ.	51	38	110	64	90	54
Астана қ.	99	78	90	70	140	80
Шымкент қ.	58	18	147	31	96	43
Солтүстік аймақ	155	65	115	24	72	35
Оңтүстік аймақ	2 084	136	2 340	182	2 953	299
Шығыс аймақ	314	211	302	177	344	180
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде (ҚХР, АҚШ, Швейцария)	8	1	0	0	0	0
Барлығы	**2 769**	**547**	**3 104**	**548**	**3 695**	**691**

Жынысы, жас тобы мен аймағы бойынша бөліністегі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны, адам

GRI 401-1

Регион	2023						Барлығы
	30 жасқа дейін		30 жастан 50 жасқа дейін		50 жастан астам		
	Қабылданғандар саны, адам		Қабылданғандар саны, адам		Қабылданғандар саны, адам		
	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә	
Алматы қ.	19	14	56	29	15	11	**144**
Астана қ.	28	18	104	56	8	6	**220**
Шымкент қ.	18	7	65	32	12	5	**139**
Солтүстік аймақ	20	10	46	14	6	11	**107**
Оңтүстік аймақ	980	79	1 620	164	354	55	**3 252**
Шығыс аймақ	96	23	198	119	50	38	**524**
ҚХР	–	–	–	–	–	–	**–**
Барлығы	**1 161**	**151**	**2 089**	**414**	**445**	**126**	**4 386**

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да кадрлардың тұрақтамауы

GRI 401-1

Аймақ	2021												Барлығы
Біздің ойымызша, аудит барысында алынған дәлелдемелер шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіруімізге жеткілікті және тиісті дәрежеде болып табылады

Тәуелсіздік

Біз бухгалтерлердің халықаралық этикалық стандарттары Кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этикалық Кодексін (КБХЭК кодексі) (соның ішінде Халықаралық тәуелсіздік стандарттарынна) және Қазақстан Республикасындағы шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне қатысты этикалық нормаларына сәйкес Топтан тәуелсізбіз. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне қатысты КБХЭК кодексі және Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Әл-Фараби дан,, 34,ғимарат А, 4 қабат, 050059 Алматы, Казақстан, Z05M6H9
Т: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz

pwc

Біздің аудит әдіснамасы

Қысқаша шолу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық тұтастай алғанда: 34,000 миллион қазақстандық теңге («теңге»), бұл үш жылдықсалық салуға дейінгі пайданың 5% құрайды.

- Біз Компания, Қазақстандағы он еншілес кәсіпорын, үш бірлескен кәсіпорын, екі қауымдастырылған кәсіпорын және Швейцариядағы бір еншілес кәсіпорын деңгейінде аудиторлық жұмыс жүргіздік.
- Аудит көлемі Топ түсімінің 99%-ын және Топ пайдасының салық салынғанға дейінгі абсолюттік шамасының 99%-ын қамтыды.
- Активтерді шығару бойынша міндеттемелер

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың субъективті паймдауларын, мысалы, маңызды бухгалтерлік бағалауларын талдадық, оған болжамдарды қолдану және олардың сипатына байланысты белгісіздік байланысты болатын болашақ оқиғаларды қарастыру кірді. Басқа аудиттердегідей, біз басшылықтың ішкі бақылау құралдарын айналып өту қаупін қарастырдық, соның ішінде алаяқтық салдарынан маңызды бұрмалану қаупін тудыратын басшылықтың объективті емес белгілерінің болуын бағаладық.

Маңыздылық

Біздің аудит көлемін анықтауға маңыздылықты қолдануымыз әсер етті. Аудит шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмауланулардың жоқтығына негізделген сенімдлік алу үшін жасалған. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Егер олар шоғырландырылған немесе жиынтықта пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді орнаттық. Осы мағыналардың көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және (шоғырландырылған және жиынтықта алынған) бұрмалануларды тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

pwc

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық тұтастай алғанда	34,000 миллион теңге
Біз оны қалай анықтадық	2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін салық салуға дейінгі пайданың 5%-ы
Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі	Біз маңыздылық деңгейін анықтау үшін негізгі көрсеткіш ретінде салық салғанға дейінгі пайданы таңдадық, себебі, біздің ойымызша, бұл көрсеткішті қаржылық есептілікті пайдаланушылары Топтың қызметін бағалау үшін қарастырады, сонымен қатар жалпыға бірдей танылған көрсеткіш болып табылады. Біз маңыздылықты 5% деңгейінде белгіледік, бұл біздің ойымызша, осы саладағы пайдаға бағытталған компаниялар үшін қолданылатын сандық мәнділік шегіне сәйкес келеді.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есеп беру туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша шоғырландырылған пікір білдірмейміз.

Аудиттің негізгі мәселелесі	Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді
Активтерді шығару бойынша міндеттемелер	
Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 32 ескертпелері 2022 жыл ішінде Топ өзінің тау-кен операциялары бойынша активтерді шығару жөніндегі міндеттемелер (ARO) бойынша жұмыстардың көлемі мен санын, сондай-ақ пайдаланудан шығарудың әртүрлі іс-шаралары бойынша тиісті бірлік шығындарын неғұрлым егжей-тегжейлі және стандартталған бағалауды қамтамасыз ету үшін резервті есептеу әдістемесін өзірледі. 2023 жылы Топ басқа мәселелермен қатар радиоактивті қалдықтардың төмен деңгейінің жойылуын неғұрлым егжей-тегжейлі бағалауды енгізу арқылы есептеу әдістемесін жетілдірді. Топ сондай-ақ өзінің тау-кен жұмыстарына арналған активтерді есептен шығару резервтерін қарау үшін сырттан сарапшыны тартты. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың міндеттемелері 38,110 миллион теңгеге дейін артты (2022: 38,116 миллион теңге).	Біздің аудиторлық рәсімдер мыналарды қамтыды: • Біз Топтың тау-кен өндіруші кәсіпорындары үшін активтерді шығару жөніндегі резервті бағалауын қарауға тартылған кеңесшінің құзыреттілігі мен объективтілігін бағаладық. Біз кеңесшінің есебін қарадық және есептегі ARO сомаларын Топтың ARO резервін бағалауда пайдаланатын мәндермен салыстырдық. • Біз Топтың есептерін қарастырдық, негізгі болжамдарды сыртқы дереккөздермен салыстырдық және жұмыс көлемін, бірлік құнын және құрылыс сметасын қоса алғанда, номиналды құн есептеуінде пайдаланылған бастапқы деректерді іріктеу негізінде талдадық. • Біз 2021 жылдың 1-ші шілдеде күшіне енген тау-кен өндіруші емес субъектілер үшін пайдаланудан

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

4-бет

Аудиттің негізгі мәселелесі	Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді
2022 жыл ішінде Топ Қазақстан Республикасының 2021 жылы шығарылған Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес өзінің тау-кен өндіруші емес ұйымдарына қатысты активтерді өтеу бойынша міндеттемелерді есептеу әдістемесін әзірледі. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топтың тау-кен өндіруші емес ұйымдары үшін активтерді шығару жөніндегі міндеттемесі 10 827 миллион теңгені құрады (2022: 9 391 миллион теңге). Біз бұл мәселені өз аудитіміздегі ең маңызды мәселелердің бірі деп санадық, өйткені активтерді шығару бойынша міндеттемелер бойынша резервті есептеу болашақ номиналды шығындарды бағалауға тән субъективтілікті және пайдаланудан шығару міндеттемелерін нақты орындауға дейінгі мерзімге байланысты белгісіздікті қамтиды. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте активтердің шығуы жөніндегі міндеттемелер де маңызды болып табылады. Топтың мұндай резервтерді бағалауы пайдаланудан шығаруға және дисконттау мөлшерлемелеріне күтілетін тәсілдің салдарын, инфляция өзгерістерінің әсерлерімен бірге жергілікті ережелердегі өзгерістердің әсерін қамтиды.	шығару процесіне қатысты Экологиялық кодекс талаптарын түсіну үшін заң мамандарымызды тарттық және басшылықтың мұндай талаптарды түсіндіруі мен орындалуын бағаладық. • Біз бағалау бойынша Топтың тау-кен өндіруші және тау-кен өндіруші емес кәсіпорындар үшін активтерді өтеу жөніндегі міндеттемелері бойынша резервті есептеу кезінде пайдаланатын дисконт мөлшерлемесі мен инфляция мөлшерлемесінің негізділігін тексеру үшін аудиторлық процедураларды орындау үшін сарапшыларды тарттық. • Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ашып көрсетулерді ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкестігіне бағаладық.

Топ аудитінің көлемін анықтау

Біз аудит көлемін тобы пайдаланатын Топтың құрылымын және бақылау құралдарын ескере отырып, сондай-ақ Топ өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып, тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті көлемде жұмыстарды орындай алатындай етіп айқындадық.

Топтың негізгі өндірістік қуаттары мен уран кен орындары Қазақстан Республикасында орналасқан. Топтың сауда қызметі негізінен Қазақстаннан, сондай-ақ Швейцариядағы сауда компаниясы арқылы жүзеге асырылады. Топ өз қызметін жеті өндіруші еншілес кәсіпорын (жер қойнауын пайдалануға арналған он екі келісімшарт бойынша), төрт өндіруші бірлескен кәсіпорын (жер қойнауын пайдалануға арналған алты келісімшарт бойынша) және төрт қауымдасқан кәсіпорын (жер қойнауын пайдалануға арналған төрт келісімшарт бойынша) арқылы жүзеге асырады. Біз алты еншілес кәсіпорын және бір қауымдасқан кәсіпорын аудитін жүргіздік. Екі бірлескен, бір еншілес және екі қауымдасқан кәсіпорын аудиторлары жүргізген жұмысы бойынша бізге есеп берді. Аудит ауқымына сонымен қатар біз және PwC желісі компанияларының бірі тексерген төрт тау-кен өндіруші емес кәсіпорыненді.

Біздің тұрақты бағалауымызға сүйене отырып, біз Топтың аудит көлеміне Компанияны және он алты субъектілер (компоненттер), оның ішінде басқа аудиторлар тексереген бес компоненттер кірді.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

5-бет

Әрбір сегмент пен Топтық функцияларды қоса алғанда, аудиторлық тәуекелдердің және Топтың әрбір жеке маңызды компонентінің тиісті аудиторлық қамтылуына қол жеткізу үшін:

- Маңызды компоненттер аудиттен толық көлемде өтті немесе белгілі бір баланстармен немесе Топ деңгейіндегі рәсімдерімен байланысты белгілі бір тәуекелге бағытталған аудит рәсімдеріне ұшырады. Біздің таңдауымыз Топ ішіндегі кәсіпорындардың салыстырмалы маңыздылығына немесе анықталған тәуекелдерге негізделген. Біздің аудит шеңберіндегі компоненттер Топтың келесі пайыздық көрсеткіштерін құрады (1):



(1) Топтың 2023 жылғы 31 желтоқсандағы немесе осы күні аяқталған кезеңдегі шоғырландырылған нәтижелеріне пайыздар

Компоненттерге арналған аудит жөніндегі нұсқаулықтарда аудиттің елеулі салалары, маңыздылық шектері (1,166 миллион теңгеден 10,181 миллион теңгеге дейін ауытқыған) және есептілікке қойылатын белгілі бір талаптар көрсетілген. Аудит жөніндегі Топ құрамдастардың аудиторлары жүргізетін жұмысты кеңсеаралық және фирмааралық қорытындыларды, аудит және бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша тұрақты өзара іс-қимылды, орындарға мерзімді сапарларды және аудит жөніндегі белгілі бір жұмыс қағаздарын тексеруді үйлестіру арқылы басқарды.

Топ деңгейінде орындалған қосымша рәсімдермен бірге компоненттер бойынша жоғарыда сипатталған рәсімдерді орындай отырып, біз тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді алдық, олар біздің пікіріміз үшін негіз болады.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты болады. Өзге ақпарат осы аудиторлық есебіннің күнінен кейін бізге берілуі күтіледі және жылдық есепті қамтиды (бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілікті және осы есеп туралы біздің аудиторлық есебімізды қамтымайды).

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз басқа ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде, танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар болуы және өзге де ақпаратта өзге де ықтимал елеулі бұрмалаулардың бар болуы туралы мәселені қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, мұны корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізуіміз керек.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудағы басшылығының, және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен нақты тапсырылуына және алаяқтық іс-әрекеттің немесе қателіктердің кесірінен болатын елеулі бұрмалаушылықтар орын алмауы тиіс шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілікті Топ басшылығы көтереді

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде есептілік жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалауға жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулардың жоқтығына негізделген сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлардың есебін шығару болып табылады. Негізделген сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі кепілдікті білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалануларды анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар шоғырландырылған немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз төмендегілерді орындаймыз:

- қаржылық есептіліктегі алаяқтық іс-әрекет пен қателіктерден туындаған елеулі бұрмалаулардың болу қаупін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық осы әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмаланған ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолайлылығын бағалау және басшылықпен жасалған есеп айырысу бағасының негізділігін бағалаймыз және тиісті ақпараттың ашылуын бағалаймыз;

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

- біз басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруінің заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз, немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті емес болып табылса, біздің пікірімізді түрлендіруге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жасағанға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін.
- тұтастай алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды дұрыс ұсынылуын бағалаймыз.
- шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін субъектілердің немесе Топ ішіндегі қызметтің қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуіне жауаптымыз. Біз аудиторлық пікірімізге толық жауаптымыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткізе отырып, ақпараттық өзара қарым-қатынас жасаймыз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы адамдарға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал ететін барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға жеткізген сұрақтардың ішінен ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын сұрақтарды анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді заңмен немесе нормативтік актімен жария етуге тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда қандай-да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген қорытындыға келген жағдайларды қоспағанда, біздің аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, себебі мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлауының әлеуметтік маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді түрде болжауға болады.

Басқа заңнамалық және нормативтік талаптар туралы есеп беру

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынудың Еуропалық бірыңғай электрондық форматтың («ESEF») талаптарына сәйкестігі туралы есеп

2022 жылғы 24 қарашадағы № 275/НАК-22 аудиторлық келісімнің аясында Топ Басшылығы бізді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тобының 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін ұсынуға қатысты қолданылатын талаптарға сәйкестігін («Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну») тексеруге тартты.

Тапсырма тақырыбының және қолданылатын критерийлерінің сипаттамасы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынуды Басшылық Еуропалық Парламентпен бірыңғай электрондық есептілік пішімін («ESEF ережесі») спецификациялау туралы реттеуші техникалық стандарттар жөніндегі Кеңестің 2004/109/ЕС директивасына түзетулер енгізетін 2018 жылғы 17 желтоқсандағы Өкілетті Регламенттің (ЕО) 2019/815 талаптарына сәйкес келу үшін қабылдады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынуға қатысты қолданылатын талаптар ESEF ережесінде қамтылған.

Алдыңғы сөйлемде сипатталған талаптар шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынуды қолданудың негізін анықтайды және біздің ойымызша, ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін қорытынды жасау үшін тиісті өлшемдерді білдіреді.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ESEF ережелерінің талаптарына сәйкес келетін шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынуға жауапты.

Бұл жауапкершілікке ESEF таксономиясын пайдалана отырып, iXBRL жүйесінде сәйкес бағаны таңдау және қолдану, сондай-ақ ESEF ережесінің талаптарына елеулі сәйкессіздіктер жоқ шоғырландырылған қаржылық есеп беруді ұсынуды дайындау үшін қажетті ішкі бақылауды әзірлеу, енгізу және қолдау кіреді.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар қаржылық есептіліктің дайындалуын қадағалауға жауапты болады, бұл сондай-ақ ESEF ережесінде талап етілетін форматқа сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау деп түсіну керек.

Біздің жауапкершілігіміз

Біздің міндетіміз шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну барлық маңызды аспектілерде ESEF ережелеріне сәйкес келетініне негізделген сенімділікті білдіру болды.

Біз өз келісімімізді 3000(R) растау жөніндегі халықаралық стандартқа, Аудиттен және тарихи қаржылық ақпаратты шолудан басқа ақпараттың дұрыстығын растау жөніндегі келісімдерге (ISAE 3000(R)) сәйкес орындадық. Бұл стандарт біздің этикалық талаптарды сақтауымызды және шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну барлық елеулі аспектілерде қолданылатын талаптарға сәйкес келетініне жеткілікті сенімділік алу үшін процедураларды жоспарлауды және орындауды талап етеді.

Ақылға қонымды сенімділік – сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ ол ISAE 3000(R) сәйкес орындалған қызмет әрқашан бар елеулі бұрмалауды (елеулі сәйкессіздікті) анықтайтынына кепілдік бермейді.

Сапа менеджменті талаптары және кәсіби этика

Біз 1-ші халықаралық сапа менеджменті стандартын қолданамыз, ол фирмадан этикалық талаптарға, кәсіби стандарттарға және қолданыстағы заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестікке қатысты саясаттар мен процедураларды қамтитын сапа менеджменті жүйесін әзірлеуді, енгізуді және басқаруды талап етеді.

Біз Бухгалтерлердің халықаралық этика стандарттары Кеңесімен (БХЭСК) шығарылған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика Кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қамтитын) сәйкес тәуелсіздікті және басқа этикалық және тиісті қамқорлық, құпиялылық және кәсіби мінез-құлық талаптарды сақтаймыз.

Орындалған процедуралар

Жоспарланған және орындалған процедураларымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынуды барлық елеулі аспектілерде қолданылатын талаптарға сәйкес келетініне және мұндай сәйкестік елеулі қателер мен олқылықтарға жол бермейтініне жеткілікті сенімділік алу үшін жасалған. Біздің процедураларымыз, атап айтқанда, келесілерді қосады:

- Топтың XBRL тегтерін таңдау және қолдану және ESEF ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету процесін қоса алғанда, ESEF форматында шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау процесі туралы түсінік алу;
- ESEF ережесінде сипатталған электрондық форматты енгізу талаптарына сәйкес XBRL белгілеу тілін пайдалана отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілікке баға қоюдың толықтығын бағалау;
- ESEF шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілген тегтелген ақпаратты аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікпен салыстыру;
- ESEF ережелерінде көрсетілген таксономиядағы қолданбалы XBRL тегтерінің тиісті түрде қолданылғанын және ESEF ережелерінде көрсетілген таксономияда сәйкес элементтер болмаған кезде ESEF ережелерінде көрсетілген таксономия элементтеріне кеңейтімдердің пайдаланылғанын бағалау;
- кеңейтім элементтерін ESEF ережесінде көрсетілген ESEF таксономиясына байланыстырудың орындылығын бағалау.

Біздің ойымызша, алынған дәлелдер біздің қорытындыға негіз болу үшін жеткілікті және орынды.

Қорытынды

Біздің ойымызша, орындалған рәсімдердің негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну барлық маңызды аспектілері бойынша ESEF ережелеріне сәйкес келеді.

pwc

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

10-бет

Нәтижелер бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық қорытындысы шығарылған тапсырманың жетекшісі – Алмаз Садыков.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

PricewaterhouseCoopers LLP

Бекітілді:

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

Алмаз Садыков
Аудит партнері
(Аудитордың 2019 жылғы 8 ақпандағы
№ МФ-0000745 біліктілік куәлігі)

14 наурыз 2024 ж.
Астана, Қазақстан

Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ
Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық миллион теңгемен	Ескертпе	2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	2022 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
Түсім	7	1,434,635	1,001,171
Өткізудің өзіндік құны	8	(671,862)	(475,097)
Жалпы пайда		**762,773**	**526,074**
Сату бойынша шығыстар	9	(28,851)	(25,605)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	10	(53,110)	(44,507)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған шығындарды таза қалпына келтіру		229	176
Таза (құнсызданудан болған залалдар) / қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдарды қалпына келтіру	11	(15,935)	132
Бағамдық айырма бойынша таза (шығын)/пайда	13	(21,330)	17,304
Өзге де кірістер	12	4,474	21,717
Өзге де шығыстар	13	(50,210)	(9,564)
Қаржылық кірістер	15	41,506	17,327
Қаржылық шығыстар	15	(9,589)	(8,425)
Қауымдасқан кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес	23	76,049	75,736
Бірлескен кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес	24	22,336	13,340
Салық салынғанға дейінгі пайда		**728,342**	**583,705**
Табыс салығы бойынша шығыстар	16	(148,007)	(110,742)
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА		**580,335**	**472,963**
Өзге жиынтық кіріс			
Кейіннен пайда немесе шығын ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:			
Шетел функционалдық валютасы бар кәсіпорындар бойынша бағамдық айырма		(648)	(46)
Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелмейтін баптар:			
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздарға инвестициялардан шығыстарды шегергендегі кірістер/(залалдар)		-	14
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау		291	(478)
Жыл ішіндегі басқа жиынтық (шығыс)/кіріс		**(357)**	**(510)**
БІР ЖЫЛДАҒЫ БАРЛЫҚ ТАБЫСТЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ		**579,978**	**472,453**
Мыналарға қатысты жыл ішіндегі пайда:			
- Компания иелері		419,184	348,048
- бақыланбайтын үлес	36	161,151	124,915
Жыл ішіндегі пайда		**580,335**	**472,963**
Жыл ішіндегі мыналарға қатысты барлық табыстың жиынтығы:			
- Компания иелері		418,835	347,589
- бақыланбайтын үлес		161,143	124,864
Бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны		**579,978**	**472,453**
Меншік иелеріне жатқызылған бір жылдағы пайда негізінде есептелген қарапайым акцияға шаққандағы базалық және сұйылтылған пайда (теңгемен)	17	1,616	1,342

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2024 жылғы 14 наурызда бекітті:

Темірбаев С.Е.
Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Әбдімолдаев Д.Қ.
Қаржылық бақылаушы

Жақыпбекова С.Ж.
Бас бухгалтер

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық миллион теңгемен	Ескертпе	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	19	195,447	188,300
Өндіріске дайындау бойынша шығындар	20	187,216	162,174
Жер қойнауын пайдалану құқығы	21	496,249	525,140
Материалдық емес активтер	18	60,156	59,159
Барлау және бағалау активтері	22	26,019	26,543
Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	23	152,266	154,124
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	24	56,585	44,208
Кейінге қалдырылған салық активтері	16	33,802	34,515
Өзге қаржы активтері	26	75,873	59,371
Өзге қаржылық емес активтер	27	24,971	21,279
		1,308,584	**1,274,813**
Қысқа мерзімді активтер			
Дебиторлық берешек	25	430,319	270,921
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		9,536	11,451
Өтелуі тиіс ҚҚС	27	146,450	62,389
Қорлар	28	423,314	392,621
Өзге қаржы активтері	26	49,407	20,678
Өзге қаржылық емес активтер	27	19,398	19,274
Ақша қаражаты және олардың баламалары	29	211,912	169,536
		1,290,336	**946,870**
Сатуға арналған ретінде жіктелетін шығатын топтардың активтері		372	850
		1,290,708	**947,720**
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		**2,599,292**	**2,222,533**

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық миллион теңгемен	Ескертпе	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	30	37,051	37,051
Қосымша төленген капитал		2,539	2,539
Резервтер		1,228	1,874
Бөлінбеген пайда		1,487,091	1,268,580
Компанияның меншік иелеріне жатқызылатын капитал		1,527,909	1,310,044
Меншіктің бақыланбайтын үлесі	36	480,358	386,459
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		**2,008,267**	**1,696,503**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Кредиттер және қарыздар	31	-	83,300
Резервтер	32	44,700	43,475
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	16	106,481	116,808
Қызметкерлерге сыйақы		1,485	1,731
Өзге міндеттемелер	34	7,547	9,313
		160,213	**254,627**
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Кредиттер және қарыздар	31	86,252	54,971
Резервтер	32	9,343	4,506
Кредиторлық берешек	33	176,011	98,809
Басқа да салықтар мен міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер		37,437	24,688
Қызметкерлерге сыйақы		326	325
Табыс салығы бойынша міндеттемелер		5,022	4,221
Өзге міндеттемелер	34	116,421	83,883
		430,812	**271,403**
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		**591,025**	**526,030**
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР		**2,599,292**	**2,222,533**
Бір акцияның баланстық құны (теңгеге дейін дөңгелектелген)	17	7,511	6,313

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2024 жылғы 14 наурызда бекітті:

Темірбаев С.Е.
Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Әбдімолдаев Д.К.
Қаржылық бақылаушы

Жақыпбекова С.Ж.
Бас бухгалтер

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық миллион теңгемен	Ескертпе	2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін*
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Сатып алушылардан ақша қаражатының түсуі		1,216,066	1,083,872
Своп мәмілелерден ақшалай қаражат түсімі	6	243,872	129,617
Бюджеттен ҚҚС қайтару		24,364	74,910
Алынған сыйақы		17,936	11,701
Жеткізушілерге төлемдер		(516,022)	(476,022)
Своп мәмілелер бойынша төлемдер	6	(155,731)	(201,636)
Жалақы төлемдері		(107,816)	(87,317)
Төленген табыс салығы		(154,581)	(125,914)
Төленген басқа да салықтар		(128,832)	(89,259)
Төленген сыйақы	31	(3,873)	(3,570)
Төлемді қайтару/(ұсталған және пайдалану шектеулі төлем)	26	14,884	(14,812)
Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша төленген өтемақы	10	(11,404)	(7,310)
Әлеуметтік төлемдер		(6,754)	(5,226)
Өзге төлемдер /(төлемдер), нетто		116	(5,175)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының ағындары		**432,225**	**283,859**
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Негізгі құралдарды сатып алу		(50,075)	(21,571)
Негізгі құралдардың шығуынан түсетін түсімдер		154	1,211
Материалдық емес активтерді сатып алу		(867)	(1,013)
Кен орнын игеру бойынша активтерді сатып алу		(55,985)	(48,670)
Барлау және бағалау активтерін сатып алу		(2,121)	(3,223)
Қысқа мерзімді борыштық бағалы қағаздарды сатып алу	26	(46,276)	-
Ұзақ мерзімді борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		(3,259)	(8,804)
Қысқа мерзімді борыштық бағалы қағаздарды өтеуден түсетін кірістер		5,269	5,787
Мерзімді салымдарды және пайдаланылуы шектелген ақша қаражатын орналастыру		(38,093)	(12,486)
Мерзімді салымдарды және пайдаланылуы шектелген ақша қаражатын өтеу		37,458	44,688
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеу		3,456	3,514
Үлестік құралдарға инвестициялар сатып алу	26	-	(12,368)
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер	23,24	87,794	45,346
Өзге төлемдер /(төлемдер), нетто		1,345	(3,304)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттарының ағындары		**(61,200)**	**(10,893)**

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық миллион теңгемен	Ескертпе	2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін*
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Кредиттер мен қарыздардан түсетін түсімдер	31	22,358	70,905
Кредиттер мен қарыздарды өтеу	31	(73,525)	(26,555)
Акционерлерге төленген дивидендтер	30	(200,970)	(227,388)
Бақыланбайтын үлеске төленген дивидендтер		(67,245)	(85,667)
Өзге төлемдер, нетто		(43)	(172)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының ағындары		**(319,425)**	**(268,877)**
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсуі		**51,600**	**4,089**
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары		169,536	161,190
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері		(9,219)	4,245
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының құнсыздануына резервтегі өзгеріс		(5)	12
Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	29	**211,912**	**169,536**

** Бұл бағандағы кейбір сомалар 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келмейді, өйткені олар 3 Ескертпеде сипатталғандай қайта жіктеудің бөлігі болып табылады.*

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2024 жылғы 14 наурызда бекітті:

Темірбаев С.Е.
Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Әбдімоңдаев Д.Қ.
Қаржылық бақылаушы

Жақыпбекова С.Ж.
Бас бухгалтер

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

	Компания иелеріне тиесілі					
	Акционерлік капитал	Резервтер	Бөлінбеген пайда	Барлығы	Меншіктің бақылаусыз үлесі	Барлық капитал
Қазақстандық миллион теңгемен						
2022 жылдың 1 қаңтарға қалдық	37,051	1,866	1,148,387	1,189,843	347,258	1,537,101
Жыл ішіндегі пайда	-	-	348,048	348,048	124,915	472,963
Шетелдік қызметті аударудан бағамдық айырма	-	(6)	-	(6)	(40)	(46)
Еңбек қызмет ақталғанған кейін сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау	-	-	(467)	(467)	(11)	(478)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздарға инвестицияларды қайта бағалау	-	14	-	14	-	14
Бір жылдағы жиынтық шығынның жиынтығы	**-**	**8**	**347,581**	**347,589**	**124,864**	**472,453**
Жарияланған дивидендтер (30-ескертпе)	-	-	(227,388)	(227,388)	-	(227,388)
Еншілес ұйымдар өзге қатысушыларға жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(85,663)	(85,663)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	**37,051**	**1,874**	**1,268,580**	**1,310,044**	**386,459**	**1,696,503**
Жыл ішіндегі пайда	-	-	419,184	419,184	161,151	580,335
Шетелдік қызметті аударудан бағамдық айырма	-	(646)	-	(646)	(2)	(648)
Еңбек қызмет ақталғанған кейін сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау	-	-	297	297	(6)	291
Бір жылдағы барлық табыстың жиынтығы	**-**	**(646)**	**419,481**	**419,481**	**161,143**	**579,978**
Жарияланған дивидендтер (30-ескертпе)	-	-	(200,970)	(200,970)	-	(200,970)
Еншілес ұйымдар басқа қатысушыларға жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(67,244)	(67,244)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	**37,051**	**1,228**	**1,487,091**	**1,527,909**	**480,358**	**2,008,267**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2024 жылғы 14 наурызда бекітті:

Темірбаев С.Е.
Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Әбдімолдаев Д.Қ.
Қаржылық бақылаушы

Жақыпбекова С.Ж.
Бас бухгалтер

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі бірлесіп – «Топ» деп аталатын) үшін 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалды.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам болып табылады. Компания Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясын құру туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі №3593 Жарлығына және «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясының мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі №1148 қаулысына сәйкес жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын жабық акционерлік қоғам түрінде құрылды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания акцияларының 75%-ы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі және акциялардың 25%-ы еркін айналымда. Мемлекет топтың соңғы бақылаушы жағы болып табылады. Өткен жылдың соңынан бері өзгерістер болған жоқ.

Компания Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/12 мекенжайы бойынша тіркелген. Негізгі қызмет орны Қазақстан Республикасы болып табылады.

Топтың негізгі қызметі уран өндіру және уран өнімдерін сату болып табылады. Топ әлемдегі жетекші уран өндіруші компаниялардың қатарына кіреді. Бұдан басқа, топ сирек металдарды қайта өңдеу, бериллий және тантал өнімдерін өндіру және өткізу, операциялық қызметті ғылыми сүйемелдеу жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ – ядролық отын циклінің бастапқы кезеңдерінде және жылу бөлетін жинақтар мен олардың компоненттерін өндіруде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіретін компания. Топ табысының едәуір бөлігін құрайтын бірқатар бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың мүшесі болып табылады (23 және 24-ескертпелер). Топтың Даму стратегиясы Негізгі қызмет түрлеріне, атап айтқанда уран мен онымен байланысты табиғи ресурстарды өндіруге және өңдеуге бағытталған. Даму стратегиясы нарықтық жағдайлар негізінде өндіру көлемін оңтайландыру және Сала көшбасшысы ретіндегі Топтың тиісті позициясы корпоративтік мәдениетті тұрақты дамыта отырып, бизнес-қызметте озық тәжірибелерді қолдана отырып, өнімді өткізу жөніндегі мүмкіндіктерге нарыққа бағдарланған тәсілді қолдану арқылы орнықты даму қағидаттарына сәйкес Топтың барлық мүдделі тараптары үшін құнның ұзақ мерзімді өсуін қамтамасыз етуге арналған.

2023 жылдың 31 желтоқсанында Топ, оның қауымдастырылған кәсіпорындары және бірлескен кәсіпорындары уран өндіру және барлау бойынша келесі келісімшарттардың тараптары болды:

Кен орны/учаскесі	Даму кезеңі	Келісімшарт күні	Келісімшарт мерзімі
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС			
бақылауындағы компания мен кәсіпорындар			
Қанжуған	Өндіру	27 қараша 1996	51 жыл
Уванас	Тарату	27 қараша 1996	-
Мыңқұдық, Шығыс учаскесі	Өндіру	27 қараша 1996	31 жыл
Мойынқұм, №1 учаске (Оңтүстік) (оңтүстік бөлігі)	Тарату	26 қыркүйек 2000	-
Мойынқұм, №3 учаске (Орталық) (солтүстік бөлігі)	Өндіру	31 мамыр 2010	29 жыл
«Орталық» ӨК» ЖШС			
Мыңқұдық, Орталық учаскесі	Өндіру	8 шілде 2005	28 жыл
Жалпақ	Өндіру	14 желтоқсан 2021	20 жыл
«Аппақ» ЖШС			
Мыңқұдық, Батыс учаскесі	Өндіру	8 шілде 2005	30 жыл
«РУ-6» ЖШС			
Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын	Өндіру	15 қараша 1996	44 жыл
«Инкай» БК» ЖШС			
Инкай, №1 учаске	Өндіру	13 шілде 2000	45 жыл
Инкай, №2 учаске	Барлау	25 маусым 2018	6 жыл**
Инкай, №3 учаске	Барлау	25 маусым 2018	4 жыл*
«Байкен-U» ЖШС			
Солтүстік Хорасан, №2 учаске	Өндіру	1 наурыз 2006	49 жыл
«Хорасан-U БК» ЖШС			
Солтүстік Хорасан, №1 учаске	Барлау және өндіру	8 мамыр 2005	53 жыл
«Қаратау» ЖШС			
Буденовское, №2 учаске	Өндіру	8 шілде 2005	35 жыл
«Ақбастау» БК» АҚ			
Буденовское, №1 учаске	Өндіру	20 Қараша 2007	30 жыл
Буденовское, №3,4 учаске	Өндіру	20 Қараша 2007	31 жыл
Қауымдастырылған компаниялар			
«КАТКО» БК» ЖШС			
Оңтүстік Мойнқұм (солтүстік бөлігі, Төрткұдық)	Өндіру	3 наурыз 2000	39 жыл
«Заречное» БК» АҚ			
Заречное	Өндіру	23 қыркүйек 2002	23 жыл
«Оңтүстік тау-кен-химия компаниясы» БК» ЖШС			
Ақдала	Өндіру	28 наурыз 2001	25 жыл
Инкай, №4 учаске	Өндіру	8 шілде 2005	24 жыл
Бірлескен кәсіпорындар			
«Семізбай-U» ЖШС			
Семізбай	Өндіру	2 маусым 2006	25 жыл
Иркол	Өндіру	14 шілде 2005	25 жыл**
«Буденовское» БК ЖШС			
Буденовское, №6,7 учаске	Өндіру	16 қазан 2020	25 жыл

** Барлау аяқталды, Топ жер қойнауын пайдалануға келісімшарт алу процесінде.*

*** Топ барлауды тағы 4 жылға Инкай, 2-бөлім үшін ұзартуды жоспарлап отыр. Топ Иркол кен орны бойынша келісімшарт талаптарын 2030 жылға дейін ұзартты (41-ескертпе).*

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топқа Қазақстан Республикасының алты өңірінде – Түркістан, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Ақмола, Павлодар және Алматы облыстарында орналасқан 33 кәсіпорын (2022 жыл: 33) кіреді. 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қызметкерлерінің жалпы саны шамамен 21 мың адамды құрайды.

2. ТОП ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРТА

2023 жылғы қарашада Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның «BBB» деңгейіндегі егеменді рейтингін «тұрақты» болжаммен растады, бұл рейтинг сыртқы күйзелістерге төзімді күшті бюджеттік және сыртқы теңгерімдерді, сондай-ақ мұнай кірістерінен жинақталған жинақтармен нығайтылған қаржыландырудың икемділігін көрсетеді. Бұл мықты жақтар шикізатқа жоғары тәуелділікпен, «BBB» санатындағы ұқсас елдермен салыстырғанда ішінара аз дамыған макроэкономикалық саясатты, сондай-ақ басқарудың әлсіз көрсеткіштерін көрсететін жоғары инфляциямен салыстырылады. Шикі мұнай мен мұнай конденсаты әлі де бюджеттік кірістер мен экспортқа ең көп үлес қосады және бұл экспорт экономиканы сыртқы күйзелістерге ұшыратуы мүмкін ЖІӨ-нің 17% құрайды. Экономиканы әртараптандыру бойынша күштер жұмсалуда, оны іске асыруға бизнес-ортаға және білікті кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты туындаған проблемаларға байланысты уақыт қажет болады.

Қазақстан Республикасының экономикасы дамуын жалғастыруда. Ол әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай, газ және басқа минералды шикізат бағасының өзгеруіне сезімтал. Бұл ерекшеліктер сондай-ақ елден тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуын және шетелдік қор нарықтарында қазақстандық борыштық және үлестік бағалы қағаздардың болмашы болуын қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы энергетика секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің ықпалында қалып отыр. Теңгенің айырбас бағамы мен шикізат тауарларының бағасына қатысты белгісіздік сақталады.

Экономикалық орта топтың қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Басшылық топтың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, ал басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

РЕСЕЙГЕ ҚАРСЫ САНКЦИЯЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

2022 жылдың 24 ақпанында Ресей Украинаға әскери шабуыл жасады. Шапқыншылыққа жауап ретінде Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ және басқа да бірқатар мемлекеттер Ресейге қарсы кең ауқымды санкциялар енгізді, соның ішінде Ресей банктеріне SWIFT жүйесін пайдалануға тыйым салынды. Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі болып табылады. Қазақстан сондай-ақ мұнай экспортының 80%-на дейін тасымалданатын және Ресей аумағы арқылы өтетін Каспий құбыр консорциумына (КҚК) айтарлықтай дәрежеде тәуелді.

Украинадағы қақтығыс және Ресейге қарсы санкциялар шикізат бағасына және теңге бағамына әсер етті. Инфляция деңгейі 2023 жылғы ақпанда 21.3% шыңына жеткеннен кейін 2023 жылғы желтоқсанда 9.8% құрады. 2023 жылы экономиканың өсуі 4.8% құрады. Осы есептің күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбастау бағамы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 454.56 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 449.89 теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңге).

Ағымдағы тәуекелдерді бағалау бағдарламасы аясында Топ басшылығы Ресейге қарсы санкциялардың Топ қызметіне әсерін талдайды. Бүгінгі күні санкциялар Топтың қызметіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, дегенмен Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстан туындаған нарықтық белгісіздік уранның спот бағасының және Компанияның бағалы қағаздарының бағасының айтарлықтай құбылмалылығына әкелді.

Топтың экспорттайтын өнімдерінің бір бөлігі Ресей аумағы арқылы тасымалданады және сәйкесінше Ресей аумағы бойынша транзитпен, теңіз кемелерімен жүктерді сақтандырумен және жеткізумен байланысты тәуекелдер бар. Топ санкциялардың дайын өнімді тасымалдауға ықтимал әсерін үнемі қадағалап отырады. Осы қаржылық есептілік күнінде топтың өнімін түпкілікті тұтынушыларға жеткізуге байланысты Топ қызметіне шектеулер жоқ. 2018 жылдан бастап Топ Транскаспий халықаралық көлік бағытын сәтті пайдаланып келеді.

Сондай-ақ, ресейлік серіктестердің Топтың еншілес, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарына қатысуымен байланысты тәуекелдер, соның ішінде беделді тәуекелдер мен корпоративтік басқару тәуекелдері бар. 2023 жылғы 24 ақпанда Ұлыбритания «Росатом» мемлекеттік корпорациясының бірқатар негізгі қызметкерлерін санкциялар тізіміне енгізді. Бұл ретте, осы қаржылық есептілікті бекіту күніне Қазақстандағы алты уран өндіруші

кәсіпорында Топтың серіктестері болып табылатын «Росатом» мемлекеттік корпорациясы тобының кәсіпорындары санкциялық тізімге енгізілмеген. Топ санкциялық тәуекелдерді қадағалайды, ықтимал жағымсыз салдарды азайту бойынша іс-шаралар жоспары жасалды. Бұл іс-шаралар жоспары жаңа тәуекелдер анықталған немесе санкциялық бағдарламалар мен тізімдер жаңартылған кезде жаңартылады.

Басшылық болашақ оқиғалардың, егер бар болса, Топтың қаржылық жағдайына немесе операциялық нәтижелеріне әсерін болжай алмайды. Басшылық Ресейге қарсы санкциялардың Топқа ықтимал әсерін бақылауды жалғастырады және тәуекелдерді азайту үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ ӨЗГЕ ДЕ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік өзгерістері пайда немесе залал құрамында және басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылатын есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген. Бұл қағидаттар, егер басқаша көрсетілмесе, есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты дәйекті түрде қолданылды.

ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттары бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кейбір маңызды бухгалтерлік бағалауды қолдануды талап етеді. Сонымен қатар, Топтың есеп саясатын қолдану кезінде басшылық өз пікірлерін сүйенуі керек. Бағалаудың немесе күрделіліктің неғұрлым жоғары дәрежесін болжайтын бухгалтерлік есеп салалары, сондай-ақ болжамдар мен бағалаулар елеулі болып табылатын салалар осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің тиісті ескертпелерінде ашылады.

ЕСЕП БЕРУ ВАЛЮТАСЫ

Егер басқаша көрсетілмесе, осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің көрсеткіштері қазақстандық Қазақстандық миллион теңгемен көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ

(i) Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Топтың еншілес кәсіпорындары бойынша ақпарат 37-ескертпеде ашылған. Егер басқаша көрсетілмесе, олардың акционерлік капиталы тек Топтың иелігіндегі қарапайым акциялардан тұрады, ал оған тиесілі қатысу үлесінің үлесі Топқа тиесілі дауыс беру құқығына тең. Орналасқан немесе тіркелген ел де олардың негізгі қызметі болып табылады.

(ii) Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындар

Топтың қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындары туралы ақпарат 23 және 24-ескертпелерде ұсынылған. Кәсіпорындардың жарғылық капиталы бар, олар тікелей Топқа тиесілі. Орналасқан немесе тіркелген ел де олардың негізгі қызмет орны болып табылады, ал қатысу үлесі дауыс беру құқығының үлесімен бірдей. Қауымдастырылған кәсіпорындар – бұл Топ айтарлықтай әсер ететін (тікелей немесе жанама), бірақ оларды бақыламайтын кәсіпорындар; әдетте, бұл кәсіпорындардағы дауыс беру құқығының үлесі 20%-дан 50%-ға дейін. Топ негізгі қызмет бойынша екінші қатысушымен бірауыздан шешім қабылдау арқылы бірлескен бақылауды жүзеге асыратын кәсіпорындар бірлескен кәсіпорындар ретінде жіктеледі.

(iii) Бірлескен операциялар

